

# ЖҮРЕКТЕН ЖЕТКЕН ЖЫРЛАР

Елбасы Н.Назарбаев  
туралы өлеңдер,  
толғаулар мен дастандар



Алматы  
2011

ҮДК 821.512.122  
ББК 84Қаз75  
Ж 89

Қазақстан Республикасы  
Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды

**Ж 89 Жүректен жеткен жырлар.** — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» 2011. — 396 бет.

ISBN 9965-893-58-6

Бұл жинаққа тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа ақсақалдарымыздың әр жылдары берген ақ баталарынан бастап, аты әйгілі ақындарымыз бен қарапайым жұртшылық өкілдерінің арнау өлеңдері мен толғаулары, жыр дастандары мен ән мәтіндері топтастырылған. Халқымыздың Елбасымызға деген шыннайы алғысын, мақтанышы мен сүйінішін білдіретін бұл кітап қалың көпшілікке арналған.

ҮДК 821.512.122  
ББК 84Қаз75

ISBN 9965-893-58-6

© «Аза энциклопедиясы», 2011

## Алғысөз орнына

**Қ**ұрметті оқырман!  
Бұл кітапқа еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған өлеңдер мен дастандар, ән мәтіндері жинақталып, ұсынылып отыр. Өлеңдер дегенде, біз жұртшылықтың Мемлекет басшысына ел басқарып келе жатқалы бері түрлі кездесулер кезінде берген бата-тілектері мен түрлі мерекелерге немесе мерейтойларға байланысты жолдаған құттықтауларын қоса айтып отырмыз. Сондай-ақ Елбасымыз туралы осы кезге дейін түрлі мерзімдік басылымдарда жарық көрген жыр жолдары да осы жинақтан орын алды.

Өзінің ардақты ұлдары мен қыздарын әні мен жырына қосу халқымыздың дәстүрінде ежелден бар екені белгілі. Жазба деректеріміз толықтай сақтала бермеген біздің халқымыздың бағзы замандардағы ел билеген хандары мен батырларының есімдері бізге көбіне-көп соларға арнап шығарылған таңғажайып жырлар арқылы келіп жетті. Халқымыз қазіргідей жаппай сауатты болмаған, кітап шығару ісі де бүгінгідей өркендей қоймаған кезде жұртшылықтың рухани сұранысын белгілі бір дәрежеде сол өлең-жырлар мен дастандар өтеп, бабаларымыз бен кейінгі ұрпақтардың отансүйгіштік сезімдерін шыңдауға ықпалын тигізді, солардың эстетикалық танымталғамын қалыптастырып, жетілдіруге қызмет етті. «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», тағы басқа да көптеген батырлық, лироэпостық жырларымыз — осындай жыр жауһарлары екені сөзсіз.

Жыршыларымыз бен жырауларымыз той-жиындарда таңды таңға ұрып айтқан сол дастандарды жиналған жұртшылық қызыға тыңдады. Соның бертінге дейін жеткен сілемдерін көзімен көрген ұрпақтың өкілдері әлі де арамызда жүр. Тіпті, өткен ғасырдың орта тұсына дейін ауыл тұрғындарының қолынан хисса-дастандар түспей

келді десек те болады. Одан кейін де теледидар төрімізге шығып алғанша, әсіресе қыстың ұзақ түндерінде ауыл адамдары үшін кітап оқу, өлеңдер мен дастандар тыңдау жақсы үрдіске айналды. Соған сусындап өскен жастардың тілі көркем де жатық, ойлау жүйесі әсем еді.

Бүгінде есімдері ел аузында жүрген тамаша айтыс және жазба ақындарымыз бен жазушыларымыздың, балтаңдай шешендеріміздің сөз саптасына зер салар болсақ, олардың өлең-жырлардың тұмасына мейлінше қанып өскенін аңғару қиын емес. Жоғарыда аты аталған шығармалардың қай-қайсысының да күні бүгінге дейін туған халқының әдебиеті мен мәдениетін қастер тұтатын әрбір қазақ шаңырағының кітап сөресінен табылатыны да сондықтан.

Ән мен жырға жаны жақын халық ақынжанды болмай қоймайды. Біздің қазақта кезі келгенде екі-үш шумақ өлең шығармайтын адамның сирек кездесетіні де, оған қоса, «жүйрікке қалудан да озу оңай» деп Қадыр Мырза Әлі ақынымыз айтпақшы, халықтың қалауы қара сөзден өлеңге бейім тұратыны да сол себепті болса керек.

Күрделі ХХІ ғасырдың табалдырығын халқымыз егеменді ел болып аттады. Осынау тарихи ұлы оқиғаның өзі де, осы орайда тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп отырған сарабал саясаты да, соның нәтижесінде осы мерзім ішінде атқарылған қыруар істер де ұлтымыздың рухын жаңа биікке көтеріп жіберді. Кешегі Кеңес Одағының көп республикаларының бірі ғана болып келген Қазақстанның арада жиырма жылға жетер-жетпес уақыт ішінде Еуропа қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы ұйымы сияқты беделді халықаралық қауымдастыққа төрағалық етіп, елімізде соның кезекті Саммитін табысты өткізіп, жетпіске тарта елдер мен басты-басты халықаралық ұйымдар жетекшілерінің басын қоса алған танымал елге айналуы осы сөзіміздің айқын айғағы. Сондай-ақ үстіміздегі жылдың басында 27 елдің спортшылыларын сайысқа шақырып, Азия қысқы спорт ойындарын жоғарғы деңгейде өткізу де жан-жақты ойластырылып, сәтімен атқарылған, еліміздің абыройын асқақтатқан оқиға болды. Әрине, осының бәрі де Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың зор ұйымдастырушылық қажыр-қайратымен жүзеге асырылған шаралар екені еш даусыз.

Халқымыз Елбасымыздың тәуелсіздік кезеңіндегі осы ұлы еңбегін алғашқы жылдардан бастап-ақ үлкен мақтанышпен жырға қосып келеді.

Секілді заңғардағы тау барысы,  
Нұрсұлтан — ел тірегі, ел намысы!

Адамның бұл өмірде арманы жоқ,

Халқының бола білсе қорғанышы!.. — деп халқымыз-

дың ақиық ақындарының бірі Несіпбек Айтұлы жырлағанындай, елін табысты басқарып, жұртының мақтанышына айналып отырған тұлғаны жұртшылық осылайша өз жырына арқау етті. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді», «Азаматын ардақтаған ел озады» дейтін пайымды пікірлердің нақты мысалының өзі де осы болса керек.

Осындай жырлардың бірқатары 2004 жылы «Қайнар» баспасынан «Халық құрметі» деген атпен шағын таралыммен жарық көрген болатын. Әрине, содан бертіңгі алты жылдан астам уақыт ішінде еліміз де өркендеп, бүкіл әлемге танымал болып, осыған орай Елбасымызға еншіленген арнау жырлардың аясы бұрынғыдан да ұлғая түсті. Осы мақаламыздың басында айтып өткеніміздей, біз солардың басын қосып, іріктеп, тағы да өздеріңіздің назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

Әрине, жинақты құрастыру барысында шығармаларды сұрыптап қана қоймай, бірқатарының көлемін ықшамдап алуға да тура келді. Қайсыбір авторлардың бірнеше шығармасының біреуін алған кезіміз де болды. Сонымен бірге, алған тақырыбына әр қырынан келуін, көркемдік деңгейін ескере отырып, бірқатар авторлардың бірнеше өлеңін қатар беруден де бас тарта алмадық. Қалай болғанда да, олардың басты төрешісі оқырманның өзі болғаны жөн ғой деп ойладық.

Осыған қарамастан, жергілікті мерзімдік басылымдар беттерінде жарық көріп, әзірге біздің қолымызға келіп тимеген шығармалардың болуы мүмкін екенін де жоққа шығармаймыз.

Жалпы, бұл өлеңдер Президенттің атына, Президент Әкімшілігіне әртүрлі жолдармен келіп түскен. Қайсыбірі хатпен, ашықхатпен келген немесе факспен жіберілген. Енді біреулері Президентпен болған кездесулерде оқылып, табыс етілген. Өкінішке қарай, кейбір авторлар өз есімдері мен мекен-жайларын кезінде толық көрсетпеген. Иесі белгісіз өлеңдер де ұшырасады.

Әрине, жинаққа енгізілген арнау өлеңдердің бәрін бірдей төрт аяғын тең басқан, мінсіз дүниелер деу жөн бола қоймас. Өйткені, бұл тек кәсіби ақындардың туындыларынан ғана тұратын жыр жинағы емес. Сондықтан, қарапайым адамдар жазған өлеңдердің

арасында құрылымдық тұрғысынан олпы-солпы түсіп жататын, ұй-қас мәселесінде кедір-бұдыры ұшырасатын туындылардың бар екендігіне түсіністікпен қарағанымыз жөн шығар. Бұл өлеңдер жыр бәйгесінің жарысы емес, ең алдымен халқымыздың өзінің сүйікті Елбасына деген шынайы ізет-құрметінің көрінісі деп қабылдағанымыз мақұл.

Дей тұрсақ та, әрине, өлең қадірін білетін қауым бұл кітаптан ойлы да әсерлі шумақтар мен тартымды поэтикалық теңеулерді аз ұшыратпасына сенеміз. Ал, ең бастысы, мектеп оқушылары мен қарапайым аналардан бастап, абыз ақындарымыздың шығармалары мен өзге елдер азаматтарының, түрлі ұлт өкілдерінің туындыларынан тұратын бұл жинақ — жұртшылықтың қазақ елінің Тұңғыш Президентіне деген шынайы сүйіспеншілігінің көрінісі, қалтқысыз қолдаған елінің Еріне деген еншісі деуге лайық. Сонымен бірге мұның өзі есімі әлемге әйгілі Президентіміздің осынау жиырма жыл ішінде тындырған жоталы істеріне олардың берген бағасы деуге болады.

Жалпы, ұлтымыздың өзімізге белгілі арғы-бергі тарихында туған халқының шынайы құрметі мен қошаметіне тап Нұрсұлтан Назарбаевтай ие болған тұлғалар тым көп те емес шығар өзі?! Бұл кітаптан ақсақалдың ақ батасы мен ақжолтай тілегін де, Елбасымызға артар үмітін де, жүктейтін міндетін де, қояр талап-тілегін де таба аласыз.

Ұлы Абай «сөз патшасы» санаған өлеңдерден тұратын тағы бір жыр жинағының ендігі иесі өздеріңізсіздер, қадірлі оқырман. Ел еншісі сарқылған емес, өмірі мен өнегесі жырға лайық ұлы тұлғаларымыз көбейе берсін, халайық!

## I бөлім

# ӨЛЕҢДЕР

*Дихан-Баба Әбілев,  
Қазақстанның халық жазушысы*

*Бірінші тарау*

*БАТЛАМЕН  
ЕР КӨТЕРЕР*

*Ақ тілегім*

Тарылмасын деміміз,  
Бүгілмесін беліміз,  
Шығымды болсын жеріміз  
Береген болсын кеніміз,  
Беделді болсын төріміз,  
Шырайлы болсын еліміз,  
Есен-сау болып өзіңіз,  
Қарақты болсын көзіңіз,  
Дұғалы болсын сөзіңіз,  
Ал, Нұрсұлтан қарағым,  
Тарихпын деп сеніңіз!  
Әумин!

**Әзілхан Нұршайықов,**  
Қазақстанның халық жазушысы

**Ақ бата**

Уа, қадірлі,  
Қажырлы,  
Қайратты,  
Айбатты Нүреке!  
Ұзақ жасап,  
Бар болыңыз!  
ТМД-ның ішінде нар болыңыз!  
Жарлыларға жар болыңыз!  
Жақсылыққа зор болыңыз!  
Жемқорларға тор болыңыз!  
Жарамсаққа сор болыңыз!  
Еңбекші халыққа қамқор болыңыз!  
Адалдық,  
Әділдік,  
Туралығыңызбен;  
Дүбірі жер жарған  
Тұлпарлығыңызбен;  
Дүние жүзін шарлаған  
Сұңқарлығыңызбен;  
Тарихтың тар кезінде  
Тәуелсіздік туын көтеріп,  
Қазақ жеріне  
Демократияның алтын қазығын қаққан  
Өрлігіңізбен;  
Аз жылда Астанадай алып қала орнатқан  
Ерлігіңізбен;  
Кемеңгерлігіңізбен;  
Жүйрік ой,  
Жүйткіген шешендігіңізбен;  
Тағдырмен тартысып,  
Таулардан,  
Теңіздерден асатын  
Тамаша жол салған

Көсемдігіңізбен;  
Ұрпақтар үнемі шырқайтын,  
Өшпес от секілді,  
Ұлттық ұлы жыр болыңыз,  
Нүреке!  
Әумин!

**Әсімхан Қосбасарұлы,**  
Қазақстанның халық ақыны

**Әрбір ісің оң болсын!**

Сайлауға елді шақырған  
Әуел бастан мен едім,  
Арналды сәтті өлеңім.  
Сол шақыруымды қолдады  
Қасиетті көп елім.  
Әбішұлы Нұрсұлтан  
Қайта отырды тағына,  
Орындалды дегенім.  
Қуаныш толып көңіліме,  
Көтерілді беделім.  
Нұрсұлтандай ініме  
Ақ батамды беремін.  
Ел басқару оңай ма,  
Барлығын де сеземін.  
Ел бірлігі жақсарды,  
Ынтымағы,  
Бүкіл әлем біледі бұл туралы.  
Қайда барсаң сапарың сәтті болсын,  
Нүрекеңе арналар жыр шумағы.  
Президент үшін тілегім:  
Береке биыл мол болсын,  
Молшылыққа жол болсын,  
Нұрсұлтандай інімнің  
Әрбір ісі оң болсын!  
Жамбылдың жетіп жасына,  
Денсаулығың зор болсын!  
А, Құдайым оңдасын,  
Басыңа бақыт орнасын!  
Құтты болсын Тәңірім,  
Халық үшін салдырған  
Жаңа Астана — Ордасы!  
Президентке арнаған  
Ақындар жырын толғасын.

Қасиетті баба Қарасай,  
Райымбек,  
Сәмен батырлардың әруағы қолдасын!  
Жаманшылықтан қорғасын,  
Дұшпанның жолын торласын!  
Әумин!

**Тұрсынхан Әбдірахманқызы,**  
Қазақстанның халық жазушысы

### Елімнің тірегі

Құтты болсын, Нұрсұлтан,  
Пайғамбар жасың.  
Әрқашан өрге  
Домалап тасың.  
Алла өзі жебеп,  
Пайғамбар демеп,  
Адам атаулыдан ешбір  
Болмасын қасың.  
Ақ пейіл, адал,  
Көп болсын досың.  
Ақшуақ жұмақ,  
Нұр болсын қосың.  
Жан бауырым, саған,  
Адал ақ батам —  
Кейісің әсте,  
Болмасын қапаң!  
Елімнің тірегі,  
Асқақ Бәйтерегім,  
Әрқашан амандық  
Тілеуші саған —  
Өзіңнің ақын  
Тұрсынхан апаң.

**Өмірзақ Айтбайұлы,**  
академик

### Сүйінші, халқым, сүйінші!

Сүйінші, халқым, сүйінші!  
Ақ түйенің қарыны  
Ақтарылар күн бүгін,  
Ақ киіздің үстінен  
Тақ табылар күн бүгін.  
Біздің қазақ момынға  
Бақ дарыған күн бүгін.  
Ежелгі арман, үміті  
Ақтарылар күн бүгін.  
Нұрсұлтан Назарбаевты  
Хақ таныған күн бүгін!  
Елімнің ерек Сұлтаны,  
Бәйге бермес тұлпары,  
Әуелеп ұшқан сұңқары,  
Бүгінгі айтар сөз мынау:  
Көптің күткен іңкәрі.  
Жарқырай берсін халықтың  
Арайлап атқан бұл таңы.

\* \* \*

Ризық тілеп еліңе,  
Риясыз еңбек етесің.  
Сайысқа кіріп сан түрлі  
Қайтардың елдің есесін.  
Еліңнің ерек мүддесін  
От-жалын болып қорғайсың  
Дұшпанның жарып күрдесін,  
Досқа үгілген бордайсың.  
Түсінер сенің жайыңды  
Жетілмей жатыр азамат.  
Қинайды сол жаныңды  
Алуан ой мазалап.  
Ертеңін қамдап Еліңнің  
Тынымсыз бейнет шегесің



Ыңырсып жатқан жерімнің  
Жарасын емдеп келесің.  
Қайтарымы аз ащы тер  
Жүдетіп бітті халқыңды.  
Жетпіс жыл көрген тауқымет  
Қысып тұр бүгін алқымды.  
Ер деген елдің қаншасы  
Таразыға тартылды.  
Саған да сынай қарайды  
Салмақтап барып нарқыңды  
«Сақтасын, — дейді, — мәңгіге,  
«Тура биде туған жоқ,  
Туғанды биде иман жоқ» —  
Деген ата салтыңды  
Өшпегенді тілейді  
Бойдағы уыт, қарқынды.  
Тағы бір еске салары, —  
«Шалқайғанға шалқайғын,  
Пайғамбардың ұлы емес,  
Еңкейгенге еңкейгін,  
Әкеңнен қалған құл емес».  
Бұдан былай өзгеге,  
Жалтақтауың жөн емес,  
Ойлап тұрсақ алды-арты  
Ұлықтықтың бұл емес,  
Еліңе құл болмасаң,  
Отырған төрің төр емес,  
«Ұлық болсаң кішік бол»  
Халықтан ешкім өр емес.

\* \* \*

Келімсектер шеруі  
Тоқтамай тұр еліңде,  
Көбі соның мекені  
Көгалың да, көлің де.  
Бауырың сыртта қаңғып жүр,  
Бата алмай елге келуге.  
Ел мен жердің байлығы  
Кетпесін десек тегінге,

Қазағыңның күйіне  
Үңілгейсің тегінде.  
Ол бейбақ не күй шегуде  
Өзінің туған жерінде.  
Қолбала болып қалмасын  
Жекешелендіру кезінде.  
Ұстағайсың еліңді  
Данагөй ақыл, ебіңмен.  
Ұстағайсың бәрін де  
Өзіндік өре жөніңмен.  
Ел басшысы сүрінсе,  
Етпеттеп құлар жұртыңыз.  
Кеңеспен істі шешкейсіз,  
Жетілсін десек ұлтымыз.

\* \* \*

Сенеді елің Өзіңе,  
Сенеді жалын сөзіңе.  
Қалмасын деп тілейді  
Кездейсоқ жайға кезіге.  
Ойлағаның тақ емес,  
Қазақстан тағдыры.  
Қинайды сені еліңнің  
Көп нәрседен мәжбүрі.  
Ойлаған адам бас қамын,  
Ойламас жайын басқаның.  
Сөйлеп үлкен мінбеден  
Одаққа салмақ тастадың.

\* \* \*

Анадан туған сендей ұл  
Ана тіл жайын толғанар.  
Қадірі кеткен тілімді  
Кім сендей ұғып қолға алар.  
Тіліңді кие тұтпасаң,  
Бақ дегенің сор болар.  
Елінің қамын жемеген,  
Түбінде басшы қор болар.  
Осының бәрін ескерсең,

Атағың, даңқың зор болар.  
Сонда ғана, Нүреке,  
Қазағың да бар болар.  
Бұлғақтаған бұл заман,  
Барымыз деп қолда бар,  
Құлқынға құл боп кей надан.  
Тойынып өзі қонданар.  
Бойыңды бұдан ап қашсаң,  
Ісінді құдай оңғарар.  
Содан да барып, Нүреке,  
Мәртебеңіз зор болар.  
Өзіңдей ерен естіден  
Ұрпаққа үлгі жол қалар.  
Басыңда көп тауқымет:  
Тұрмыс, дәулет, Ордалар.  
Ана тіл, тарих, өнерім.  
Ел достығы — ол да бар.  
Осының бәрін көтерер  
Өзіңдей алып нар болар!  
Ел сенімін ақтасаң,  
Алар алғыс мол болар.  
Аламай халқыңды  
Әділдік құрсаң қол болар...  
Елің бейбіт күн кешсе,  
Нағыз бақыт сол болар.  
Осынау қиын сапарда  
Құдай жолыңды оңдасын,  
Әруақтар қолдасын.  
Өзіңе де, өзгеге  
Қиянат, сірә болмасын!

1991 жылғы 1 желтоқсан

\* \* \*

**Қомшабай Сүйеніш,**  
жазушы, халықаралық «Алаш»  
сыйлығының иегері

### Елің үшін ұзақ ғұмыр сүре бер

Мақтанышым —  
Көк байрағым,  
Ұраным,  
Қырдағыны қалт жібермес қыраным.  
Сарқылмасын өзің ашқан бұлағың,  
Жарқырасын өзің жаққан шырағың.  
Елің үшін ұзақ ғұмыр сүре бер —  
Құдайдан сол күні-түні сұрарым!

**Қалыбай Айдашұлы,**  
104 жастағы ақсақал

**Тұғыры биік түлегім**

Ал, Нұрсұлтан шырағым,  
Дауысымды бергенім,  
Қасиетіңе сенгенім.  
Бекзаттық асыл бойыңда,  
Болашақ қамы ойыңда,  
Қыздырма сөзге ермедің,  
Ұлтты жікке бөлмедің.  
Жайқалып достық дарағы,  
Бар әлем саған қарады.  
Жанашыр сана-салтына,  
Қанат болып халқыңа.

Ал, Нұрсұлтан шырағым,  
Қолдады сені парасат,  
Басыңа қонып дара сәт.  
Лүпілдей соғып жүрегім,  
Айтатын саған тілегім:  
Асылыққа Алла жазбасын,  
Ұрпақтар мәңгі азбасын!  
Қастерлеп өскен атасын,  
Үлкеннің алып батасын.  
Жапырақ жайып қарт емен,  
Асқақтай түссін мәртебең!  
Жолыңды құдай оңдасын,  
Ләйім, халқың қолдасын.  
Жақсылық көксеп жұртыңа,  
Тоқшылық келіп орнасын.  
Ашық аспан астында  
Кәрінің де, жастың да,  
Бақытты болып халқымыз,  
Көтерілсін даңқымыз!  
Тұғыры биік түлегім,  
Елің құлақ түреді.  
Көптен ойда жүр еді,  
Қабыл болсын тілегім.  
Әумин!

**Мырзағали Байбосынұлы,**  
соғыс ардагері, халық ағарту ісінің үздігі

**Бар қазаққа пана бол!**

Уа, Нұрсұлтан шырағым!  
Қазақты бірлікке баста,  
Еркіндікке,  
Елдікке баста.  
Үй ішінде қашанда,  
Қатарлы көптің бірі бол,  
Алқалы топ, жиында  
Алатаудай ірі бол!  
Әрбір ісің сәтті болсын,  
Қарышың қатты болсын!  
Қорлық көргенге қорған,  
Сасқанға сабыр бол!  
Үлкенге — іні бол,  
Кішіге — аға бол,  
Бар қазаққа пана бол!  
Әділетті,  
Дана бол!  
Төле бидей танымды бол,  
Абылайдай алымды бол!  
Алды-артың Сарыарқадай кең болсын,  
Еліңнің еңсесін түзе,  
Қатарымен тең болсын!  
Сарыарқа да ерекше,  
Құт-береке қонған жер.  
Қымбат кенге қойнауы,  
Өрісі малға толған жер.  
Қаз дауысты Қазыбек,  
Әйтеке би болған жер.  
Ұлылықтың белгісі —  
Ұлытаудың батыры  
Ел қорғаған Едіге ер,  
Қараменде Жидебай жатқан,  
Желмаясын желдіріп,  
Асан Қайғы топырағын басқан,

Кен байлығын көрсетіп,  
Қаныш Сәтбай ашқан,  
Киелі жердің әруағы қолдасын!  
Қызыр баба, Қырық шілтен  
Пәле-жаладан қорғасын!  
Жаратқан ием жаныңа  
Жолатпасын жаманат!  
Тағдыры барша халқыңның  
Бір өзіңе аманат!  
Әрқашанда біреу бол,  
Әлсіздерге тіреу бол!  
Әумин!

**Таңбай Дөкіұлы,**  
Ақтөбе облысы,  
Темір ауданы,  
Қайыңды ауылы

**Әуелі Алла бақ берсін!**

Әуелі Алла бақ берсін,  
Жеті атаңа жеткендей.  
Екінші — шешен жақ берсін,  
Сүйегіңе сіңіп біткендей.  
Үшінші — берсін мал, перзент,  
Оң жағыңа отау тіккендей,  
Төртінші — берсін ұзақ жас  
Қадірлеп басын күткендей.  
Бесінші — берсін ақыл-ой,  
Әлемге даңқың жеткендей,  
Алтыншы — берсін несібе,  
Нұр суын құйып еккендей.  
Жетінші — берсін берекет,  
Жерге тұқым сепкендей.  
Сегізінші — білім, сана-сезімің жайылсын,  
Сәуірдің бұлты төккендей.  
Тоғызыншы — берсін тоқшылық,  
Ел қанағат еткендей.  
Оныншы — берсін бірлік, ынтымақ,  
Ойлаған мақсатыңа жеткендей.  
Он бірінші — Қызыр ата  
Дастарханыңа үш рет дарысын,  
Қырсық арылсын, Қыдыр дарысын.  
Пәлекет кеткей, дұға жеткей,  
Айдан, жылдан аман еткей!  
Осы айтылған ақ тілекті кең Алла, Қызыр ата,  
әулие-әмбие, ата-баба әруақтары  
қабыл еткей!  
Әумин!

Самат Мұқанов,  
соғыс және еңбек ардагері

**Халқыңа пана бол!**

Шырақтарың жанып тұрсын,  
Бұлақтарың ағып тұрсын.  
Мың түрлі пәледен,  
Жүз түрлі кесапаттан  
Кең Аллама қағып тұрсын!  
Жаздарың жайлы болсын,  
Қыстарың майлы болсын.  
Дұшпандарың табаныңда болсын,  
Достарың қабағыңда болсын.  
Маңдайыңа жұлдыз қонсын,  
Таңдайыңа бұлбұл қонсын.

Қарттарыңа тілерім — имандылық,  
Тірлікте пайдаға асын жиған мүлік.  
Бөбектер, бүршік жардың, жапырақ жайдың,  
Ғасырға қадам бастың күліп тұрып.

Төле, Қазыбек, Әйтеке бидей болың,  
Қара қылды қақ жарып билік айтып,  
Қазақы сақтағайсың әдет-ғұрып.

Жамбылдайын ғасыр жасап,  
Ұлы Абайдай дана болың.  
Нұрсұлтанша ел басқарып,  
Ел, халқыңа пана болың!

Ақ батамды Кең Алла, Қызыр ата,  
әулие-әмбие, ата-баба әруақтары қабыл еткей!  
Әумин!

**Аман сақта, Жасаған!**

Пір тұтып ата-бабамды,  
Қол жайып берем батамды,  
Қазақстан, міне, енді  
Егеменді атанды.  
Әлемге атын таратқан,  
Президент болсын Нұрсұлтан!  
Ұлымызды сүйікті  
Аман сақта, Жасаған!  
Қайтпасын бақыт басыңнан,  
Кетпесін Қыдыр қасыңнан!  
Аман болсын зайыбың  
Қосылған сүйіп жасыңнан!  
Қызықпен өтсін бар шағың,  
Бақытты болсын ұрпағың!  
Халыққа беріп береке,  
Арайлап атсын әр таңың!  
Шығыстан ессін самал жел,  
Көркейе берсін байтақ ел!  
Алға да басып әр ісің,  
Байлыққа толсын туған жер!  
Арыңды еш кір шалмасын,  
Ісіңді Құдай оңдасын!  
Қаза тапқан ерлердің  
Әруағы сені қолдасын!  
Алатаудай биік бол,  
Халқыңа қалқан серік бол!  
Жұртыңды баста елдікке,  
Жүректен айтар тілек — сол.  
Халқыңның артсын ырысы,  
Болмасын ешбір қайғысы.  
Молшылық болып елімде,  
Жақсара берсін тұрмысы.

Атыңа орай нұр жаусын,  
Ісіңе әлем таңдансын.  
Қамқоршы бол қарттарға,  
Аға ұрпақ Сізді қолдасын!  
Намысын қорғап ұл-қыздың,  
Игі мақсат ұсындың.  
Арттырып даңқын қазақтың,  
Ғарышқа да ұшырдың.  
Арта берсін беделің,  
Осыны тілеп келемін.  
Сондықтан да қол жайып,  
Ақ батамды беремін.

\* \* \*

**Ұлан ауданы ардагерлерінің атынан  
Адал ниетпен бата беруші —  
Самат деген атаңыз,  
Қабыл болсын батамыз!  
Әумин!**

**Зейнехан Мәндібайкеліні,**  
Алматы облысы

### **Туырлықты қазақтың ту ұстары**

Табиғат нұрын төксін жерімізге,  
Тыныштық болсын байтақ елімізде.  
Тәуелсіз, еркіндіктің нұрлы жолы,  
Шығарсын әр қазақты төрімізге.

Тайыздап, тартылмасын дариялар,  
Бақытты болсын барлық жанұялар.  
Нұрсұлтан Әбішұлы басшымызға  
Берелік ақ батаны, қариялар!

Қазақты ел таныды жер-көктегі,  
Нұрсұлтан туған екен өрлеткелі.  
Елбасы, шыңда, өсір, қанаттандыр  
Халқыңның азаттығын жөргектегі.

Бақыты үшін барша балалардың,  
Өркені үшін дала мен қалалардың,  
Қызмет ет, туған елде бірлік үшін,  
Жүзінде нұр ойнасын аналардың.

Бабалар рухы әркез қолдасын деп,  
Боп жүрсін Қызыр бабаң жолдасың деп,  
Қазақтың бар батыры сапқа тұрып,  
Бәрінен қатерлердің қорғасын деп,  
Туырлықты қазақтың ту ұстары  
Биікке мерейленіп самғасын деп,  
Сексен бір жасқа келіп бата бердім,  
«Аман жүргін алғашқы Елбасым!» деп.

**Темір Тілемісұлы,**  
зейнеткер,  
Қостанай облысы,  
Наурызым ауданы

### Қуанта бер еліңді

Құрметті, абзал Елбасы,  
Берейін бата тыңдашы.  
Елім деп әркез елжіреп,  
Етуден еңбек тынбашы.

Бәйтерегім мәуелі,  
Иілемші, сынбашы.  
Әуелей берші аспандап,  
Іркіліп тізгін жимашы.

Еліңді бастап келесің,  
Белестерден белеске.  
Халық риза ісіңе,  
Бұл жетістік емес пе?!

Көп тілегі қабыл боп,  
Алла берсін денсаулық,  
Алдыңа қойған мақсатты  
Қолдасын Алла жән-сау ғып.

Мен де сол көптің бірімін,  
Ақ ниетін арнаған.  
Баянды болсын болжамың,  
Болашақты барлаған.

Орман-тау, көлді, өзенді  
Далаңдай кең боп көңілің.  
Мақтанышы бола бер,  
«Ақ патшам!» деген еліңнің.

Жүзіңнен күлкі кетпесін,  
Дұшпаның қуып жетпесін,

Қараниет жандардың  
Көзі мен тілі өтпесін.

Айдай әлем алдында  
Асқақтай берсін беделің.  
Құрметтеп халқың әрқашан  
Ақ бола берсін дегенің.

Абылай атаң секілді,  
Есімің болсын мәңгілік,  
Шеше бер нендей түйінді,  
Дос-дұшпаныңды таң қылып.

Баянды болсын өзіңе,  
Байтағың — әсем Астанаң.  
Дегеніңе жеткіздің  
Ісіңді өзің бастаған.

Мойындады амалсыз,  
Көзімен көріп ісіңді.  
Елге шын кімнің қамқорын,  
Әрине, халық түсінді.

Тағы да талай істерің,  
Қуанта берсін еліңді.  
Аман болсын тілектес,  
Серіктерің сенімді.

Басқа елдердің патшасы,  
Әрқашан ақыл сұрасын.  
Көрегендікпен аша бер,  
Ата-баба мұрасын.

Ұрпақтарың өзіңе,  
Сүйеу болсын лайықты.  
Желге қарсы тік ұста,  
«Саясат» деген қайықты.

Тек қана қазақ елі емес,  
Төрткүл дүние бағынсын.  
Ақылшым, панам қайда деп,  
Көрмесе бір сәт сағынсын.

Жарқырай бер де, жайнай бер,  
Дарабозым, дарыным.  
Асылы саған бұйырсын —  
Ғылымның, дүниетанымның.

Барлық дін ырза өзіңе,  
Құптасын, Алла, тілегім.  
Ізгілік төксін мәңгілік,  
Халқым деп соққан жүрегің!

Аталы бата

Көгеріп көктей жетсін,  
Аталы бата дәстүрге енсін,  
Қазағымның төріне келсін.  
Дәстүрлерің салтымен болғай,  
Қорғандарың антымен болғай,  
Киелі қазан асымен болғай.  
Бұлақ көзі суымен болғай,  
Қазақ халқы туымен болғай,  
Ақордасы киесіменен,  
Есігін ашар иесімен болғай.  
Аспандарың жұлдызды болғай,  
Ұрпақтарың ұл-қызды болғай.  
Ат дүбірі тағасымен болғай,  
Меймандарың бағасымен болғай,  
Еккен ағашың жемісімен болғай.  
Қазақтың алтын бесігі,  
Бесігін ашар ақ есігімен болғай.  
Мешіттерің азанды болғай,  
Жиылған жұрт иманымен болғай.  
Салт-дәстүрің ырымды болғай,  
Сыр сандығың сырымен болғай.  
Қыр-қырларың қырымдай болғай,  
Қазақтың тілі шырайлы болғай,  
Бабаларың шырақты болғай,  
Жорғаларың жүйрікті болғай,  
Той-жиының көңілді болғай,  
Төгілген күй күмбірімен болғай,  
Сыбызғы үні назымен,  
Домбыра басы үкілі болғай.  
Сұлтандарың арыстай,  
Аспандарың ғарышты болғай.  
Ғарышкерің табысты болғай.  
Ғалымдарың білімді,  
Дінбасыларың ілімді болғай.



Бірлігі күшті ағайыны болғай,  
Үлкенді сыйлар кішің болғай,  
Төгілген нұр кеңісті болғай,  
Балуандарың жеңісті болғай,  
Шеберлерің келісті болғай.  
Сулы жерің нулы болғай,  
Шөлді жерің сулы болғай.  
Аққу-қазды, көлді болғай,  
Өзге елге үлгілі болғай,  
Өз өзіңе сенімді болғай.  
Адамдықтың адалы болғай,  
Адалдығың аумақты болғай,  
Ұрпақтарың сабақты болғай,  
Мол несібе, дастарханды болғай.  
Елдің аузында Алласы болғай,  
О, текті туған, қазағым,  
Осының бәрін сіміріп,  
Тұла бойыңа сіңіріп алғай!

**Жағыпар Жүнісжанұлы,**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Абай ауданы

**Тілейін тілек Алладан**

Айналайын, Нұрсұлтан!  
Абай елі атынан  
Берейін адал батамды.  
Тілейін тілек Алладан,  
Пір тұтып Абай атамды.

Ұлылар рухына табынған,  
Қабыл болсын ниетің.  
Құран оқып бас иген,  
Парыз ғой Алла сүйетін.

Сапарың келген оң болсын,  
Сәтті болсын, жол болсын.  
Алдағы сайлау кезінде  
Қолдаушылар мол болсын!

Үдей берсін шабысың,  
Қомақты болсын табысың.  
Егемен ел — қазақтың  
Маңдайдағы бағысың!

Мұхамедтей кіршіксіз,  
Алланың сүйген құлы бол.  
Абылайдай айбарлы  
Еліңнің адал ұлы бол!

Бетіңді Құдай оңдасын,  
Әділет болсын жолдасың.  
Аяқтан шалып қас қылмақ  
Дұшпаның болса оңбасын!

Осы сайлау әділ боп,  
Берген батам қабыл боп,  
Шәкәрім, Мұхтар, Абайдың  
Аруағы қолдасын!

**Тұманбай Сәтмағамбетұлы,**  
Атырау облысы

**Бабалар аруағы қолдасын!**

... Бастайын сөздің арнасын,  
Қыдыр ата болғай жолдасың,  
Бар қазақтың баласы,  
Уәдемен серт байлап,  
Тізгінін берді қолыңа,  
Ісіңді Алла оңдасын.

Патша болсаң әділ бол,  
Қара қылды қақ жарған.  
Біреуі былай болмасын,  
Саған келген қатерді  
Ғайып ерен қырық шілтен  
Асамен қағып қорғасын.

Мединеде — Мұхаммед,  
Түркістанда — Қожа Ахмет,  
Маңғыстауда — Пір Бекет,  
Атырауда — Махамбет,  
Бұрынғы өткен бабалар  
Аруағы сені қолдасын.  
Райымбек атасы,  
Қабыл екен батасы.  
Он сегіз мың ғаламға,  
Патша болған Сүлеймен,  
Сенен медет тілеймін.  
Екіталай іс болып,  
Маңдай терлер күн болса,  
Әзіреті Ғалидың  
Аруағы сені қолдасын!  
... Он екі бала өсірген,  
Еркелігін кешірген,  
Желге қарсы мал жайған,  
Бейнетқор ағаң мен едім.

Елден шыққан сұлтанды,  
Көріп қалсам деп едім.  
Оң жағынан оралып,  
Бетінен сүйсем деп едім.  
Әумин!

*Дулат Тұрантегі,  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Созақ ауданы*

**Алаулап атып күлсін таң**

Бойымда қайнап намысым,  
Тірегім-тұғыр ар болғай!  
Көш бастаған арысым  
Қайыспас қара Нар болғай!

Атадан қалған ұран сөз, -  
Деп едім рухқа нәр болғай.  
Көк байрақ еркін қыраным  
Бақ талайы зор болғай!

Алаулап атып күлсін таң,  
Арманы алыс құлшынған.  
Аман-сау болсын Туған ел,  
Аман-сау болсын Нұрсұлтан!

*Б.Есенов,  
Ұлы Отан соғысының ардагері,  
Солтүстік Қазақстан облысы*

**Асқақтасын абырой**

Халыққа еңбек еткен ерте бастан,  
Данагөйім қазаққа шуақ шашқан,  
Тынымсыз еңбегінің арқасында  
Құлпырды, шүкір, бүгін Қазақстан!

Айбының, ақылың да аса туған,  
Жолына жақсылықтың белін буған.  
Таныттың қазағыңды бар әлемге,  
Біз жүрміз тыныштықта салып думан.

Мақсатың жылдан-жылға алға бассын,  
Бақытың басыңдағы судай тассын.  
Жаратқан ел-жұртыңа бірлік беріп,  
Сіңірген өз халқыңа еңбек жансын.  
Соңыңнан сенім артып ерген жұртың  
Жолымен демократия алға бассын!

**Орысбай Әбділдаұлы,**

Алматы облысының құрметті азаматы

**Қарасай баба батасы**

Уа!  
Ұмытпай жүрген ұрпағым,  
Дүние көшкен бір сағым.  
Келгенінше мұршаның  
Дұшпаннан елді қорғадық,  
Быт-шыт қып бұзып құрсауын!

Туған жер — алтын бесігім,  
Өткердік айқас кешуін.  
Атойлап елді қорғадық,  
Қылышпен қиып шешуін,  
Алланың теріп несібін!

Қазақтың байтақ өлкесін,  
Жайлатпай жауға жер төсін,  
Қиғанбыз қаскөй желкесін.  
Қан-жоса боп қалғыдық,  
Төсек қып түйе өркешін...

Бабалар жетпей арманға,  
Батырлар мерт боп қалғанда,

Жоңғарлар қиқу салғанда,  
Қосылмай, әттең, басымыз...  
Өкініш көп қой жалғанда!..

Өтеліп бәрі өткеннің,  
Еліме теңдік жеткен күн,  
Аруақ сыйлар ұрпаққа,  
Батамды былай деп бердім:  
— Төле, Қазыбек, Әйтеке  
Тілегін берді құдайым.  
Баспасын елді уайым.

Әлемдегі қазақтың  
Қосылсын басы лайым,  
Тәңірден соны сұраймын!  
Егемендік күн туды,  
Елім соған ұмтылды.  
Татулықты ту еткен,  
Торсық шеке Ұл туды!  
Еңселі болсын іргесі,  
Абыройлы болсын мінбесі.  
Барыстай батыл жұртымның,  
Арыстай болсын жұлдесі,  
Азаттық болсын шын досы!  
Абылай ханның арманын,  
Ардақты ұлы жалғады.  
Аспанға қазақ самғады,  
Көкке де салды таңбаны.  
Қоғамды болсын жан-жағы,  
Қорғасын ұлттың аруағы!  
Заманның туар өз ері,  
Келгенде уақыт кезегі.  
Елбасы болған тұлғаны,  
Бодандық көрген сезеді,  
Қолдасын оны өз елі!  
Татулық тілеп баршаға,  
Елбасы ұлым, шаршама!  
Қара ормандай халқың тұр,  
Үмітпен қарап қаншама!  
Нұрсұлтан ұлым, шаршама!  
Әумин!

*Екінші тарау*



*АРНАУ  
ЖЫРЛАР*



*Әбділә Тәжібаев,  
Қазақстанның халық жазушысы*

**Үміттерімді ақтаған**

... Өтті ғой күндер  
Құдайым әрең сақтаған.  
Шұбырынды жылдар —  
Атанған сонау «ақтабан».  
Сенерім де бүгін,  
Сүйенерім де бүгін — Нұрсұлтан.  
Көсемнен күткен  
Үміттерімді ақтаған.

*1995 жыл*

**Сағынғали Сейітов,**  
ақын, соғыс ардагері

### Сізді ғана таңдаймыз

Жүрек сөзін өзіңізге арнаймыз,  
Жанымызды жаныңызға жалғаймыз.  
Баламасыз басшымызсыз бүгінгі,  
Ертеңге де  
Сізді ғана таңдаймыз.

Әлемге аян:  
Біз қазірде қандаймыз,  
Шығыс жақтан шапақтаған таңдаймыз.  
Күнге қарай көтерілер кезеңде  
Көшбасшыға  
Өзіңізді таңдаймыз!

Ел тізгінін қолыңызға береміз,  
Сап түзетіп соңыңыздан ереміз.  
Бәрімізді жетер жерге жеткізер  
Сіз ғанасыз!  
Сізге ғана сенеміз.

**Ғафу Қайырбеков,**  
Қазақстанның халық жазушысы

### Елбасына

Перзентсің, туған жерге бір баласың,  
Басшысың, бірге бауыр, бірге ағасың.  
Алдымен сен толқисың, қуанасың,  
Қазақтың көрсең ғажап бұл даласын.

Қанша жыл маңдай терді көл ғып төгіп,  
Сан күрес, қиын жолға төзіп, көніп.  
Ақылдың аспанынан сырғанамай,  
Қайратты қолмен істеп, көзбен көріп.

Сабырдың, кеңпейілдің, жомарттықтың,  
Үлгісін мінезі бай, ойы артықтың —  
Көрсеткен талай, талай кезеңдерде,  
Жүрмеді көлеңкеге қол артып кім?

Тұрғам жоқ бос дәріптеп, төгіп өлең,  
Жаралғам адалдықтың тегінен мен.  
Жетсе де Қазақстан қай биікке,  
Қашан да сол биіктен Сені көрем.

Ол менің Отаншылдық мақтанышым,  
Ақындық ақ шабытым, аппақ ісім.  
Мен емес, мақтанады туған дала,  
Ұлдарды «Елім» дейтін тапқаны үшін.

1993 жыл

### Жол болсын, Нұрсұлтан, Жол болсын, қазақ елі!

Мен баққұмар емеспін,  
Маған енді  
Бақыт,  
Тақыт — билейтін тәмам елді,  
Арман емес.

Сондықтан ақ сөйлеймін —  
Халық қазақ, кезегің жаңа келді!

Дабырламай,  
Шуламай,  
Даналықпен,  
Даусыңды естіп баяғы далалық кең.  
Көкке көтер ұлыңды  
Бір сен үшін,  
Мына күнде маңдайға дара біткен!

Сынға түскен екіұдай тұста мына,  
Қарамайды ол бақытқа,  
Бас қамыңа,  
Лайық ол, байқасаң, қазақ түгіл  
Әлемді де әдемі басқаруға!

**Қадыр Мырза Әли**  
Қазақстанның халық жазушысы

**Елдің сәлемі**

Мақсат пен мақсат,  
Ойы мен ойы межелес,  
Жақсыға жақсы ешқашан қару кеземес.  
Бүгінгі мынау қиындық жайлы айтсам мен,  
Сіз соны көрмей отыр-ау деген сөз емес.

Бұзуға болмас табиғи тағдыр желісін,  
Биыл мен біраз аралап қайттым Ел ішін.  
Шындықты айту шынымен қиын кей кезде,  
Өтірік айту одан да қиын мен үшін!

Әдіптеп таныс рәсіміңізді гүлдермен,  
Бағзы бір жандар өзгеден бұрын үлгерген.  
Мақтамас едім,  
Мақтанар едім заманмен,  
Бірақ та бізге ондай заманды кім берген?!

Далаға қарап алаңдай берем,  
Алаңдай:  
Баяғы малдан қалыпты-ау босап далам бай.  
Жеткіз деп түгел жолдады сәлем Ел менен,  
Мен Сізбен күнде сырласып жүрген адамдай.

Әртүрлі ойлар,  
Әртүрлі пікір әр үйде...  
Көреген көңіл алдамшы сөзге ери ме?!  
Марапат,  
Мадақ,  
Мақтаудың бәрі — достық та,  
Сынаудың бәрі — дұшпандық емес, әрине!

Тырнағың келмес жазылмай жатқан жараны,  
Сыйлықтың емес,  
Абыройы өсті параның!

Шыдаудай шыдап:  
«Шүкіршілік!» десе біреулер,  
Кейбіреулердің ашылған әбден араны!

Тіршілік тірлік өкінішпенен өтпесін!  
Төзімді деген туыстың шығып кетті есі.  
Сізге айтпағанда айтады Ел кімге арызын?  
Сізге айтпағанда айтады кімге өкпесін?!

Қиыны — қиын!  
Амал жоқ бірақ көнбеске!  
Қақымыз да жоқ сол қиындықты жеңбеске.  
Сіз деген жандар ақтауға соны тиіс қой,  
Елбасын алдау — халқын да алдау емес пе?!

Сенгеннен кейін төзбейді неге салмаққа?!  
Бүлдіріп біреу...  
Ұятқа біреу қалмақ па?!  
Түрмеде жатып шіруге тиіс арсыздар  
Сытылып шығып,  
Жоғалып жатыр жан-жаққа!

Сенеміз:  
Ертең ғажайып қоғам орнайды.  
Жеткенше соған қаншама қазақ сорлайды?!  
Ақындар әсте халықтың сөзін сөйлейді,  
Президентін де қорғайтын тұста қорғайды.

Аз емес қазір кінәлі менен жазықты.  
Ішмерез жандар ішқұса қылды-ау нәзікті.  
Бір пәле кетсе,  
Бір пәле келіп орнына,  
Білеміз әсте,  
Білеміз Сізді қажытты!

Кей жерде кейде әділін айтар жоқ ұлық,  
Жылайды жандар маңдайы тасқа соғылып.  
Халқыңыз бізге белгілі әбден:

Жыртықтың  
Тіксеңіз бірін,  
Біреуі жатыр сөгіліп!

Шырылдап жүрсіз,  
Шырылдап жүрсіз, білемін,  
Шығады бірде,  
Шықпайды бірде бұл егін...  
Өсетін елдің өзін ұмытып әкімі,  
Кемеңгер болып ойлауға тиіс тәлегі.

Жетеді қыран,  
Жетеді бізде қаршыға,  
Жетеді бізде қыз-қайың менен нар-шынар.  
Ең үлкен өнер — нан табу емес, —  
Жан тану,  
Ақылды жандар әлі де болса бар шығар?!

Халықтан тумай туады кімнен алыптар?  
Сенсеңіз егер, сенуге татыр халық бар!  
Бүгінгі менен тарихтағы орын бір емес,  
Болашақ өзі бағасын берер,  
Анықтар!

Гүлге бөлер келешек ұрпақ құмайтты,  
Замана бірақ біздерді бұрын мұңайтты.  
Президенттің жүгі қашан да ауыр — білеміз,  
Перзенттік парыз одан жеңіл деп кім айтты?!

### Шыңыраудан шыққан сөз

Сыйлау керек білген ел,  
Білікті елді,  
Қазақтар жоқ көнетін үгітке енді.  
Тағы да олар бүгінді олқысынды,  
Тағы да олар Ертеңнен үміттенді.

Біз пендеміз:  
Аумалы-төкпеліміз,  
Әлдекімге шынымен өкпеліміз.



Жақсылықты күтеміз алдымыздан,  
Қуандырмас жүрген жол,  
Өткеніміз!

Мен халықтың ниетін бөлісемін,  
Данагерлік танытты тегіс елім:  
Тағы да олар толғанып,  
Тебіреніп,  
Тағы да олар көрсетті ұлы сенім.

Мына заман қойса да бұйықтырып,  
Қиындыққа қайшыдай қиып кіріп.  
Тағы да олар қол созды ұшпағына,  
Өздерінен өздері биік тұрып.

Белгілі ғой мінезі намыскердің,  
Ұрпағымыз шабандоз,  
Шабыскердің  
Күдіктене отырып,  
кейбіреулер  
Баяғыша тағы да дауыс берді!

Өз орнында көп нүкте,  
Үтіріміз,  
Жұрттан жақсы көреді соқырымыз.  
Енді тілек біреу-ақ:  
Сол баяғы  
Ескі орынға жаңаша отырыңыз!

Шалдарымыз,  
Бәйбіше — кемпіріміз!  
Шаршап қалды,  
Шаршадық — сол түріміз.  
Құлазиды кей тұста өрісіміз,  
Сол өрісті қалпына келтіріңіз!

Бәрін-бәрін ретке келтіріңіз,  
Қай кезде де сау болып,  
Сау тұрыңыз!

Әзәзілден тазартып айналаны,  
Олқы тірлік,  
Олқы ойды толтырыңыз!

Тамашалар қысқарды,  
Ұзартыңыз!  
Міндет артпай жаманға,  
Түз артыңыз!  
Бетпақдала тәрізді бет көбейді,  
Қызармайтын соларды қызартыңыз!

Қанша шаруа?  
Бәрін де тындырыңыз!  
Жабыққанды жуатып,  
Күлдіріңіз!  
Көлдер түгіл,  
Көңілдер лайланды,  
Соларды да қайтадан тұндырыңыз!

Өз орнында көп нүкте,  
Үтіріміз!  
Бітіретін істерді бітіріңіз!  
Қайталаймыз тағы да:  
Сол баяғы  
Ескі орында жаңаша отырыңыз!

**Тұманбай Молдағалиев,**  
Қазақстанның халық жазушысы

**Ел өзіңе сенеді**

Қанат біткен секілді кеуделерге,  
Тағы бір тау ілікті көлденеңге,  
Дамылдайтын тұрағың — ел жүрегі,  
Елжірейтін жаның бар ел дегенге.

Мені шексіз беріліп сүйеді деп,  
Соңыңа ерді қалың жұрт киелі деп.  
Тағы талай жылдарға мына еліңе  
Киен болса бойыңда — иелік ет.

Дауыл көрсең жалындап жас қырандай,  
Батырланып кетесің бастыға алмай.  
Құрметтейді ел сені құдірет көріп,  
Құрметтесе төрінде досты қандай.

Төле бидей жарқылдап сөз өрінде,  
Артық тудың ба екенсің өз еліңде?!  
Жанарыңда жасыннан от үшқындап,  
Орда бұзған кезің көп кезегінде.

Жаныңдағы жайсаңдық,  
Көрікті ұғып,  
Көре қалсақ тұрамыз көп ұмтылып.  
Бастап шықтың еліңді бас керекте,  
Махаббатты,  
Сенімді серік қылып.

Сонда сенен бір қазақ аспап еді,  
Биік едің,  
Көңілің асқақ еді.  
Жылап тұрып сүйіп ең елдің туын,  
Жұрт көзінде сонда бір жас бар еді.

Сүрте білген сол жасты орамалым,  
Жақсылыққа жолыңды жораладым.

Олар сені қинаса — қиналамын,  
Тағдыр нені сыйласа — соны аламын.

Көп кезесің дүниені, үйге келмей,  
Қамқор қайдан табылар сүйген елдей?!  
Саған,  
Саған көзіміз үйреніпті,  
Даласына қазақтың үйренгендей.

Бара жатқан дерт те жоқ емге көнбей,  
Баста,  
Баста жұртыңды сен бөгелмей.  
Ел сенеді өзіңе — ұл мен қызы  
Әкесіне өзінің сенгеніндей.

Бара жатқан ешкім жоқ жөнге көнбей,  
Баста,  
Баста жұртыңды сен бөгелмей.  
Ел сенеді өзіңе — ұл мен қызы  
Анасына өзінің сенгеніндей,

Бөгеттерді бұзады сең бөгелмей,  
Кім көктемге сенеді жер көгермей?  
Сен де еліңе сенесің — жұлдызына  
Батыр,  
Бағлан жігіттің сенгеніндей.

Береке де,  
Бірлік те бар еліңде,  
Жетеді, ерім, бар деуге дәлелің де.  
Кетеді әлі алысқа даңқың сенің  
Келе жатқан ғасырдың бедерінде.

Алдың елді адамдық дауысымен,  
Күйер,  
Жанар,  
Өртенер жау ішінен.  
Күні шығып келеді қазағымның  
Алматының тұсынан,  
Тау ішінен.

Сол күн аман болғай да,  
Сол күн аман,  
Шуақты күн,  
Нұрлы күн елге ұнаған.  
Лапылдаған шұғыласын бақыт көріп,  
Ғашық жырын арнаған менмін оған.

Тау үстінде, әнекей, қазақ үні,  
Михнаты өзіңде,  
Азап,  
Мұңы.  
Өз жалауын көтерген биігіне,  
Жасай берсін жұртымның азаттығы!

Жебеп,  
Желеп Еділдей еңбегің де,  
Құлашыңды асқарға сермедің бе?!  
Өз қолыңмен көтерген бақ туыңдай,  
Президентім, тұра бер ел көгінде!

### Тарих тағы қолына ту алғызды

Қалжырап бір қабағым түйілгенде,  
Бақыт даусы естілді үйімнен де,  
Шындық жеңді қайтадан!  
Қайран шындық,  
Жалықпаспын мен сені сүюден де.

Жақсылықты аңсады көкейім бір,  
Соны ғана аялап өтейін кіл.  
Көзіңнен де сүйейін шындық сенің,  
Сөзіңнен де айналып кетейін бір.

Ыстық жанды қаңтардың қарына орап,  
Елің сенді өзіңе жаны дарақ.  
Қайта міндің атыңа,  
ақ атыңа  
Халық өзі мінгізді, өзі қалап.

Азаматқа қашан да арман серік,  
Саған еріп секірдік жардан сеніп.  
Мемлекет атанып,  
Сен жақпап па ең,  
Отымызды қашаннан қалған сөніп.

Шаңырағын шайқайды әр үйімнің,  
Жаңа жолға халқыңды тағы үйірдің.  
Сол от лаулап жанады әр ошақта,  
Жүрегінде жанады сәбиіңнің.

Қуанышқа кеткендей толып алап,  
Жақсылықтың жүрегі,  
Жолы — қанат.  
Егеменді еліңе иелік ет,  
Халқың өзі тұрғанда соны қалап.

Қатерлерден өтті де қарғып атың,  
Тарихқа жазылады мәңгі атың.  
Сен жеңіске жеткен бір сәтті сағат,  
Құйды менің бойыма ер қуатын.

Мен де бақыт гүлдерін өтем іздеп,  
Бөтен жолға түспеймін,  
Бөтен ізге.  
Суретіңді сәбилер жүр көтеріп,  
Өзіміздің Нұрсұлтан көкеміз деп.

Сәбилердің көкесі,  
ұлы — ананың,  
Өлшемсіз биіктің, мұнараның.  
Шындық сөйлеп тұрғандай шың үстінен,  
Дауысыңды естіп мен қуанамын.

Баста, батыр, бақытқа байтағыңды,  
Халқың тағы өз сөзін айта білді.  
Аспан түстес көгілдір айшық туың,  
Астананың үстіне қайта ілінді.

Ерке өзендей екпінде ағының бай,  
Қолдады жұрт досындай,  
бауырындай.

Орысың да қолдады ойлы ұлым деп,  
Татарың да қолдады тамырындай.

Араластың жасыңнан ел ісіне,  
Бағын баптап,  
қиналдың кемісіне.

Ұйғырың да қолдады сөзіңе ұйып,  
Немісің де қол соқты жеңісіңе.

Барлық ұлттың ұлысың,  
бар ұлыстың,  
Республика намысын алып ұштың.  
Өсиетін ұмытпай бабалардың,  
Қасиетін халықтың қанып іштің.

Туар ұл мен аяла туар қызды,  
Тарих тағы қолыңа ту алғызды.  
Телегейге,  
Дауылға төтеп беріп,  
Жағасына бақыттың шығар бізді!

### Жаңа жылдық жыр

Өстің ғой тұнықтардан ат суғарып,  
Өзіңді аялаумен өтсін халық.  
Блайық сенің биік мәртебеңе  
Жаңа жыл жаңа бақыт жетсін алып.

Жақсыны, жаманды да көрді басың,  
Іздеген батырымсың шөл жуасын.  
Өзіңнің аман жүрген әр күңіңе  
Мынау бір жалпақ жатқан ел қуансын.

Ежелгі сынса да емен,  
сен сынбағын,  
Жас ұрпақ сен арқылы көрсін бағын.

Басыңа бас қосылса — құдай еркі,  
Жасыңа жас қосыла берсін, жаным.

Қуаныш көз қуантып, кеуденді алар,  
Марқайтсын тұс-тұс жақтан келген хабар.  
Қалғанын уақыт өзі жөндеп алар  
Бақ, ырыс елде болса — сенде болар.

Келеді алға тартып алтын арба,  
Сәт сайын қарқын қосып қарқындарға.  
Сен барсың, асыл інім, жан бауырым,  
Нұрсұлтаным дейтұғын халқың барда.

Өмірің бастап кетті ер еңбекке,  
Арманың қанат қақты жерден көкке.  
Өзіңді анда-санда көрген сайын  
Қуанам тигендей-ақ төбем көкке.

Өлкеміз өзіңменен гүлдеді анық,  
Тиісті сыбағасын күннен алып.  
Бүгіннің бүлдіршінін қабылдай бер,  
Еліңмен ертеңге де бірге барып.

Тапсам деп қазағымның қалай бабын,  
Жайнадың, жазғы таңдай арайладың.  
... Жаңа жыл кірген кезде өз үйіңе,  
Бізді де бірге кірді деп ойлағын.

### Сен жайлы көп ойлаймын

Сен жайлы көп ойлаймын,  
ой қуамын,  
Көншітем көңілімді бай қыламын.  
Қиялменен шоламын дүниені,  
Естігендей боламын тойдың әнін.

Даламызға ұқсайды кей мінезің,  
Күн екем деп мақтасын қай күн өзін.

Өзім жейтін қамымды

сен де жейсің,

Өзім жейтін нанымды жеймін өзім.

Баласысың ауылдың ән қыстаған,  
Жолыңменен келеміз сен нұсқаған.  
Өмірімнен бақытым ажырамай  
Өтуін де тілейсің  
алғыс саған.

Әскерісің халқыңның шепке ұстаған,  
Беделісің қашан да бетке ұстаған.  
Сен жайында сыр айтты Алатауың,  
Сен жайында жыр айтты кеп құс маған.

Қандай жақсы үмітпен өмір сүру,  
Жаңбырлардың мақсаты жерге сіңу.  
Балалардың арманы — білім алу,  
Аналардың арманы — бала өсіру.

Сөздеріңнен естимін сенім үнін,  
Соқты оңынан қазақтың желі бүгін.  
Анаға да, балаға қамқор болу,  
Ең бірінші міндетің, сенің, інім.

Бойыңдағы қуатың белсенгендей,  
Айбатыңнан сарнаған жел сөнгендей.  
Келген, кеткен қонақтар  
дәулетіңнің  
Ертеңіне сенеді,  
сен сенгендей.

Тоқтатпайды жарықты жел де бөгеп,  
Биігіне күнің де келді өрмелеп.  
Елден басқа ойың жоқ,  
бауырым сенің,  
Тойың да жоқ өткізер елден бөлек.

### Нұрсұлтан, сені ойладым

Нұрсұлтан, сені ойладым мына таңда,  
Барыңды беріп жүрсің Ұлы Отанға.  
Жыр гүлді саған қарай лақтырам,  
Үлгіңді, өнегеңді ұнатам да.

Көрініп күн дидарың көп ішінде,  
Жатсыну жақсылықты жоқ ішіңде.  
Орындап келе жатсың айтқаныңды,  
Қолыңды ап құшақтаймын сол үшін де.

Сен өзің бетін аштың берекенің,  
Қашан да көрпең ұзын, кең етегің,  
Еңсесін көтердің елдің басылып қалған,  
Сезінді сен арқылы ел екенін.

Сенімен өсті өркендеп бұл мекенің,  
Белгілі қу даланы гүл етерің.  
Таныттың дүниеге өзің, інім,  
Қазақ деген халықтың кім екенін.

Жалғасады бақ кезің, тәлей кезің,  
Ашқандайсың, бауырым, мерей көзін.  
Сені сүю арқылы туған халқың,  
Бітпейтұғын бақытқа балайды өзін.

Арман — адам, өзіңсің биік кісі,  
Биік кісі — халықтың сүйіктісі.  
Жарқылдаған армандай сені көріп,  
Қызғаныштан талайдың күйіпті іші.

Бара жатыр тұлпарың көз көрімде,  
Жақсы жаққа дүние өзгеруде.  
Сені құдай жаратты ту ұстауға,  
Өз атынан және де сөз беруге.

Құшатын гүл, ұшатын құсың да әсем,  
Өлеңіммен бейнеңді мүсіндесем.  
Өзің жайлы ойқастап келген жырды  
Кім болғаным қағазға түсірмесем.

**Шөмішбай Сариев**

ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
Франц Кафка атындағы халықаралық  
алтын медаль сыйлығының лауреаты

**Ұлы жүкті көтеретін өзің бол!**

О, Президент!  
Құлағың сал бағалап,  
Бойға лайық сөз айтамын шамалап.  
Мен халқымның жүрегі боп сөйлеймін,  
Елдігімнің атынан — бұл аманат!

Тіреп келіп сөз айтамын ат басын,  
Ақын — ақын, айтқан емес жатқа сыр.  
Таққа қонып, жаңа ғана сайланған,  
Мәртебелі,  
О, Президент, дат, тақсыр!

Зиялымның қаймағы едің, Президент,  
Үміт артып, сайлады елің, Президент.  
Ұлы жүкті көтеретін сенімнің,  
Тұғырына байлады елің, Президент!

Қолы жетпес сенімге әркім, Президент!  
Барлы болсын, еліңде әркім, Президент.  
Қайыр сұрап тұрса біреу көшеде,  
Ол да болса, сенің халқың, Президент.

Мінген атың, сенің туың озған күн,  
Сені сайлап, қолын көкке созған кім?!  
Сені жақсы көретін де адам бар,  
Қалай болсын, бәрі сенің өз халқың!

Бәрі сенің елің-жұртың, Президент,  
Қазақ деген сенің ұлтың, Президент.  
Келер ұрпақ жат қолында құл болып,  
Сатылмасын жерің бір күн Президент!

Тарихым бар мың-мың жылдық, талайлы ол,  
Алда ғасыр,  
алда күткен талай жол.  
Қазағымның жер мен суы орманы,  
Әрбір төбе,  
Әр тасына абай бол!

Бәрі өлшеулі, артығы жоқ ғаламның,  
Өзен-бұлақ — көкөзегі адамның.  
Әрбір суда,  
әр тамшыда жанар бар,  
Әрбір құмда — сүйегі бар бабамның!

Мәртебелеп ғасырым да үздігін,  
О, Президент,  
сенім арттық біз бүгін.  
Ерді халқың, баста жаңа ғасырға,  
Алып кеме бердік саған тізгінін!

Өз қолыңда қазағымның даласы,  
Ел бірлігі — ұлы мақсат сарасы.  
Бұл Нұрекең —  
Әбішұлы болғанмен,  
Қашаннан ол — бар қазақтың баласы!

Азаптың да бәрін көрдік, тозақтың,  
Бүгін, міне, тәуелсізбін, азатпын!  
Бұл Нұрекең —  
Әбішұлы болғанмен,  
Жұрт қалаған Президенті қазақтың!

Қазақ болса — қазақ үшін қас көрмеу,  
Арман-мақсат — дұшпанға енді бас бермеу!  
Туымызды қалай биік көтерсек,  
Президентті солай қажет қастерлеу!

Біздің мақсат —  
күрес ұлы жер үшін,  
біздің мақсат —  
күрес ұлы ел үшін.

О, қазағым!  
Құтты болсын, Елбасы!  
О, Президент!  
Құтты болсын жеңісің!

1999 жылғы 12 қаңтар

### Туған елдің толғауы

Елбасының Жолдауы,  
Туған елдің толғауы.  
Әрбір сөзі, толғамы —  
Халқым-жұртым, ел қамы.

Сезім отқа шарпылды,  
Ойға батты әр түрлі.  
Қалай, қайтіп жеткізем,  
Туған елім, халқымды?!

Түтіп жібек түбітін,  
Елден үзбей үмітін.  
Тебіренді Елбасы,  
Қазағым деп күні-түн.

Алға қадам басар ма,  
Биік белес асар ма,  
Амандығы осы елдің  
Қамықтырар қашан да!

Көрген емес құрғатып,  
Дүние дәмін тұр татып.  
Тәуелсіздік тұғырға  
Жетуі елдің — бір бақыт!

Күндеріңді ұрлатып,  
Жүрегіңе мұң батып,  
Тәуелсіздік тұғырды  
Ұстап тұру — мың бақыт!

Дұшпан шошып, түңілді,  
Көздер бізге үңілді.  
Мойындады бар әлем,  
Қазағымды бүгінгі!

Жайған жұртым өркенін,  
Білем бүгін көркемін.  
Бүгінгі күн — бүгінгі,  
Алаңдатар ертеңім!

Айналдым жарық Күнімнен,  
Күн батар деп түңілмен.  
Ал ертеңнің бәрі де,  
Басталады бүгіннен!

Шындықты қолдап, сан қостар,  
Бірлігі биік жан достар.  
Бүгінгі күннің Жолдауы  
Болашаққа жол бастар!

Әнұраным — асқақ ән,  
Бір бақытқа бастаған.  
Аман болса қазағым,  
Аман болса Астанам!

Әрбір жүрек дара тау,  
Қарияларым — Қаратау,  
Аман болсын Сарыарқам,  
Аман болғай Алатау!

Оза туып таңы алдан,  
Жапырақ жайды жаңа орман.  
Аман болғай Бәйтерек,  
Аман болғай ақордам!

Тірлікке сыйлап жылуын,  
Жер де алмас тынымын.  
Ең жақсы күн — Ертеңім,  
Ең жақсы күн — Бүгінім!

Туған ел деп толғауы,  
Бақ-береке орнауы.  
Ұлы елімнің Ертеңі —  
Елбасының Жолдауы!

### **Шықтың қайта төр басына сайланып**

Ел-халқыңның Елбасына айналып,  
Шықтың қайта төр басына сайланып,  
Тәуекел деп абыройға сүйінген,  
Қазағыма жетер дейсің қай халық?!  
Қазақстан Алға басу үшін деп!

Ел дегенде жігерлі ой мен күшің көп,  
Ойына алған жалғастырсын ісін деп,  
Тауларың мен Далаң берді дауысын,  
Қазақстан Алға басу үшін деп!

Алға қойған мақсатың да бекем-ді,  
Ел алдында талай парыз өтелді.  
Қазақстан ұлттарының достығы —  
Президентті тұғырына көтерді!

Ел қыраны — қомдап ұшқан қанатын,  
Жұлдыз күнді ойлап ертең жанатын,  
Берді дауыс Атырау мен Алтайың,  
Екі арасы құс қанаты талатын.

Тәуелсіздік келген кезде алғаш бұл,  
Абылайхан қылышындай алмас бұл,  
Тәуелсіздік жолына алғаш бастадың,  
Тәуелсіздік жолын қайта жалғастыр.

Алға тартып игі істі бастаған,  
Бағаналы — Ақ ордалы Бас қалам,  
Қуанышта Тауларың мен Кең далаң,  
Қуанышта Алматың мен Астанаң.

Шуақ шашпай тұра алады қай Күні,  
Төгілгенде төбемізде Ай нұры,  
Байлығы емес алтын-күміс, мұнайы,  
Ауыз бірлік — бар қазақтың байлығы!

Көре алмайтын дұшпандарым күйінсін,  
Ардақтаған адал достар сүйінсін,  
Тұғырына қайта қонды Елбасым,  
Тауым-Далам, Елім-халқым, сүйінші!..



**Әселхан Қалыбекова,**  
Қазақстанның халық ақыны,  
Оңтүстік Қазақстан облысы

**Құтты болсын, ел қалаған Әнұран!**

Сүйіншіле, Қазақстан, бүгін қандай ғажап күн,  
Терезем тең тектілермен, қатарымнан озатпын.  
Бостандыққа жететінін бодан болып жүріп-ақ  
Сезген екен Шәмшісі мен Жүмекені қазақтың.

Бұл әуенді тебіреніп Әуезов те тыңдаған,  
Сүйсінгенін жасырмаған Нұрғисадай нұрлы адам.  
«Менің елім», — деген сайын Елбасымыз Нұрсұлтан  
Әрбір сөзін жүрегінің үніменен шыңдаған.

Бүкіл әлем қарап отыр, айтпайды осал деп бізді,  
Ынтымақ пен жақсылыққа жаңартайық ескі ізді.  
Шаттан, халқым, құтты болсын ел қалаған Әнұран!  
Шебер Алла адал елді ақиқатқа жеткізді.

**Ұлы жиын**

Төрелігін Нұрсұлтандай ағамның,  
Мықтылары мойындады жаһанның.  
Ту қадаған төбем шыңмен таласып,  
Бейқұт, бейбіт бақ қонған жұрт атандым.

Жұлдыз біткен жерге түсіп ақшамда,  
Елорданың атын жазды аспанға.  
Қисайғанды қиюуына келтіріп,  
Кемеңгерлер ақыл табар сасқанда.

Тәуелсіздік баршамызға жарық күн,  
Бауырмалдық мінезімді таныттым.  
Ұлылығын дәлелдеді Елбасы,  
Қазақ деген қаны таза халықтың.

Ғаламзаттың қалт-құлт етіп шырағы,  
Иман қашты қалқандай боп құлағы.  
Әлем мұқтаж игіліктің жолында,  
Қайнап жатыр қазақы Рух бұлағы.

Бала демес тар өткелде тапса амал,  
Қызыл тілмен талқандаған тас қамал.  
Қазыбектер қара қалды қақ жарып,  
Он үшінде билік айта бастаған.

Біз кешпеген жерде қорлық қалды ма,  
Адам болсаң қуан енді, қалғыма!  
Келіп жатыр түгел төрткіл дүние,  
Төбе бидің төңкеріліп алдына.

Түйе байлап, бие байлап бағына,  
Кірісті ме қонақ күту қамына.  
Ағалығын ағайынға көрсетіп,  
Даналығын асырады тағы да.

Бір күнім бұл мың күніме татыған,  
Іргем бүтін, бүтіндікке шақырам.  
Астананың құттықтаймын Саммитін,  
Оңтүстіктің, Отырардың атынан!

**Шынболат Ділдебаев,**  
Жезқазған қаласы

**Атадан артып туған азаматым!**

(Президент кеншілермен кездескенде)

Қош келдің Жезқазғанның қаласына,  
Сағынған Сарыарқаның даласына.  
Өзіңмен бірге келсін бақыт құсы,  
Металлург кеншілердің арасына!

Ел болдық егеменді өзің бастап,  
Тапталмай өзгелердің таласына.  
Аузыңнан шыққан әрбір асыл сөзің,  
Еліңнің ем боп жатыр жарасына.

Басынып бара жатқан бәз біреулер,  
Түскендей болып қалды сабасына.  
Қаптаған Арқадағы қалың елің  
Ешкімнің қалдырмайды табасына.

Алғыс пен ақ батаны ел береді,  
Горновой Теміртаудың баласына.  
Айтатын ел атынан аманатым —  
Күні бол көгінен нұр ала алатын.

Қазақтың маңдайдағы бір ұлы едің,  
Қараңғы, қиыннан жол таба алатын.  
Артыңда қара ормандай халқың бар,  
Бел буып қайда болсын бара алатын.

Мың өліп, мың тірілген ел едік қой,  
Тағдырдың тартқан талай ғаламатын.  
Арманың Абылайдай биік болсын,  
Тарихты таңдандырып қалар атың.

Теміртау құрышына қайнап піскен,  
Тілейміз Нұрсұлтанның саламатын.  
Қош келдің, Ұлытаудың бауырына,  
Атадан артып туған азаматым!

**Базарбай Исаев,**  
ақын

**Сізге дауыс береміз!**

Қуат берген шуақты күн, бал түнек,  
Ақ көңіл ек, айнымайтын алтын ек.  
Өзіңіздің арқаңызда бар әлем  
Мойындады «Қазақстан халқы» деп.

Еркін елде еркін кеуде кереміз,  
Асқақтамай алыстарды көреміз.  
Ұлы мұрат туы — ұлттар достығы,  
Еркімізбен ұлы көшке ереміз.

Бақ дарыған, жемісі мол бауымыз,  
Қыдыр дарып, шағылмаған тауымыз.  
Сүттей ұйып тұрған біздің Бірлікке  
Қызығады дос түгілі, жауымыз.

Арман қуып, алға үміт артамыз,  
Таңды тербеп, Болашаққа тартамыз.  
Заман тыныш, өмір нұрлы, көңіл шат,  
Бәрі соның — өзіңіздің арқаңыз.

Жат басынып, бізді жүндей түтпесе,  
Беті қайтып, ерлер тізе бүкпесе...  
Бәрі соның — өзіңіздің арқаңыз,  
Өз арқаңыз — Ел еңсесін тіктесе!

Самғауларға қанат болар салтымыз,  
Бұлжымайды мәңгі бейбіт қалпымыз.  
Ел бақытын мұрат еткен, Нұреке,  
Қолдауынан танбас Сізді халқыңыз.

Еркін елде ер кеудесін кереді,  
Асқақтамай алыстарды көреді.  
Сіз сеніңіз Қазақстан халқына,  
Сізге сеніп, халқың дауыс береді!

**Құттықтау**

Ту етіп биік көтеріп көкке Теңдікті,  
Жаңғыртты даусың жаһанда барлық Ендікті.  
Маздауы мәңгі өзіңнің мақсат-мұратың —  
Еншілеп қазақ тұрғаны Егемендікті.

Шашу ғып бүгін жырымды қалай шашпайын,  
Алдыңа шығып сырымды қалай ашпайын?  
Ұланда жүрген бір ақын едім, Нұр-аға,  
Ұланның айтар құттықтау сөзін бастайын.

Еңсесін жұрттың көтерген жаңа рәміз,  
Рәміз жайлы ғаламға жайып жыр-аңыз...  
Елтаңба және көкбайрақ туды күзетіп,  
Елұранды айтып, салтанат құрып тұрамыз.

Елбасы да — Сіз, ел сүйген нағыз ер де — Сіз,  
Шығыңыз барлық тойларда шалқып төрге Сіз.  
Қияға бастап, қым-қуыт шақтан құтқарып,  
Егемен елді келесіз сүйреп өрге Сіз.

Бал күнді сақтап, бал түнді сақтап келесіз,  
Қалпымды сақтап, салтымды сақтап келесіз.  
Қазақтың ұлы Даласын бөлеп Достыққа,  
Халқымды сақтап, даңқымды сақтап келесіз.

Біз Сізге саулық, Сіз елге саулық тілейсіз,  
Сіз барда бүкіл қазағым жүрер үрейсіз.  
Тізгінін Сізге тапсырған Қазақстаным,  
Қазақстаным түлесе, Сіз-дағы қоса түлейсіз.

Түлей бер, аға! Өзіңмен біз де түлейміз,  
Сіз барда біз де азуды айға білейміз.  
Осынау жырмен иісі қазақ атынан,  
Нұр-аға, Сізге әлемдік Даңқ тілейміз!

**Софы Смағайев,**  
жазушы

**Жақтаймыз ерге қонған ел ұланын**

Жақтаймыз ерге қонған ел ұланын,  
Шапшытқан әділдіктің арғымағын.  
Шындықтың шыбығынан орман егіп,  
Ағызған тазалықтың балбұлағын.  
Жұмақтай тұл далаға қала орнатып,  
Дегізген қазағына: «Жанды бағым!».

Адаммын.  
Сондықтан да қиялдаймын.  
Үмітпен болашақтан күй аулаймын.  
Желпінсем қиялға еріп,  
Сезімге еніп,  
Жер түгіл  
Ғарышқа да сия алмаймын.  
Сізбенен бірге аттайтын ертеңіме  
Асыққан көңілімді тия алмаймын.

\* \* \*

*Жаңа жылыңыз — жаңа нұрыңыз, жақсы қырыңыз, биік шыңы-  
ңыз болсын!*

**Күләш Ахметова,**

ақын,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

**Астана. Саммит. Салтанат**

*Мінін емес, мықтылығын осы елдің  
Адамзатқа ұғындыру — ұлы арман!*

*Сен қазақсың,  
Ғарышкерсің жаны аспан,  
Адамзаттық ізгілікке жол ашқан.  
Төрге лайық марғасқасың, мықтысың,  
Төртқұл дүние саясатта санасқан.  
Автор*

Кеңес кезі. Айлықпен жан бағасың,  
Шетке шықпай, шектеліп, алданасың.  
Шет елдерден ең алғаш барған елім —  
Араб елі. Байырғы Шам қаласы.

Келген соң еркін елге, өрелі елге,  
Қызығып мол мүлікке, қолөнерге.  
Жүгіріп дүкендерден дүкендерге,  
Таң қалдық жалт-жұлт еткен сөрелерге.

Келе алмай онда имани ниетке анық,  
Зат қарап, дым көрмеген сияқтанып.  
Сұрасақ сатушыдан ишарамен,  
«Russian? Русь?» — дейді иек қағып.

Тигендей қара бұйі демде бізге,  
Біза боп сол сұраққа, сол лебізге.  
«Қазақпыз, Қазақстан... Қазақпыз!» — деп,  
Қоямыз қолымызды кеудемізге.

Салып сәл көздерінің қиықтарын,  
Алды да тауарының жиып бәрін.  
Біз жайлы естімеген арабтарың,  
Көтерді қиқандатып иықтарын.

Кеудеңде жаның болса, шыдайсың ба?  
Салған соң тағдырыңды Құдай сынға.  
Ұлтыңды танымайды үлкен елдер,  
Қорлық қой. Құлайсың ба, жылайсың ба?

Қалдырып жылдар өтті ізін керім,  
Ілінді азат деген тізімге Елім.  
Оқуын алыс жақта жалғау үшін  
Аттанды Нью-Йоркке қызым менің.

Айтса да елін, жерін... бәрін нақты,  
Қазақты білетін жан табылмапты.  
«Жарап, Жарап? Жапан?» — деп жат елдіктер,  
Өздерінше қызымды қабылдапты.

Көңілім болмашы деп текке күпті,  
Қызымыз іштей күйіп, кектеніпті.  
Қазақтың бет-бейнесін тірі жүрсем,  
Әлемге танытам деп серт беріпті.

Жаһанды көру бізге — бүгін де арман,  
Жақсыны көрсем деген ұғым қалған.  
Жаңадан Тәуелсіздік алған кезде,  
Еуропа елдеріне ұлым барған.

Жері бар ұлан-ғайыр, мол несібе,  
Қазақ деген ала алмай Елді есіне.  
«China, China, Китай?» — деп ұлымды да,  
Ұқсатыпты басқа елдің пендесіне.

Біраз көріп қайтса да кең ғаламды,  
«Қара қытай» атанып елге оралды.  
Бізalandы. «Бір мықты ел болсақ қой!» — деп,  
«Боламыз!» — деп қолтадым мен баламды.

Тозбайтын құндылықты құт санаймыз,  
Көнбейміз біреу қарсы шықса оңай біз!  
Түріміз, тілімізбен, дінімізбен,  
Дарамыз. Ешкімге де ұқсамаймыз!

Даладай дархан жомарт жанымыз бар,  
Заңғардай самғау биік өніміз бар.  
Қызы ару, жігітері өңкей сұлтан,  
Қазақтың тектілігін таныңыздар!

Құс мінез, қыран тектес нар жігіттер,  
Ғажайып болашақтан мәңгі үміткер.  
Бөріктері бұлғын мен құндыз, сусар,  
Көліктері желқанат сәйгүліктер!

Осы елдің асқақтайды ұлы арманы,  
Болмасын бұған енді күмәндары.  
Алыңдар асқар, асу биіктікті,  
Ей, менің саңқылдаған қырандарым!

Азаттықты Алланың өзі берді,  
Қазақтың да танылар кезі келді!  
Аз жылда атқарылған ұлы істерді,  
Әр елден келгендердің көзі көрді.

Ұлтым мықты өзінің ұлы Елінде,  
Бейбіт болса, болғаны үнемі ірге.  
Адами ізгіліктің туын тігіп,  
Тұрамыз Еуразия жүрегінде.

Нұраға! Ел мүддесін дәл ұқтыңыз,  
Күрмеуін күрделінің ағыттыңыз.  
Қазақты, Қазақстан деген елді  
Жаһанға жарқыратып таныттыңыз!

Алғырмыз, асылзада, таланттымыз,  
Ашамыз әппақ таза парақты біз.  
Сіз бүгін даналықпен, батырлықпен,  
Әлемді Астанаға қараттыңыз!

... Кешегі тар дүние кеңіп қалды-ау,  
Өз еркіңде жолыңды толық таңдау.  
Астанаға әлемнің ақсұңқардай,  
Ең мықты ұшақтары келіп қонды-ау!

Киелі даламызға байырғы ұлы,  
Келіпті кемеңгерлер ойы үлгілі.  
Күткеннен асып түсті Астананың,  
Аса зор салтанатты дайындығы!

Өз елін Ер Нұрсұлтан дамытқан деп,  
Бұл күнде мойындаған халықтар көп.  
Саясатқа қырағы қазағым-ай,  
Сәбиіне ат қойыпты Саммитхан деп.

Қызымын мен қазақтың өр намысты,  
Өлең жазған толқынды, толғанысты.  
Ұлы анамыз көтерген Күн астында,  
Жүрегіне жерік боп жолбарыстың!

Айтса жұрт, көзі көрген анықты айтсын,  
Кең пейіл, кемел ойлы жарықты айтсын.  
Әлемнің өкілдері қазақ деген,  
Ұлы елдің ұл-қыздарын танып қайтсын!

Достыққа етпейді екен жол алыстық,  
Достарға Астананың бораны ыстық.  
Біз бүгін мәртебелі көсемдермен,  
Төсінде Сарыарқаның қол алыстық.

Тәуелсізбіз, көнбейміз мұңға аса біз,  
Күн боп күліп, Аймен де сырласамыз.  
Күллі әлемге қазақты таныстырған,  
Көшбасшы — Президент, мың жасаңыз!

Ашылған Күнге түгел түңліктер шын,  
Бүгінгі жиылысты құрлық көрсін.  
Қазаққа бақ пен дәулет берген Алла,  
Ырысты ынтымақ пен бірлік берсін!

От ұшып өлеңімнің өрімінен,  
Шықсам деп Отанымның сенімінен.  
Саммитке сәттіліктер тіледім мен,  
Жайқалған Жамбыл, Тараз өңірінен!

**Темірхан Медетбек,**  
Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

**Ұлы сенім**

Жанжал мен дау-шары жоқ құрыш елің,  
Арман мен аңсары көп дұрыс елің.  
Әмәнда — оған менің күмәнім жоқ —  
өзіңе артады ғой Ұлы Сенім!

Жүректің тілегі мен нұры қорғап,  
Тартса да бірі кейін, мыңы қолдап,  
өзіңе артады ғой Ұлы Сенім,  
Жүгі де ол Сенімнің Ұлы болмақ.

Өзіне бар әлемді қаратардай,  
Ауыр ол салмағы да Қаратаудай.  
Көтеріп кету үшін ол салмақты  
қуат пен қайрат керек Алатаудай.

Асқақтап ел рухы — Әнұраны,  
Көк Туды көкке өрлетсін тау Қыраны!  
Өзіңе қуат қосып Алатаудай  
қолдасын ата-баба аруағы.

Ағымнан айтсам егер — жарыла айтам,  
жат ойдан, бөтен сөзден арыла айтам:  
жебесін бір жағыңнан Әбілхайыр,  
жебесін бір жағыңнан Абылай хан!

Әлемнің атыңды атап жар салғаны —  
Еліңді төрге оздырып қарсы алғаны.  
Қасыңнан табылсыншы қазағымның  
Маңдайы кереқарыс жайсаңдары!

Қиындық болсын мейлі — еңселімін,  
Сол бақыт — бүгін еккен өнсе гүлің.  
Киелі, қасиетті, құдіретті  
Қадірле Елтаңбаңдай Ел сенімін!

**Бекболат Тілеухан,**  
Мемлекеттік сыйлықтың иегері

**Бастай бер, баста халқыңды**

(Ұлықтау салтанатында орындалған арнау)

Уа, аспандата шырқасын  
Шырылдаған ұланың,  
Тарихи мына сәтімнің  
Бағасын мәңгі ұғамын.  
Сөзімді тыңдап қарашы,  
Алты алаштың баласы,  
Қазақстан даласы,  
Тауы менен жусаны,  
Ойы, қыры, саласы,  
Ақылдысы, данасы,  
Нұрланған өрт санасы,  
Ел бастаған ағасы,  
Жас, кәрісі, анасы,  
Өрі, нары, бар асыл!

Сөйле десең бүгінде  
Көлкілдете сөйлейін,  
Көл төгіліп кетердей.  
Желкілдете сөйлейін,  
Жер сөгіліп кетердей.  
Асқақтата сөйлейін,  
Аспан кетсін қақырап,  
Шалқақтата сөйлейін,  
Шартарапқа шатынап.  
Омыраулап сөйлейін,  
Орда бұзған қылаңдай,  
Қоңыраулап сөйлейін,  
Көш бастаған сылаңдай.

Бойым қызып барады,  
Желпінбесем болмайды.  
Ойым қызып барады,  
Серпілмесем болмайды.

Кететіндей кенеуім,  
Көсіп-көсіп алмасам.  
Бітелердей көмейім,  
Бөсіп-бөсіп алмасам.  
Аршитындай арыным,  
Ащы айқайға салмасам.  
Тыншитындай дарыным,  
Осындай жиын болмаса.

Кеше ғана тағдырым  
Таразыға түскенде,  
Дүдәмал көңіл, дүр жүрек  
Дірілді шақты кешкенде.  
Тұжырым айтып тура жұрт  
Таңдауға Ерін көшкенде.  
Бір ауыздан қаладым,  
Қылышпенен кескендей.  
Ымыраңды көргенде  
Өр көңілім өскендей.  
Бірлігіңді көргенде  
Пейіштен самал ескендей.  
Біліп алған білігің  
Айналайын, халайық,  
Бірлігіңнен айналдым.  
Тізіліп келіп тура айтқан  
Тірлігіңнен айналдым.  
Жасымаған, жұмылған,  
Жұртым, сенен айналдым.  
Ұлы рухың ұйыған,  
Ұлтым, сенен айналдым.  
Аспандаған қыраным,  
Жасытпаған ұланым,  
Алашымнан айналдым.  
Сор мен бақты айырған,  
Сайраған сара жолды алған,  
Алашымның айрықша  
Санасынан айналдым.  
Битке өкпелеп тонын бір  
Отқа жақпас орынды,

Дана елімнен айналдым.  
Санаң әппақ, жүрегің,  
Пәк елімнен айналдым,  
Бала елімнен айналдым.  
Айналдым да ойландым,  
Тәубә қылып жайландым.  
Айналайын, ер халқым,  
Басыңа бақыт орнасын.  
Бірлігіміз баянды  
Ғасырдан тапсын жалғасын.  
Жылап тұрып тілеймін  
Жалбарынып Алладан,  
Құтты болсын, халайық,  
Қалап алған Елбасың!

Уа, Елбасым, Елбасым,  
Қырандайын қалықтап,  
Алтын таққа қондыңыз.  
Шаттығыма шалқыдың,  
Қиынына көндіңіз.  
Жайнап болып Алматы,  
Ақмола болды астана,  
Сарыарқаға келдіңіз,  
Жаңа күнге жұртыңды  
Сүйреткендей Астана,  
Шын жұмылсам шыңыма  
Шығарымды дәлелдеп,  
Үйреткендей Астана,  
Мысық тілеу мысқылшыл  
Кертартпаның кеңесін  
Күйреткендей Астана.  
Алты айлық жолды алты аттап,  
Арғымақ ескен Астана.  
Алпамыстай күн санап,  
Аршындап өскен Астана.  
Шылауыңа қызыр оралып,  
Нұр тасып елім нәр алып,  
Береке болып Алашқа,  
Мереке болып Алашқа,  
Жасай бер, жаса, Астана!



Уа, бұл да сенің ісің ед,  
Ей, Нұр-аға, Нұр-аға,  
Бұта шайнар бураның  
Азуындай Нұр-аға!  
Бидайықтың көл шайқар  
Жалғзыындай Нұр-аға!  
Мың қиысқан желінің  
Қазығындай Нұр-аға!  
Тығырықтан тығылған  
Ағып өттің, Нұр-аға!  
Тығырықтан тығылған  
Ағып өттің, Нұр-аға!  
Көрегенім көшелі,  
Жауға бермей есемді,  
Жарып өттің, Нұр-аға!  
Жарқылдаған жасындай,  
Алдаспаным, Нұр-аға!  
Айдай әлем алдында  
Мақтанып бір көрсетер  
Алға асқаным, Нұр-аға!  
Көзіңізге көлгірсіп,  
Мақтамайын десем де,  
Мақтағаным емес деп,  
Ақталайын десем де,  
Шыным осы, Нұр-аға!  
Тасытар бір нұрыңды,  
Ақтарайын жырымды,  
Шабыттана жырласам,  
Жазғыра көрмен бұнымды.  
Сенімнің ауыр жүгі деп,  
Қабылдаңыз сөзімді.  
Елдің сөзін жеткізген  
Бала дерсіз өзімді.  
Олақтау шыққан өлеңім  
Жеткізе алмас сірә да  
Буырқанған сезімді.  
Осы күні көп адам,  
Атын салмай бәйгеге,  
Сынауға шебер келеді.

Тер төгіп, жігер қайрамай,  
Жылауға шебер келеді.  
Көзін сатып, көлгірсіп,  
Сұрауға шебер келеді.  
Сұрайтын да жайым жоқ,  
Жылайтын да жайым жоқ,  
Бақ тілейтін кезім бұл,  
Сөзімді қабыл алыңыз,  
Жырлайтұғын кезім бұл.  
Бас болыңыз мәрт нағыз,  
Қыңыр қияс тартпаңыз,  
Басты бөліп кеудеден  
Бөксеге бас ұрғызып,  
Бүгінгінің наласын  
Ертеңгіге артпаңыз.  
Қырандай шырқап шолыңыз,  
Халқыңа құтты болыңыз.  
Жемқор менен жебірге  
Ақыреттік жол болсын,  
Есік пенен төріңіз.  
Кемел шақта жасыңыз,  
Кем демейміз басыңыз.  
Абылай көктен түскен жоқ,  
Ол да адамның баласы.  
Баяндап бақ құсыңыз  
Алашымның бағына  
Аласұрған заманда  
Абылайдан да асыңыз.  
Атан тартпас ауыр жүк  
Мойныңызға артылды.  
Түсінген жан едіңіз  
Дәстүрім мен салтымды.  
Бір Алла өзі жар болсын,  
Ал бастаңыз, бастаңыз,  
От пен суға түсірмей  
Қойдан қоңыр халқыңды.  
Бір Алла өзі жар болсын,  
Бастай бер, баста халқыңды!



**Рафаэль Ниязбеков,**  
ақын

**Өзің ғана халқыңның таңдағаны**

Жұлдыз шашып тұрғанмен биік аспан,  
Елің арық тоқтыдай күйі қашқан.  
Мәртебелім, топқа түс!  
Бұл күндері  
Тұлға бар ма өзіңнен иығы асқан.

Ар-намысы қанында бұлқынбаған,  
Мәңгірт қанша бақ қуып қутыңдаған.  
Халық нанын бәрі де жеп үйренген,  
Сізден өзге елді ойлап кім тулаған.

Ел қамын жеп күйзелген Едігедей  
Асыл ана неліктен ұл тумаған?!  
Биік таудың басына шыға ала ма,  
Биігіне өзінің ұмтылмаған.

Ат қадірін біледі атқа мінген,  
Тақ қадірін біледі таққа мінген.  
Мәртебелім,  
жарқылдап жарысқа түс,  
Сарбаздайын сайланып сапқа кірген.

Аласарып ешқашан кішірмеген,  
Азаматсың беделін түсірмеген.  
Заманалар тудырған ұлыны да,  
Қоғам қанша кезінде түсінбеген.

Бағынбайтын тәртіпке, заңға тіптен,  
Сұмдық қанша,  
сұм қанша алдан күткен?!  
Халық үшін же десе  
жаннан безіп  
Жантақты да жер едің жарға біткен.

Көк бөріден тірліктің барысы ұнап,  
Күйзелсең де кей-кейде жалғызсырап,  
Мәртебелім,  
өзіңнің бағыңды емес,  
Сайлауға түс халқыңның  
бағын сынап.

Ізгі тілек, үндеуін жолдағаны —  
Аға, Сізді халқыңның қолдағаны.  
Өзге біреу президент боп сайланса,  
Онда еліңнен бақ тайып сорлағаны.

Жарық жалған тірлікте жалдамалы,  
Өзің ғана халқыңның таңдағаны.  
Сайлансаңыз егерде Президент боп,  
Елің биік тұрғандай самғағалы.

Елің ішіп жатқанда нарық қанын,  
Азамат жоқ ойлаған халық қамын.  
Сайлауға, Аға, түскенің —  
Тағыңды емес,  
Халқыңды ойлап, Арды ойлап  
жаныққаның!

**Алтын арқау**

Арғымақ мінген жаратып,  
Асыл да туған ағайым.  
Әлемге сәуле таратып,  
Аспанда жүзген арайым.

Ту етіп рухын жұртымның,  
Көкірегінен өжет от өрген —  
Тұтқасы сенсің ұлтымның  
Ғаламның жүгін көтерген.

Ұйқыға кетсем жайланып,  
Көремін ылғи түсімде.

Жүресің нұрға айналып,  
Көгілдір әлем ішінде.

Даланың жиып қуатын,  
Тауда өскен шынарсың.  
Ғасырда бір-ақ туатын.  
Ғасырдың ұлы шығарсың.

Жеткенде бұла шағыңа,  
Тағдырын ойлап жерімнің, —  
Жайғастың алтын тағыңа,  
Азаттығы болып елімнің.

Үстіңе жүгін мол артқан,  
Сен барда елің еңселі.  
Болашаққа көшің жол тартқан,  
Сенімнің сынбай семсері.

Кеудесінен бір жыр басталып,  
Құрметтейді Сізді бәрі елдің.  
Кетер ең еркін басқарып,  
Тізгінін берсе әлемнің.

Тұрсынзада Есімжанұлы,  
ақын

### Ел мен ер

Сарқылған елім үшін есіл демі  
санаулы Абылайдай Есімдері.  
Тарихтың арта берсін атақ-даңқы,  
Халықтың тарта берсін көші ілгері.  
Қазақстан асыл тұлға — Нұрсұлтаным  
Ежелгі Еуразия төсіндегі.  
Ешқашан артық айтпас ақын едік —  
Еншалла, кемдеу айтсам, кешір мені.  
Армандай жақындады Алыстарым,  
қала алмай тақымдады жарысқаның.  
Тәуелсіз Қазақстан туын ұстап,  
Тарихта тұңғыш биік қарыштадың.  
Тіл таптың озған елдің бәрімен де  
Даламдай Даңғыл дария Данышпаным,  
Атағың Абылайдан асып түсті  
аруақты алтын басты Арыстаным.  
Ер мен Ел мәңгі бірге сапарымыз,  
Болаттай бұлжымайды қатарымыз.  
Төбесін Еуразия көкке тіреп  
Астана — Сіздің салған Шаһарыңыз.  
Азаттық алтын туы — қолыңызда  
Ғасырдан ғасырларға апарыңыз.  
Сіздікі — Тарих төрі. Ата-Түркетей  
Нұрсұлтан — Ата Қазақ атаныңыз.  
Жайғассын жанымызға жаз алыстан.  
Болмасын кесапаттар қасарысқан...  
Мың жаса Нұр Отаным — Жыр-Отаным!  
Көбейсін Ақындардан жазар ұстаң.  
Тілейміз Қазақ бастап, Достар қостап,  
болғай деп Қазақстан — Ғажапстан!

**Ғалым ӘРІП,**

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Маңғыстау облысы

**Елбасы анты**

Елім,  
Ерім деп маған  
Төріңді бүгін бұйырттың,  
Түндігін түріп, тұманын серпіп тұйықтың.  
Тұнжырап жатқан  
Далаңа тыныс бердің де,  
Бойыңды билеп, көңліңді демдеп, ұйыттың.  
Көзімді қадап көсілген шалқар бейнеңе,  
Қазақпын деген мақтаныш қонар кеудеме.  
Бабадан қалған тектілік тұрпат тіріліп,  
Дарияда талмай ілесті көшке дәу кеме.  
Елім, егемен болдық, елдіктің күйін шертетін,  
Бұрауы келіп тұрғандай сазды перненің.  
Алдыңда сенің мың мәрте тұрып бас ием,  
Егемен елім,  
Кеше мен Бүгін,  
Ертеңім!  
Жерім,  
Бабадан қалған баянды байлық-мұрамсың,  
(Қиястық қылсам,  
Аталар, жауап сұрарсың).  
Тулақтай жердің аялап ырыс-нәсібін,  
Болмағым парыз тым аршыл.  
Жаныңа сенің келтірмей мүлде кінәрат,  
Алармын шара іс қылмау үшін бір ағат.  
Барыңды базар етуге барды салармын,  
Өмірде керек, әрине, сабыр, қанағат.  
Қасиет сіңген,  
Қара жер, сенің құлыңмын,  
Қайқайған қылыш секілді қайсар ұлыңмын.  
Қанына тартып жаралған қазақ баласы,  
Қадірін білмек сыйлаған халқы тұғырдың.

Халқым, бұл үшін мың-мың өзіңе айтар алғыс-сыр,  
Аялай берсін жүзіңді жарқын таңғы нұр.  
Атағың сенің алысқа кетсе деп едім,  
Жер-жаһан танып мәңгі бір.  
Қайнарым сенсің, түп-тұнық мөлдір бұлағым,  
Шынарым да өзің, ұраным да өзің, шырағым.  
Халқымның даңқы ғасырдан асып ғасырға,  
Қазақтар десе бар әлем түрсе құлағын.  
Өмірлік мақсат, нақ осы арман көксеген,  
Болашақ ғұмыр боларға баян бек сенем.  
Бұйырған бақ-тақ:  
Еліме,  
Жеріме,  
Халқыма  
Ақ адал қызмет етумен дәйім өтсе екен!!!

**Сайын Назарбекұлы,**  
Ақтау қаласы

### Бәйтерек тұлға – Елбасы!

Мәртебе асып, мерейі тасып, бақ қонып,  
Астана үні әлемге тарап, хатталып —  
Ойдағы болып, Ақорда толып қонаққа,  
Қазақтың бағы аспандап әне, жатты анық.

Солтүстік мұхит, Тынығы, Үнді, Атлант,  
Соларға жүрек, ортада кіндік жатып ап —  
Қазағым бүгін айналды әлем үніне,  
Достық пен бірлік бал дәмін жұртқа татырад.

Жетпіс жыл бойы басқалар келсе жетектеп,  
Жаулары жүрсе надан деп қазақ, өсектеп —  
Көш бастап еді — Бәйтерек тұлға Елбасы,  
Айналды бірден қазағым елге жетекші.

Идірді басын Астана бүгін баршаның,  
Қасиет шырақ — Астана, бүгін әр шамың.  
Жаратқан Алла, қазақты баста достыққа,  
Арманы еді бейбіт күн нұрлы қаншаның.

Береке, бірлік — кемеңгер басшы, Елбасы,  
Тұрғанда анық бақыттың бастан таймасы.  
Қазағым, сенің, мәртебең мынау күт болғай,  
Кешегі саммит — есейген елдің айнасы!

**Мұратбек Оспанов,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
Семей қаласы

### Елтұлға

Алланың нұры аспаннан құйылған ағам,  
Әр сөзі балдай жағады шынында маған.  
Ақылы — патша, ағылған білімі теңіз,  
Қазақтың ғана бағына бұйырған адам.

Елордамыздың егесі Есілге қонған,  
Шамдары жарық, көшесі көсілген алдан.  
Далаға қала тұрғызып тұлғасы бөлек,  
Көрегендікпен кемеңгер шешімге барған.

Қалайша енді шабытпен шарықтамайын,  
Күніміз күліп, төбемде қалықтап Айым.  
Тұнығым тұнып тұрғанда — тұғырым биік,  
Жылуын құйған жүректің халыққа дәйім.

Билер де болған тарихта, хандар да болған,  
Азаттық аңсап кеудесі арманға толған.  
Қолымды соған жеткізген кемелім менің,  
Қыраным десем жарасар заңғарға қонған.

Әлеммен қазір теңелді терезем менің,  
Шаңырағым — шуақты, керегем — керім.  
Жұмыр жер бетін қабаққа қаратқан тұлға,  
Қасиетімен шаттыққа бөлеген елін.

Өткердік талай өмірдің бұралаң кезін,  
Күндер де кетті келмеске сынаған төзім.  
Қазақтың атын алтынмен жаһанға жазған,  
Көлікті көштің басшысы, Нұрағам өзің!

**Жадыра Дәрібаева,**  
ақын

**Кемелділік**

Сан қырлы соқпағы көп дүниеде,  
Жүреміз сүйіне де,  
Күйіне де.  
Бағасын шын асылдың кеш түсініп,  
Өкініп қаламыз біз жиі неге?

Сенім де талай түсті-ау сергелдеңге,  
Сын аз ба халыққа серт берген Ерге?  
«Елім» деп шырқыраған Өзіңізді  
Ұқсатам Күлтегіндей кемеңгерге.

Абырой,  
Даңқ өздігінен өрілмейді,  
Кей көзге кемелділік көрінбейді.  
Басқа жұрт тамсанса да,  
Табынса да,  
Өз жерінде «пайғамбар» делінбейді.

Қазақтың аспандатсам деп арманын,  
Нұр-аға, дамыл таппай жер шарладың.  
Көсемнің жеңісінің шырқау шағы  
Көргені ел шырағы — бақ жанғанын!

**Шаһизада Әбдікәрімов,**  
ақын, Қызылорда қаласы

**Бағына туған қазақтың**

Алақаныңда — Азат Күн,  
Арындап түстің сынға көп.  
Бағына қалың қазақтың,  
Туғансың таудай Тұлға боп!

«Есім хан салған ескі жол,  
Қасым хан салған қасқа жол» —  
Ізіңнен ерген көшті көр,  
Нұрсұлтанымен асқақ ол!

Аттан бір түспей, арымай,  
Алашың шыққан шың қандай!  
Армандап өткен Абылай,  
Арқаңнан қарап тұрғандай!

Жерұйық күнге ұмтылдың,  
Жүрекке жолдап, жөн сілтеп, —  
«Жаңа әлемдегі жұртымның,  
Жамалы жарық болсын!» — деп.

Күлтегін сөзі шарттай-ақ,  
Дәрпінді көкке асырды.  
Шіреніп садақ тартпай-ақ,  
Шартарап Сізге бас ұрды.

Дін-қарындастан өрт тұтап,  
Дүниені шарпып жүрер деп, —  
Аспаннан түскен төрт Кітап —  
Оны да қойдың түгендеп!

Бітімі бұлгты жасқаған,  
Өзіңе ғана сыңардай,  
Он жасқа толған Астанам,  
Омырауыңдағы тұмардай.

Аузыңа қарап түркі елі,  
Ада боп тұрса айтыстан,  
Атының басын іркеді,  
Аңдыздап жеткен қай дұшпан!

Тегіңе теңдік әперіп,  
Көрсеттің солай көп қызық:  
Түркіні күлден көтеріп,  
Төбесін көкке жеткізіп!

Сөзіңді тыңдап бір деммен,  
Өзіміз жүрсек оң қабақ —  
Дұшпаның түгіл іргемнен  
Тышқаның да өтпес жорғалап.

Бір-бірін, ой-хой, «ағалап»,  
Жайқалсын елдің Нұр-құты!  
Көк астындағы қағанат,  
Біздікі емей, кімдікі?  
Сіздікі емей, кімдікі?

Алақаныңда — Азат Күн,  
Арындап түстің сынға көп.  
Бағына қалың қазақтың,  
Тұра бер, таудай Тұлға боп!

*Гүлсім Сейілжанқызы,*  
ақын

**Көп тілеуі көсегенді көгертсін**

Аян берді Алла менің түсімде, —  
Отырдың сен алтын сарай ішінде.  
Екі жақта толған адам, жол ашық —  
Тырс етпейді айналғандай мүсінге.

Алып тұрып қолыңды мен жыладым,  
Баба аруағы қолдасын деп сұрадым.  
Ояндым да жорыдым мен түсімді, —  
Қарасайлап айтып елдің ұранын.

\* \* \*

Қажет сендей бір азамат өмірге,  
Медеу болар қиналғанда көңілге.  
Көп тілеуі көсегенді көгертсін,  
Армандарың аспандасын көгімде!

**Нағашыбай Мұқатов,**  
ақын, Қостанай қаласы

### Көрдім Сізді келешек кемесінен

Жүреkte желбіремей жатпас ұран,  
Баба өсиетін көтеріп баққа асығам,  
Көрем Сізді Солтүстік, Оңтүстіктен  
Кәсіпкер, кенші, диқан тап қасынан.

Тұлпар керек тура тартып арындатқан,  
Сұңқар керек сүт-аспанды дабылдатқан.  
Көрдім Сізді мың ақсақал маңайынан,  
Және, және жас балғын жалын топтан.

Шапағатты шынайы бәрі ұққандай,  
Шуақ болса шартарап жарық қандай.  
Көрдім Сізді келешек кемесінен,  
Көрдім елді адымы алыптардай.

Қос тілде кеткен кезде сайрап керім,  
Қол бұлғап, арқаланап айбатты елім.  
Көрдім Сізді саясат сахнасынан,  
Көрнектім, көрегенім, қайраткерім.

Маңдай терсіз тұғырлы ел өскен бе,  
Мен марқаям өзгемен теңескенге.  
Көрдім Сізді Алатау баурайынан,  
Жер жәннаты Жетісу желі ескенде.

Бұл пенде баспанадан басқа  
сый қалап па,  
Бар ықыласын құдай да құйды алапқа.  
Көрдім Сізді ақ дидар Астанадан,  
Көз тіктік көкке өрлеген ғимаратқа.

Жұрттан бұрын жүгіріп жаны ашыған,  
Жұпар иіс жұтпай ма даласынан.  
Көрдім Сізді Қостанай қойнауынан,  
Алтын алқап ақ бидай арасынан.

Жалпақ ел жаныңызды қолдап, ұққан,  
Зор тілек зорайғандай зор халықтан.  
Көрдім Сізді, Нұр аға, нұрлы жолдан,  
Ешқашан бұрылмайық сол бағыттан.

### Ұлымның ұлы адамы

Естиді ең шалғайдан үнімді әркім,  
Ендеше тұрған көктеп түрім жарқын.  
Тұңғыш қой Елбасымыз елімдегі,  
Тұңғыштың тұлғасы — тау, түсін, халқым.

Көкейде үлкен-кіші жүрсің бәрің,  
Кім қашан құптамады құлшынғанын.  
Әлемге танытсын деп қазақ барын,  
Туған ел туғызған ғой Нұрсұлтанын.

Мінбейді маң далада атқа кімің,  
Маңдайдан тер аққанда нақты адымың.  
Намысы найзағайдай жер-жаһанның  
Назары Назарбаев жақта бүгін.

Теріс қой құдірет күшті құндамасам,  
Табанға тауды басып, шыңға да асам.  
Тәуелсіз тұрғызыпты елді бүгін,  
Талантты бас мүсінші бір қарасам.

Бір түйір бұлт болмағай күн-елімде,  
Бір сәтке онсыз шалқып күлемін бе?  
Өсірген, өркендеткен туған елін,  
Жақсылық, жасампаздық жүрегінде.

Сәулесін мың ойнатып көгімде күн,  
Сеземін ізгілік дән себілгенін.  
Балапанын баптаған бала жастан,  
Барлық ұлт ұясындай елім менің.

Береке билеп алған бұл даланы,  
Бидайы жібек желмен ырғалады.

Сүйгенім сүйікті ел, сүйекті жер,  
Ұлымның сүйенгенім ұлы адамы!

**Абыройың Алатаудай аспандап**

Әрбір күні әуелеген ән білем,  
Әрбір түні сәуле сепкен сән кілең.  
Бас қалаға барған сайын бас ием,  
Астанаға «армысың» деп алдымен.

Көздерінде көп кісінің от жайнап,  
Кең көшеңде тебірендім тоқтай қап.  
Желмен бірге жерден мені көтерді,  
Жүрегімде желбіреген көк байрақ.

Атақ-даңқың алыстардан тарта ма,  
Елдің жүгін алқынбаған арқала.  
Алты алаштың ақ отауы ажарлы  
Керегесін келістіре тіккен Арқаға.

Қос қанатпен қонақтады тыңға бақ,  
Құятындай шуақтарын күн-қабак.  
Қазақстан ғажапстан болмақшы,  
Нұрсұлтанның нұрлы жолы мұндалап.

Жанымызды жадыратып жаңаша ат,  
Дүрліккен жұрт дейтіндей ме дара шап.  
Астанада —  
түйір бұлтсыз таза аспан,  
Астанада — «2030» — болашақ!

Талабыңнан тек тағылым таниық.  
Азаматтар айқындалсын ақиық.  
Бүгін сенде —  
балалаған бастама,  
Ертең сенде —  
тұнып тұрған тарих.

Жүйеменен жұмсартқан жөн қаттыны,  
Термен ғана тапқан жақсы тәттіні.  
Бүгін сенде —  
салихалы сан сұхбат,  
Ертең сенде —  
нәтижелі іс нақтылы.

Тарихымыз анық таңба тасқа әмән,  
Ең еңселі,  
Ең сұлу бол басқадан.  
Абыройың Алатаудай аспандап,  
Алматыдан аумай қалшы  
Астанам!



**Құсайын Бижанов,**  
қоғам қайраткері, Алматы облысы

**Ұстады туын қазағым**

Жетпіс жыл бойы көтерсе,  
Өзгенің ауыр азабын.  
Естіп те жүрді-ау не түрлі,  
Кемсітуін,  
мазағын?!  
Қуанышын ендігі,  
Жеткізіп қалай жазамын?!  
Тізгіні тиіп өзіне,  
Ұстады туын Қазағым!

Тумысынан бұл қазақ,  
Ақкөңіл,  
аңқау ел еді,  
Етегі,  
Жеңі кең еді.  
Жауын-дағы жатсынбай,  
Асыл асын береді.  
Сонысы жетіп түбіне,  
Кеміп те кеткен кемері...  
Оны елеп-екшейтін  
Жиналыста келелі.  
Ашылды асқан зорлықтың,  
Адам төзбес дерегі...

Тізгінді бердік бөтенге,  
Мұның ең түпкі себебі.  
Сондықтан да халқының,  
Сүйінері,  
сенері —  
Төл перзенті — Нұрсұлтан,  
Елбасы болып келеді.  
Құдайға шүкір, күн сайын,  
Асып отыр беделі,

Әлемдегі ұлттарға  
Басымызды теңеді.  
Қазақ қамын ойлайтын,  
Қазақ қой бізге керегі!  
Ендеше мына халықтың  
Барлығы да сенеді.  
Бастай берсін бақытқа,  
Бірі де қалмай ереді.



Бұрынғыдай бір талдың  
Бірлігі де аманат.  
Тау суындай тынық тым  
Ғұрпымыз да аманат.  
Алтай,  
Қобда бетінен  
Ауған да жоқ әлі Абақ.  
Артта қалған аңырап  
Жұртымыз да аманат.  
Алла Сізге бақ беріп,  
Естіртпесін жаманат.  
Алла Сізге-е-е-е-е-ей бақ беріп,  
Жеткізбесін жаманат.

*Ербол Шаймерденов,  
ақын*

**Халықтың ұлы!**

Халықтың ұлы!  
Ақмаңдай, асыл, марқасқа,  
Жандауа іздеп жалына оттың жармасқан.  
Мойнында бүкіл арманы елдің...  
Нұрсұлтан —  
Тағдыры серт боп сілтенген нағыз алдаспан.

Сергелдең сәтте суырылып сардар, сой тұрар,  
Ұлтының ұлы мұраты — мәңгі ой-шынар.  
Қиында қорғап, сындарда Сізді жебеген,  
Ертеңге деген үміті елдің — бойтұмар.

Уақыт-мұхит төсінде шалқар қос айдын —  
Ізгілік пенен игілік мәңгі жасайды.  
Тағдырдың өзі толғатып тарих төрінде,  
Елдіктің атын, ерліктің атын қашайды.

**Иран Тасқара,**  
Ақмола облысы

### Ақан сері ауылына келген үш Президентке

Нүреке, өзің сүйер Көкше, міне,  
Қуанам жыл құсы боп жеткеніңе.  
Әуелі әруақ сыйлап көңіл айтам,  
Дүниеден Димаш ағам өткеніне.  
Әніммен асқақтайды жырым менің,  
Тартады азаматтық сырым менің.  
— Көгінде тәуелсіздік жарқыраған,  
Қазақта Нұрсұлтандай нұрым, — дедім.  
Нүреке, Ислам-ака, Асқар шырақ!  
Көкшеге қош келдіңдер жағып шырақ.  
Арқаның кербез сұлу Көкшетауы  
Ерлерге нәр беретін кәусар бұлақ.  
Мың сәлем өзбектейін өз ағам,  
Шын туыс құшақ жаймай, төзе ала ма?!  
Жолдарда қиын-қыстау тайсалмайтын,  
Бас ием Исламдай өз акама!  
Сәлем ал, ел ағасы Асқарым да,  
Үлгі боп саналатын жастарыма.  
Ежелден қазақ, қырғыз егіз ел боп,  
Тойтарыс бере білген қастарына.  
Қарсы алам көрігіммен байқалатын,  
Кеніммен, мол астықпен жайқалатын.  
Кешегі Біржан, Ақан ұрпағы боп,  
Сәніммен сал-серілік шайқалатын.  
Атқанда тәуелсіздік нұрлы таңым,  
Асқақтап шарықтайды сырлы әнім.  
Ақандар қалай ғана ұмытылар,  
Әндетсе домбыра алып Нұрсұлтаным?!  
Кербез Көкше жеріме,  
Асқаралы беліме,  
Сал-серілер мекендеп,  
Сайран құрған еліме,  
Қош келдіңдер, арыстар,  
Төрлетіңдер төріме!

**Ғалым Байбатыров,**  
Шығыс Қазақстан облысы

### Нар тұлғалы Нұрағаң!

Ел ішінде дара туар бір адам,  
Кез келгенде заман тезі сынаған.  
Көк байрағың жалауласса көгіңде,  
Көгіне елдің нұрын шашты Нұрағаң.

Тарих сыны бізді талай сынаған,  
Тау теңселіп, шаһарымыз құлаған.  
Абылайлар,  
Қабанбайлар атойлап,  
Елдің басын ту түбіне құраған.

Зар заманда ізінен қан шұбаған,  
Ер егіліп,  
ез езіліп жылаған.  
Мақтан етер неміз қалды, ағайын,  
Темір нокта — отаршылдық мұрадан?!

Топтан асып дана туған бір адам,  
Кімің десе оза туған ірі адам?  
Бар әлемге қаймықпастан айтамын:  
Бар деп бізде дара туған Нұрағаң!

Дара тұлға,  
Дана тұлға танылған,  
Күш-жігері ар-намысқа жанылған.  
Ертеңіне жалаулатып барады,  
Жел гулетіп тұлпарының жанынан.

Қарасайдың қаны тулап қанында,  
Ерен екпін ағын қосар ағынға.  
Ұлы көшке неге ұран қоспаймын,  
Бойда қуат,  
ойда қанат барында?!

Нұрағамыз халқының төл түлегі,  
Халқыменен тоғысқан бір тілегі.  
Қара қазақ ауыл шалы жеткізген,  
Өрге ұмтылған нағыз өршіл ұл еді.

Ата-ананың бағып өсіп қабағын,  
Ақ батамен ұштастырды талабын.  
Ауыры мен жеңілін бір бөлісіп,  
Болашаққа батыл басты қадамын.

Дүбір аңсап ер қайраты қайралар,  
Ерлер ғана тәуекелге сайланар.  
Теміртауды жалынымен ерітер  
Нүрекеңдей азаматтар қайда бар?!

Қайратымен қара тасты үгіткен,  
Көк болатты бусандырып жібіткен,  
Осы заман қаһарманы сомдалды,  
Нұрсұлтандай жалын жүрек жігіттен.

Жаратылған ақ қанатты үміттен,  
Ақ арманын қуған желдей күлікпен.  
Елді бастар ертеңіне ер шықты,  
Отты көсеп,  
оттай жанған жігіттен.

Сайыпқыран от ішінде шыңдалды,  
Артқа тастап өтті талай сындарды.  
Биіктерден биіктерге өрледі,  
Бетке алып көк тіреген шыңдарды.

Алғаш ұстап егемен ел тізгінін,  
Жылға татыр бір күнінен бір күнін,  
Сарапқа сап қуанамыз тәубе етіп,  
Дұрыс таңдау жасалғанда біз бүгін.

Өзі таңдап демократия бағытын,  
Ел бастады сара жолға арысым.  
Бар дүние құлақ тігіп қарайды,  
Қазақстан — жас тұлпардың шабысын.

Қызықтайды жас қыранның самғауын,  
Нүрекеңнің дұрыс десіп таңдауын.  
Бүкіл халық тілеп отыр шынымен,  
Бүгінгісін ертеңгіге жалғауын.

Президентім өз қолыммен сайлаған,  
Жаны ізгі жаз гүліндей жайнаған.  
Барлық ұлттың түзу ұшса түтіні,  
Татулықтың ақ жолынан таймаған.

Жоқ болса егер ұрыс-жанжал, қақтығыс,  
Ала шапқын,  
ала топыр аптығыс.

Қан төгілмей,  
Жас жумаса сорғалап  
Аталардың ақ сақалын ақ күміс.

Бәрі,  
бәрі Елбасының арқасы,  
Мойындады оны елдің баршасы.  
Тыныштықтың миуасы жайқалған  
Қазақстан — Еуразия ортасы.

Келешекте болар Жердің кіндігі,  
Ашық болып шапағатқа түндігі.  
Өркендеудің басталып тұр нышаны,  
Ырыс саулар бір күнінен бір күні.

Ел арманы — Елбасының арманы,  
Ісінің жоқ,  
сөзінің жоқ жалғаны.  
Былтыр өткен баламалы сайлауда,  
Дана халқым дұрыс шешім таңдады.

Туған жерге кіндігімен байланып,  
Жарқылдайды шарболаттай қайралып.  
Дүниеге қазақ елін танытты  
Қазақстан нышанына айналып.

Жүз жасаңыз ел бағына, Нұраға!  
Мерейтоймен құттықтаймыз қуана.  
Топ бастаған көсемім де өзіңіз,  
Ой толғаған абызымсыз ғұлама.

\* \* \*

Зар заманда ізінен қан шұбаған,  
Ер егіліп,  
ез езіліп жылаған.  
Мақтан етер неміз қалды, ағайын,  
Темір ноқта — отаршылдық мұрадан?!  
Топтан асып дана туған бір адам,  
Кімің десе оза туған ірі адам?  
Бар әлемге қаймықпастан айтамын:  
Бар деп бізде нар тұлғалы Нұрағаң!

Дат, тақсыр!

Қалғандай дағдарыста мына халық,  
Сөйлесер күбір-күбір тұра қалып.  
Түскен де жан емес ем о басында  
Соңына саясаттың шырақ алып.

Ойланып отырамын, күрсініп те,  
Кетемін өгей ойдан түршігіп те.  
Ғасырдан қанға сіңген құлдық салты,  
Лажсыз көндіктірген тіршілікке.

Сондықтан тым ауырлау бүгінгі күн,  
Сондықтан кейбір жүрек тілім-тілім.  
Ел бастаған жігіттер тайталаста,  
Көтерген аға қайда ілім жүгін?

Олардың ойлағаны тек өздері,  
Қайтеді кірме болған ел өзгені?  
Жікке қарсы тұратын біреуі жоқ,  
Көбейген микробтай мерездегі.

Отырдым ақыры көп өткенді ойлап,  
Төбемде бабалардан жеткен байрақ.  
Ойларым бірікпеген ағалардай,  
Қиялым дәл қасыма жеккен тайлақ.

Дегенмен, ақындардан сөз қалмаған,  
Өлеңім алып шығар өзге арнадан.  
Тиегін ағыттым да қоя бердім,  
Жыл болып өрілсін ой қозғалмаған.

Бүгінде жүйке бар ма жұқармаған,  
Көрінер кейде дүние жұтаң маған.  
Өз сөзін хан алдында жұта алмаған,  
Бір қуат берді маған Бұқар бабам.

Жырсыз ел ешнәрсеге жарымайды,  
Ондай ел өзін өзі танымайды,  
Бүгінгі Елбасыны елестетіп,  
Есіме алып өттім Абылайды.

Кей-кейде өткен күнді аңсайды адам,  
Қазақтың жері бар ма қан шаймаған?  
Жоңғардан теңдік алған Абылайды  
Ел болып Түркістанда хан сайлаған.

Хан ием ешкімге де шалдырмаған,  
Арманы пәк, үміті таңды ұрлаған.  
Сондықтан басын иіп «Тақсыр!» депті,  
Сол кісінің алдында алғыр Бабам!

Сақтаған ел бірлігін ақылымен,  
Қазақтың тізе қосып батырымен.  
Ол кісі ең бірінші сыйлас болды,  
Діні бөлек жат аға, жат інімен.

Шайқалып қара қазақ шаңырағы,  
Қара борбай далада маңырады.  
Кезінде жан-жағынан қысым көріп,  
Аналар қыр астында аңырады.

Абылай бәрін көріп саралаған,  
Осы мұң жан жүрегін жаралаған.  
Сондықтан кейбір пысық шонжарлардың  
Шаншудай сөздеріне қарамаған.

Бір ұлыс кез боп қиын жетімдікке,  
Кез еді аспай қалған өкім түкке.  
Қытайға көрші жатқан тиіспеуге,  
Беріпті бір баласын кепілдікке.

Ойменен күн есейген, түн есейген,  
(Міне, жыр, есің болса, міне сөйлем).  
Ақ патшаға елшілер жүргіздіріп,  
Тіл тапқан аюдайын Ресеймен.

Бірақ та қасиетін кім елеген,  
Қазақ жоқ оны босқа іремеген.  
Кезінде ел де оны түсінбеді  
Жатса да Бұқар болып түлеп өлең.

Жетелеп әлдеқайда сағым арман,  
Күндестік бұл қазақтың бағын алған.  
Өзді-өзі қырқысқанда бақастықпен,  
Хандардың айдалада тағы қалған.

Қазақ жоқ мұндай уды ұрттамаған,  
Күндестік мерез бе екен жұқпалы, арам?  
Жік-жікке бөлініп ап ежелден-ақ,  
Өз адамын әр жерге тықпалаған.

Өлеңмен мұны қалай ұқтырасың,  
Талай ер осы жолға тікті басын.  
Дәл осы күншілдік пен баққұмарлық  
Қаһарман Хан Кененің тікті басын.

Біреуді жамандаса қонданатын,  
Билікке қолы жетсе ем қонатын,  
Екі қазақ айтысса ежелден-ақ  
Өзгеге ең алдымен жем болатын.

Абылай өткеннен соң қаңырады,  
Қайтадан қара қазақ аңырады.  
Майлы жерге орыстар орнығып ап,  
Шайқалды сар даланың шаңырағы.

Шонжарға шекпен құмар шен берілді,  
Бодауға алып жатты ел-жерімді.  
Сыртынан сатылған соң амал қайсы,  
Бойжеткен жайдақ атқа өңгерілді.

Ешкім де тыңдамаған жыр сауғанды,  
Кең дала бекініспен құрсауланды.  
Найза мен қара мылтық қаһарланып,  
Көзімен қара кемпір мұң сауған-ды.

Айта-айта бұл ойды жақ құрғаған,  
Ханның сөзін әуелі Хақ тыңдаған.  
Қазақтың басын қосып ел еткенмен  
Күндеген, оны да жұрт жақтырмаған.

Абылай — қайыспаған қара нарым,  
Еске алып Төле бидей бабаларын,  
Үйірген ақылымен қарашасын  
Даланың бөрі тектес адамдарын.

Біреулер Абылайды «сатқын» деді,  
Мен саған ел бола алман, «жатпын!» деді.  
Жан-жақтан анталаған көршілер де  
Күндіз-түн көз алартып, бақты іргені.

Тұранның мекендеген бай даласын,  
Ол кезде аңдыған жау, айла басым.  
Жұмылды жұдырық боп қалың қазақ,  
Сағалап Абылайдың айналасын.

Тоқтатып атысты да, шабысты да,  
Бақыт ойлап адамзат қатыстыға,  
Басын қосқан Абылай қазағының  
Тең ұстап Шығысты да, Батысты да.

Даланың мәлім еді жаны маған,  
Қашаннан ойлы сөздің ары — бабам.  
Ел болды осылар деп бұл қазақты  
Сонда да жат жұрттықтар танымаған.

Шынында, не көрмеген мына дала,  
Тарихтан, шежіреден сұра, бала!  
Өз елін теңестірген өзгелермен  
Арнадым мен де өлең Нұр-ағама!

Арылмайды мына бас бірақ ойдан,  
Күдік шіркін болмаса, күнә қайдан?  
Оңай болып жатқан жоқ Елбасына  
Қан шығармас мылтықсыз мына майдан.

Сөзі бар кітаптарда бұрынғының,  
Қашаннан ел арасы ырың-жырың.  
Қысастықтан Кенесары, Наурызбайдың  
Жұлмалаған жүрегі жырым-жырым.

Бұл кезең ол кезеңмен тең келмейді,  
Қысастықпен жүрек те емделмейді.  
«Аққу, шортан һәм шаян» тартысқан соң,  
Жолдағы олжаны кім өңгермейді?!

Бұрынғыдан, сірә, сөз артылмаған,  
Сақта, қазақ, қайткенде салтыңды аман.  
Нұр-аға бір-ақ келген жер бетіне  
Қазақ үшін найзағай жарқылдаған.

Артық туған кім қояр тектіге мін,  
Бір құдай берген шығар көп тілегін?  
Қазақты тұңғыш рет теңестірген,  
Нұрсұлтан Назарбаев деп білемін.

Басына бабалардың көп түнедім,  
Біріктірі ел іргесін деп тіледім.  
Қазақты тұңғыш рет біріктірген  
Нұрсұлтан Назарбаев деп білемін!



**Күмісжан Байжанова,**

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері

**Ағаға тілек**

Халқының басын құраған,  
Жалпыға ісі ұнаған.  
Ғасырдың асыл тұлғасы,  
Жарқырап жүрген Нұр-ағам!  
«Ағамды дәйім қолда» деп,  
Алладан медет сұрағам,  
Жұрты үшін жүрген көз ілмей,  
Сіздей-ақ болар Ұлы Адам.  
Байрағы көкжал бөріден,  
Қарасай, Жамбыл жерінен.  
Ақ тілек арнап, Нұраға,  
Атамекеннен келіп ем.  
Көрсем деп Сізді ойлаймын,  
Өмірдің ылғи төрінен.  
Алмастай берен жарқылдар,  
Алтыннан қымбат нарқың бар.  
Бақтияр,  
Бекет,  
Ақжолдап,  
Ұрандар ұлы халқың бар.  
Кеудемді шарпып тұр жалын,  
Ұғынса деймін қыз жанын.  
Осы бір жырды, Нұраға,  
Шын ниетіммен сыйладым.  
Көңіліңді көріп көктемдей,  
Кешкендей болдым гүлзарын.  
Әйелдер мерекесіне,  
Шақырған сыйға ризамын!

Авторы белгісіз

**Мәңгілік, аға, керексіз!**

Қош келдің, Аға, қанатты,  
Оңғарсын Тәңір талапты,  
Тараздың жаңа атымен,  
Мыңыншы бүгін таң атты.

Жақсыға жаным құмар-ау,  
Халықтың көңілі бұлақ-ау,  
Көшектей батыр бабамыз,  
Аунап та түскен шығар-ау?!

Абылай,  
Тәуке ізімен,  
Келесіз қылыш жүзімен.  
Көз жетпес ұшқан Даланы,  
Дұшпанның сақтап бізінен.

Ескегі мықты кемесіз,  
Күлтегін,  
Еділ – міне, Сіз!  
Жаһанға жалғыз жүректі,  
Алау ғып жағып келесіз.

Өртеніп күнде намысқа,  
Сермеңіз, Аға, алысқа.  
«Қасқа» да емес,  
«ескі» емес,  
Сіздің жол тартар ғарышқа.

Ұлт үшін ұрпақ ұмтылсын,  
Намыстан гұмыр құлпырсын.  
Қазақ боп, шіркін, туғанға,  
Өшпейтін мәңгі күн тусын.  
Төс-айылдың батқанын,

Иесі білсін,  
ат білмей,  
Туынды Ердің қадірін,  
өз елі білсін, жат білмей.

Тегі бар текті Ерексіз,  
Шыңдағы шынар,  
бөлексіз.  
Жеті жыл емес қазаққа,  
Мәңгілік, Аға, керексіз!

### **Ел мерейі**

*Қазақстан Республикасының Президенті,  
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы  
төралқасының төрағасы  
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа*

Елбасы,  
Ел мерейі,  
Нұрағасы,  
Секілді парасаттың мұнарасы.  
Жасына пайғамбардың сіз келгенде —  
Бау-бақтың шешек атты гүл,  
Ағашы.

Пір тұтып Өзіңізді талай дана,  
Мейірлі жүзіңізге қарайды ана.  
Мінберге күлімсіреп сіз шыққанда,  
Күн шығып,  
Таң атқандай арайлана.

Дүниенің таң қалдырып шартарабын,  
Заманның тік көтеріп нар талабын,  
Ел жүгін,  
Ерлік жүгін — Бостандықтың,  
Қайыспай халқың үшін арқаладың.

Еркін ел,  
Еркін жерге бауыр бастық,  
Құшақты нұрлы жаңа дәуірге аштық.  
Өзіңіз Төрағамыз болғандықтан,  
Ел болып күллі қазақ Қауымдастық.

***Өзіңіздің Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы***

**Қабдысәлім Тортайұлы,**  
Семей қаласы

**Қазақты көкке көтерген**

Қазақстан жұртым деп,  
Езілген ел — ұлтым деп,  
Жатса, тұрса қайғы жеп,  
Тәуелсіз ел етем деп,  
Қасқая жүріп жол тапқан —  
Батырым сенсің, Нұрсұлтан!

Саясатты меңгерген,  
Барлық ұлтты тең көрген,  
Әділеттің ақ жолын  
Шаршап, талмай іздеген,  
Қазақты көкке көтерген —  
Ақылдым сенсің, Нұрсұлтан!

Батыс пенен Шығысқа  
Ел қадірін жеткізген,  
Жер жүзіне белгілі  
Қазақстан еткізген,  
Қазақты көкке көтерген —  
Жақыным сенсің, Нұрсұлтан!

**Ләззат Кенжеғұлқызы Тілеуова,**  
Ақтөбе облысы,  
Қарғалы ауданы,  
«Сазды» орта мектебінің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі

**Көгершін көңіл**

Туса да азапты күн,  
Ту қылған азаттығын.  
Таныттың, аға, әлемге  
Қазақтың қазақтығын!

Нұр аға, Нұр аға!  
Тура да тартты өмір, бұра да.  
Айналды өр есімің  
Аңызға, мұраға!

Тарихқа үміттердің  
Шыңындай кіріп келдің.  
Аман бол, нұр жүзді аға —  
Сұлтаны жігіттердің!

Ақ мәрмәр қалалардың,  
Жазира далалардың,  
Қорғаны, жалғасы — Сіз,  
Хан, сұлтан бабалардың!

**Санақ Ақашұлы,**  
Қарағанды қаласы

**Қыраныңмен ел туын бірге көтер!**

Мезгілінен межеге ерте жетер,  
Ел едік қой, ел ұлын еркелетер.  
Елбасына лайықты дара тұлға,  
Қыраныңмен ел туын бірге көтер!

Қызыл сөзді қызғаныш қарымасын,  
Адал болсаң, ағыңнан жарыларсың.  
Тау тұлғаны — талантты тани алмау,  
Исі қазақ халқының арына сын.

Отты ойы сан алуан тұнған сырға,  
Заманының алыбы — Алаш ұлға,  
Кім не десе, о десін, еркі өзінде,  
Нұрсұлтаным — тарихи дара тұлға!

Жасағы боп жанына ере алмасаң,  
Жан алауын жаныңның бере алмасаң,  
Ынтымақсыз ел болып өну қиын,  
Саясаттың саңлағын көре алмасаң!

**Қуаныш Исағалиев**

**Азаттықтың таңы атып, Күні күлді**

Азаттықтың таңы атып,  
Күні күлді,  
Аңсап күтіп,  
қарсы алдық ұлы күнді.  
Президент сайладық тағы, міне,  
Ұзағынан тіледік ғұмырыңды.

Ұлы аманат жүктедік сонда саған,  
Жолы болар тәңірі оңдаса адам.  
Қадамыңа гүл бітер,  
сенімдіміз,  
Хақназарлар, Тәукелер қолдаса әман.

Қиын-қыстау заманда мына аумалы,  
Анық кәміл басшыдан сұрау бары.  
Хандарына талапты қатты қойған,  
Бұл даланың Бұхардай жыраулары.

Саған айқын кім ұтты, кім ұтылды,  
Қанша ұлттық қазына ұмытылды.  
Соның бәрін көмектес қайтаруға,  
Қайтаруға туған тіл — ұлы тілді.  
Артық кетпей,

әуелі іргені ептеп,  
Нығайтайық жұмылып бірге көптеп.  
Бара жатсын баянды базарымен,  
Керуені қазақтың Күнге беттеп!

**Ақбөпе Жұматайкеліні,**  
80 жастағы ана

**Қуанамын**

Анаңыз келді бүгін 80 жасқа,  
Тілге шешен емеспін, сөзге ұста.  
Қияға самғап ұшқан қыран құсым,  
Ел туын желбіретіп мықтап ұста.

Нұрсұлтан Әбішұлы баламызға,  
Ел бастап, таққа отырған данамызға,  
Қалың елі — қазақ жұрты соңына ерді,  
Қуанар соған бүгін анаңыз да.

**Нәзира Наурызова,**  
12 баланы дүниеге әкелген ардақты ана,  
Түркістан қаласы

**Көксегенің байтақ елге тыныштық**

Көксегенің байтақ елге тыныштық,  
Тілегенің бар халқыңа туыстық.  
Нұрсұлтаным, нұрлы жолың арқылы  
Қазағыма қонып жатыр ырыс-құт.

Азаматсың арқалаған ел жүгін,  
Көрсетпейтін еш уақытта кемдігін.  
Қазақстан ұстадың да тізгінін,  
Алып бердің егемендік, теңдігін.

Терезесін алыптармен тең еттің,  
Іргелі де мызғымайтын ел еттің.  
Елу елдің қатарына қоспақсың,  
Өз жұртыңның шығар жерін төр еттің.

Қалап жүрсің жұмақ бақтың орнауын,  
Сол үшін де жазылды бұл толғауым.  
Болашақтың жарқындығын сездіріп,  
Жанға жайлы әрбір айтқан жолдауың.

Беу, Нұрсұлтан, асыл неткен сүйегің,  
Өзіңде екен шын бастауы киенің.  
Ақ тілекті аналардың атынан  
Құрметпенен ақ басымды иемін.

Асылбек Қыраубаев,  
Астана

Елінің намысы үшін күйе білген

70 жыл бодандықта жасып едім,  
Сол жылдар не түспеді басына елдің?  
Босқындық, ауру, аштық, соғыс, құрбан,  
Қазақтан қазақ шошып, қашып едім.

Қиындық қиналтса да сай-сүйегін,  
Халқымның жеңе алмады ержүрегін.  
Тәуелсіздік талқан еткен тар заманды,  
Жас жуып көз алдыма келтіремін.

«Бірлік!» деген Білге қаған білімі еді,  
«Бөрі жеп» бөлінгенде күйіп еді.  
Бір жеңнен қол, жағадан бас шығарып,  
Бірігіңдер бізбенен, түрік елі?

Қай ел бар қазағыммен достаспаған,  
Достасқан қайтып бізбен қоштаспаған.  
Астана — алып шаһар, ақ шамдары  
Көргеннің жүрегіне от тастаған.

Жүз ұлтты, мызғымайтын бірлігіміз,  
Жұмырдай жер жүзінің кіндігі біз.  
Түтіні түзу шыққан туғандардың  
Орта Азия отауының түндігі біз.

Тарихтың бәрі бізден табылады,  
Сақ пен ғұн, түркі, тұран мадияры.  
Алтын орда, Ақ орда, Сұр орданың  
Қазақта қалған қара шаңырағы.

Ел едік тарих білмес, ең жасырын,  
Бүгінде тәуелсіз ел — ең жасымын.  
Сонда да жердің жүзін бет бұрғызған,  
Қадірі, қасиеті Елбасының.

Керегең қай елмен де тең келесің,  
Арттырып Азияның мәртебесін.

Төраға Қазақстан ОБСЕ-ге,  
Болғанда үлгі болар әр кеңесің.

Тұрғанда тағдырларды заман шайқап,  
Таланғанда КСРО, дүние жайпап,  
Жұрт басымен әлек боп жатқан кезде  
Көре білді Елбасымыз алдын байқап.

Көрсетті көптен озық көрегендік,  
Ал қазір отау бүтін, керегең нық.  
Бас аман, балаң аман, өмір тыныш,  
Осы емес пе рахатқа бөленгендік?

Кей-кейде тіліне еріп сұм жыланның,  
Кейбіреу тойғаннан соң былжырадың.  
Солардың сөзіне ерген аңқауларға,  
Қайырымсыз жандарға қынжыламын.

Халқыңыз бәрін екшеп, отыр біліп,  
Бәйге алсам дейтіндерге бермей ырық.  
Көңілі Сіз дегенде еліңіздің,  
Жүрегі сүттен аппақ, судан тұнық.

Елінің намысы үшін күйе білген,  
Жан бар ма Сіздей елін сүйе білген.  
Арқасымен тау тіреп тұрсадағы,  
Қиналғанын білдіртпей күле білген.

Әр күніңіз тарихта бір терең із,  
Өзіңізбен биіктер мәртебеміз.  
Қазаққа Сіздей асыл ұл сыйлаған  
Анаңызға иіледі тәнті еліңіз.

Түндіктен төгіліп күн шамшырағы,  
Желбіреп көк туымда ел қыраны.  
Әнұран ойнағанда жүрегімде  
Отаным, Сіз тұрасыз, Ту тұрады.

Иығында халқымыздың — нардың жүгі,  
Қолында көк байрағы, елдің Туы.  
Даланың дүбірлеген қарқынына  
Қуансын жаттың жүзі, достың мыңы!

**Сенеміз Елбасына**

Жылдардың үміт артқан жалғасына,  
Сенімнен қымбат нәрсе бар ма, сірә?!  
Қолына тапсырған соң тағдырымды,  
Сенемін халқым сенген Елбасына!  
«Сенбеймін» деген сенің суық сөзің  
Батады зәрлі мұздай жамбасыма.

Сенбесең сенбей-ақ қой — ел сенеді,  
Елдігім еркіндікпен өлшенеді.  
Ойлама, тамыр жайған Бәйтеректің  
Діңіне қағамын деп көр шегені.  
Тырнақтың астынан кір ізденше,  
Бақытты маңдайдағы көрсең еді.

Белгілі көксейтінің неменені,  
Түсіңе билік, бәлкім, көп енеді.  
Екіге бөлемін деп әлек болма,  
Халықты жаны бірге кемедегі.  
Ірітсең байтақ елдің ынтымағын,  
Байлыққа дұшпан ғана кенеледі.

Келмей ме түгел болсақ төбедегі,  
Бірлікпен кем-кетігің теңеледі.  
Шаңырақ шайқалмайды Қызыр шалған,  
Береке бекіткенде керегені.  
Алдама көптің көзін, саясаттың  
көлбеңдеп шамды айналған көбелегі.

Ортамды ойрандама, тайрандама,  
Мансаптың уызына тойған бала!  
Жармасқан әкесінің жағасына,  
Тәлімді алып едің қайдан ғана?!  
Ойыңның астарында у жатпасын,  
Әділ бол, арлы болсаң майданда да!

**Арнау жыр**

Көпті көрген көненің батасымен нұрланып,  
Толған айдай толықсып, мұңлық болған жұртына  
Сәуле шашқан ұл өзің!

Ақ шашты әзиз ананың уызына жарыған,  
Ай мен күндей көрікті өрбітіп ұрпақ жарынан,  
Қайырымды, дана халқының жел жағына пана боп,  
Құрмеуі қиын тірліктің  
Түйінін шешкен ұл өзің!

Ағайынның аласын, көңілдегі наласын,  
Сылап-сипап жазатын жүректегі жарасын,  
Таразының тасындай айырып ақ пен қарасын,  
Қара қылды қақ жарған  
Би де болған ұл өзің!

Сөйлесе — сөздің шешені,  
Қаймана жұрттың өсегі, тасадан атқан кесегі,  
Бұра алмайтын ақ жолдан,  
Турашыл, адал ұл өзің!

Жұлып алып кеудеден нұрға толы жүрегін,  
Шам-шырақ қылған жұртына  
Данкодай асыл ұл өзің!

Қуаныштың бұзбай реңін, балталап кеспей тірегін,  
Ақтайтын елдің тілегін, азамат болып ар сақтар,  
Алпауыттай ұл өзің!

Ағайынға айдынды, қарындасқа қайырымды,  
Ел үшін болған айқаста «толарсақтан саз кешіп»  
Көтеретін нар жүгін  
Алпамыстай ұл өзің!

Алмағайып күндерде, ұйқысыз өткен түндерде,  
Терең ойдың телміріп соңына еріп ел үшін.  
Қайтсем тыныш қылам деп алақұйын ел ішін,  
Жерұйық іздеп жұртына жер шолған  
Асан қайғы ұл өзің!

Ту ғып ұстап елімнің қасиетті намысын,  
Жаһанға жайып дабысын,  
Иықтымен тірескен, белдіменен белдескен,  
Жалаулыдан жасқанбай, тереземді тең қылған,  
Керегемді кең қылған,  
Махамбеттей ұл өзің!

«Ереуіл атқа ер салып,  
Егеулі найза қолға алып,  
Атандап жауды іздемей»,  
Талайдың тауып айласын,  
Көздемей бастың пайдасын,  
Ақылмен шешкен әр істі,  
Төле бидей кемеңгер  
Асыл туған ұл өзің!

Қамыққан көңіл, жабыққан өмір жүдеткен,  
Елес боп ертең, жоқшылық мұңды үдеткен.  
«Тәуекел!» деп атқа қондың ел үшін,  
Күш-қуат алып Отанды сүйген жүректен,  
Тағдыры қиын халқымның  
Бағына туған ұл өзің!

Болмасам да Тұманбай мен Қадырдай жыр сұлтаны,  
Мен де ұлмын сайлаулы бір ер-тұрманы.  
Қолымды жүрегіме қойып айтам:  
Жасай бер, қазағымның Нұрсұлтаны!

**Тұрғын Хамзаұлы Досмағанбет,**

Қостанай облысы,  
Әуликөл ауданы,  
Әуликөл ауылы

### Нұрсұлтан ағаға

Нұр-аға, сізге арнадым бұл жырымды,  
Нұрыңыз жайылды да түн түрілді.  
Нансаңыз жүрегімнің қалауы бұл —  
Несіне жасырайын шын сырымды.

Ұлымның жаралғансыз бағы үшін,  
Ұнайсыз халқымызға, жағымдысыз.  
Ұрандап қазақ елін алға тартқан,  
Ұлысыз жұмсап жүрген барлық күшін.

Разы бүкіл халқың, аға, Сізге,  
Ретімен көрсеткен жолды бізге.  
Ренжітпей халықты, бірдей ұстап,  
Руға бөлмейтұғын және жүзге.

Сыйлаған елін, халқын, суын, жерін,  
Сыпырып Отаны үшін маңдай терін,  
Саясатта алдына жан салмайтын,  
Сардарысыз халқымның артқан сенім.

Ұялмаймын Сіз барда, мақтана алам,  
Ұлымның шам-шырағын жаққан адам!  
Ұлағатты жандарға жол көрсетіп,  
Ұдайы алға ұмтылып, тоқтамаған.

Лайым, бақ таймасын басыңыздан,  
Лайықты басшысыз жасыңыздан.  
Лайламай жүрсе ғой тұнық суды,  
Лепірмелер болмасын қасыңызда.

Тәңірім, қолдай көрші Елбасымды,  
Талайға аға болған — жанашыры.  
Түртпектемей жүрейік, ау, ағайын,  
Талқымызға жаратылған бір асылды?



Айта аламын: елміз біз басқан алға,  
Артық қала табылмас Астанадан.  
Артқа тастап көршілес көп елдерді,  
Алда жүрсіз оқ бойы басқалардан.

Небір жылдар, небір айлар, өтер күн,  
Нұр-ағаның қатарына жетер кім?  
Намысшыл жан тыным таппай ел үшін,  
Нар түйедей ауыр жүкті көтерді.

Ашиды Сізге әрқашан да жанымыз,  
Ағатай, бұл — халық сөзі, наныңыз.  
Ал Алладан тілейтініміз әрдайым:  
Таси берсін басыңдағы бағыңыз.

Ғұмырда жақсы жанның гүлі солмас,  
Ғылымға жастайдан-ақ болдың жолдас.  
Ғажап жанды біртуар Сіз сияқты  
Ғасыр бойы жырласақ артық болмас.

Алдын ала ойлаған жүз қадамын,  
Алтынды айырбасқа қызғанамын.  
Ағайын, етегінен тартпайықшы.  
Қазағымның ақиық-мұзбалағын!

**Жұмабай Ержанұлы,**  
ардагер мұнайшы

**Қолдай бергін халқыңды**

Жылма-жыл елге Жолдауың —  
Халықтың жайын қолдауың.  
Көксейсің мына еліңде  
Келеңсіз істің болмауын.

Ұшырған жердің серігі —  
Қадамның болды берігі.  
Қатарға шығу елудің —  
Ертеңгі күнге сенімі.

Бой түзеп өсіп жас қалам —  
Еліме болды Астана.  
Жер-жаһан көріп сүйсінді,  
Халқыңа үлгі — бастамаң.

Сан тарау алда жол жатыр,  
«Көз қорқақ, — дейді, — қол батыр».  
Сапында болсақ елудің  
Мақсатқа біздің сол татыр.

**Нұрлан Оқаулы,**  
оқушы

**Қолыңды әкел, келешек!**

Жылдар бойы бабалар аңсағанын,  
Алған күнді шаттықпен қарсы аламын.  
Енді, міне, біз бүгін азат елміз,  
Азатпын деп жаһанға жар саламын.

Азаттықты әперген кім жаныңа,  
Қару емес, қалам іліп қарына?  
Ол — Нұрағам, нар тұлғалы нұрлы ағам —  
Біткен ұлы қазағымның бағына.

Ел көңілі болған шақта жарқын тым,  
Көгімізде күлген кезде алтын Күн,  
Әруақтар алғыс айтар атына  
Армандарын орындаған мәрт ұлдың.

Ада болып дәстүрден де, салттан да,  
Тағдыр тезі қыр арқаға батқанда,  
Елдің есін жиғызған кім, су сепкен,  
Қарлығашша алаулаған ақ таңда?

Ол — Нұрағам — заманының бұлбұлы,  
Саңқылдаған сан қылыққа сырлы үні.  
Тілін тапқан бүкіл әлем халқының,  
Аплатондай ел ісінің білгірі.

Фасырлардың арман-жырын уыстап,  
Бастады аға игілікті бір іс нақ.  
Ұрпақтарың ұлы Абайдай ән қылар,  
Жылжығанда жылдар жаймен жылыстап.

Тілегіне жеткен күні бабалардың кешегі,  
Көк байрақты желбіретіп бақ самалы еседі.  
Ләйім, өстіп жасай берсін халықтардың қалаулы  
Көш тізгінін сеніп берген көрегені, көсемі.

Қазағымның нұры әрі сұлтаны,  
Елдігімнің ақ қанатты тұлпары.  
Әкеліпті азат таңды далама  
Ұзағынан сүйіндірсін бұл таңы.

Аспанымды алда-жалда бұлт шалса,  
Ысыратын ертегінің батыры.  
Елдігіне қызығатын жұрт қанша  
Бір Нұрағам мың батырға татыды.

Қазақ үшін төрт мезгіл де күн көктем,  
Созған қолы шыңға шырқап, күнді өпкен.  
Елдігімді ер Нұрағам ап берген  
Енді мәңгі дақ түсіріп кірлетпен.

**Нүсіпбек Исахметов,**  
ақын, Алматы облысы

### Президентке үш тілек

Нүреке, сіз туралы жазып келем,  
(Ол үшін ешкімге де жазықты емен).  
Жазған сайын жалындап, жана түсіп,  
Құлашымды құлшына созып келем.

Бірақ, бірақ қазақта Сізді ғана  
Таусылмайтын халқыма азық көрем.  
Іргемді де, қабырғам, төбемді де  
Құлатпайтын қағылған қазық көрем.

Жолына жаңа заман түсті елім,  
Көруде әлсізі мен күшті жерін.  
Басқарып, бәріне соның бағдар берген,  
Бар менің Сізге айтатын үш тілегім.

Бірінші: Қазақстан — мекен гүлім,  
Әлемдік аренаға көтерілдім.  
Көтерген — Сіз, тілегім — ұқса болды,  
Қазақтың мемлекеті екендігін.

Басқыншыға басқа ұлт ұнамаған,  
Қуғын-сүргін орнатып, қуалаған.  
Америка секілді боп қалмайық,  
Мемлекетін құраған құрамадан.

Екінші: көсемсіз Сіз ұлтым деген,  
Көп бізде іште жүріп, сыртын берген.  
Өзінен өзге басым мұндай елде  
Жер сату — аз ұлтыңды құртумен тең.

Үшінші: демократиямен ойнамайық,  
Толғанайық, азырақ ойланайық.  
Америка, Ресей «сөйтті екен» деп,  
Алыптарды қолпаштап қолдамайық.

Ежелден Ресеймен ұрандаспыз,  
Бірақ ондай орман боп құралмаспыз.  
Орыстар қай жағына құласа — орыс,  
Біз қисайсақ қайтадан тұра алмаспыз.

Жерім кең, ата-бабам жасады анық,  
Елім аз толтырар көп бос аралық.  
Ұлтынан ұраны көп мемлекетте  
Демократия сол елге аса қауіп!

Еліңіз алса еңбекпен есесін мол,  
Молшылықтан боп жатса көшесі жол.  
Баспана, асханасы қатар келсе,  
Демократияның әкесі, шешесі сол.

Жүргенде Сіз бар ұлтты жарастырып,  
Біз жүрміз өзімізді адастырып.  
НТК-да көшеде ұстап алып,  
Жүзге бөліп ойнайды таластырып.

Оқ тигендей аққу мен қатар қазға,  
Мұндайда боп кетпей мен Отан қаза.  
Басқа ұлтты былай қой, өзін өзі  
Бөлгендерге неге жоқ қатал жаза?!

Тарих жолы тағы бір оралатын,  
Құрғандайсыз қазақтың қағанатын.  
Үш тілектің аяғы ұшан-теңіз,  
Айта берсе, халықтың аманатын.

Іздемейміз басқадан ұлыны біз,  
Ұлымыз — Сіз, құт болсын тұғырыңыз.  
Еліміздің үміті — өзіңізде,  
Бұл сенімді шынайы ұғыныңыз!

**Құмарғали Ғұбайдоллаұлы,**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Зеленов ауданы,  
Достық ауылы

### Бәріміз Сізге сенеміз

Қанаттан, халқым, қанаттан,  
Тілекті берді Жаратқан!  
Ғасырлар күткен Азаттық  
Желтоқсанда таңы атқан.

Көп ұлтпен жұбым біріккен,  
Қарадық алға үмітпен.  
Нүрекең өзі жол бастап,  
Түнекті бұзды білікпен.

Он бес жыл уақыт қас-қағым,  
Он бес жыл нұрлы аспаным.  
Сәулетті қала тұрғызып,  
Ғарыштан хабар бастадым.

Әлемді көрдім, шарладым,  
Жүзеге асты арманым.  
Достарым тұрса бір сапта,  
Дұшпаным тістер бармағын.

Тыңшылар тынбай күзеткен,  
Заманнан өттік біз өктем.  
Алпауыт елдер халқыма  
Қарайды бүгін ізетпен.

Жарасқан сәнді елдігім,  
Гүлденер шағым — келді күн.  
Таныса әлем қазақты —  
Нүрекеңнің бұл ерлігі.

Нүреке, самғап келеміз,  
Ел болып Сізге сенеміз.  
Халықты бастап бақытқа,  
Айдында жүзсін кемеңіз!

**Тұрсын Елеусізұлы,**  
ақын

### Нұрсұлтан деп ат қойды

«Нұрсұлтан!» —  
деп ат қойды,  
Атам немересіне.  
Қызықты деп ойлама,  
Оның неменесіне?!

Әлем жүзін шарлаған,  
Елбасының атағы!  
Содан өмір жалғасын:  
«Нұрсұлтан!» деп атады.

**Мақсұт Негалиев,**  
ақын,  
Алматы қаласы

### Әлемдік тарихта қалады ісің

Ассалаумағалейкум, Нұреке — Ағарысым,  
Қазақтың қорғанысың, қамалысың!  
Төле би — төбе бидей беделің бар,  
Халқыңа сол бабаңдай бағалысың!  
Арқаға елді бастап көшірген ең,  
Әлемдік тарихта бұл қалады ісің!

Ол шындық!  
Қазақтың Сен — Сұлтанысың,  
Ұлтанды ел —  
Ұлы атаның ұрпағысың!  
Шапағын абат күннің шашып елге,  
Арайлап атқан арай — нұр таңысың!  
Арқаның қақ төрінен қала орнаттың,  
Бұл — мәңгі үлгі-өнеге ұрпақ үшін!

Талмайтын жарыс десе — тұлпарысың,  
Самғайтын ғарыш десе — сұңқарысың!  
Алатау — Алматының асқар шыңы,  
Ал өзің байтақ елдің бір тауысың!  
Тіл-көз бен көлденеңнен  
Аман-сау жүр, —  
Бұдан да биіктерге шырқау үшін!

**Амангелді Ермегияев,**  
қоғам қайраткері

### Нұрлы көсем

Тәуелсіз Қазақ елін құрдық есен,  
Сізбенен бірге жүріп, бір күресем,  
Мақсатқа жеттік деген осы емес пе —  
Еліңіздің есі әбден кірді десем.

Ұлымды ұлықтаған ұлы көшке  
Ұлыммен, үй ішімен бірге ілесем.  
Тілеймін тек темірдей денсаушылық —  
Күллі әлем мойындаған Нұрлы көсем!

**Шаймерген Әлдибекұлы,**  
ақын

### Бастай бер бізді, Нүреке!

Келер күннен үміт күткен халықпыз,  
Жеріне сай туа бітті алыпмыз.  
Бодандықтан құтылғалы ел болып,  
Ойға, қырға, талай елге барыппыз.

Жерімізден құт-береке тауып біз,  
Жанар жерде оттай лаулап жаныппыз.  
Жерұйықты іздеп шыққан бабамыз —  
Асан Қайғы бағасына қанықпыз.

Қолыңа алсаң Қазақстан картасын,  
Бойға қуат, ойға сенім артасың.  
Қазақтарды өзге жұртқа танытқан  
Назарбаев Нұрсұлтанның арқасы.

Мол байлыққа тұнып тұрған жері бар,  
Жомарт жанды, қонақжайлы елі бар.  
Бір атаның баласындай сол елді  
Алға қарай бастап жүрер ері бар.

Сол ер кім? — деп,  
Сұрайтыңға жауабым —  
О бастан-ақ болған халық қалауы:  
Назарбаев Нұрсұлтан деп білемін,  
Нық ұстаған Қазақстан Жалауын.

Айналдым елден дұрыс шешім жасаған,  
(Оқ атқаннан сақтасын тұрып тасадан).  
Тарылған тыныс ашылды жұтып таза ауа,  
Шекарам бекіп, өрісім кеңіп, босағам.

Аз болған жоқ көрген қорлық, азабым,  
Көрдік талай өзгенің де мазағын.  
Нұрлы жолың нұрландырып, Нүреке,  
Бастай берші, ереді бар қазағың!

**Жексенбай Абсалямов,**  
Павлодар облысы,  
Екібастұз қаласы

### Біртуар батыр

Ерен күш бойыңдағы бабаң берген,  
Ұрпағы Қарасайдың жауды жеңген.  
Қиындықтан қайыспай бастай бергін,  
Халқың да саған сеніп, соңыңа ерген.

Игердің саясаттың сан-саласын,  
Қазақтың қорғап қалдың кең даласын.  
Мызғымастай бекіттің көршілермен  
Бейбіт өмір, тыныштық шекарасын.

Бағдарламаң халықтың қолдауында,  
Іске асқан жыл сайынғы Жолдауыңда.  
Жүзден астам ұлттың басын қостың,  
Бостандық пен татулық қорғауыңда.

Дәл басып әр ісіңді бастағансың,  
Кедергіден тайсалмай аттағансың.  
Абылайдың тағы орнап Сарыарқаға  
Салдырдың Еуразия астанасын.

Тарихта теңдесі жоқ із қалдырдың,  
Далаңа қала, сарай, үй салдырдың.  
Тоқсан пайыз халқыңның даусын жиып,  
Тағы да барша әлемді тамсандырдың.

Басыңа бақыт, дәулет келе берсін,  
Бірдей көрдің баршаның немересін.  
Біртуар қазағымның батырысың,  
Игерген ізгіліктің Әвересін!

Өзің салған сара жол құтты болсын,  
Ақордаң — Астанамыз — нұрға толсын.  
Қазақстан халқының бақыты үшін  
Жасай бер, жортқанда жолың болсын!

**Айтуар Өтегенов**

ақын, еңбек ардагері,  
Ақтау қаласы

### Ақбоз ат мінген Елбасы

Тамшалыда...  
Мөлдір тамшы ... көп ғажап,  
Тамсанбаған Тамшалыда жоқ қазақ.  
Осы жерде, осы жерде адайлар,  
Нұр-ағаға мінгізгенді ақбоз ат.  
Кенет... тосын... бір іс болды ақылды.  
Елжіреткен алыс, тума жақынды.  
Оқыранды иесін күткен ақбоз ат,  
Елбасы оған салған кезде тақымды.  
Алып ұшты Елбасыны жыраққа-ай,  
Қос қолтыққа қанат біткен пырақтай,  
Әулиелер Нұр-ағаны аймалады маңдайдан,  
Аңызақ боп,  
Ақ сағым боп құлатпай.  
Кең далада келеді ғой желпінгің,  
Ақ боз атты патша десе көркің бұл.  
Сәнді сарай тамаша ғой, сонда да,  
Кең далада тыныстады ол еркін бір.  
Енді ешкімге жалтақтамай тұрмыс та,  
Алдымызда жарқын мақсат, түр нұсқа.  
Тұлпар мініп, дала даңқын асырған,  
Аттила да, Темірлан да, Шыңғыста.  
Қандай жұмсақ еркіндіктің самалы,  
Кеуделерге бірлік отын жағады.  
Емін-еркін төрт түлігің жайлауда,  
Бұлақ қырда емін-еркін ағады.  
О, жаратқан!  
Бізді де бір қолдашы,  
Болсын оның Қыдыр ата жолдасы.  
Естисің бе, естисің бе, ей қазақ,  
Атқа мінді, атқа мінді Елбасы!  
О, Жаратқан, бізді де бір қолдашы!

### Атақазақ

Бір шыңырау және онда жалғыз қауға.  
Құтым болған түссе де сансыз дауға.  
Әрқашанда қамқор боп қол созасыз,  
360 әулиелі Маңғыстауға...

Әлемді көсемдікпен ұйыттыңыз,  
Қайда да қошамет мол сүйікті Ұлға,  
Таныттыңыз Қазақ деген халық барын,  
Ғасырда дара туған биік Тұлға.

Қоғамдағы талдайсыз әр ізді Сіз,  
Ел алдында ұғынып парызды Сіз.  
Қазақ ұлтын топаннан сақтап қалу,  
Жолын білер Нұх пайғамбар тәріздісіз...

Аз көрген жоқ өмірден атам азап,  
Басталады енді өмір өте ғажап,  
Жасай берсін Нұрсұлтан Назарбаев,  
Ұрпақ берер есімі — Атақазақ!!!

**Қойшығұл Жылқышиев,**  
Атырау

**Айтар көп Сізге алғысым!**

Уа, аманбысың, армысың,  
Жамағат, жұртым, бармысың?<sup>2</sup>  
Армысың, асыл Нұр-ағам,  
Асқар таудағы қарлы шың.  
Ардақты болған қазаққа,  
Тарихта сен де мәңгісің!

Арқада жаңа сән құрып,  
Ақмола аты жаңғырып,  
Алаштың жиып бар күшін,  
Астана салдың тау мүсін.  
Алқынбай шапқан арғымақ,  
Қиядан, құздан қарғымақ.  
Ақорда құрған заманың,  
Атыңды жырлап бар бұлақ.  
Атақазақ атанған,  
Айналайын, Нұр-ағам!  
Айырдан туған нармысың,  
Алаштың алқа жұртынан  
Айтар көп Сізге алғысым!

Айналайын, Нұр-ағам,  
Амандығыңды Алладан  
Күндіз де түнде сұрағам!  
Атыраудың атынан,  
Бар оған менің правом!  
Жеті хан жатқан Сарайшық,  
Бейбарыс деген пір бабам.  
Құрманғазы күдірет  
Құлағын күйдің бұраған.  
Атағы өшкен бабам көп,  
Исатай мен Махамбет.  
Мадақпен шыққан мұрадан,  
Шапағат шашып бар нұрдан,

Қамқорлығыңмен қандырған,  
Нұр-ағам, нұрым өзіңсің.  
Ғажапқа қайран қалдырған,  
Қазақта болса бір адам!

Хош келдің, абыз-данамыз,  
Айқара күшып қарсы алар.  
Атырау — арман қаламыз,  
Шалқалай күліп қарсы алар.  
Жұлдызын жаққан даламыз,  
Айтпауға мұны болмайды:  
Ақ тілегін жолдайды,  
Ел-халқың — мәңгі жақының.  
Жалғызы атқа шапқанда,  
Отырған қысып тақымын.  
Алқаға мақтан еткенде,  
Алау боп көкте жанамыз.  
Жермай боп жерден ағамыз,  
Ақбалығы тулаған,  
Еділ мен Жайық жағамыз.  
Ақ сөзден қалай танамыз?<sup>2</sup>  
Мұнайдың астанасы деп,  
Бар еді берген бағаңыз.  
Арқа сүйейтін Сіз барда,  
Таймайтын алтын тағамыз.  
Атырау — айқын жүйрігің,  
Намысқа шапса тартынбай.  
Алысқа шапса артында,  
Айтатын талай бар аңыз...

Алдыңа патшаң келгенде,  
Арманың бар ма, қазағым!  
Теңсіздіктен — теңгерген,  
Өңсіздіктен өң берген,  
Атамұрасын ардақтап,  
Алашыңды меңгерген.  
Нұрсұлтан — Атақазағың,  
Арқасында атаңның,  
Әлемге Елің танылды.



Бодандықтан құтылып,  
Артта бір қалып мазағың.  
Артта бір қалып азабың,  
Тәуелсіздік деген лағылды,  
Жарқыратып маңдайға,  
Мәңгілік Нұрың жағылды!

Сол нұрым енді сөнбесін,  
Аман сақтағай Алламыз.  
Ел деген есіл пендесін,  
Атақазағым, аман жүр.  
Өзіңіз аман болсаңыз,  
Дағдарыстан да өтеміз,  
Дамуға самғап жетеміз,  
Қайтемін айтып өңгесін.

**Темірболат Құбашев,**  
Орал қаласы

### Егемендік еліне алып берген

Қалып еді тау қалғып, тастар қатып,  
Барлығын да өзгертер басталды уақыт.  
Адамзаттың алдында жар салдыңыз,  
Абылайдың ақ туын аспанға атып.

Күн болып күллі әлемге жарық берген,  
Ұлты үшін ұлы жолды салып берген.  
Ертегіден келгендей ер болдыңыз,  
Еліне егемендік алып берген.

Көркің бар күлімдеген күн бетіндей,  
Абыройың — Алланың құрметіндей,  
Он жеті миллиондай халқыңның бәрі сыйған,  
Маңдайың кең даланың суретіндей.

Сіз жүрсіз жұртым менің шат күлсін деп,  
Бетінде ар, белдеуінде ат тұрсын деп.  
Біз де тілек айтамыз: «Мәңгі бақи —  
Астыңда — тақ, басыңда — бақ тұрсын!» деп.

Уақыт деген бәріне жылнамашы,  
Ей дүние, бізге де бір қарашы!  
Өлеңменен Нүрекеңе сәлем айтты,  
Егеменді елімінің бір баласы!

**Тұрғанбек Қанаев,**

Оңтүстік Қазақстан облысындағы  
«Ақорда» шаруа қожалығының төрағасы

**Б.Есенов,**

Ұлы Отан соғысының ардагері

### Асқақтасын абырой

Халыққа еңбек еткен ерте бастан,  
Данагөйім қазаққа шуақ шашқан.  
Тынымсыз еңбегіңнің арқасында,  
Құлпырды, шүкір, бүгін Қазақстан!

Айбының да ақылың аса туған,  
Жолына жақсылықтың белін бұған.  
Таныттың қазағыңды бар әлемге,  
Біз жүрміз тыныштықпен салып думан.

Мақсатың жылдан-жылға алға бассын,  
Бақытың басыңдағы судай тассын.  
Жаратқан ел-жұртыңа бірлік беріп,  
Сіңірген өз халқыңа еңбек жансын.  
Соңыңнан сенім артып ерген жұртың  
Жолымен демократия алға бассын!

### Жолыңыз даңғыл, жүзіңіз жарқын

Жолыңыз даңғыл әрқашан,  
Жүзіңіз жарқын Нұраға.  
Бағына туған қазақтың  
Аман-есен жүр, аға.

Биіктен асқар тұлғаңыз,  
Жақсылыққа үмтылған.  
Астананы тұрғызған  
Жас қала болып Бас қала  
Күн сайын жайнап құлпырған.  
Құттықтаймыз Жеңіспен  
Өзіңізді, Нұраға!

Жана берсін бағыңыз,  
Құтты болсын тағыңыз.  
Бойда жігер, күш-қуат,  
Нағыз дана шағыңыз.  
Судан таза, сүттен ақ  
Бойдағы намыс, арыңыз.  
Еңбектің көріп жемісін  
Бақ-береке табыңыз.

Жолдауыңа жыл сайын  
Көрсетті халық қолдауын.  
Ынтымаққа, бірлікке  
Дауыс берді мол қауым.  
Бағаланды еңбегің  
Жасады елім таңдауын.

**Рахым Балабиев,**  
Кентау қаласының құрметті азаматы

**Арманға бірге барайық**

Нұрлы болсын, Нүреке,  
Қайта қонған тағыңыз.  
Игілікті бұл істің,  
Берекетін табыңыз.

Қолдауымен халықтың,  
Жанды бүгін бағыңыз.  
Аспандағы жұлдыздай,  
Жарқырады шамыңыз.

Алпауыт елдер алдында,  
Сынбасын ешбір сағыңыз.  
Сенім артқан халқыңа,  
Бағдаттың шамын жағыңыз.

Осынау топтың ішінен,  
Өз елің сені таңдады.  
Өзіңді сүйген халқыңмен,  
Үмітің көкке самғады.

Ойсырай бәрі сүрінді,  
Таласқандар тағына.  
Қалды бәрі сан соғып,  
Ілесе алмай шаңына.

Қуанғаннан, Нүреке,  
Жас та шықты көзімнен.  
Ел басқару жүйесін,  
Үйренейік өзіңнен.

Шуағын төгіп баршаға,  
Нұрлы болсын күндерің.  
Жемісін беріп алма бақ,  
Жайнасын дала гүлдерің.

Шетелдіктер жағынан,  
Көз тимесін өзіңе.  
Астанада олардың  
Бәйтерек түссін көзіне.

Нәрлі бұлақ көздерін  
Тазалаңыз, аршыңыз.  
Ширатылып, өріліп,  
Мықты болсын қамшыңыз.

Тұғырлы болсын, Нүреке,  
Асқан мынау асуың.  
Нөсер болып төгілді,  
Жырдан шашқан шашуым.

Тыныштықтың қамалын,  
Сақтайтын да өзіңіз.  
Ынтымақ пен бірлікті,  
Жақтайтын да өзіңіз.

Тағы, тағы, Нүреке,  
Асулардан асыңыз.  
Құшағында бақыттың,  
Жүзге жетсін жасыңыз.

Алға жүріп тек қана,  
Байлықты қолға алайық.  
Көшбасшымыз өзің боп,  
Арманға бірге барайық.

**Асылай Бекболатова,**  
Кентау қаласы

**Даңқ қостың елдің даңқына**

Ел аралап, сөзіңді арнап жалпыға,  
Жолдау жолдап, сенім арттың халқыңа.  
Бастап елді, шықтың білек сыбанып,  
Даңқ қостың сен елдің биік даңқына.

Кең байтақ, алтын алқап Сарыарқада,  
Тұрғыздың сұлу, әсем сен Астана.  
Көрік беріп ағып жатыр Есілің,  
Өсе берсін, өркендесін бас қала.

Данасың сен, батырсың сен, алыпсың,  
Дүние жүзіне қазағыңды таныттың.  
Мың өліп, мың тірілген еліңді,  
Алып шықтың қысымынан нарықтың.

Нұр аға, нұрлы жолға салдың бізді,  
Таң қалып, бүкіл әлем тікті көзді.  
Жеттің сен армандаған мақсатыңа,  
Біз қолдаймыз шын ниетпен бір өзіңді!

**Ерубай Рақышұлы,**  
Алматы облысы,  
Жамбыл ауданы,  
«Тарған» елді мекені

**Нұрлы жол**

Алауы тәуелсіздік жалындады,  
Арманы халқымыздың орындалды.  
Қақ жарып озат елдер ортасынан  
Өркендеп өскен елім орын алды.

Тәуелсіздік нұр шаққан қымбат ұғым,  
Ғасырларда армандап жеттік бүгін.  
Асқарларға бастады байтақ елін,  
Нұрсұлтандай кемеңгер дана ұлың.

Таныды даналығын жердің жүзі,  
Күлімдеп сүйсінгендей күннің көзі.  
Тамсанып, табысыңа қайран қалды  
Ғаламат, нелер алып елдің өзі.

Аспандап бұл әлемде ел бағасы,  
Отаным — ЕҚЫҰ-ның төрағасы.  
Ынтымақ, әділеттің туын ұстап,  
Елін бастап келеді Елағасы.

Қазақтың Ақ Ордасы — Астанасы,  
Тәуелсіз ел тірегі бас қаласы.  
Әлемді таңғалдырған Елбасының  
Даналық — жаңа онжылдық бастамасы!

Отаны татулықтың ғажап елім,  
Жайнай бер гүлжазира байтақ жерім.  
Жаңалық — жаңа онжылдық  
құтты болсын!  
Нұрсұлтандай Елбасы — дана ерім!

(«Егемен Қазақстан» газетінің 2010 жылғы 2 маусымдағы  
Парламент депутаты Құрманғали Уәлидің «Асқарларға бастады  
елін» деп аталатын мақаласында келтірілген)

**Баян Жанғалов,**  
зейнеткер.  
Астана қаласы

**Заманға сай болайық**

Уа, қасиетті халайық,  
Дүниеге көз салайық.  
Түсініп заман талабын,  
Заманға сай болайық.

Аз уақыттың ішінде,  
Кірмеген адам түсіне,  
Дүние жүзі таң қалды  
Нұрсұлтанның ісіне.

Көңілінен шығып халықтың,  
Кісенін бұзып нарықтың,  
Қатарынан шығарды  
АҚШ, Қытай, Ресейдей алыптың.

Сақтайық, соны сақтайық,  
Сенімін аруақ ақтайық,  
Бәйгеден келген тұлпарды  
Сапарға алыс баптайық.  
Қызғанышқа жол беріп,  
Дұшпанның отын жақпайық.

Нұрсұлтанның бойынан,  
Дария теңіз ойынан,  
Аталар келіп дәм татты  
Өткізген талай тойынан.

Нұрсұлтанның өзінен,  
Халыққа айтқан сөзінен,  
Шуағы күннің көзінде  
Қамқорлықты сезінем.

Жоқтан барды жасады,  
Әлі де алға басады,  
Өнегелі еңбегі  
Ғасырдан ғасыр асады.

Қисынын тауып әр істің,  
Қиынға талай кірістің.  
Қозғал, халқым, соңына ер,  
Жөні болмас тұрыстың.

**Сұлтанбай Жанпейісұлы,**  
Алматы облысы

### Халқымның басын құраған

Халқымның басын құраған,  
Ұлтыма қымбат бұл адам.  
Бақытты болсын ұрпақ деп,  
Алладан әр күн сұраған.

Ел тірегі бұл адам,  
Қиындыққа әркез шыдаған.  
Көзіне күліп тұрып-ақ  
Талайлар оны сынаған.

Бәрінен өтті жаңылмай,  
Елбасы елдің бағына,  
Берген адам  
Халқы да  
Отырғызған тағына.

**Сәбит Төлегенов,**  
фермер

### Елінің асыл перзенті

Жаса қазақ!  
Жаса елі қазақтың!  
Артта қалды барлығы да азаптың.  
Елбасының абыройы, беделі,  
Алып берген сөнбек емес Азат күн!

Жүз елі бар туған Елім — тіреуім,  
Жат емесің бұл өлкеге біреуің.  
Елбасының мүддесімен үндессін.  
Қайсыңның да мақсаттарың, тілеуің.

Қайықтай боп шығып қалған жағаға  
Жаздаған ұлт болғандай-ек жоғала.  
Осындайда басымызды құраған  
Елдің асыл перзенті деп бағала.

Тілің, ділің, намысың мен салтыңды,  
Абыройың, беделің мен қалпыңды,  
Алда әлі сақтай алам десеңдер,  
Елбасыға бағыштаңдар антыңды!

Жерің ғажап, жерің байтақ алып та,  
Елім менің, қай кезде де тарықпа!  
Елбасымен ғасырлардың төріне,  
Туындағы қыран құс боп қалықта!

**Бақытбек Смағұл,**

Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының  
«Қазақстан ардагерлері» қауымдастығының  
төрағасы

### Елбасыңмен бірге бу белдігіңді

Жауға шабар халық ек байрақ алып,  
Бабалардан аруақты айбар алып.  
Иттің құлы итақай пайдаланып,  
Кетпейікші, ағайын, майдаланып.

Өмір көші өткінші, айдан анық,  
Қайда тартып барасың, қайда лағып.  
Оттан ыстық Отанды сүю — парыз,  
Азаматтық қасиет бойға дарып.

Өзімсініп өзгелер өз жеріңді,  
Отаршылап жүрмесін жайлап алып.  
Ине шаншар жер үшін шейіт болған  
Бабаларым — намыстың қаймағы анық.

Бағзы-бағзы замандар бастан өтті,  
Тар жол тайғақ кешуде тайғанадық.  
Көрші елдерді көзіңмен көріп жүрсің,  
Отырғаны шамалы майға жарып.

Атам қазақ қашаннан қасарғанда,  
Жүрегіне намысын қайраған ұлт.  
Аманатын Алланың атқармаған,  
Ертеңгі күн бармағын шайнары анық.  
Ел болдым деп жем болып жүрмейікші,  
Жеке-жеке президент сайлап алып.

Егемен ел көрсетіп елдігіңді,  
Елдігіңді және де кеңдігіңді.  
Қиын кезде қияннан сүрлеу тапқан,  
Елбасыңмен бірге бу белдігіңді!

**Құрбанбек Шаметұлы,**

Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Шардара ауданы,  
Қызылқұм ауылы

### Нұр-ағаға берсін Алла амандық

Еліміз бар еңбек еткен еселі,  
Еңбекші елдің қайтпасын де меселі.  
Ел басқару, елді қорғау істерін  
Астанада ер Елбасы шешеді.

Біздің елді көре алмаған не дейді?  
Қолдан келсе жүрер жолды бөгейді.  
Дағдарыстың кезінде де білеміз,  
Зейнетақы отыз пайыз көбейді.

Жобаларын іске асырып жосынды,  
Қанша мектеп, қанша емхана қосылды.  
Жалақы да айтқанындай ұлғайды,  
Сәбилердің ақшасын да өсірді.

Айта берсем таба берем мысалды,  
Құрылысқа қанша қаржы жұмсалды?  
Оңтүстікті басқан кезде қарғын су  
Мың бес жүзден астам үйді кім салды?

Жаңғыртумен ер Елбасы қоғамды,  
Елім озық 50 елге жол алды.  
Қаншама асфальт, темір жолдар салынып,  
Қанша қала сәулет түзеп жаңарды!

Қуаныштар келе берсін жеріме,  
Нұр-ағаның берері көп еліне.  
Алла жазып 2010-да ел көрсін,  
Қазағымды Еуроодақ төрінде.

Біз қарасақ келешекті бағам қып,  
Біздің елде болады әр кез қоғам нық.  
ТМД-ның мойындалған лидері  
Нұр ағаға берсін Алла амандық!

**Махмұтбай Әміреұлы,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі  
Қызылорда қаласы

### Әр жүрекке қуат берген

Дағдарыстан шығамыз ба дамуға,  
Қиын кезден бола ма жол табуға?  
Елбасының наурыздағы Жолдауы  
Әр жүрекке үміт отын жағуда.

Жер жастанып, көк көрініп, бүрленген,  
Көптен күткен көктемменен бір келген  
Елбасының наурыздағы Жолдауы  
Әр жүрекке қуат берген, нұр берген.

Елбасының наурыздағы Жолдауы —  
Елге деген қамқорлығы, қолдауы.  
Дағдарыстан шығу бағыт, жолдары,  
Арпалыстан ауыр кезгі қорғауы.

Бойымызға Жолдаудан соң нұр дарып,  
Алғандаймыз айқын нұсқау, тың бағыт.  
Дағдарыстан шығу жолы — аянбай,  
Адал термен еңбек ету қиналып.

Дүйім дүние дүрліксе де бұрқырап,  
Қарсы тұрар табылар күш, тың қуат.  
Дағдарыстан шығу жолы — тыныштық,  
Бір-біріңді қолдау, бірлік, ынтымақ.

Көңілдерді тербетеді қуаныш,  
Шарықтайды шартарапқа қиял құс.  
Жолдаудан соң әр жүректе нұр тұнған,  
Сенім, үміт, серпіліс пен мың алғыс!

### Үшқоңыр

Үшқоңыр жасыл жайлау, дала аты да,  
Қоңыр қыр, қоңыр төбе, тау аты да.

Күш берген қасиетті, киелі өңір,  
Талпынған талайлардың қанатына.

Кеңдік те кемеңгерлік бір басында,  
Даладай дарқандық бар тұлғасында.  
Таныған бүкіл әлем Елбасымыз,  
Нұрсұлтан Әбішұлы туды осында.

Жасында Нұрсұлтанды Сұлтан деген,  
Сау болса самғап биік шырқар деген.  
Тұрпаты, түр-тұлғасы бөлек бала,  
Тайында тең боп өсті тұлпарменен.

Үшқоңыр қасиетті, нұрлы мекен,  
Ер ұлың ел бағына туды ма екен.  
Жас Сұлтан еңбекке ерте араласып,  
Әр іске ерте белін буды мекем.

Сүйікті баласының лебіне еріп,  
Сүйіпті Әлжан ана еміреніп.  
Жас Сұлтан қой қайырып, жылқы бақты,  
Еңбекшіл Әбіш әке соңына еріп.

Жас Сұлтан осында өмір сырын ұқты,  
Арайлы нұрмен жүзін жуыныпты.  
Осында қатарынан оза шауып,  
Оятты жүректерден мың үмітті.

Жүзіне алтын арай, нұр сіндіріп,  
Кеудеге ай қондырып, күн сыйдырып.  
Жарқылдап жас Нұрсұлтан өсе берді,  
Әр ісі жұрттың бәрін сүйсіндіріп.

Алдынан шығатындай арайлы күн,  
Көгерді қиындықтың талай жүгін.  
Айтатын болды жұрт та аңыз етіп,  
Ақкөңіл, әділдігін, адалдығын.

Достықты, жолдастықты арадағы,  
Қашанда берік ұстап, бағалады.



Қиналған жандар болса қолын созды,  
Үлкен не кіші екен деп қарамады.

Қайратты, айбынды да айбатты әрі,  
Жарқылдап жүретін-ді, жайнап тағы.  
Ерекше ең бірінші бала болды,  
Үшқоңыр, бүкіл ауыл, аймақтағы.

Жанының жарығы бар енді жаққан,  
Құрметтеп жас Сұлтанды ел де ұнатқан.  
Асырды абыройын ағайынның,  
Айрықша әулетке де болды мақтан.

Әжесі елжіреді «Құлыным» деп,  
Әкесі білді ертеңгі биігім деп.  
Анасы аялады «ақ Сұлтанын»,  
«Отым мен суым алды, тұнығым» деп.

Бәрінің ықыласы бөлек еді,  
Жанынан табылатын демегелі.  
Аяулы әже, әке, анасынан,  
Көп көріп өсті Сұлтан өнегені.

Жүретін маңайына жиып кісі,  
Жақсы істің болды әкесі ұйытқысы.  
Қолынан тамған өнер, сөзге шебер,  
Анасы болды ауылдың сүйіктісі.

Ананың өнегесі бойға дарып,  
Әкенің көп жұмысын қолға алып.  
Тынымсыз ізденіспен, еңбекпенен,  
Жас Сұлтан жақсы азамат болғаны анық.

Мәлім ғой қиын жолды таңдағаны,  
Ана мен әке үмітін жалғағаны.  
Мәлім ғой Үшқоңырдан түлеп ұшып,  
Көгінде күллі әлемнің самғағаны.

Жүйесін, барлық істің жігін біліп,  
Ақыл, ой, парасатпен сүйіндіріп.

Тәуелсіз елге алғаш Елбасы боп,  
Көтерді туған Отан туын биік.

Бас иген нық ісіне нарықтағы,  
Әлемнің сан алпауыт, алыптары.  
Мәлім ғой Қазақ елін көкке өрлетіп,  
Төріне төрткіл дүние танытқаны.

Халқымның орындалып басты арманы,  
Елім де, Елбасым да аспандады,  
Үшқоңыр — жас Сұлтанның тал бесігі,  
Белгілі бәрі сенен басталғаны.

Үшқоңыр, көкке ұшырған дара құсың,  
Есіңе Сұлтаныңды аламысың.  
Мәңгілік биігінде тұрса деймін,  
Жарқырап жас Нұрсұлтан — бала мүсін.

**Тоғтар Зікірин,**  
Петропавл қаласы

### Сөзіменен қабысатын нұрлы ісі

Ел бағына туған жан-ау бұл кісі,  
Сөзіменен қабысатын нұрлы ісі.  
ТМД-ның төңірегінде бірлікті  
Ту көтерген Президенттің тұңғышы.

Бағымызға бергенін-ай құдайдың,  
Ақыл кені шалқып жатқан бір айдын.  
Жас елімнің болашағы үшін де  
Елбасымның амандығын сұраймын.

Қарапайым өскен жанды кеншіден,  
Жан таппаймыз осы күнгі кемсінген.  
Елбасының еңбегі деп білген жөн —  
Озып кетсек маңайдағы көршіден.

Сөйлеп кетсе есе бермес ешкімге,  
Жорғадайын тайпалады қос тілде.  
Бүкіл әлем санасатын онымен  
Бір мәрттік бар, жарасатын кескін де.

Мақсат қойған бар ісінен өте нық —  
Көре алмайды ешкім сірә, қателік.  
Жылма-жылғы Жолдауымен жұртымды  
Бір белеске тастайды ғой көтеріп.

Менменсінген Батысыңа алдырмай,  
Ресей, Қытай жағын да ұмыт қалдырмай,  
Ел тануда, дос табуда, шіркін-ау,  
Шашасына келеді шаң шалдырмай.

Неткен білік, қандай ойлы тереңдік,  
Болашаққа жол сілтеген сенерлік.  
Тұңғыш менің Президентім келеді,  
Қазағыма қол жеткізер кемелдік!

**Айтбүбі Қабдулина,**  
Өскемен қаласы

### Нұрсұлтанға

Ұлы бабам, атам қазақ бұрыннан,  
Ұлылықтың шапағатын ұғынған.  
Ұл туғанда жақсы ат қойып ырымдап,  
Нұрлы үміттің шуағына жылынған.  
Сенің атың Нұр, Сұлтаннан құралған,  
Нұрлы затты көрсе халқың қуанған.  
Жарық сәуле шұғыласын таратқан,  
Күллі жиһан күн көзінен нұр алған.  
Болсын нұрың күн көзіндей қызулы,  
Елді, жерді балқытатын қызуы.  
Елге тұлға азаматтар болғанда,  
Бола бермек өмірімнің қызығы.  
Дидарыңды көрген кезде, қарағым,  
Ақылыңа риза болып қаламын.  
Құтты болсын, алға басқан қадамың,  
Ақ тілегі қабыл болсын ананың.  
Көзі едім көпті көрген көненің,  
Қолды жайып, ақ батамды беремін.  
Үстем болсын, абзал ұлым, мерейің,  
Өрлей берсін ақылың мен өнерің.

**Жомарт Игіман,**

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
Алматы облысы

### Шаттық күйі шартарапқа жол шекті

Тыңда, әлем!  
Салмағымды көр, екше,  
Қазақ елім еңселі һәм ерекше.  
Өсе білдік жылдамдықпен ғарыштық,  
Көтерілдік берекелі белеске.

Қазақиям!  
Келді өркендер кезегің,  
Қиялыммен қияндарды кеземін.  
Алуан сыннан бас тартпады Нұр-ағам,  
Жер-жаһанға танытам деп өз елін.

Тағдырлы елім,  
Қасиетті халқым бар,  
Алға қарай қадам басып аршындар.  
Тыңда тағы мұз құрсаңға тау-шыңдар,  
Тіл қатамын даусым да бар, даңқым бар!

Қабырғалы халқым бүгін танылған,  
Бағзы кезгі жел-құз дерттен арылған.  
Атом-ажал өңешіне құм құйып,  
Бас тартқанбыз ядролық та қарудан.

Қоңсыларым көз қадайды таңданып,  
Жарқын күнге талпынудан талмадық.  
Бекіттік те Отанымның іргесін,  
Тәуелсіздік шежіресін қамдадық.

Астанамен рухтанғанмын, жаңардым,  
Келешекке кірпіш болып қаландым.  
Шаттық күйі шартарапқа жол шекті,  
Құт қойнауын кезіп Ұлы даламның.

Көгім ашық,  
Көңілімде қырау жоқ,  
Жақсылыққа жаршы болсам, жырау боп.  
Елбасымды Көшбасшы деп таныған,  
Ел-жұртымның пейілінде қылау жоқ.

Ежелден-ақ керегеміз кең еді,  
Көшбасшымыз өркенді елмен теңеді.  
Бас-басына би болудан шаршаған,  
Қалың елім Президентіне сенеді.

Бағдар айқын,  
Өркендеймін, өсемін.  
Көш бастаған көсемім бар көшелім.  
Ұлыс болып, ырыс қонып алға бас,  
Қазақиям — менің құтты мекенім!

**Ақберен**

**Тұлғасыз Тұрандағы артық туған**

Кешегі кеңес-ғұмыр — елес бүгін,  
Алаштың айдарынан жел естірдің.  
Жан-Отан абыройын асқақтатып,  
Өзгемен терезесін теңестірдің.

Мұхиттай түпсіз мөлдір дарын-ағын,  
Тереңге бәйтеректей тамырладың.  
Көгердің өз қолыңмен дөңгелетіп,  
Әз, жаңа Қазақстан шаңырағын.

Есілдің қос жағасын армандай ғып,  
Керілген кербез ордам таңғажайып.  
Күйзелтпей, күңіrentпей өз еліңді,  
Кезеңнен алып шықтың алмағайып.

Жүзде жоқ жүз бір ұлыс туысындай,  
Бәрінің көк тіреп тұр туы сынбай.  
Үш жүздің баласына бірдей қарап,  
Бірлігін ұстап тұрсың уысыңда!

Тұлғасыз Тұрандағы артық туған,  
Айласы Абылайға тартып туған.  
Достың да, дұшпанның да тілін тауып,  
Еліңде әрдайымда шалқып жыр-ән.

Шыңдағы жарып шыққан тасты шынар,  
Күндердің жаманы жоқ, жақсысы бар.  
Дариға-ай! Бұл қазақта арман бар ма,  
Нұр-сипат Нұрсұлтандай басшысы бар!

**Жексенбике Ахақызы,**

Алматы облысы

**Ақ тілек айтқан сайын ағыламын**

Асыл сөз көп болса да жинағаным,  
Өзіңе теңеу таппай қиналамын.  
Он алты шөберені еркелетіп,  
Тоқсанға кеп отырған кейуанамын.

Тілегім — байтақ елім бақты болсын,  
Көңіл шат, малымыз да ақты болсын.  
Абырой жолдас болған сапарларда,  
Қадамың әрбір басқан сәтті болсын.

Орындап бабалардың аманатын,  
Таныттың бар әлемге қазақ атын.  
Мерейлі мерекемен құттықтаймын,  
Туылған ел бағына Азаматым!

Жайқалып алтын астық даламызда,  
Артып тұр бүгінгі күн бағамыз да.  
Үмітпен алғы күнге иек артамыз,  
Мың алғыс Нұрсұлтандай данамызға.

Тәуелсіз ел атандық, еркін елміз,  
Тәубе деп әр күн сайын серпілеміз.  
Ту етіп татулықты жүз отыз ұлт,  
Қуаныш, шаттықпенен желшінеміз.

Желбіреп көгілдір ту көгімізде,  
Төрт түлік мал мыңғырды белімізде.  
Аллаға шүкір, бәрі жеткілікті,  
Орнықты бақ-береке төрімізде.

Ақ тілек айтқан сайын ағыламын,  
Шаттықпен ата берсін таңың әр күн.  
Жолдаған дұғай сәлем Бақанастан  
Ананың ақ тілегін қабыл алғын!

**Самиғолла Ғалымұлы,**  
Атырау облысы,  
Индербор кенті

### Үш Анық

Сананы түйткілдерден тазартайық,  
Айтпаған шындық сөзді тартар айып.  
Авторы, сәулетшісі Астананың —  
Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев!

Көрмесек игі істі болар ғайып,  
Келешек мұнымызға тағар айып.  
Авторы «Қазақстан» атты елдің  
Ол және — Елбасымыз Назарбаев!

Тарихты бұрмалаған болар айып,  
Шындықты әділдікпен бағамдайық.  
Айтайық үш Анықты біздер енді,  
Қазақстан — Астана — Назарбаев!

**Сатқанбай Қуаншалиев,**  
жұмысшы,  
Батыс Қазақстан облысы,  
Бөкей ордасы ауданы,  
Сайқын ауылы

### Келесіз ылғи халықты қолдап

Пейілі кең, ақжарқын қазақ,  
Көрді ғой талай теперіш азап.  
Сорлаумен жүріп талпынды өрге,  
Сынбады сағы, болмады мазақ.

Төсінде дала өргізіп қойын,  
Еңбекпен қазақ бекітті мойын.  
Осындай елдің ұлы боп туып,  
Тер төкті жастай, балқытып шойын.

Тәуелсіз елдің ағарып таңы,  
Марқайды халқым жанды да бағы.  
Сайлауда елдің таңдауы түсіп,  
Берілді Сізге Президент тағы.

Халықтың артқан сенімін ақтап,  
Жүресіз әркез оларды жақтап.  
Еліміз өрге адымдап басып,  
Көрінді алдан қарыштап аттап.

Жағдайын елдің әріден толғап,  
Келесіз ылғи халықты қолдап.  
Бұдан биік белеске шықсақ,  
Еліңіз тұрсын алғысын жолдап.

**Сұлтанбек Байдрахманов,**  
зейнеткер.  
Қостанай облысы,  
Қостанай ауданы,  
Октябрь ауылы

**Мен төрдемін!**

Мен төрдемін!  
Мінекей,  
Мен төрдемін!  
Бері бұрыл,  
Қарап ал,  
Кім көрмедің?  
Америка. Сол саммит. Бар әлемнің  
Бас шұлғыттым кішісін, үлкендерін.  
Мол парасат, кең жүрек танытпасам,  
Сөйтер ме едің?  
Ынтымақпен, бірлікпен өркендедім,  
Биігімді көресің ертең менің.  
Азаматым.  
Алашым.  
Азаматым.  
Жалпақ жұртқа жаттаттың қазақ атын.  
Төрткіл дүние тік тұрды Адам ғой деп,  
Бас ауруын әлемнің жаза алатын.  
Үміт туды-ау Күні бар Жер-ананың  
Атом деген тажалдан тазаратын.  
Тоқтау естіп алыптар төгіп жатқан,  
Қырып-жойғыш қаруға қаражатын.  
Үнің айқын естілді құтқаруға  
Ауру менен аштықтан адамзатын.  
Алға шықтым,  
Артта едім, алға шықтым.  
Жаңа ғасыр жалына жармасыпшын.  
Талай рет тарихта танылсам да,  
Тәуелсіздік бағамын алғаш ұқтым.  
Елдігім де, ырыс та ынтымақта,  
Опа табар дауласып, жауласып кім?

Тілге, дінге бөлінбей бірлесуге  
Ұлы дала әлемге жар салып тұр,  
Табысыма барша жұрт тамсанып тұр.  
Қатардамын,  
Мен алғы қатардамын.  
Жарқын екен ертеңгі атар таңым.  
Еңбекқұмар, жасампаз ел екенбіз,  
Көркем етіп көтерген шаһарларын.  
Бейбіт күн мен еңбекті ту етемін,  
Маңдай термен табылар татар дәмім,  
«Кейін тұр», — деп айта алар жаһанда кім?  
Жаңғыртады жапанды жарандарым,  
Бастаушым бар Елбасы — кемеңгерім,  
Бастаушым бар Елбасы — қаһарманым.

Марфуға Айтхожа,

ақын,

Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Үшінші тарау

ПОЛҒАНЫС,  
ПОЛҒАУЛАР

Алланың нұры сүйіп маңдайды ашық

(Елбасының ант беру сәтінен)

Жүректі зарықтырып, талмауратып,  
Алдыңнан Ата жолы жалғанды ашық.  
Жеті жыл,  
Жеті ғасыр,  
Жеті қасиет,  
Ақ жолмен келе жаттың, маң-маң басып.

Ақ жолмен келе жаттың, маң-маң басып,  
Алланың нұры сүйіп маңдайды ашық.  
Халқыңның мейір, тілек,  
Махаббаты ол,  
Қинаса сансыз ойлар,  
Таңдарды асып!..

Ақ түтек, ақ боранды елетпеген,  
Бойдағы қасиетің ерек дер ем!  
Ғасырлар тоғысынан таймай өттің,  
Өзіңнен бұрын ешбір  
Ер өтпеген!

Көз жұмған сондай Ерлік керек дер ем,  
Халқың ғой,  
Хан көтеріп, өбектеген!  
Ақ жолда сенімменен адымдадың,  
«Соңымнан туған халқым еред» — деген!

Дұспан да жайға қалды табалаған,  
Бақытын тек елінен табады адам.  
Отырса, қалың елің Сізге сеніп,  
Ер ғана,  
Ел қадірін бағалаған!..

**Несіпбек Айтұлы,**  
ақын

**Елбасы**  
(Толғау)

Кісімін ата көрген, ана көрген,  
Көтердім көптің жүгін шама келген.  
Батасы Мұқағали қабыл болып,  
Сөзіме қалың елім баға берген!

Төбемнен төңкергендей қара түнді,  
Түлетті тәуелсіздік қанатымды.  
Елбасы арқасында ел жаңғырып,  
Арқаға Астанадай қала тұрды.

Ежелде елтұтқалар ел орнатқан,  
Ұласқан ұрпағына олар — мақтан.  
Елбасы — қасиетті аталы сөз,  
Мазмұны, мағынасы терең жатқан.

Ту тіккен, еңсе тіктеп елдігің ғой,  
Өзгемен терезесі теңдігің ғой.  
Елетміш, Ататүрік даңқыменен,  
Елбасы ұғымының орны бірдей.

Тоқтамас ғасырлардан озған дәуір,  
Тынысын сезінесің жазғанда жыр.  
Кеңестік көсемдерді мансұқ етіп,  
Кетті ғой көсем деген сөзден қадір.

Әр сөздің астарына осы арада,  
Ағайын, ой жіберіп жете қара.  
Тәуелсіз Қазақстан тарихында,  
Тұлғасы Елбасының жеке дара!

Өмірдің судай ағып өзегімен,  
Келеді Президенттер кезегімен.  
Елбасы — Назарбаев егіз ұғым,  
Жасайды мәңгі бірге өз елімен!

Нұр-ағаң өзі салған нұр қаланың,  
Сәулетті бағын ашты бұл даланың!  
Азаттық, Елбасыны, Астананы,  
Белгілі «Бәйтеректе» жырлағаным!

«Бәйтерек» біреулерге ұнамайды,  
«Билікті мақтадың» деп кінәлайды.  
Жырласам Елбасыны айып па екен,  
Көтерген төбесіне ұлы Абайды!

Жырладым Абылайды, Қабанбайды,  
Наурызбай, Бердіқожа, Бөгенбайды.  
Хан Кене, Ақмоланың шежіресін,  
Ту жайлы, теңдік алған заман жайлы!

Жырлаймын тілім барда таңдайымда,  
Астана, еркін өмір, ел жайында!  
Тұрғанда күнім туып аспанымда,  
Биікке мен-дағы бір самғайын да!

Тіршілік жайнағанда таңғы аспандай,  
Жарқырар жырым менің алдаспандай.  
Көрмесек басымызға қонған бақты,  
Болмай ма екі көзді шаң басқандай...

Құлпырып, құбылмайды күнде босқа,  
Мінезі бұл заманның мүлде басқа.  
Тұлғасы Кемеңгердің арқа-тірек —  
Түбі бір, тілегі бір күллі Алашқа.

Азаптың артта қалды сан ғасыры,  
Қазақтың жетті әлемге алғаш үні.  
Дүниенің төрт бұрышын түгел көрді,  
Төрінде көш бастаған Елбасыны!

Дананың жүзеге асып ойлағаны,  
Дәуірдің қайнап жатыр тайқазаны.  
Елбасы, Астананың туған күні,  
Әр қазақ жүрегінде тойланады.



Жұлдызды жыр тумаса жарқылдаған,  
Қайтеді құлақ түріп халқым маған.  
Көк байрақ құдіретті Ер қолында,  
Қыранын күннің нұры алтындаған.

Бабасы көрмегенді көрді қазақ,  
Қанатын кең жаһанға керді қазақ!  
Атынан Ақорданың билік айтып,  
Төраға Еуропаға болды қазақ!

Шығандап, қиыр шеттің танып бәрін,  
Уа, жұртым, шартарапқа шарықтадың!  
Бұл әлем қашан тұтас біліп еді,  
Қазақтай жер бетінде халық барын?

Табынған ата-бабаң көкбөріге,  
Алысып ат үстінде өтпеді ме?!  
Шығарды Нұрсұлтаның тайсалмастан,  
Тәкаппар Еуропаның қақ төріне!

Аспандап атақ-даңқы көкке өрлеген,  
Бүгінді салыстырма өткенменен.  
Төрінде төрелік қып отырған жоқ,  
Бабалар Еуропаға жеткенменен.

Бетіне берекенің шаң жұқтырмай,  
Көп болып қуанайық тарлық қылмай!  
Қазаққа дүниені жалт қаратқан,  
Болған жоқ бұрын-соңды ерлік мұндай!

Жаңылып жүрер жолдың жұлгесінен,  
Өрт шықты талай елдің іргесінен.  
Дауысы сайыпқыран Нұр-ағамның,  
Әлемнің саңқылдайды мінбесінен!

Сан ғасыр осы сәтті елім күтті,  
Талайдың тіккен туын Тәңір жықты.  
Батыры, Бейбітшілік көшбасшысы —  
Данаға басын иді небір мықты!

Қаншама қасіретті жер көтерді,  
Қаһарман өз ұлына ел де сенді.  
Аждаһа полигонның аузын жауып,  
Ғаламдық тұншықтырды зор қатерді.

Елбасы — төбеңдегі бақ жұлдызың,  
Қаратты өз аузына жердің жүзін.  
Сұңғыла саясатпен сара тіліп,  
Ерітті тарихтағы тоңның мұзын.

Көп ұлтты Қазақстан ерді Ұлыға,  
Ұрпаққа ер еңбегі мәңгі мұра!  
Бір жерге барлық діннің басын қосып,  
Әлемнің ықпал етті тағдырына!

Тудырған қайталанбас алып тұлға,  
Қазақтай бақыты зор халықтың да.  
Самғайды алтын топшы Самұрығы,  
Қанатын болашаққа қағып тура.

Ұлт барда ынтымағы бұзылмаған,  
Тарихтың өшіре алмас ізін заман.  
Жел ескен айдарынан ел-жұртымды,  
Тіл-көзден аман сақта, Қызыр бабам!

Адаспай салтымыздан халық тұтқан,  
Елдіктің қасиетін таныттық сан.  
Жеткізген осы күнге, уа, қазағым,  
Өз ұлың өзегіңді жарып шыққан!

Секілді заңғардағы тау барысы,  
Нұрсұлтан — ел тірегі, ел намысы!  
Адамның бұл өмірде арманы жоқ,  
Халқының бола білсе қорғанышы!..

Өз қолымен тіккен ту

(Елбасы Н.Назарбаев Наурыз мейрамында Л.Н.Гумилев атындағы Ұлттық университетінде болып, жыл басын оқу орны ұжымымен мерекелеуі кезінде оқылған өлең)

Алдымыздан бақыттың ашылғалы қақпасы  
Қамаудағы тұлпардың сыпырылды ноқтасы.  
Сіз келгенде, Нұр-аға, жыр төгілмей тұра ма,  
Тебіренді біз түгіл Күлтегіннің көктасы!

Жебеуімен аруақтың, әмірімен Алланың  
Орындалып арманың, үзілгенді жалғадың.  
Әулиелер қолдады, періштелер қорғады  
Алтын тақтың тұғырын, алдаспанның балдағын!

Самұрықтай самғадың, шаршамастан шарладың  
Қара жердің бер жағын, көк мұхиттың ар жағын.  
Айбатыңды асырып, алыптармен теңестің,  
Таразыңа тартқанда ел-жұртыңның салмағын!

Тар кезеңде қайысса қабырғасы халықтың,  
Хас батырдай топ жарып, тектілікті таныттың.  
Ту сыртыңнан қараса дұшпан көзі сұқтанып,  
Құдіреті қорғады бабаң киген сауыттың!

Егескенде ел үшін Едігедей озғаным,  
Мың жыл жатқан тапжылмай қара тасты қозғадың.  
«Абылайлап!» алаштың жоғалтқанын түгендеп,  
Жыртылғанын жамадың, жаңаладың тозғанын!

Шалқып жатыр көл-көсір қазағыңның даласы,  
Шарпысуда қоғамның ескісі мен жаңасы.  
Көш басында болмаса кемеңгері — данасы,  
Алты құрлық секілді алты Алаштың баласы.

Бөлінгенді бөрі жер, жарылғанды жау алар,  
Айтып кеткен бұл сөзді бұрынғы өткен бабалар.

Берекесі еліңнің құтты болсын, Нұр-аға,  
Он жыл еткен еңбегің бір ғасырға барабар!

Кең әлемге тараған абыройлы даңқың бар,  
Қабағыңа қараған қасиетті халқың бар.  
Қадіріңді білетін ұрпақтардың қолында,  
Өз қолыңмен тіккен Ту мәңгілікке жарқылдар!

**Нұрғожа Ораз,**  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

**Елдің қамын Елбасы асқақтатты**

Әкем айтқан қағида құлағымда,  
Ұмытылмас өмірлік ұлы ағында.  
«Бірінші Алла, екінші патша» дейтін.  
«Солар берер халыққа шырағын да».

Сол қағида бүгінде маған ұран,  
Таба алмаймын тап содан бағалы жан.  
«Патша» демей, Президент атандырдық,  
Бағдарым сол — айтайын адалынан.

Керек болса жолына жаным пида!  
Құрбандық бол мал-мүлік бәрін қи да.  
Халық сені ақын деп ардақтаса,  
Сол халыққа тартылар арың сыйға.

Ал халық пен Елбасы егіздейін  
Біріккен ғой!  
Өйтпесе неге іздейін?  
Елдің қамын Елбасы асқақтатты  
Халық оны тербеді теңіздейін.

Ұлы дала күткен ұл осы емес пе!  
Елбасына ел-жұрты досы емес пе.  
Көшбасшысы қазақтың дара туған,  
Ол бар жерде орын жоқ бос егеске.

Тыныштықтың әр күні ғасырға тең,  
Сол әр күнге кірсеңіз асыл да кең.  
Тыныш еңбек, тәуелсіз ақыл-ойың  
Қуанышпен жарқылдар жасынға тең.

Бағалай біл, ей, халық, бейбіт күнді,  
Өсегіңмен күтесің кергіп кімді?  
Аз ғана жыл алаңсыз күн кешіп ең,  
Отқа сала жаздайсың елдік сынды.

Қарапайым халыққа шуақ керек,  
Қоныс тепкен секілді бұлақты елеп,  
Шаң жуытпас Елбасы атағына,  
Тыныш ұйқы, орнады жұмақ демек.

Сол халықпен үндесіп мен де жүрмін,  
Сол халықты данаға тең деп білдім.  
Елбасы да соларға елжірейді,  
Шуағы мол болсын деп келмек күннің.

Халқым десе қырандай қанат қағып,  
Ақыл-ойдан еселеп талап бағып,  
Жаңа сүрлеу іздейді қия шыңнан,  
Әр өткелге алтын ой санап тағып.

Сол азамат бақытқа бастап елін,  
Артқа тастап келеді асқар белін.  
Соған бір сын таянса — мен құрбандық,  
Халқына ол әпермек бақыт төрін!

**Мәди Қайыңбаев,**

ақын,

Жастар одағы сыйлығының иегері

**Қазақстан – Гүлстан**

(триптих)

**I**

Қоп-қою қызыл іңірде әдейі жарықты өшіріп, түп-тұнық нұрды сіміре тыныштыққа үнсіз қосылып, Елбасы тұрды ойланып зерленген терезе алдында. Қызыл жел қарды суырып, еңсесі түскен талдың да... Топ қайың кешіп ымыртты, күбірлеп бейне тұрғандай. Бейуақ көшіп тұнықта, көңілді мұңмен жуғандай... Күндіз де емес, түн де емес, бояулар баяу тоғысқан. Қуаныш та емес, мұң да емес, шарпысып сезім соғысқан... алып та алтын сарайда, созылған күрең үстелі, үстіндегі «Алтын адам» да айбарлы, неткен сұсты еді!

– Еһ, неткен айбарлы едің, Алтын адам,  
Ұғамын жаныңды мен жарқыраған!  
Халқың аман жеткізген даңқыңның да  
Белгілі нарқы менен парқы маған!

Сақ болды сенің елің айбары асқан,  
Қиялы қырды кезіп, ойға қашқан!  
Бабылды бағындырып, Нілді кешіп,  
Жолына жарық нұрын жайған аспан!

Иранды Томиристер дірілдетіп,  
Тұранды ен жайлады дүбірлетіп,  
Қалқан ғып айдарлысын қалың елге,  
Гауһар ғып тұлымдысын күлімдетіп!

Ғұн болды содан кейін — Күннің Ұлы,  
Зор даңқын жұмыр жердің білді құлы.  
Құлдық ұрып жолында жапырылып,  
Жауының бірі жылап, күлді бірі.

Ер Еділ Қырымды алды, Ұрымды алды,  
Ұмтылып Ұрым жаққа бұрын барды!

Жалғанмен хош айтысып сен кеткенде  
Артыңда Ер Еділдей ұлың қалды.

Содан соң сенің елің түрік болды,  
Жалғанға қан уыстап күліп келді!  
Үріккенді жуатып шуағымен,  
Жылқының түгіндеі боп бірікті енді!

Кім білмес Күлтегін мен Тоныкөкті,  
Ел-жерін қызғыш құстай қорып өтті.  
«Ел үшін жан пида, ұғын соны» депті,  
Біздерге сөзі менен жолы жетті.

Тарихың содан кейінгі ала-құла,  
Жазылды талай нәрсе таланыңа.  
Бір жеңіп, бір жеңіліп өшпеді елің,  
Артыңда қалды-ау алып дала мына.

Далада қарақұрым халқың бар-ды,  
Қамыстай қалың найза жарқылдар-ды.  
Амал не... ұғынбастан бірлік мәнін,  
Жөн көрді билік қуып алқынғанды.

Баязит, Әмір Темір, Тоқтамыс хан,  
Шаршады бір-біріне аттаныстан...  
Намыс пен билік үшін от та құшқан,  
Намыс пен билік үшін оққа да ұшқан.

Жарады халқыма сол сабақ болса,  
Тарихым басқаша енді парақталса!  
Ұраным тек бірліктен сабақталса,  
Ұланым бірлікті ойлап талаптанса.

Ұғынса тәуелсіздік мәнін олар,  
Елімнің сәні болар, бағы қонар.  
Қағып алар жақсының жақсылығын,  
Жанына керегінің бәрін алар.

Еһ, сол күн жетсе екен деп арман етем,  
Бар ма арман елін сүйген жанға бөтен!

Батырған байлық, баққа өз Ұлысын  
Ұландар, Алтын адам — тарлан екен!

Болған ғой дәулетің мол, халқың аман,  
Еһ, неткен бақытты едің, Алтын адам!  
Көшіпсің жалғаннан да қоңдыраулатып,  
Апталып тұла бойың жарқыраған!

Шөпілдеп аспанымда күнім күліп,  
Еркіндік босағамнан бүгін кіріп  
Тұрғанда...  
Мен де Сені қақ төріне  
Көтердім қақ төріне ырым қылып!

Қуаныш пен шаттығы көңіл керней,  
Қазағым көкке шықсын өмірде өрлей!  
Тәуелсіздік туымыз берік болып,  
Е, Алла, жан бабамның жолын бергей!

Оңаша. Ымырт. Күбірлеп, «не болған маған бүгін» деп, Елбасы жүзін сипады «Қазағым — менің күнім!» деп...

Оңаша. Ымырт. Нұр бөгіп, Елбасы іштей тұрды еріп. Арманға толы тағы бір жазылды әсем күнделік... «Қазағым — менің күнім!» деп...

## II

Дәл осы сәтте, лағылдан алқа тағынған, сағынған қала бағында жас ақын да ойлы отырды арқалы, асау шағында. Ағылған жанға қадалып, сағынған сезім нәр алып, қиялы асып қияға, шаттанып, кейде қабарып, ойлады елін бұл-дағы, толғады жерін бұл-дағы, өзінше бұл да «Елбасы», Отанның бұл да — құрбаны! «Қағанмын!» деді күбірлеп. «Тақ алдым, — деді, — бүгін бек! Тәуелсіз елмін! Қағанмын! Дұшпаның, — деді, — маған кім!». Оқыды сосын өлеңін, «Беріңдер, — деді — бағамды!».

Жұрт қарады сүйсіне, қызғана да,  
Өзім соққан әдемі мұз қалаға.  
Бізде ғана болатын Ұлы кентсіз  
Ұлысыңда артыңда із қала ма!

Қақ төріне отырдым қаған болып,  
Жапырылды қалың жұрт маған келіп!  
Қағанаттың күшіне болды риза,  
Біреуі — іні, ал бірі ағам болып!

Көк тіреді сарайлар жарқын, биік,  
Тақ алдында ойнады алтын киік.  
Батырларым бақыттың парқын біліп,  
Ақындарым жыр шашты халқын жиып...

Тақта отырып ойладым сонда оңаша,  
Болмаса екен алдамшы жалған аса!  
Таң-тамаша қаламын... көрген түстей,  
Аман болса, халқым тек сорламаса...

Қошаметтеп жан-жағым аға көріп,  
Ұйый түсті Ұлысым маған еріп!  
Ел де түлер... Қала үшін төктім қажыр,  
Келбетіне қоссын деп жаңа көрік.

Көз жауын ап дүние құлпырғанда,  
Көк аспанда шөпілдеп нұр тұнғанда,  
Жұрттың аузы енді-енді аққа жетіп,  
Үлкен-кіші ұлы іске ұмтылғанда:  
— Ниетімді қолдай гөр, уа, Алла! — делік.

## III

Дәл осы сәтте... баудан да, қашық Алатаудан да, бас қойды кәрі сәждаға тоғызыншы ықшам ауданда. Әжімді қолы дірілдеп, қол жайды әже күбірлеп: «Арқаға сүйреп әкелген аман бол Елім, Ұлым» деп...

Өтеген Оралбайұлы,  
ақын

### Елбасы Екібастұзда болғанда...

1993 жылғы желтоқсан айының 22-ші жұлдызында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Екібастұз қаласындағы алып ГРЭС-тің алғашқы кезегін іске қосу салтанатына келді. Ел өміріндегі осынау қуанышты сәттің куәсі болуға бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері де көптеп шақырылған болатын.

Сарыарқаның аязды-желді күнінде алқабы аспанмен астасқан көмір кенішінің ой мен қырын аралаған қалың қаламгерлер қауымы сол күндердегі қауырт кезең мен қарбалас шақтарды әлі ұмытпаған болар деп ойлаймын.

Ауа райының қытымырлығына қарамастан, Елбасы осы қуанышты сәтте ерекше нұрланып, емен-жарқын көңілді жүрді. Алып кеніштің қуатынан от алған жарық кең байтақ қазақ даласын жаңа нұрға бөлеп жатты.

Келесі бір кезекте, орталық басқару жүйесіне келгенде, Елбасы жан-жағына қарағыштап, әлдекімді іздегендей болды. Бір кезде қаз-қатар тізіліп отырған мамандардың арасынан көптен күткен бауырын көргендей, жанары жарқ ете қалды. Басқару тетігінің ең шетінде, елеусіздеу ғана мүйісте бір қазақ баласының бет-әлпеті көрінді. Ағасының ойын айтпай түсінген бозбала орындығынан оқыс қозғалып:

— Аға, біз әлі-ақ жетілеміз, — деп саңқ ете түсті.

### I

Екібастұз,  
Ертегім сен екенсің,  
Екібастұз,  
Ертеңім сен екенсің.  
Көкірегі көл-көсір кен екенсің,  
Кеудесінде оты бар жер екенсің,  
Сарыарқаға тұғырлы мөр екенсің,  
Сағынғанға тұғырлы төр екенсің,  
Бабалардан айналдым сені берген,  
Бақытым да, барым да көп екенсің.

Таңдай қақтым сенімен тілдестім де,  
Самғай бақтым салтанат күн кештім де,  
Көзін көрдім сұқтанған күндестің де,  
Сөзін көрдім сауатсыз білместің де,  
Екібастұз,  
Ата жер, айналайын,  
Егеменсіз шақтарда мұң кештің бе?

Соны ойлап ем,  
Жанымды желбіреттің,  
Сағыныштың сағымын селдіреттің,  
Келімсектің күлкисін көлгір еттің,  
Қара көмір ішінен сәуле көріп,  
Қара көзім, мен сені мөлдіреттім.

Мөлдіреттім жасымды,  
Жасыра алман,  
Жасыра алман, емес ол жасығаннан.  
Өз аузыма жетті-ау деп өзі қолым,  
Қуанғаннан жылағам, тасығаннан.  
Қара дала.  
Қара шаң.  
Қара көмір.  
Қара орманын қадірлер басы бар жан.

Қара жұртым,  
Қара орман қазынамыз,  
Тарихқа өшпестей жазыламыз,  
Тарихқа көп біздің базынамыз,  
Атажұртты алудың араны еткен,  
Алпауытқа қашанғы жалынамыз!

Әз жұртына аянбай кен тасыған,  
Кеншідейін қайламен жер қасыған,  
Қиындықты серпіген жолдасынан,  
Отын жаққан даланың осы кеште  
Ұққандаймын талай ой Елбасынан.

Сабақ болып жалғасып баламызға,  
Садақ болып кезендік сан аңызға.

Екібастұз,  
Елбасы жүрегінен  
Жарық болып жүгір сен даламызға,  
Қарық болып қалсын бір даламыз да.

Пиғылы жат жан көрсем ісінемін,  
Парасатты жан көрсем, кішіремін.  
Тәуелсіздік,  
Сен сұңқар құсым едің.  
Ардағым да, арманым, күшім едің,  
Екібастұз арманын шарлап кеткен,  
Елбасының жүрегін түсінемін.

Басқаратын бас алаң.  
Кімді іздедің?  
Кейде күңірт тартқандай күндіздерің.  
Кісідегі кілтті іздеп, көп сабылған,  
Осы шығар ойыңды білгізгенің?

Айналаға Елбасы көп қарады,  
Талай жан тұр,  
Біріне тоқтамады.  
Бас инженер бәйпеңдеп, бәйек болып,  
Бір нәрсені айтуға оқталады.

Талай ойды таба алмай кетем іздеп,  
Ел емеспіз, әрине, жеке жүзбек.  
Бір жас ұлан Елбасы ойын оқып:  
— Қамықпа, аға, біз әлі жетеміз деп,  
Саңқ еткенде санаға өмір берді,  
Балқытқандай балқымас темірлерді.  
Жалт қарады Нүрекең,  
Жаны шалқып,  
— Бәрекелді!  
Деп сосын көңілденді.

## II

Екібастұз.  
Елбасы.  
Дүйім халық.  
Жақсылықтың жолына сыйынды анық.

Терістіктің суығын теліп айдап,  
Терісқақпай ой жатқан қиырланып,  
Бағаналар басына шырақ жағып,  
Тұрды Елбасы дәуірдің күйін бағып.

— Ал, қарағым Нұрсұлтан,  
Нұрың жансын,  
Халқымыздың бағына бұйырғансың.  
Ата-баба, аруаққа сыйынғансың,  
Екі жасқа шыққан бұл елдігіміз,  
Тарихтың төріне тұғырлансын.

Оны және дәл өзің тұғырлайтын,  
Халқымыздың дәстүрі ырымдайтын,  
Тұлпарлардың заманы құлындайтын,  
Нұрлы Сұлтан сен болшы, алтын көрсе,  
Адаспайтын, айналып бұрылмайтын.

Асыл ұлым,  
Асқарым аласармас,  
Қазақ пе екен қиянға қала салмас,  
Пенделер көп өзіңмен таласа алмас,  
Жаратқанның бергені сен боларсың,  
Жүрегіне жұртының жара салмас.

Талай уақыт тағдырға қол артқанбыз,  
Тілектің де талайын жолдатқанбыз,  
Етек-жеңді жия алмай мол жатқанбыз.  
Тілек қабыл,  
Бірзамыз, баталы бол,  
Ақ сақалды абыз бол — аталы жол.  
Ұлылардың атақты қатары бол,  
Арқандағы парызың — ата халқың,  
Ана сүтін ақтаған жоталы бол!

Деп төгіліп батасы таңдайынан,  
Шашу көңілі төгіліп шалғайынан,  
Қарқаралы қарт ана еміреніп,  
Елбасының сүйді кеп маңдайынан.



Көңілімді бір толқын керіп кетті,  
Елбасының жаны да еріп кетті.  
Әлжан апам тұрғандай дәл алдында,  
Құшағына Ананың еніп кетті.

Ел екенбіз бір ауыз, бір ұранды,  
Туғыза алар тамаша ұлыларды,  
Желтоқсанның желкемік сол күнінде,  
Нұрсұлтанның жарқырап нұры жанды.

Сағынышы жанымда санат құрды,  
Көрдім сонан мәңгілік абат-нұрды.  
Елбасының көңілін шын түсінген,  
Екібастұз қуанып қарап тұрды.

«Сарыарқаны» тарттым мен аңыратып,  
Арынымен дұшпанды қалтыратып.  
Екібастұз,  
Елбасы,  
Елім менің,  
Жүрегімді жақтым мен жарқыратып!

**Сәбит Досанов,**

*М.Шолохов атындағы халықаралық  
сыйлықтың иегері*

**Ғасырларда туар сіздей данышпан**

*(Толғау)*

*Астана жұртқа дабылың  
Хабарың тегіс білінді.  
Досың түгіл дұшпаның  
Айта алмас тауып мініңді.  
Қолда тұрған алтынсың,  
Біле алса халқың пұлыңды.*

**Сәттіғұл**

**I**

Қайраты қайтпас, айбыны бейне арыстан,  
Жасаған нұсқа халқына ұлы барыстан,  
Қазақтың елін танытқан бүкіл әлемге,  
Ғасырларда туар Сіздей данышпан.

Сіз — Нүреке, өз Тәукенің көзісіз,  
Ең ұлы хан Абылайдың өзісіз.  
«Нұрсұлтанға тең келетін патша жоқ!»  
Деп айтатын көпшіліктің сөзі шын.

Түркі әлемі дейді Сізді айбатты ер,  
Жасыса елдің намысын жанып, қайрат бер.  
Жарты жылда жаңа Астана жасаған,  
Ғасырларда турар Сіздей қайратты ер.

**II**

Әуелден жаның жомарт, биік едің,  
Көңілдің күмбірлеген күйі ме едің,  
Ең алғаш Қарағандыда көрген кезде-ақ,  
Мен Сізді ақылман деп сүйіп едім.



Көз жазбай заманадан, құбылыстан,  
Қараймын шыққан күнге күншығыстан.  
Есіме Күн түскенде Сіз түсесіз,  
Сағындырып көзіме бұлбұл ұшқан.

Ту тіккен Сарыарқаның жазығына,  
Бас ием ұлы Астана мазмұнына.  
Екі мың отызыншы алыс емес,  
Орнайды бақытты өмір жазы мұнда.

Сезімің ел деп ылғи алып ұшқан,  
Кезің жоқ қателескен, жаңылысқан.  
Сізден асқан шешенді көргенім жоқ,  
Өмірлік Досыңызбын жаны ұғысқан.

Айтсақ біз ақиқатты жасырмастан,  
Данасыз барлық ұлттың басын қосқан.  
Сізден асқан көсемді көргенім жоқ,  
Бар ісің аңыз болар асыл дастан.

Қиындық келген кезде жасымаған,  
Бақытқа басы айналып тасымаған.  
Бастаған ұлы көшті болашаққа,  
Туар ма дәл өзіңдей асыл Адам!

Бірлік — бақыт, ынтымақ — ырысымыз,  
Жазылар тарих болып ұлы ісіңіз.  
Өз көзіммен көрдім де, жайдым елге,  
Шетелде де жемісті ұлы ісіңіз.

Жасыңнан ұлы ерлікті тұғыр еттің,  
Еңбексіз өткен емес бір рет күн,  
Халықтар бақытының бағбаны,  
Мен Сізді жырлап өтем, күдіреттім.

Көсемсіз берген елге рең, көрік,  
Тұрмасын хас тұлпарлар жүгенделіп.  
Бастан бақ, астыңыздан тақ кетпесін  
Жасай бер, бар арманың түгенделіп!

Дукен Мәсімхан,  
ақын

### Алаштың асқақ айбыны

Ау, Нұр аға, Нұр аға,  
Алты Алашқа пір аға.  
Құтты болсын тағыңыз,  
Көтерілсін бағыңыз!  
Арнадым саған, жыр, аға,  
Құлағыңды түр аға:

Сен, сен едің, сен едің,  
Асып туған ер едің.  
Езіліп кеткен еліңді,  
Жетелі іске жебедің.  
Сен, сен едің, сен едің,  
Ел тізгінін қармаған,  
Шабысыңнан танбаған.  
Қара қазақ қамы үшін,  
Шаршы әлемді шарлаған.  
Болашағың да болар-ды  
Бала шағыңда барлаған.  
Ақылы айдын кемелім,  
Әбес іске бармаған.  
Мұзбалақ қыран сен едің,  
Қанаты қанша қақса талмаған.

Уа, Нүрекем, Нүрекем,  
Дүние қолдың кірі екен.  
Алданып қалып аяра,  
Өзіңді теппе өзекке.  
Алаштың қамы қашанда,  
Алғашқы болсын кезекте.  
Өзіңе мәлім жайымыз,  
Оңынан туып айымыз,  
Солынан туды күніміз.  
Шала бір жанар жаны бар,  
Тірілсін енді тіліміз.

Түтіліп түте тоз болған,  
Түлесін енді діліміз.  
Етекте қалған еленбей,  
Төрлесін енді дініміз.  
Өрлесін енді үніміз.  
Имандай сеніп арыңа,  
Тізгінді бердік тағы да,  
Отырдың солай тағыңа!

Уа, Нұр ағам, Нұр ағам,  
Жаны бар жайсаң — жыр алаң.  
Елінің мәңгі бақытын,  
Алладан күнде сұраған.  
Сен, сен едің, сен едің,  
Сабыр-төзімге кененім.  
Елім деп өттің еңіреп,  
Еңсегей туған ер едің.  
Нұр егем десең еліңе,  
Гүл егем десең жеріңе —  
Қысылсаң ақыл бермейтін,  
Қамшыламай желмейтін,  
Нұсқаламай көрмейтін,  
Айтқаныңа көнбейтін,  
Құлқынын ғана жемдейтін,  
Тексізден уәзір жинама!  
Өзіңді өйтіп қинама!  
О, Нұрекем, Нұрекем,  
(Мансап та қолдың кірі екен.)  
Сүттен аппақ арыңды,  
Ақ жүректен жыр етем,  
Көңіліңді сөйтіп түлетем.  
... Бақыт па, сор ма осымыз,  
Бір жағымда самұрық,  
Бір жағымда аждаһа...  
Тігілді қатар қосымыз.  
Ең жақының кім болса,  
Әуелі содан шошыңыз.  
Құп десе көңіл қошыңыз,  
Сөзіме құлақ тосыңыз:

Не бітеді құқаймен,  
Не табамыз құқаймен?!  
Баяғы бабай билердей,  
Шыжымдап тартып, ши бермей,  
Талай тайғақ өткелден,  
Оралдың толық ұпаймен.  
Есіңе енді саларым,  
Ойнасаң да орыспен,  
Қалжыңдаспа қытаймен!  
Аман болсын ел десең,  
Бүтін болсын жер десең —  
Сөзіме құлақ түргейсің,  
Шығыстан байқап жүргейсің,  
Шүршітті мықтап білгейсің.  
Ең үлкен уәжім осы еді,  
Осы бір жерім бос еді...  
Демеңіз әсте, Нұр аға,  
Маңайдың бәрі дос еді...  
Жетсе Сізге бұл тілек,  
Дүкеннің көңілі қош еді!  
Бүгінгі күнін мүлде азат,  
Сақтаймын десе бұл Қазақ,  
Нұр аға, Сізге сенеді,  
Сенеді, Сізге ереді.

Нұр аға, Сіз де «Ел!» дегей,  
Ел үшін ғана терлегей.  
«Шылыққа» орын бермегей.  
Алаштың нұрлы ертеңін,  
Алақанменен тербегей!

**Қаныбек Сарыбаев,**  
Оңтүстік Қазақстан облысы

**Гарант**

Хош келіпсіз, Нүреке!  
Қуанышты бұл өте:  
Жадырап жаз жеткендей,  
Жер-жаһанды түлете!

Оңтүстікте еліміз,  
Сау-саламат деніміз.  
Сізге құлай сенеміз,  
Сіз де бізге сеніңіз!

Ұлы,  
Орта,  
Кіші де,  
Сүйсінеді ісіңе!  
Көре алмаған дұшпанның  
Түз күйылсын ішіне!

Тереземіз теңелді,  
Қазақ деген өнерлі  
Халық барын дүниеде  
Білмейтіндер кем енді!

Көк байрағым көгімнен,  
Толқынданып төгілген!  
Қара жердің қақырап  
Қабырғасы сөгілген!

«Мұсылмандық әсте-әсте,  
Кәпір болу бір пәсте»,  
Түсінбеген осыны  
Түйсігіміз дімкәс емес пе?!

Майдандардан мылтықсыз,  
Ап шықтыңыз мүлтіксіз.

Әрбір қазақ баласын  
Сақтауға шын ынтықсыз.

Ақылыңа хайылмын,  
Бізді қалай айырдың  
Аждаһаның аузынан,  
Тырнағынан аюдың?!

Мықтап Мәскеу, Пекинді,  
Ашып алдың бетіңді.  
Жүрегіміз орнына  
Енді түскен секілді.

Түркістаным тірілді,  
Беті бермен бұрылды!  
Алба-жұлба шапанын  
Жаңалады бұрынғы.

Ептеп мініп Барысты,  
Алмақшымыз алысты.  
Қазақ ғарышкерлері  
Жерді айналып жарысты.

Атасына анық тең  
Қамқорына халық кең;  
Сізді де Ата Түріктей  
Жазады алтын әріппен!

Бәрі бүгін Алашшы,  
Талай ұрсып-жарасты...  
Демократия осы екен,  
Әрі тәтті, әрі ащы!

Бақытым ба, сорым ба,  
Таласамыз орынға...  
Қазағымның тағдыры —  
Қазақтың өз қолында!

Достығы жоқ ат құрлы  
Жігіт жәйлі гәп түрлі...

Сізден орден ап тұрып,  
Өзіңізге дәп қылды.

Отырмай бос тізерлеп,  
Етейікші біз еңбек;  
Бірлі-жарым кемшілік  
Жүре-бара түзелмек.

Өзіңізбен ілесе,  
Жұрт жабыла тілесе —  
Мерейіміз қалайда  
Асқақтайды мың есе!

Айнымасқа бар анты,  
Ел үстінде таланты;  
Назарбаев Нұрсұлтан —  
Елдігіміз гаранты!

Қазақия тарихын  
Бүкіл әлем танитын  
Ғасыр Президентіне:  
— Ас-са-лау-ма-ғалейкім!  
Ас-са-лау-ма-ғалейкім!!!

**Нұрмахан Назаров,**  
С.Ерубаев атындағы әдеби музейдің меңгерушісі

### **Нұрсұлтан және Түркістан**

*(Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың  
жәми түркі мұсылмандарының ежелгі астанасы —  
Түркістанға айрықша қамқорлығына орай)*

Шаһарым шалқалауға шақ қалғанда,  
Аңсаған армандай боп атқан таңда,  
Президент назарынан бір тал сәуле  
Ұқсаған қараңғы үйде жаққан шамға.

Жатқандай топтап қонып ақ шағала,  
Келеді бой көтеріп аппақ қала.  
Құрандай сүйген Қарашаңырақты  
Сақтай гөр Нұрсұлтанды, Хақ-тағала!

Түркістан, сенің жүзің жайнасын деп,  
Елбасы пәрмен берді пайдасы көп.  
Көшеңді алақанмен ысқылаймын,  
Қазақтың руханият айнасы деп.

Бір жарым мың жыл өткен тарих:  
Бұл жерден тарап сыртқа кеткен халық.  
Солардың іздеп бүгін ұрпақтары,  
Қауышқан Түркістанда неткен бақыт!

Жоқ бүгін бағзы заман, тағы заман,  
Бектері, төрелері тағы жаман.  
Жәдігер — жауһар мекен, жәннат мекен,  
Өткізіп он бес ғасыр бағы жанған.

Қол жеткен тәуелсіздік арқасында,  
Шадыман шаттығым тез тарқасын ба,<sup>3</sup>  
Шежіре шерте берсем таусылмайды,  
Тарихтан таңба қалған әр тасында.

Ел қорғап ұшыменен ақ найзаның,  
Намазын түгендеген қай қазағым?!  
Ойыңда болса бүгін мұсылмандық  
Жаюлы Түркістанда жайнамазың!

Тілеп ап соғысқұмар сор басына,  
Зорлығы-зомбылығы зор ғасырда  
Ерекше көңіл қойған — көрегендік  
Ту тіккен хандарымның ордасында!

Беу, халқым, күліп атып тұрсын таңың,  
Кең ойлап көсем елдің жүрсін қамын.  
Бірігіп, бір ұғым боп бара жатыр,  
Түркістан мен есімі Нұрсұлтанның!

Түс

Тауды кезіп жүр екем,  
Айналам ғажап нұр екен.  
Биікке қарап таң қалдым:  
Елбасы көз сап тұр екен!

Маңайы толған лала гүл,  
Таулы, нұрлы дала бұл!  
Қулықтың төсін шиырлап,  
Сенбессің айтсам, дана жүр.

Маңдайға жазған бақтайын,  
Жәннат па дерсің дап-дайын.  
Құс біткен түрлі ән салып,  
Тербелген шырша, ақ қайың.

Тілдеспек болып ұмтылдым,  
Бір отырып, бір тұрдым.  
Ойладым сол сәт, толқыдым,  
Жаныма жайлы нұр тұнды.

Елбасын көріп түсімде,  
Сан ойлар тулап ішімде,  
Тек жақсыға жорыдым,  
Алға басар деп ісім де.

— Бір Құдайдың ісі ме,  
Нұрағаң еніп түсіме,  
Қасында жүрсің, бауырым,  
Айтып тұрмын білсін деп, —

Деген Тортай ағам кеп,  
Ізгілік ойлап маған тек.  
«Жақсы түс көрсең, жори біл»,  
дейтін-ді ғазиз анам көп.

Елімнің құты — Нұрағам,  
Нұрыңа бөлеп жүр аман.  
... Түсінде көрер мың адам,  
Жақсылық ойлар жүз адам.

**Сайын Тоқтамыс,**

Абай-Шәкәрім мемориалдық кесенесінің  
бас құрылысшысы

**Қазақ халқына бақыт тілеймін!**

Араб елінің патшасы Қағба қақпасының алдында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа: «Кіргеннен кейін Аллатағаладан шын пейіліңізбен беріле үш тілек тілеңіз, Жаратқан қабыл алады», — депті...

... Ақ тілеулер кетті қамап анталап,  
(Көлеңкедей кешкігұрым, зәнталақ).  
Еділ,  
Жайық,  
Ертіс пен Сыр,  
Жетісу —  
Елес берді байтақ елі, шартарап.

Неткен шексіз бір бастағы тілеулер!  
Құранды жұрт...  
лай сулар...  
жүдеу жер...  
(Ең бақытты уайымсыз жан ғой деп  
Ойлайды-ау, әлдеқандай біреулер).

Бір-ақ сәтте ойы кетті шарқ ұрып  
(Не іздейді талай тілек бар ғұрып)...  
Ол не еді, жүректегі қорғасын,  
Ойлағанда қалатындай қан тұнып?..

Сол мезетте бойды кернеп — күш, леп  
(Бұндай сәтті сезімді жан түсінед) —  
Ақ тілек боп үш тілектің орнына,  
Айтылыпты бір-ақ тілек үш рет:  
— Қазақ халқына бақыт тілеймін!  
— Қазақ халқына бақыт тілеймін!  
— Қазақ халқына бақыт тілеймін!

... Арманды жан ой орманын көп кешер,  
... Нағыз ақты сәуле десер, сүт десер.  
... Жауып кетті тамшы жасты ақ тілеу,  
Сәтіменен құйып кеткен құт нөсер!..

**Шекербек Садыханұлы,**  
ақын, Қаскелең аудандық «Заман жаршысы»  
газетінің редакторы

**Елімнің саңлағы**

(Нұрсұлтан Назарбаевтың қишқан қысы — Абай атындағы қазақ  
орта мектебіне келуіне орай туған өлең жолдары)

Жанымен,  
Тәнімен,  
Ұяты-Арымен,  
Жігіттік қанымен,  
Бойдағы барымен,  
Берілген ісіне,  
Жігермен,  
Жалынмен!  
Нұрсұлтан інімдей  
Адамды бүгінде  
Көргем жоқ  
Әлі мен.

Арайлы таңдағы,  
Бар ойы сондағы,  
Тек қана —  
Ел қамы!  
Туыстық,  
Тыныштық,  
Береке — ырыс-құт  
Мақсаты алдағы!  
Егемен еліміз,  
Еркіндік алдында  
Биікке самғады,  
О, Елім, тұр бүгін  
Бақытың жанғалы.

Қамы үшін жұртының,  
Жібермей бір минөт,  
Жібермей бір күнін,  
Алмайды бір тыным,

Асылы,  
Ардағы!  
Осындай ұлы бар  
Бақытты қазақтың  
Бар ма екен  
АРМАНЫ!

Қазақтың арта берсін берекесі

Май-мамыр құтты болсын мерекесі,  
Қазақтың арта берсін берекесі.  
Ел болып егеменді отау тіктік  
Жайылсын мықты болып керегесі.

Нұрсұлтан, алға бастап халқымызды,  
Әлемге паш етті ғой даңқымызды.  
Төрінен БҰҰ-ның бір-ақ шықтық,  
Сонымен құттықтаймыз жалпыңызды.

Жаңарған жаңа заман данасына,  
Сөз етсем тілім жетпес бағасына.  
Еліне Нұрсұлтандай ұл сыйлаған,  
Айтамын рахмет анасына.

Ханды да, патшаны да ана туған,  
Анадан талай асыл дана туған.  
Атынан аналардың мақтанамын,  
Абай мен Нұрсұлтандай бала туған.

Тілеймін соғыс өрті шалмасын деп,  
Бала аш, ана жесір болмасын деп.  
Қазағым өркен жайып келе жатқан,  
Тілеймін пәлегінен солмасын деп.

Құттықыз қызы едім Көсембайдың,  
Болғанын көп тіледім осындайдың.  
Ел болды егеменді Қазақстан,  
Бергені осы емес пе бұл құдайдың?!  
Отырып осыларға шаттанамын,  
Масайрап, көңілім толып мақтанамын.  
Мен жаздым көңілімдегі мақтаньшты,  
Бүгіп сақтап еш нәрсе ап қалмадым.

Қазағымның нар ұлы

... Қолдан келсе, кісіге жақсылық  
жасағанға не жетсін...  
Н.Ә.Назарбаев

Сәлем саған, қазағымның Нар ұлы,  
Болсын сендей ұлтымыздың бар ұлы!  
Табиғаттың заңы — бірдей болмауы  
Дәл өзіңдей қайратты да қажырлы.

Арқаладың ауыр жүгін халқыңның,  
Артық емес асқандығы даңқыңның.  
Келбетіңе,  
ақылыңа қуанып,  
Қанша талас,  
қанша пікір айтылды?

Болмысында ақыл менен парасат,  
Айтушы едім, осыған кім таласар?  
Жауларың да аз емесін білемін —  
Бірақ солар әділ емес,  
Адасад...

Батыр бейне,  
нұрлы жүзді, ақмаңдай,  
Қыран көзді — инабат от шашқандай.  
Екі тілде — Ақ Есілдей ағасың,  
Жүйріктігің Құлагерім шапқандай.

Президент те ет-сүйектен жаралған,  
Анасының ақ сүтінен нәр алған.  
Туысына,  
Қандасына тартпайтын,  
Сенбеймін мен табылар деп сондай жан.







Елімнің көкбайрағын нық ұстаймыз.  
Әрқашан мұқалмайтын құрыштаймыз.  
Нүрекең салған жолмен бірге жүріп,  
Туған жер ауасымен тыныстаймыз.

Нүреке — ел бастаған асыл ағам,  
Күресте күш-жігері жасымаған.  
Беделі әлемдегі Елбасының,  
Апарар болашаққа ғасыр-ғалам.

**Дәулетбек Байдрахманұлы**

Қызылорда облысы,  
Шиелі ауданы

**Нұраға**

Жақсарып келеді,  
Жағдайы елдің күн артып.  
Халқымның күні  
Іргелес елден мың артық!  
Қиын шақтарды жеңдің —  
Нұр аға, біздер білетін,  
Аяқтан шалып,  
Тосқауыл қойған сын артып.  
Тынымсыз күндер,  
Ұйқысыз күндер әлі есте,  
Шындықты айтқыш  
Бәспелер шықты — бәрі еспе.  
Ойыңда тұрды:  
Егемен алған жас елің,  
Көк байрақ Тудың  
Астында өскен нәресте...  
Толғандың талай,  
Халқыңа арнап Жолдаулар,  
Жібітті жанды  
Жүректен шыққан талдаулар.  
Жеңіл сөз емес,  
Іспенен жауап бердіңіз,  
Жан-жақтан елдер  
Көрсетіп жатыр қолдаулар.  
Жетелеп мақсат —  
Тартты алға арман, бастама,  
Жету шарт оған:  
Қарауға болмас жасқана.  
Әлемдік деңгей  
Бас иген қазақ жерінде,  
Көркейіп өсіп,  
Келеді сұлу Астана.  
Береке дарып,

Жеріме қонды ырыс-құт,  
Жараулы ел боп,  
Достықты тілмен ұғыстық.  
Өз елің саған  
Өзегін жұлып береді.  
Жолыңыз ашық,  
Баянды болғай тыныштық!

**Жамбыл Дүйсенов,**  
8 жастағы ақын

### Нұр атам

Нұр атам менің намысын отқа қайраған,  
Күндіз де түнде халқының қамын ойлаған,  
Қазақтың атын танытып әлем жұртына,  
Байрағын ұлттың басына шыңның байлаған.  
Нұр атам менің, маңдайдан бағы таймаған.

Аладан тілеп атаң мен анаң жылаған,  
Райымбек бабам басына түнеп сұраған.  
Ұл едің, ата, ұлтыңның туған бағы үшін,  
Болсам да сәби сеземін бәрін, қуанам.  
Сен пәксің, ата, кіршіксіз жансың күнәдан.

Өмірің үлгі, білімде, спорт, өнерде,  
Ұмтылып алға түспеді еңсең төменге.  
Өзімді — шыбық, ал сізді, ата, ұқсатам,  
Ақылдың кені алып бір үлкен еменге,  
Өзіңді қосып өсиет еттім өлеңге.

Өлгенше жүрген Жамбыл бабамды жағалап,  
Қызыл жолбарыс Үшқоңырды кеткен аралап.  
Дейді ғой, ата, қолыңды сенің иіскепті,  
Басыңа қонған сол шығар, бәлкім, дара бақ,  
Иесін тапты іздеген барыс аралап.

Кемеңгер — атам, данышпан — атам, Нұр атам.  
Асқар тауымыз боп, аман да есен, жүр, атам!  
Қазақтың бағын өзіңнен артық асырар,  
Болған да емес, болмайды ешкім — біл, атам!  
Қарт Жамбылдайын бір ғасыр өмір сүр, атам!

Бабамның атын өшірмей ізін жалғаған,  
Мен — бала Жамбыл, жырымды Сізге арнаған.  
Тәуелсіздігім — тәңірден келген тәтті сый.

Алаулап жансын, сөнбесін оты маздаған,  
Нұрлы жолыңыз мәңгілік болсын, Әз-бабам!

Нұрсұлтан атам, қазақтың тұңғыш Елбасы,  
Астана — жұмақ, ұлтымның ұлы ордасы.  
Мейірі түсіп, пейілі түсіп әрдайым,  
Алланың нұры, атаның рухы қорғасын!  
Алланың нұры, атаның рухы қолдасын!

## II бөлім

*ЖАНАН МОЙЫНДАҒАН  
ЖАСАМПАЗДЫҚ*

**Астанамыз – перзені Елбасының**

Тұрғанда бодандықтың сұмдығы үдеп,  
Бұлқынған бостандыққа мұңды жүрек.  
Сол кезде-ақ айтқан екен батыр бабам,  
«Ақмола қазақ жерінің кіндігі» — деп!..

Жел де емен, құзар да емен, тасқын да емен,  
Кеудемде тулап-тулап жатсын өлең.  
Тәуелсіз қазағымның Астанасы,  
Он асу айбынданып асты белең!

Көз тартып, көкке бойлап Бәйтерегім,  
Өресін көрсетіп тұр қайсар елдің.  
Он жылда Астананы әлем танып,  
Тәкаппар елдерменен бой теңедім.

Жол нұсқап ерлігімен батыр бабам,  
Шуақтап нұрлы күнге жатыр ғалам.  
Намысын қашан-дағы қолдан бермес,  
Мәрттігін ел екенбіз жасырмаған.

Елменен жалғастырып елді бүгін,  
Келеміз аспандатып кеңдік үнін.  
Жайнатып, жарқыратып Ақорданы,  
Асқақтап көрінетін келді күнің!

Жаңғыртып жер мен көкті тасқын үні,  
Астана он асудан асты, міне.  
Есілдің өзеніндей есіліп бір,  
Ақынның буырқанып жатшы жыры!

Асырып аруағын Астананың,  
Тербейді төрт құбыланы асқақ әнім.  
Рухы бабалардың тұр ғой қорғап,  
Астана бұлт шалдырмай қас-қабағын.

*Бірінші тарау*

*АСТАНА –  
ПЕЛ ПЕРЗЕНІ  
ЕЛБАСЫНЫҢ*

Шындықты керегі не жасырудың,  
Келесіз көшін бастап ғасырымның.  
Тербейді ұлы дала, байтақ елім,  
Бұл күнде әлем білген асыл ұлын!

Асырып Ақордадай қала көркін,  
Қалықтап хас қыраным барады еркін.  
Астана, мерейіңді биіктетіп,  
Жұлдызы маңдайыңның жана берсін!

Ойларың бастау алып бұлақтардан,  
Жұртыңа жаның адал сыр ақтарған.  
Астана — Елбасының перзенті ғой,  
Жаралған шұғылалы шуақ таңнан!

Тұрғанда бодандықтың сұмдығы үдеп,  
Бұлқынған бостандыққа мұңды жүрек.  
Сол кезде-ақ айтқан екен батыр бабам,  
«Ақмола қазақ жерінің кіндігі» — деп!..

Күләш Ахметова,

ақын,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

### Аңсарым асқақ Астана

Ай, Астана, атың қандай нақ та әсем,  
Аңызатан — айналыпсың баққа сен.  
Таңұзаққа таңдайымда түнеткен  
Жырларымды айтармысың жатқа сен?!

Ана жылы аяулы бір дәстүрмен  
Өлең арнап, тұсауыңды кестім мен!  
Бұлтқа бойлап, жерге ілесіп желбіреп,  
Саған қарай көңіліммен көштім мен!

Жұлдыз біткен нұр себелеп үстімнен,  
Жүрегімді қолыма алып ұштым мен!  
Қазақ десе,  
Жапыраққа жан түйіп,  
Жағы сембей, шырылдайтын құспын мен!

Қиялыңда жапырақ құс самғаған  
Маң даламда  
Жаңа туған сән қалам!  
Байтағымның ортасына  
Орнатсам деп Елбасы еді таңдаған!

Тербетілсе, шөбі — жұпар, бидайы — ән,  
Текті қоныс тапсам неге мін қоям?!  
Президент!  
Бұл Астана — өзіңнің  
Ерлігің һәм ең тәуелсіз идеяң!

Оу, Елбасы, Астананы сен салдың!  
Сен айтқан соң, халық салды, ел салды.  
Сенің сөзің ұлттың сөзі болған соң,  
Ұраныммен, рухыммен мен салдым!

Қосам ба деп күншығысты, батысты,  
Мәселе айтып адамзатқа қатысты,  
Қара боран, бұрқасында дем беріп,  
Қарасын боп қара өлеңмен қатыстым.

Біреулердің үміттері қатысты,  
Біреулердің күдіктері қатысты.  
Бақ-қаланы тұрғызуға  
Қазақтың  
Қайтпас, қайсар жігіттері қатысты!

Тұтас елдің ісі еді бұл намысты,  
Намысымыз мүддемізбен қабысты.  
Астананы  
Бұл жылдары бүгіліп,  
Бүкіл қазақ ауылдары салысты!

Астананы бәрімізге салғыздың,  
Алыс жұрттан сәулетшілер алғыздың.  
Күлтегіннің жазуы да жетті тез,  
Діліміздің діңгегі боп дәл біздің!

Астаналар салынбайды атүсті,  
Бекзада өнер — бейнелі де нақышты.  
Ұлы асарға  
Ұзақ, жақын деместен,  
Райласқан мемлекеттер қатысты.

Астананың кесе келіп кіндігін,  
Есепке алып су жыры мен Күн нұрын.  
Қурокава құрып берді тап-таза  
Кеңістік пен сұлулықтың бірлігін.

Сүйсе солай жапон жігіт бізді, елді,  
Біздің де оған құрметіміз ізгі ең бір.  
Нидерланды Корольдігі сыйлаған  
Райхан гүлдер, Қурокава, сізге енді...

Ұлдарға серт, қадау-қадау қарымды,  
Жылдарға серт, жадау әрі жалынды.

Бұл Астана  
Әділеттің бары үшін  
Жаратқанның жәрдемімен салынды.

Бәйтеректің басына сен шықтың ба?  
Сарыарқаның саф ауасын жұттың ба?  
Өзегіңді жарып әппақ бір сезім,  
Өз еліңнің ұлылығын ұқтың ба?!

Төгеді Есіл төңірегіне өмірлі ән,  
Өз астанаң өз қолыңмен соғылған.  
Енді қазақ, бір-біріңді аяла!  
Түбі бірге, түп қазыққа шоғырлан!

Ұлт болып біз ұйысымды, ілкімді,  
Даламызды толтырар ма ек, шіркін бір!  
Ұлт аспаптар оркестрі, атойлат,  
Санамызды «Сарыарқамен» сілкіндір!

Тұлпарлары дүбір салып тасқа да,  
Жөнелгендей жаңа дәуір бастала!  
Жолың болсын!  
Жер Жаһанға даланың  
Даңқын жайып, дара шыққан Астана!

Алатауда қалды жылдар ең асыл,  
Есілдің де жандай ыстық жағасы.  
Жан даламның —

Алматы мен Астана  
Көздерінің ағы менен қарасы!

Алдымыздан ақ жарылқап Күн туды,  
Игі жақсым иманды іске ұмтылды.  
Нағыз зергер қолына алған гауһардай  
Ғажап қала мөлдіреді, құлпырды!

Мақтаныңдар, Астанада тұрғандар!  
Шаттаныңдар, Астанада тұрғандар!  
Азаттықтың рухынан жаралған —  
Шаһар тойы — от шашулар, думандар!



Егемен ел —  
Ең бақытты ел, біл түсін!  
Естілгендей зәузатымның күлкісі.  
Біздің тірлік —  
Бізден туып, тарайтын  
Сол қайырлы ұрпақ үшін, ұлт үшін!

Естілгендей қауыз жарған гүл даусы,  
Естен кетпес қырық күн шілде бұл маусым.  
Біздің ұлы даламызға, иншалла,  
Мәңгі бақи рахым менен нұр жаусын!

**Әселхан Қалыбекова,**  
Қазақстанның халық ақыны

### Нұрсұлтан қазық қаққан Нұрастана

Сарыарқа сауын айтып сан арыстан,  
Құйылды құтты жырлар қаламұштан.  
Түп-түгел төрт құбыла тойға елеңдеп,  
Қанатын керіп жатыр Қазақстан!

Жарасып құлын-тайы жетегіне,  
Жиылды ел Арқадағы мекеніне.  
Пейіліне қазағымның бере салған,  
Төккен қан, аққан жастың өтеуіне.

Қымбаттап алтыннан да тапқан асыл,  
Масайрап мадақ жырды ақтарасың.  
Құмартып бауырларым күн санап жүр,  
Көруге байыз таппай Астанасын.

Заңғарлар алқа тағып жұлдыздардан,  
Түнде де ұйықтатпайды күндізгі арман.  
Бұрқақтар көкке шапшып, жерді аршып,  
Аунайды мың бүктеліп құмбыл жалған.

Жақсыны біздің қазақ көрмек деген,  
Есілдің ернеуінен ел кетпеген.  
Сәукеле ғимараттар маңдайларын  
Жүз түрлі жақұттармен өрнектеген.

Оңтүстік, солтүстік пен батыс, шығыс,  
Бір бауыр, бір жүрек боп алсын тыныс.  
Ынсаппен, ынтымақпен ниет етсең,  
Іздеген, міне, байлық, міне, жұмыс.

Тәубе де, көз тимесін, дос-жарандар,  
Асхана сала алмаған қасқалар бар.  
Алаштың баласының арманы жоқ,  
Айбынды арқа сүйер Астанаң бар.

Зымырап күн ақса да, жыл ақса да,  
Ынтығар ізгілікке бұлақ сана.  
Тірлігін тектілердің әйгілейді,  
Нұрсұлтан қазық қаққан Нұрастана!

**Қайрат Жұмағалиев,**  
ақын,  
Орал қаласы

**Астанасы Алаштың**

Жасыл жұмақ Алматымда  
Күнестен  
Орын теуіп,  
Дидарымнан нұр ескен  
Жігіт едім  
Несібесі Алладан,  
Тағдыры  
Құр қалдырмаған үлестен.

О, Алматым!  
Жас дәуірің сенде өтті.  
Шабыт-бесік түндер бойы тербетті!  
Отыз үш жыл әлпештедім Анамды,  
Ұл-қыздарым  
Сенде өсіп ержетті.

Алатауда алшаң басып жүргенде,  
Өн бойымды жинап алдым бір демде.  
Ұйықтап жатқан күш-жігерім оянды,  
Елбасыға ел боп құлақ түргенде.

Елбасымыз!  
Халқыңды бір сынадың!  
Шырқаттың Сен келешектің ұлы әнін!  
Көш шеруін бастап кеттің Арқаға,  
Жүректерде жаңғырықты ұраның.

Өзің ұстап Қазақстан тізгінін,  
Көш бастадың,  
Жанарыңда жүзді күн.  
Ұрпақ үшін келешекке жол тарттың,  
Ортасында зиялы мен ізгінің.

Бірі қоштап,  
Бірі мұны бекер ғып...

Десті: «Бұған дәулет қайда жетерлік?...»  
«Тәуекелі тастай жігіт екен!» — деп,  
Басын шайқап,  
Таңғалады шетелдік.

Ұлы көштен қалмасқа серт бергенмін,  
«Астаналық» купесінде тербелдім.  
Алматылық ақындардың ішінен  
Бірінші боп Ақмолаға мен келдім.

Көрдім елдің бір асудан асқанын,  
Болашаққа батыл қадам басқанын.  
Сарыарқаны жүрегімен жылытты,  
Үлкен-кіші, қайсар замандастарым.

Бөле-жармай  
Тау, орман, сай, тұз деп біз,  
Бас қалаға жайлы қоныс іздеппіз.  
Орынборым,  
Қызылордам,  
Алматым  
Бас қала деп аталғанда —  
Біз жоқпыз.

Бодан елдің таңы сонда атыпты,  
Үш қала да  
Даңқ дәмін татыпты.  
Аштық бүгін  
Біз Астана қақпасын  
Тағдыр жазған бізге  
Шексіз бақытты!

Отандасым!  
Ақыныңнан тыңда сыр.  
«Қазақ елі!  
Сен даңқыңды шыңға асыр!» —  
Деп күлімдеп,  
Қош айтысты еліммен

Кетерінде  
Жиырмасыншы шоң ғасыр!  
Жайып тастап,  
Кең дастархан — даласын,  
Барша ұлтты қонақ етер  
Алашым!  
Жер-ананың бес перзенті —  
Бес құрлық,  
Астанамның тойла  
ШІЛДЕХАНАСЫН!

### Болашаққа жолдау

Астанамыз —  
Қасиетті төріміз,  
Айбынымыз,  
Айбат тұтар өріміз.  
Жер-жаһанның  
оған ауған назары,  
Мақтан тұтып,  
Мадақтаймыз оны біз.

Болашағым —  
Астанамда басталған,  
Түнек түн де  
Астанамнан жасқанған.  
Сұлу қала  
Ертегілер елінен  
Жаңа түсе қалғандайын  
Аспаннан.

Ақиқатын айтар болсақ  
нақтылы,  
Қазағымның пейіліндей пәктігі  
Астананы —  
Бас қаланы туғызған  
Президент Назарбаев —  
Авторы!

Астанамыз —  
Жүректердің толғауы,  
Астанамыз —  
Миллиондардың қолдауы.  
Жас қаламыз,  
Дастан, аңыз, Астана  
Елбасының Болашаққа  
Жолдауы,  
Елбасының мәңгілікті таңдауы!

**Жұма-Назар Сомжүрек,**  
ақын

**Армандай асқақ Астанам**

Арманның асқарындай астанамыз —  
Елорда, алтын орда — бас қаламыз.  
Жыл сайын жеткен жеңіс, асқан асу —  
Ерен ерлік үлгісі дастан-аңыз.

Елбасымыз бұғызған белді бекем,  
Тарихи шешімі ұлы ерлік екен!  
Айналды аз-ақ жылда Астанаға,  
Ақмола қатардағы елді мекен.

Ауыр сын қиындықтан жасқанбаған,  
Сарыарқаға көш бастап басқан қадам.  
Бүгінде дос сүйсініп, әлем танып,  
Атағы Астананың аспандаған.

Ел едік үміт еткен ертеңінен,  
Қай кезде де ән-күйін шерте білген.  
Қалықтап самұрықтың қанатымен,  
Қала бұл еніп келген ертегіден.

Елімнің ертеңі өсіп өрістенер,  
Кім менің бұл ойымды теріс көрер:  
Астананың құрылысын құдай қолдап,  
Салысып жатыр және періштелер.

**Маржан Ершу,**  
ақын

**Жүрегімсің, Астана!**

Елге ерік біткені,  
Жерге көрік біткені,  
Астананың ақ шамы,  
Жұлдыз сынды көктегі.  
Маңғаз мүсін — Бәйтерек,  
Қара жерден нәр алған.  
Көкіректе жанған от  
Сырлы саз боп таралған.  
Демін жұтар даланың,  
Көк туымда қуат бар.  
Келбетіндей қаланың,  
Көкке ұмтылған пырақтар.  
Тер — еңбектің көз жасы,  
Астана — ел жүрегі,  
Қыран құстай самғашы,  
Қазақ болмыс, іреңі.  
Аман болсын өр үнің,  
Астана — арман төр бүгін.  
Төрткүл дүние таныды  
Елбасының ерлігін.  
Астананың шамдары  
Жарық, нұрлы, жылы тым.  
Бабалардың арманы,  
Бүгінгі күн — ұлы күн.  
Жарық күндей жас қала,  
Тіл бітірер тасқа да,  
Танысымдай қымбатсың,  
Жүрегімсің, Астана!

**Сайын Назарбекұлы,**  
Ақтау қаласы

**Егемен ел ұраны — ауызбірлік**

Үлбіретіп үмітке үкі таққан,  
Лапылдатып арманға алау жаққан,  
Нүрекеңнің әр сөзі — көрегендік,  
Елбасының әр сөзі — елге мақтан!

Арман еткен он жеті ғасырларда,  
Қазақпын деп айта алмай жасырғанда.  
«Қазақ-қазақ!» он жеті жылда ғана,  
Бұдан өткен, бауырлар, асыл бар ма?!

Көп халықтан азбын деп жасқанбады,  
Сескенбеді, күштіден тасқан тағы!  
Білектіні білікпен жығып берді,  
Ұлдарымның бұл заман асқан бағы!

Азды көппен ақылмен теңестіріп,  
Қарар бізге бұрынғы елес күліп.  
Қазақ елін картадан тауып берер,  
Бізді бүгін қазақ дер, демес түрік!

Осы күнді қазақ та, дала күткен,  
Мақсатына тез жетті қала тіптен.  
Нүрекеңнің арманы — «Жасыл желек»,  
Отырғызар бір талдан бала біткен!

Есіл бойы — Жерұйық, Астаналы,  
Елім бейбіт, шат көңіл жастар әні!  
Егемен ел ұраны — ауызбірлік,  
Талай-талай жазамыз дастан әлі!

«Құттықтаймыз!» — онда деп жас қаланы,  
Ел жүрегі — ол жұрттың қас-қабағы!  
Нұрсұлтан деп қазақты мойындайды,  
Бүкіл әлем қазақ деп — Астананы!

**Махмұтбай Әміреұлы,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
Қызылорда қаласы

**Елбасы мен Астана**

Күн жадырап шығады,  
Ай жарылқап туады.  
Астанадан тарайды,  
Елге бақыт шуағы.

Халқымыздың тірегі,  
Арман, үміт, тілегі,  
Ел деп қана соғады,  
Елбасының жүрегі.

Елбасы мен халық бір,  
Бірге қуат тауып тұр.  
Астанадан тарайды  
Елге шуақ, жарық нұр.

Астана мен Елбасы,  
Елімнің бақ ордасы.  
Осы жерден басталар  
Болашаққа жол басы.

Арман тұнған, нұр тұнған,  
Күнде өсіп, құлпырған.  
Ару қала — Астана,  
Елбасымен бір туған.

Астана ел туы бұл,  
Айы арайлы, күні нұр.  
Елбасымен біртұтас,  
Әрі туған күні бір.

Екеуін бір тойлаймыз,  
Бір құттықтау жолдаймыз.  
Астананы айтқанда,  
Елбасыны ойлаймыз.

Астана пәк, ақ қалам,  
Бақыт, ырыс, бақ қалам,  
Елордамда мерейім,  
Елбасыммен мақтанам.

Екеуін еш бөлмеймін,  
Екеуі бір, тең деймін.  
Елордаммен биіктеп,  
Елбасыммен өрлеймін.

Жасыл желек оранған,  
Жарқыраған, жаңарған.  
Жасандырған Елбасым,  
Жайнай берсін Елордам!



Самалы Сарыарқаның сипай сылап,  
Өлеңі маңдайымнан майдай жаққан.

Астана — ел тілегі, ел жүрегі,  
Ақ тілектен етжүрек елжіреді.  
Астана — аласармас асқақ рух,  
Сен дегенде сезімде сел жүреді!

**Ақкүміс Құлқайқызы Елеусінова,**  
зейнеткер мұғалім,  
Атырау облысы,  
Жылыой ауданы,  
Құлсары қаласы

### Еліңді алға қарай бастай берші

Қазақтың жүрген бүкіл қыр-ойдағы,  
Тағдырын сізден басқа кім ойлады?  
Саулығыңды қашан да тілейтұғын  
Мен де бір апаңмын ғой Жылыойдағы.

Он жыл толды сіз салған Астанаға,  
Астана бүгіндері басқа қала.  
Мерейтойы келгенде Ақорданың  
Құтты болсын, толдыңыз жасқа жаңа!

Астана — қазағымының сүйікті елі,  
Жаныңыз оған талай күйіп те еді.  
Көкпен сонау тірескен ғимараттай  
Мәртебеңіз сіздің де биіктеді.

Көк байрағым желбіреп көгімізде,  
Тәуелсіздік таңы атты елімізде.  
Пайғамбардай танытқан ұлылықты  
Бақ тілеймін, Нүреке, өзіңізге.

Жанашыр болып жүрсіз қазағыңа,  
Қуанады халқыңыз талабыңа.  
Бүкіл әлем таныған бүгіндері  
Тұлғасыз танымал жан заманына.

Ешқашан тыным тауып көрмедіңіз,  
Өзіңе өзің маза бермедіңіз.  
Қазақтың қазақ болып бір жүргені —  
Нүреке, бұл да сіздің еңбегіңіз.

Өмірдегі ең ұзақ жастай көрші,  
Мемлекет ісіне «тастай» болшы,  
Қазағымның бағы үшін аман болып,  
Еліңді алға қарай бастай берші!



**Сұлтанбай Жанпейісұлы,**  
Алматы облысы

**Астана**

Іргетасы жаңа жас қала,  
Жұртына болған баспана.  
Мақтанам, міне, бүгінде,  
Салтанаты асқан Астана.

Елбасынан шығып бастама,  
Үлгі болды басқаға.  
Бозбала жігіт бүгінде,  
Кеше болса жас бала.

Гүлдене бер нұр қалам,  
Елбасы сенің бел балаң.  
Береке-бірлік дарысын,  
Болсын әркез ел де аман.

**Күлзира Әубәкірова,**  
«Алтын алқа» иегері,  
Петропавл қаласы

**Жасай бер, жаса, Астана!**

Астана, құтты болсын, туған күнің,  
Жайнаған жасыл орман, қызыл гүлің.  
Нұрсұлтан, жасай берші асыл ерім,  
Басыңда мәңгі тұрсын бақ пен нұрың.

Көк байрақ көк аспанда тұрсын жайнап,  
Туған ел Астананың тойын тойлап,  
Тіл-көзден сақта, құдай, Елбасыны,  
Бірлік пен берекені жүр ғой ойлап.

Жасай бер, жасай берші, асыл ерім,  
Тайпалып келе жатқан маңмаңгерім.  
Алдында ел-жұртыңның ақталсыншы,  
Аянбай төгіп жүрген маңдай терің.

**Мағзұмбек Машайықұлы,**  
Ұлытау ауданының құрметті азаматы,  
Қарағанды облысы

### Жерұйық

Жақсылығын Алла арнады,  
Орындалып елдің арманы.  
Сегіз жыл болған кез еді,  
Тәуелсіздік алғалы.  
Нұрағаң елдің ардағы,  
Ойлады күнді алдағы.  
Он ойлап, тоғыз толғады,  
Қиын кез еді ол-дағы.  
Елбасымыз кемеңгер,  
Болашақты болжады.  
Көшіру керек деп шешті,  
Арқаға елорданы.  
Сол кездегі қиындық  
Тосқауыл бұған болмады.  
Елбасын халық қолдады,  
Бір Алла болды қорғаны.  
Жағасында Есілдің,  
Он-ақ жылдың ішінде.  
Ғажайып қала орнады,  
Жүзеге асып бастама,  
Ұқсамайтын басқаға.  
Сарыарқаның төсіне,  
Орнады ғажап Астана.  
Он екіге келді бүгінде  
Сол жылы туған жас бала.  
Қызығып әлем қарайды,  
Тамсандырып талайды,  
Бәйтерек түр нұр шашып,  
Салдырды зәулім сарайды.  
«Нұр Астана» мешітін,  
Ордасы діннің санайды.  
Астанадан бүгінде,  
Бар жақсылық тарайды.

Шаһарды көрген шетелдік,  
Жерұйыққа балайды.  
Астана — елдің айбыны,  
Бақыттың шалқар айдыны.  
Береке-бірлік ордасы,  
Астана — елдің байлығы.  
Кең-байтақ мынау жердегі,  
Жетістіктің бәрі елдегі.  
Елімнің тұңғыш Президенті —  
Елбасының еңбегі.  
Құдіретті, мықты елдігім,  
Айтайын бүгін келді күн.  
Мойындады әлем бүгінде,  
Нұрағаның кемеңгерлігін.  
Нұрсұлтан елдің данасы,  
Жетімнің ата-анасы.  
Азияда ару Астана,  
Болашақтың қаласы.  
Салдырды мұны Нұрағаң,  
Оған жоқ ешкім таласы.  
Бір анадан туғандай,  
Барлық ұлттың баласы.  
Ерке сылқым Есілім,  
Елбасым алып шешімін.  
Жағаңа орнап елорда,  
Әлемге кетті есімің.  
Толқынменен тербеттің,  
Өмірдің алып бесігін.  
Самалыңмен аштың айқара,  
Еуропаның есігін.  
Құтты қоныс болдың сен,  
Байлығы тұнған Есілім.  
Бодандықтан арылып,  
Ғажайып қала салынып.  
Жердегі жұмақ сияқты,  
Алтын нұрға малынып.  
Достарымыз сүйсініп,  
Дұшпанның тынысы тарылып,  
Жатыр, міне, той болып,

Ақ түйе қарны жарылып,  
Ұқсамайтын басқаға,  
Өзі жас, өзі бас қала.  
Құтты болсын, халайық,  
Он екіге келген Астана,  
Күн сайын өсіп, жаңардық,  
Болмасын елге жамандық.  
Береке-бірлік тілеймін,  
Елбасыма амандық.

**Толыбай Абылаев,**  
Арал қаласы

### Менің Астанам

Еңку де еңку жер шалып, Есілге қонған Елордам,  
Ертеңгі келер ұрпаққа шұғылаңды шаш сен алдан.

Сарыарқаның төсінде самала шаһар сәйгүлік,  
Қанатын алтын Күнменен барады ару Айға ұрып...

Бабалар аңсап күткен бұл баяғы алтын сарайлар,  
Осында туып, осыдан дүниені шарлар дана ойлар.

Алаштың атын аспандат, Астанам менің, және бір,  
Алақаныңнан күні ертең «алашпын» дейтін өреді ұл.

Осынау сезім саған да, маған да керек деп білгін,  
Арманым еді бұл менің, апталар, айлар, көп жылғы.

Ғасырлар бұған ғаламат жеткізді бүгін талайдан,  
Астанам менің —  
Асқақ күй, айшықты жыр мен арайлы ән.

Астана салған ұрпақтың атынан сені етем жыр,  
Қаһарман біздің қазаққа қайырлы болғай мекен бұл!

«Бәйтерек» осы жетіқат көкпенен заңғар тірескен,  
Сен жайлы бүгін ақ жаңбыр ағыл да тегіл жыр-дестем.

Алыптар туған кешегі, аңыз-жыр болған Ақмола,  
Төрт мұхит, алты құрлыққа тебіреніп қарар шаттана.

Үлгі де болар ұрпаққа Үш биім төрде жайғасқан,  
Сендегі әсем Күнменен сәулесін төккен айлы аспан.

Жолдайды сәлем Мәскеу жақ, Париж бен Рим, Анкара,  
Көшеңді кезер пәк сезім, қаракөз ару таң қала.

Ұстының сынды дәл бейне Парасат пенен Ұлылық,  
Сарайдан зәулім ескендей ұлтыма тән бір жылылық.

Алаштың басын қосқан сен Арқаға қонған Ақордам,  
Қазақтың жерін қарашы, сен құсап қайта жаңарған...

Елордам менің,  
Елбасы тіккен есілді еркін бойлатып,  
Жарты әлемді жатырсың жарқын да жарқын тойлатып.

Баянды болып таңменен басталған мәңгі мерекең,  
Шаттықпен қоса шалқысын телегей-теңіз берекең.

**Нұрмахан Назаров,**  
Түркістан қаласы

**Алтыншы шілде**

Алтыншы шілде — Астана күні,  
Жадыңнан, шырақ, тастама мұны.  
Жаңа шаңырақ көтеріп биік,  
Жаңа дәуірге Бастама күні.

Күндерін кешкен әлемнің жарық  
Құшады келіп әлемді бақыт.  
Құстай боп ұшып жеттім ғой саған,  
Түркістан жерінің сәлемін алып!

Омырауды ашып, көңілім тасып,  
Көшеңмен көркем келемін шалқып.  
Есілдің бойы — шағала қала,  
Гүлінің иісі ауада аңқып!

Шаңын шығармай шартарап жердің  
Соқтырған шаһар нар талап Ерім!  
Патша сарайын аралап жүрген  
Сәттей бір сәулет-салтанат көрдім.

Шат қалам менің, бақ қалам менің,  
Бақ қаласымен мақтанған елім.  
Жайнай бер гүлдей астында Күннің  
Астанам менің, Ақ қалам менің!

**Ризагүл Темірбекова,**

Д.Қонаев атындағы №19 гимназия мектебінің  
мұғалимасы,  
Жамбыл облысы,  
Жуалы ауданы

### Ару Астана

Астана — бар қазақтың айбарысың,  
Мерейін асқақтатар айдарысың.  
Қаншама ұлт-ұлысты достастырған,  
Елордам — қонақжайсың, жайдарысың.

Көз салсаң Бәйтеректен айналаға,  
Білмейсің теңеріңді қай қалаға.  
Ертегідей ғажайып сұлу шаһар  
Айналды қас қағымда бай қалаға.

Астана — қазағымның бас қаласы,  
Арқада бой көтерген жас қаласы.  
Көшірген Астананы орталыққа  
Елбасы Нұрсұлтанның бастамасы.

Астана, құтты болсын туған күнің,  
Тыңдашы тәуелсіздік шаттық үнін.  
Бақытты ел бірлігін паш етуге,  
Мерекеге жиналды халқың бүгін.

**Көшкінбай Кенебаев,**

Қазақстан журналистер одағының мүшесі,  
жоғары санатты мұрағатшы

### Ертеңі Астананың таңғажайып

Ертеңі Астананың таңғажайып,  
Қанатын бара жатыр алға жайып.  
Тұғырын тәуелсіздік баянды еткен,  
Басында нұрлы көштің Назарбаев.

Әр берген құт дарыған Есіліме,  
Риза туған халқың шешіміңе.  
Сан ұлт басын қосқан елордамыз,  
«Жерұйық» аталады осы күнде.

Ақталып жұрт таныған ардақтарым,  
Тарихтың жарқын бетін парақтадым.  
Елдіктің тізгінінен мықтап ұстап,  
Өткеннің ұмытпаймыз сабақтарын.

Зиялы, ойлары оқшау қауым барда,  
Қарамай қарсы соққан дауылдарға.  
Мұраты, мақсаты ортақ қазақ даңқын,  
Жеткіздік алыс жатқан бауырларға.

Қолға ұстап достастықтың ақ табағын,  
Астана күніменен мақтанамын.  
... Ақ ордам, биіктесін өр мәртебең,  
Елімнің кем болмасын бақ-таланы.

Тұманбай Молдағалиев,

ақын,

Қазақстанның халық жазушысы

Сен тудың бүгін

Сен тудың бүгін, тууың керек еді,  
Әбіш ағам бақыттан дәмелі еді.  
Көптен бері

қасиетті қазағыңның

Осы күнді тойлаумен келеді елі.

Сен тудың бүгін,

туғаның дұрыс болды,

Ақ шағала айналды күміс көлді.

Бұрынғыдан дүние сәулеттеніп,

Әбіш ағам үйіне ырыс толды.

Сен тудың бүгін,

туғаның көрім болды,

Жақсылығын жаныңның елің көрді.

Білегіңнің күшімен жас кезіңде

Болат еттің, балқыттың темірлерді!

Сен тудың бүгін — шілденің ыстығында,

Көлеңкесі қыранның түсті құмға.

Аңсап жеткен перзентке той жасалды,

Ақ бауырсақ албырап пісті мұнда.

Сен тудың бүгін, бауырым, күнге қара,

Жігіт болып ержеттің мүлде дара.

Көкірегін өзіңе беріп тұрып,

Елдің ұлын тапқанын білмеді ана.

Болашаққа өмірің тез ұмтылды,

Аялады жасыңнан көзің туды.

Жолда жалғыз күндіз-түн жүре алатын

Жолбарыстың жеңешем өзін туды!

Екінші тарау

ПЛЕТТІ БІРДІЖ —  
ТӨЙІ ОРПАҚ

Күннен де ақыл аласың,  
Айдан да ақыл,  
Бітпейтұғын өмірің — майдан, батыр!  
Халық деген жан анаң бүгін сенің  
Туғаныңды қуанып тойлап жатыр.

Көңіл деген кең арна бір толмайды,  
Саған аппақ пейілін жұрт арнайды.  
Өзің қолдап тұрғызған Астанаңда,  
Өзіңе арнап Тұманбай жыр толғайды.

Қанат беріп кетеді сезім ойға,  
Қуанышыңа бүгінгі көзім тойма.  
Өзің қолдан тұрғызған Астанаңның,  
Елуін де, Нүрекем, Өзің тойла!

6.07.2008.

Астана. Таңғы сағат 7-8

### Сенің туған күнінде

Тұратұғын болашақтың үні кеп  
Тартылар күй, айтылатын жыры көп.  
Ерекше бір еркіндейік, бауырлар,  
Басшымыздың бүгін туған күні деп.

Әнге толсын барлық қала, ауыл бар,  
Қағылсын бір барабандар, дабылдар.  
Елбасының туған күнін ардақтау —  
Бәріміздің борышымыз, бауырлар.

Әзір болсаң, әніңе бас, жан құрбым,  
Қүдіретті Күләш болып жаңғырғын,  
Құрманғазы домбырасы сөйлесін,  
Асқақтасын жалын жыры Жамбылдың.

Елдің қамын күндіз-түні жеген ұл,  
Қиындықтың барлығын да жеңе біл.

Қосылайық құрметіңе, бауырым,  
Ұсынайық гүлімізді және бір.

Көңілімізге көздеріңнен нұр жеткіз,  
Бар күніңді еліңменен бірге өткіз.  
Масайраймыз, шаттанамыз әрқашан,  
Елге арнаған Жолдауыңнан гүлдеп біз.

Жанып тұрған жүрегіңде, кеудеңде ел,  
Жан-жағыңда сан майданда жеңгендер.  
Бақытына жолыққандай болады  
Дәл қасынан дидарыңды көргендер.

Шын бақытты қолдарыңды алғандар,  
Отыңды алып қуаныштан жанғандар.  
Жаңа күнге үмітін кім жалғаса,  
Басшыға еріп болашаққа самғаңдар.

Жанарыңда арман ояу, ой басым,  
Сен сондасың, тосса сені қайда сын.  
Жан бауырым, сенің туған күніңді,  
Туған елің тойлап жатыр, тойласын.

Қайрат Әлімбек,  
ақын

Нұр төгілген күн

Жерұйық Алатаудың төңірегі,  
Көгінен Күн шуағы төгіледі.  
Меңіндей Үшқоңырдың қараша үйге,  
Бір нәрсе жетпейтіндей көрінеді.

Сол жоғы ... жас отаудың емірені,  
Сәби-тін сүйік үнді, Тәңір-өңі.  
Құландай жүрген жаны жараланып,  
Назарбай бидің сыйлы келіні еді...

Тыңдайтын Аспантаудан аспан әнін,  
Барлайтын бас асылдың қас-қабағын.  
Шешеміз Тәтебала Әлжанқызын,  
Төріне алып келді Астананың.

«Әбіштің жанын жүр-ау үрей үптеп,  
Алладан ақ ниетті тілейік тек!  
Келінім, Өтегеннің ұрпағысың,  
Райымбек бабамызға түнейік, -деп.

Өзіңді әдейілеп алып келдім,  
Ұсынса құтты орнын жарық төрдің.  
Құрбандық шалғаннан соң тілейік біз,  
Баба рухы қолдасын анық та ердің!».

\* \* \*

Ырымы жасалған соң, Күн де батты,  
Сол түні жұлдыздар да жырлап ақты.  
Түсіне Әлжан ана таңға жуық,  
Бабасы еніп келді дүр қабақты.

«Балам-ай, сақтағансың дәстүр құтты,  
Сиынсаң Алла қолдар аш тірлікті.  
Елім деп еңіреген Ерім бол деп,  
Ұсындым қос ауызды қос мылтықты!».

Бұл сөзі Әулие-Ата Райымбектің,  
Жібітті кешкен жанды уайым көп күн.  
Содан соң көп ұзамай қараша үйді,  
«Іңгәлап!» бақ-сәбилік мейірлетті үн.

Сол бір сәт... 40-шының шілдесінде,  
Келген кез Жамбыл, Дина іргесінде.  
Бір ғана отбасы емес, күллі қазақ,  
Жүретін болды енді мүлде есінде.

Туғанда күй кеміріп, жыр тебініп,  
Жүректен жымыпты Үркер-Үміт.  
Жолбарыс қызыл ала нудан шығып,  
Аспанды жарық қыпты нұр төгіліп!..

\* \* \*

Тұнған ел Жетісуда «Қарасайлап!»,  
(Қашанда ақын-батыр бағасы әйбат).  
Туғанын тың жұлдыздың  
тойламақшы,  
Тәуелсіз Туды тіктер, жаңаша ойлап.

Білеміз, Азаттықты ел аңсағанын,  
Сол жолда қиды қазақ қанша қанын.  
Тәуке мен Абылайда жиылған ек,  
Нұрсұлтан нықтап берді жан самалын.

Болмасын бұл арада бөтен ұғыс,  
Ақ жолда болды қанша көтеріліс?!  
... Ақырса Арыстандар Жолбарыста,  
Майланып қанжығада кетеді Ырыс.

Ер еді, Димекең де берен еді,  
Құрметке әлі қанша бөленеді.  
Жүйенің салдарынан сәл кешікті,  
Қазақтың жүрегіне керек емі.

Билеген елімізді кіл тұмақты,  
Сөздері туып шығар бір тұрақты.



Төле би, Қазыбек пен Әйтеке де,  
Тілеген: «Болыңдар, — деп, —  
ынтымақты!».

Жаңа ойда Жер-Анадай кеме мүлде,  
Сезетін тың ұрпақтың келерін де.  
Бейбіт күн кешіп отыр Қазақстан,  
Тәуелсіз осы он жылдың бедерінде.

Қалғаны... Сіз бен Біздің қолымызда,  
Қирату кедергіні — жолымызда.  
«Қазағым, бір-біріңді көрмесең дос...»  
Абай-сөзге қарайық, соңымызға.

Түспейік ешқашан да өңез күйге,  
Жақынбыз ойнақ салар әл-әз биге.  
«Сабырдан жақсысы жоқ ойлап тұрсам...»,  
Деп еді бақилық сол Хорезми де!

Мыңжылдық ғасыртоғыс  
мұғдарында,  
Теңестік өркенді елдер шыңдарында.  
Аспаннан нұр төгілген күні бүгін,  
Мың алғыс — Жетісуда туған Ұлға!!!

**Жамалбек Ақылбайұлы,**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Мақтаарал ауданы

### Президенттің туған күніне

Толыққанды қай қаламгер жаза алар,  
Сөз табылмай, тіл де жетпей мазалар.  
Елін алға сүйреп жүрген Елбасы,  
Әруағымен қолдап жүрсін бабалар.

Аталардан немереге алмасып,  
Баба дәстүр келе жатыр жалғасып.  
Әлем білген Елбасың бар қазағың,  
Қазақстан, елу болып алға шық.

Президентім, ел бастаған ардақтым,  
Аспанымда бейбіт құсын самғаттың.  
Нар жігіт боп қай кезде де көтердің,  
Халық үшін ауырларын салмақтың.

Артта қалды азапты күн, жұмбақ күн,  
Ес жиғызып, ел арбасын зыраттың.  
Мақта кені — Мақтааралдың төрінен,  
Мақтан тұтып, ақының боп тіл қаттым.

Өскен ауыл, жаңа қала жан-жағым,  
Қазақстан, қыран болып самғадың.  
«Бірлік барда — тірлік бар» — деп отырсың,  
Ақылымен елден озған ардағым.

Өжет мінез, өршіл кеуде арынды,  
Ел деп салдың таразыға барыңды.  
Тарап кеткен КСРО-дағы үлгілі,  
Президентім — адал басшы, дарынды.

Өзің жайлы жазылады жыр-дастан,  
Менмен болмай, елмен ашық сырласқан.  
Төрге сүйреп қазағыңды аман жүр,  
Ашық болсын, айналайын, нұрлы аспан!

**Назым Қазыбекқызы Едігеева,**  
Алматы облысы,  
Қарасай ауданы

**Арманын орындадың бабалардың**

Нүреке, құтты болсын мерейтойың,  
Сомданып, тұлғаланып, өскен бойың.  
Жер шары, әлемдегі барлық елдер  
Біледі Президенттің ақыл-ойын.

Арманын орындадың бабалардың,  
Көтердің көкшіл туын даналардың.  
Қазақта тұңғыш болған сен Президент  
Ақтадың аппақ сүтін аналардың.

Сіз әке барша қазақ, бәрімізге,  
Жәс сәби, үлкен-кіші, кәрімізге.  
Шілденің алтысында туған ұлды  
Құдайым бере салған сәнімізге.

Аузыңнан шыққан үнің жанға балдай,  
Күлім көз, кербез жігіт, жазық маңдай.  
Қазақтан бала туса сіздей болсын,  
Жарқырап сәуле берсін атқан таңдай.

Балалар есіне алды Нүрекем деп,  
Әкелсін елге бақыт, береке деп.  
Мәз болып ата-аналар ұл өсірсін,  
Үйімде бір-бір патша жүр екен деп.

Ризамын Сізді жеке білгеніме,  
Арқада бірге жүріп күлгеніме,  
Кешегі сұлу жігіт — Нүрекеміз  
Апырмай, ол да алпысқа келгені ме?

Қасыңда ақ жаулықты Сара болсын,  
Немере-шөберемен ортаң толсын.

Сүйікті өзіміздің Президент боп,  
Тойыңды жадыраған елің көрсін.

Бір Алла алпысыңа алпыс қоссын,  
Жылма-жыл бақыт құсы Сізге қонсын.  
Есіңе алып Теміртаулық кезімізді,  
Нүрекем жеңгесіне қолын созсын.

*Елена Бахмутова,  
Алматы қаласы*

### Нұр-аға!

Найза ұстаса, Қарасайдай батырсыз,  
Ой толғаса, ұлы Абайдай ақылсыз!  
Егемендік алып беріп ел-жұртқа  
Болашаққа бастап бара жатырсыз.

Ұлы көшке керуенбасы — көсемсіз,  
Сөз саптаса, Төле бидей шешенсіз.  
Қазақ деген тарихы бар халықтың  
Маңдайына біткен жұлдыз екенсіз.

Дәстүр сүйіп, далада өскен ән тыңдап,  
Қонған Сізге Бақыт құсы — Алтын бақ!  
Желкен жайып Жетпіс жасқа жеттіңіз,  
Өткір жүзді ақ алмастай жарқылдап!

Тек Халық деп соққан алып жүрегі,  
Егеменді елдің діңгек, тірегі,  
Ғұмырыңыз ұзақ болсын, иншалла —  
Міне осы — халқыңыздың тілегі!

*Андрей Браун*

### Тарихта мәңгі қаласыз

Мақтаньш сезімімен,  
Шынайы жүрегіммен —  
Құттықтап мерейтойда,  
Мынаны тіледім мен:  
Денсаулық мықты болсын,  
Баянды бақыт қонсын!

Жемісін төге берсін  
Жасампаз еңбегіңіз,  
Ешқашан ұмытылмас  
Жылдарды жеңгеніңіз!

Көшіміз көлікті боп  
Алдыға тарта берсін,  
Қазақстан халқының  
Бірысы арта берсін!

Егемен қазақ елі  
Шыңдарға жете берсін,  
Жаратқан жолыңызды  
Ақжолтай ете көрсін!

Өзіңіз әлпештеген  
Құлпырсын Қазақстан!  
Тарихта қалар мәңгі  
Абылай мен Нұрсұлтан!

*Аударған ақын Қ.Әлімқұлов*

Сәкен Алтынсарин,  
Астана

Алты алаштың ардағы

Күн шуағын төгеді,  
Өзіңізге Нұр-аға.  
Әлем құлақ түреді,  
Сөзіңізге Нұр-аға.

Қазақ дейтін халықтың,  
Жанашыры Нұр-аға.  
Абыройлы даңқтың,  
Дана сыры Нұр-аға.

Аталардың айбаты,  
Ойыңызда Нұр-аға.  
Арыстанның қайраты  
Бойыңызда Нұр-аға.

II

Қазақ көрген қасірет,  
Қасіретім дедіңіз.  
Қазақтағы қасиет,  
Қасиетім дедіңіз.

Кие тұтып кеңдікті,  
Ақылға бас идіңіз.  
Аңсап өткен теңдікті,  
Арыстарды сүйдіңіз.

Отан үшін, ел үшін,  
Алабөтен күйдіңіз.  
Ұлан-байтақ жер үшін,  
Ақ сауытты кидіңіз.

Ата дәстүр — асылды,  
Алақанға жидыңыз.  
Ақиықты ғасырды  
Арманым деп түйдіңіз.

III

Алты алаштың ардағы,  
Іздедіңіз дос қана.  
Қолыңызбен орнады,  
Ай мүсінді Астана.

Жарқыратып шамдарын,  
Сап түзейді баспана.  
Әуелетіп арманын,  
Қанат жайды жас қала.

Елтіп мынау ғажапқа,  
Билеп кетті Есілім.  
Аштырдыңыз қазаққа  
Сұлулықтың есігін.

Салтанатты, сәні өзге,  
Ән салдырған Астана.  
Тәлім болып әлемге,  
Тамсандырған Астана.

IV

Дүниеге ұлы елін,  
Таныстырған Нұр-аға.  
Ұлттардың тілегін,  
Қауыштырған Нұр-аға.

Өзімізді өзгемен,  
Салыстырған Нұр-аға,  
Бәсекелі сөзімен  
Жарыстырған Нұр-аға.

Жақсылығы жаңғырып,  
Пір болатын Нұр-аға.  
Ұрпағымен мәңгілік,  
Бір болатын Нұр-аға.

V

Ілгерілеп ісім де,  
Көгереді көктемдей.  
Он төрт жылдың ішінде  
Он төрт ғасыр өткендей.

Шаттық болып бар маңы,  
Мұратқа ел жеткендей.  
Ата-баба арманы,  
Орындалып кеткендей.

Ақ тұлпармен арындап,  
Азаттығым шапқандай.  
Әр көкірек жалындап,  
Шабыттанып жатқандай.

Қуатымда, күшімде  
Жарқылдаған от қандай.  
Қазақтығым үшін де,  
Қалай тұрам мақтанбай.

### Әрқашан орындалсын мақсатыңыз!

Нұраға, құтты болсын туылған күн,  
Тілегін жаудырады бүгін халқым.  
Сізге оның ықыласы қуат қоссын,  
Қазақтың әр сөзінің түбінде алтын.

Әлемге мәшһүр болып жақсы атыңыз,  
Әрқашан орындалсын мақсатыңыз.  
Қажымай-талмай әлі еңбек етіп,  
Ел жайын бұдан да әрі жақсартыңыз.

Әлемнің алға ұмтылған бір еліміз,  
Жетеміз, сезеді оны жүрегіміз.  
Қазақты сол биікке шығардыңыз,  
Айтатын осы біздің тілегіміз.

Жасампаздық әрдайым сізге серік,  
Келешекке қараймыз біз де сеніп.  
Жұртшылық сізбен бірге деп тілейді,  
2030-да да жүздеселік.

Сіз деп білдік халықтың досы нағыз,  
Біз де бұл тілектерге қосыламыз.  
Елбасы аман, Ел аман болсын дейміз,  
Жалғас тапсын жарасқан осынау із!

«Замана» газетінің ұжымы,  
Шымкент қаласы

### Ақ тілек

Сарыарқадан Астана сап сәулетті,  
Туған елін ел жасаған дәулетті.  
Қазақ үшін жеті саны киелі,  
Халқы Тұңғыш Президентін сүйеді.  
Жұрты үшін дүние жүзін аралап,  
Есім ханның ескі жолын саралап.  
Қасым ханның қасқа жолын жаңғыртқан,  
Бір-ақ қарап алдындағы жанды ұққан.  
Қазақстан елге айналды айбынды,  
Ұмыттырып қан жұтқызған қайғымды.  
Сан ғасырлар жасай берсін жаңғырып,  
Нұрсұлтанның нұрлы жолы мәңгілік!  
Шашы-дағы қазағым деп ағарған,  
Мақтан етті Қазақстан, Шамалған.  
Ата жолы тарау-тарау таралған,  
Таңның алтын шапағынан жаралған,  
Адастырмай алдан шыққан сан арман.  
Көшелері көліктермен кептелген,  
Қылмыс жасау Ата заңмен шектелген.  
Жан-жақтағы ел қанға бөккен, тоналған,  
Көңіл шошып, жүрек сыздап солардан...  
Ал біздің ел алға басқан қарыштап,  
Жоқшылықтан кеткен елміз алыстап.  
Мұның бәрі Елбасының ұлы ісі,  
Мақтаныш қой мінбелерде тұрысы,  
Мақтаныш қой қазағым деп жүрісі.  
Теміртаудың қайнап піскен құрышы,  
«Елбасым» деп жиналу ғой дұрысы!  
Қазақстан көк жүзінде жарқылдап,  
Дүниеге тіл қатады саңқылдап,  
Ұлы Астана айбарындай қазақтың,  
Басымызда бейбітшілік ғажап күн!  
Дүниеге келген сәтте теңгеміз,  
Теңгемізге мәз болған-ды жеңгеміз.  
Бодан елден егемендік жариялап,  
Әлемдік ел санатына енгенбіз.  
Президентін сүймейтұғын жоқ буын,

Көк жүзінде желбіреп тұр көк туым.  
Елің шығып, биігіне даңқтың,  
Алғысына бөлендіңіз халықтың.  
Бұл құттықтау шын жүректен, Елбасы,  
Ұжымынан біздің «БТА Банктің»!

**«БТА Банк» АҚ басшылығының ұжымы**

### III бөлім

## ӘН МӘТІНДЕРІ

**Бәйтерек**

**Әні Мырзатай Жолдасбековтікі  
Сөзі Несіпбек Айтұлынікі**

Қазағым, қара орманым — байтақ елім,  
Жақсыны, жаманды да байқап едің.  
Асырған мерейіңді асқақтатып,  
Елбасы — бойлап өскен Бәйтерегің!

Нұрсұлтан — ел тірегі, алтын діңгек,  
Алыптың халқы ғана нарқын білмек.  
Қазағым, шаттанатын кезің келді,  
Алашқа қорған болар ұл тудым деп.

Танытып терезесі теңдігіңді,  
Әлемге әйгіледі елдігіңді!  
Тереңге тамыр жайды Бәйтерегің,  
Сақтай біл, ұлан-байтақ кеңдігіңді.

**Мақтанышым — Елбасы!**

**Әні Арыстанбек Мұхамедиялынікі  
Сөзі Махмұт Қасымбековтікі**

Талай ғасыр аңсаумен күткен дала,  
Ақ ордасын Арқаға тіккен дара  
Маңдайына қазақтың біткен дана,  
Мақтанышым — Елбасы! Мақтанышым!

*Қайырмасы:*  
Қиындықты жеңген,  
Қалың елі сенген,  
Ғасырлардан озған — Нартұлға!  
Ел бастаған көсем,  
Болсын аман-есен,  
Халық үшін туған — Нұрсұлтан!

Елбасы деп соғады жүрегіміз,  
Бірге онымен қашанда тілегіміз.  
Соңындағы сенімді тірегіміз,  
Мұны мақтан етеміз! Мұны мақтан!

*Қайырмасы.*

Мойындамас кең әлем көрінгенді,  
Дәл өзіңдей марғасқа ерін көрді,  
Ілтипатпен еліме төрін берді,  
Мақтанышым — Елбасы! Бәйтерегім!

*Қайырмасы.*

**Жан аға**

**Әні Бекболат Тілеухандікі  
Сөзі Махмұт Қасымбековтікі**

Жарқыраған жарық жұлдыз, жан аға,  
Ер тумаса елдің бағы жана ма!  
Мұратына жеткіздің ғой халқыңды,  
Тірек болып ұлан-байтақ далаңа.

*Қайырмасы:*  
Бақытым ғой,  
Байтақ елім,  
Бәйтерегім, жан аға.  
Елін сүйген,  
Елі сүйген, жан аға.  
Бақытым ғой,  
Бәйтерегім, Нұр-аға,  
Елін сүйген,  
Елі сүйген, Нұр аға.

Болашаққа көшті бастап, жан аға,  
Таң нұрындай сәуле құйдың санаға!  
Батырлықпен аты шыққан бабаңдай,  
Ерлігіңе таң қалмасқа бола ма!

*Қайырмасы.*

Алатаудай абыройың, жан аға,  
Ризамыз біз Сізді тапқан анаға!  
Бар әлемді жүрегіне сыйдырған,  
Өмір берсін өзіңіздей данаға!

*Қайырмасы.*

**Дара тұлға**

**Әні мен сөзі Марфуға Айтқожанікі**

Жарқылдап жанарыңда жалын ойнап,  
Жүргенің қалың жұрттың, дариғай-ай, қамын ойлап.  
«Елбасы аман болсын» деп тіледі,  
Айбынды —  
Қазақ елі, дариға-ай,  
Ару-аймақ!

*Қайырмасы:*  
Өзіңсің тәуелсіз ел Бәйтерегі,  
Бұл дала  
Бәйтерексіз қайтер еді?!  
Тәуелсіз күнмен бірге бар әлемге,  
Танылды қазағымның, дариға-ай,  
Қайсар елі.

Тебіrentіп тауларымды асқаралы,  
Тербейді ән,  
Алматы мен, дариға-ай, Астананы!  
Қолдасын аруағы ер бабаңның,  
Тәуелсіз —  
Ғасыр сізбен, дариға-ай, басталады!

*Қайырмасы.*

Өзіңмен бүкіл әлем санасуда,  
Жаралдың аузыңа, дариға-ай, қаратуға.  
Аман бол бар қазақтың бақыты үшін,  
Заманнан —  
Асып туған, дариға-ай,  
Дара тұлға!



## Нұрсұлтанның нұрлы ісі

Әні мен сөзі *Тыныштық Шаменовтікі*

Алматыдан астананы көшірген,  
Айнымаған қабылдаған шешімнен.  
Ақмоламыз астанаға айналды,  
Жаңа қала бой көтеріп Есілден,  
Бастауымен Президенттің Нұрсұлтан.

*Қайырмасы:*

Елдің қамын Нұрсұлтаным,  
Ойлап қала салдырған.  
Астанамыз, мақтанымыз  
Мәңгі мұра қалдырған.

Тарап кеткен бір заманда әлемге,  
Басын қосып бар қазақтың бір елге,  
Жер жүзіне қазақ халқын танытып,  
Өріс берген білім менен өнерге —  
Президент қой Назарбаев Нұрсұлтан.

*Қайырмасы.*

Күннен күнге гүлденуде қаламыз,  
Жайқалады егістікпен даламыз.  
Өз билігі өз қолында, ерікті,  
Ел болдық қой егеменді жаңа біз.  
Бұл бақытқа қол жеткізген Нұрсұлтан.

*Қайырмасы.*

## Нүреке

Әні мен сөзі *Болатбек Әбішевтікі*

Нарықтың үйренем деп тәсілдерін,  
Бір сәтте дүр сілкінді асыл елім.  
Елбасы Нүрекеңе ілесті де,  
Біртіндеп басып озды көршілерін.

*Қайырмасы:*

Назарында көк белес,  
Жанарында отты елес.  
Дәл өзіңдей әлемде  
Елбасылар көп те емес.  
Жарқыраған маңдайың,  
Бал татыған таңдайың,  
Ауызбірлік, ынтымақ  
Айтатының әрдайым,  
Айтатының Нүреке!

Дауысы Сарыарқадан бастау алған,  
Естіледі елордадан — Астанадан.  
Қазақты таныс еткен жер-жаһанға  
Айналдық Нүрекеңдей хас данадан!

**Намыс жолы**

(Нұрсұлтан ағамызға)

**Әні мен сөзі К.Ақылбаевтікі**

Кім білген дауыл соғып шайқақтарын,  
Бұлттардың тау басына айналарын.  
Мезгілсіз келген осы қара күшке,  
Табиғат шыдап бақты байқағаным.

*Қайырмасы:*

Ер азамат алға-ай,  
Қыран болып самға-ай,  
Қанатыңмен талмай  
Жаңа өмірге алып жүр.

Күрескен азамат ел намысы үшін,  
Өмірін сарп етпеген табысы үшін.  
Наркескен нар ағалар аман болсын,  
Болашақ ұрпақтардың шабысы үшін.

*Қайырмасы.*

Бүкіл ел қуат берген қайратыңа,  
Жеткіншек інілерің жүр артыңда.  
Бұқара жұрт күтуде жол бастаңыз,  
Үмітпенен қараған — сенді атыңа.

*Қайырмасы.*

Бар емес пе азаматтар сынбайтұғын,  
Ел намысын жібермей қорғайтұғын,  
Жігерімен, қажырлықпен жол көрсетіп,  
Халық өзі қадірлеп, сыйлайтұғын.

*Қайырмасы.*

Басына талай істер түсседағы,  
Жамырап, сөздер айтып жүрседағы,  
Қайтпаған ер жолынан, ел жолынан,  
Қиыншылық жолдарын көрседағы.

*Қайырмасы.*

**Тілдесу**

(Нұрсұлтан Назарбаевқа)

**Сөзі Нұрлан Оразалиндікі  
Әні Шәміл Әбілтайдікі**

Қуә!..  
Қуә — Тамырым мен көз, денем.  
Қуә!..  
Қуә — қайың, шағыл, боз көдем.  
Мен қайғырсам..  
Жерім үшін қайғырдым,  
Самғау үшін,  
Қалмау үшін өзгеден... (Шумақтың соңғы 4 жолы  
2 рет)

Мен мұңайсам — Далам үшін мұңайдым.  
Мен тыңайсам — Ғалам үшін тыңайдым.  
Мен қуансам — Тауым үшін қуандым,  
Көкірегім шалқар теңіз, ұлы айдын. (Шумақтың соңғы 2 жолы  
2 рет)

Жанарымда — алып аспан, алып түн.  
Мен жанықсам — ұлт үшін жанықтым.  
Мен қамықсам — ұрпақ үшін қамықтым,  
Ертеңі үшін қазақ деген халықтың. (Шумақтың соңғы 2 жолы  
2 рет)

Тербеп алаң, аспан менен жер түнді,  
Еркін күйлер ел көгінде шертілді.  
Мен өртенсем..  
Елім үшін өртендім..  
Иә, Тәңірім!  
Өшірмегін өртімді!.. (Шумақтың соңғы 4 жолы  
2 рет)

**Елімнің сенде ажары**

**Әні Жоламан Тұрсынбаевтікі  
Сөзі Рига Онаеванікі**

Елімнің сенде ажары,  
Өзіңде әлем назары.  
Ағажан, бүгін сен болып,  
Нұрланды дүние базары.

Қайырмасы:  
Баянды бақыт, ырысым,  
Шалқыған шабыт — тынысым.  
Көңілге қонған ұлы ісің,  
Таң шуағым, ән шуағым,  
жан аға!

Нәр алған Отан-анадан,  
Күш алған дархан даладан.  
Бабаның асыл тұяғы,  
Айналдым сендей дарадан.

Қайырмасы.

Желбіреп биік байрағым,  
Асырдың Алаш айбарын.  
Жеткіздің биік белеске,  
Халқыңның асыл арманын.

## Нұр ата

Әні мен сөзі *Тілеуғазы Бейсембектікі*

Қасиетті аталарымнан  
Біз ұрпақпыз бата дарыған.  
Ерлік дәстүр салтымызда бар,  
Халқымызда бар, антымызда бар.

*Қайырмасы:*  
Кең далам — туған мекенім,  
Мен — балаң, мақтан етемін.  
Елім, асылым, менің ғасырым,  
Жаңа ғасыр — менің ғасырым.

Шырқайтын кез келді асқақ ән,  
Ғасырларға елді бастаған.  
Нұр-ата ғой қыраным менің,  
Ұраным менің, жыр-әнім менің.

*Қайырмасы:*  
Нұр-ата — нұры даламның,  
Бақыты барлық баланың.  
Ғасырға жаңа, қасымда дана  
Нұр-атамен бірге барамын.

Болсын, елім, аспаның ашық,  
Болашаққа жас жаным ғашық.  
Қиын шақта тірегің болам,  
Білегің болам, жүрегің болам.

*Қайырмасы:*  
Туған ел — асыл өрелім,  
Жайнатар менмін өренің.  
Жаңа ғасырдан шуақ шашылған  
Нұр-атаның нұрын көремін.

## Ел ағасы

Әні мен сөзі *Ы.Шералиевтікі*

Қашанда ел ерімен танылады,  
Ардақты ұлын әркез сағынады.  
Қарсы алса ақ жүрекпен ел қуанып,  
Бабалар батасының дарығаны.

*Қайырмасы:*  
Қуанған бар қазағым:  
«Бақ қонды!» — деп,  
«Ниетке  
Жаратушым жақ болды» — деп.

Бойына қасиет пен нұр жинаған,  
Заманың әр кезеңде бір қинаған.  
Қарасай бабамыздың топырағы  
Қазаққа Нұрсұлтандай ұл сыйлаған.

*Қайырмасы:*

Қазақтың жарқын алда келешегі,  
Күні де жақындады берекелі.  
Көреген данасы бар алға тартқан,  
Артынан сүйеніш болып ел ереді.

**Нұрлы таң**

Әні мен сөзі *Қадыр Әлімқұловтікі*

Қырандай қияға шыққан самғап,  
Өр халық сайлаған өзін таңдап.  
Уақыты оған,  
Нар жүгін артқан.  
Қарамай соған,  
Алдыға тартқан.

*Қайырмасы:*  
Қазақтың атты,  
Бір тылсым таңы.  
Бастады сапты  
Ер Нұрсұлтаны.

Егемен елінің бақыты үшін,  
Жұмсаған қажыр мен қайрат күшін.  
Жігері жалын,  
Жайдары жаны.  
Ойы да қалың —  
Халқының қамы.

*Қайырмасы:*

Келеді қазағым қанат жайып,  
Келісті келбеті таңғажайып.  
Сапта — ұландар.  
Сайыпқырандар.  
Жарқын болашақ  
Күтіп тұр алдан.

*Қайырмасы:*

Қазақтың атты,  
Бір тылсым таңы.  
Бастады сапты  
Ер Нұрсұлтаны.

Бастады сапты,  
Ер Нұрсұлтаны,  
Өр Нұрсұлтаны,  
Ел Нұрсұлтаны!

**Алаштың абыройлы азаматы**

**Әні мен сөзі Қадыр Әлімқұловтікі**

Ел едік ақ ниеттен жаратылған,  
Тағдырдың талқысымен таратылған.  
Халқымның тәуесіздік таңы атқанда,  
Көрінді көш алдынан дара тұлғаң.

*Қайырмасы:*

Бақытқа бастап халқыңды,  
Сабырлы сақтап салтыңды,  
Қазақтың ұлы — Нұрсұлтан,  
Жаһанға жайдың даңқыңды.

Уақыт артты ауыр жүк иығыңа,  
Ешқашан мойымадың қиынына.  
Өзіңнің даңқыңменен ел танылды,  
Мүше боп Біріккен Ұлттар Ұйымына.

*Қайырмасы.*

Қадірлеп қаласы да, даласы да,  
Санаған бір өзіңді панасына.  
Алаштың абыройлы азаматы,  
Атыңды еншілетті баласына.

*Қайырмасы.*

**Халықтың алып ұлысың**

**Әні Қабыл Төрехановтікі  
Сөзі Әбдірахман Асылбектікі**

Белесінде жиырманшы ғасырдың  
Ел боп туып, шуақ болып шашылдың.  
Аясында қайрат, жігер, ақылдың,  
Атағыңды Алатаудан асырдың.

*Қайырмасы:*

Елбасы Нұрсұлтан,  
Азаттық таңның жарқын нұрысың.  
Елбасы Нұрсұлтан,  
Қазақтың біртума ұлысың.

Ел тірлігі өмірімнің өрнегі,  
Ел тірлігі көңілімді тербеді.  
Жарқын ойлар жарқыратып зердені,  
Мол мейірім жүрегімді тербеді.

*Қайырмасы.*

Елдің еркін өркен жайып толғаны,  
Елбасының ерен жүйрік болғаны.  
Халықтың шын құрмет тұтып қолдауы  
Абылай хан аруағының қонғаны.

**Жас түлектер жыры**

**Әні Бейбіт Дәлденбаевтікі**  
**Сөзі Сұлтан Қалиұлынікі**

Білімге біз, туған ел, құмар ұл-қыз —  
Арман құған жас түлек, ұланыңбыз.  
Нұрағандай ертең-ақ талай-талай  
Алдымызда жарқырап тұрар жұлдыз.

*Қайырмасы:*  
Нұрға бөлеп әрдайым тұрар маңын,  
Арамыздан сан мыңдап шығар дарын.  
Сенімдіді арт, туған ел, ұрпағыңа,  
Алға батыл самғасын ұландарың.

Сан алуан мамандар еңбегін де  
Лайықты өнермен тең көруге.  
Озық ойлы ғылымның небір сырын  
Асығамыз тезірек меңгеруге.

*Қайырмасы.*

Талпынбаса бұйырған өнер кімге,  
Талаптыға шуағын төгер күн де.  
Талпынамыз шыңдарға, асқарларға,  
Талпынамыз табысқа кенелуге.

*Қайырмасы.*

Әрбір күнге жеңіспен аттанғанда,  
Кеуде соғар біз емес мақтанғанға.  
Қазақстан туған ел — ұлы анамыз,  
Үмітіңді бола ма ақтамауға?!  
Қазақстан туған ел — ұлы анамыз,  
Үмітіңді бола ма ақтамауға?!

**Елбасы Нұрсұлтан ағам**

**Сөзі мен әні Жомарт Тілешовтікі**

Алатаудың бұлағынан нәр алған,  
Абыройы бар әлемге таралған,  
Қасиетті қазақ деген халықтың  
Ең аяулы арманынан жаралған.

*Қайырмасы:*  
Қуат берер ұлан байтақ кең дала,  
Жаңылмастан жол бастадың сен жаңа.  
Туған елің мақтанады бүгінде  
Мұндай ұлды туа алам деп мен ғана.  
Тәңір қолдап, тіреу берер,  
Жанымызға жігер берер,  
Бойыңдағы қайратың мен қуатың.  
Шықсаң қанша алып асу,  
Туған елдің бағын ашу —  
Сенің жалғыз арманың мен мұратың.  
Тұғырында тұрақтаған,  
Көк байрақты құлатпаған  
Сендей ерге сенім артар халқың да.  
Бағалайды бар күндерін,  
Келешегім жарқын менің  
Нұрсұлтандай тұрған кезде нар тұлға.

Жылдар түгіл өтсе-дағы ғасырлар,  
Бірлігіне сүйінетін досың бар.  
Саған тіпті қас қағымда бағынды,  
Кеше бізге арман болған асулар.

*Қайырмасы:*

Тәңір қолдап, тіреу берер,  
Жанымызға жігер берер,  
Бойыңдағы қайратың мен қуатың.  
Шықсаң қанша алып асу,

Туған елдің бағын ашу —  
Сенің жалғыз арманың мен мұратың.  
Тұғырында тұрақтаған,  
Көк байрақты құлатпаған  
Сендей ерге сенім артар халқың да.  
Бағалайды бар күндерін,  
Келешегім жарқын менің  
Нұрсұлтандай тұрған кезде нар тұлға.

*Бұдан әрі тағы да:*

Тұғырында тұрақтаған,  
Көк байрақты құлатпаған  
Сендей ерге сенім артар халқың да.  
Бағалайды бар күндерін,  
Келешегім жарқын менің  
Нұрсұлтандай тұрған кезде нар тұлға.

## IV бөлім

*ДАСТАНДАР*



**Несіпбек Айтұлы,**  
ақын

**Бәйтерек**  
(поэма)

Ғасырда көтерілген намыс тудай,  
Алаштың бағы жанбас арыс тумай.  
Автор

I

Түбіне тіршіліктің тағдыр ие,  
Тәңірдің ғұзырында бар дүние.  
Қызыл тіл қара тасты балқытады,  
Келгенде қыл қобыздай зар күйіне.

Сүрінбес, су төгілмес тілім жорға,  
Атасы ақпа жырдың, пірім, қолда!  
Шақырып аруағыңды, атыңды атап,  
Өзіңе сыйынбаған күнім бар ма!?

Өлеңнің ақтаңгері арғы бабам,  
Басынан ешкім асып қарғымаған.  
Түсімде Тәуелсіздік Падишасы,  
Ақ қағаз, алтын қалам берді маған!

Сенемін асыл сөздің тозбасына,  
Жетеді өз бақытым өз басыма.  
Күбірлеп құлағыма жеті түнде,  
Қоймады осы жырды жазбасыма!..

Қолыңда жүйрік қалам жарқылдаса,  
Сөзіңді арманың не ел тыңдаса!  
Кеудемде көз бар шығар қайнап жатқан,  
Тамшысы таңдайымның сарқылмаса!..

II

Шүкірлік жарылқаған Аллаға мың,  
Маңдайы жарқырады кең даланың.  
Тәуелсіз атқан таңның арқасы ғой,  
Қанатты еркін қағып самғағаным.

Айығып ой тұманнан, сана бұлттан,  
Жазылды ескі жара жан ауыртқан.  
Азаттық аясында қандай бақыт,  
Тәуелсіз тыныс алып, ауа жұтқан!

Жаныма жақындасаң мұңдасыңмын,  
Келмейді енді ешкімнен сыр жасырғым.  
Не пайда дүниенің кеңдігінен,  
Болмаса бостандығы бір басыңның!?

Тарихты қазып қайтем сан айтылған,  
Ақсарай талай қирап, талай тұрған.  
Түгендеп алар өзі керек қылса,  
Асықпай артық-кемін санайтын жан.

Халқымның сан ғасырлық ғұмыры да,  
Уақыттың жүк болмапты жұмырына.  
Армысың, Азаттығым, қыран қанат,  
Жарқылдап қайта қонған тұғырына.

Қаймықпай тас қамалдан, мұз бөгеттен,  
Кенеттен түскендейсің бізге көктен.  
Жолыңда жорық салып бабаларым,  
Арыстар алас ұрып іздеп өткен.

Аруақтар аунап түсті тебіренген,  
Сақтасын жатқа қайта телігеннен.  
Алмастай жарқылдаған ақ жүзіңді,  
Адамда арман болмас көріп өлген!

Тағдырын тәлкек қылып айлалыға,  
Талайлар тура жолдан таймады ма?  
Шынжырға шыр айналып тұрса-дағы,  
Ит қана семіреді тойғанына.

Қайратың қара тасқа қайралғандай,  
Қай кезде төрт құбылаң сай болғандай.  
Құлқынның құлдарына қарағанда,  
Пақырдың парасаты пайғамбардай.

Туған ел, жаралғалы не көрмедің,  
Көрейін көсегеңнің көгергенін.  
Қиырда қыршындарың қалды қанша,  
Бұйырмай бір жапырақ сенен кебін.

Көзіндей бабалардың, бағзы мекен,  
Бас иіп тау-тасыңа тағзым етем.  
Шиыры озбырлықтың шым-шытырық,  
Соқпағы әділдіктің жалғыз екен.

### III

Жеткізбес құдай сүйсе баққа кімді,  
Қарыны ақ түйенің ақтарылды.  
Ат шаптыр, аруақ шақыр, тойла, қазақ,  
Тәуелсіз тұңғыш патшаң таққа мінді.

Ошақтың үш бұтындай үшкіл, қазақ,  
Ел болып еңсе көтер, күш қыл, қазақ.  
Сиырдың бүйрегіндей бытырасаң,  
Қашанда көрер күнің мүшкіл, қазақ!

Тажалдың тамағы боп игілігің,  
Заманның көрдің салған қиғылығын.  
Еркіңде қалай бұрсаң аттың басын,  
Өзіңе өз тізгінің тиді бүгін!

Жүндеген жуанды да, жуасты да,  
Бодандық батты мәңгі су астына.  
Ұлт болсаң ұятың бар, иманың бар,  
Ал, енді жиналыңдар Ту астына!

Бір Алла тілегіңді етсе қабыл,  
Бітеді қораңа мал, бақшаңа гүл.  
Төріңе түгел шығып қасқа-жайсаң,  
Кенелсін абыройға патшаң әділ!

Қолдаса игі жақсы ел ағасы,  
Патшаның халыққа кең дара басы.  
Қырағы көптің көзін байлай алмас,  
Тағдырдың түмшалаған томағасы.

Биліктің жалына кім жармаспаған,  
Серкелер сүрінбесін ел бастаған.  
Періште алтын көрсе жолдан тайып,  
Тонаса өзін-өзі оңбас қоғам.

Ежелгі жұрт едік қой дүркіреген,  
Хандары күн астында күркіреген.  
Көтеріп төбесіне сыйласқанын,  
Тулақтай егескенін сілкілеген.

Жасайды өз дегенін озған заман,  
Құбылып, қылаң ұрып көзді алдаған.  
Өлмейтін, өзгермейтін ешнәрсе жоқ,  
Тағынан Тәңір ғана қозғалмаған.

Келмейді адамзатқа қайғы алыстан,  
Соны айтып қамықпады қай данышпан?  
Елдігін сақтай алмас енжар халық,  
Қулықпен, сұмдықпенен айналысқан.

Арасын бақ пен сордың көрді көзің,  
Арындап асқақтайтын келді кезің.  
Көлденең көк аттылар басынбай ма,  
Тарпаңдай танытпаса ел мінезін?

Кең ашып берекеге есігіңді,  
Түзетіп тербете біл бесігіңді.  
Сан ғасыр бұршақ салып мойыныңа,  
Құдайдан тілеп едің осы күнді!

Бүгіліп тізе бүкті белдескенің,  
Өлгенің қайта туып, жанды өшкенің.  
Бұлқынған қасіретті қынабында,  
Суырдың намысыңның наркескенін.

Томирис, Еділ патша, Елгеріс хан,  
Аңсаумен еркін өмір арпалысқан.  
Жете алмай Жерұйыққа Асанқайғы,  
Желдіртіп желмаясын жер тауысқан.

Жерұйық іздемесең таптыра ма,  
Бұйыра бір түп жусан тоқтыға да.  
Қызырды кіріп келген танымасаң,  
Басыңа байырқалап бақ тұра ма?

Бұтағы бойламаса күнге қарай,  
Халық бір қаусап біткен қу қарағай.  
Қандағы қасиеттен айырылсаң,  
Қалмайды қуған қырсық құлғанадай.

Тірісің — туған ана тілің барда,  
Өлісің — түп тамырың жұлынғанда.  
Қуатты күннің нұры құтқармай ма,  
Жас өркен үскірікке ұрынғанда.

Жоғалса қыздан иба, ұлдан иман,  
Кең далаң кімге керек құр далиған.  
Жолында бостандықтың төгілген қан,  
Кетеді судай зая құмға құйған.

Кезеңде қиқу салып жау қаптаған,  
Тұлпар жоқ омырауын шаң қаппаған.  
Ешқашан еңкеймейді елдің туы,  
Ерлері бірін-бірі ардақтаған!

Адамға түсірмесе адам жарық,  
Тірлікті түнек басар қараң қалып.  
Қақ жарған қара қылды билік барда,  
Қашанда патшасына адал халық.

Өмірдің ажыратпай ақ-қарасын,  
Шарадай шайқаған көп шақша басын.  
Әлек боп ел басқару әркімге оңай,  
Халыққа Көсем болу патшаға — сын!

#### IV

Қисыны келер істің дер шағында,  
Күш-қуат келіде емес келсабында.  
Сөйлейді Назарбаев Нұрсұлтан боп,  
Көк тулы Қазақстан жер шарында.

Шарпысып жаңа дәуір ескіменен,  
Көз көрді хикіметті естімеген.  
Елбасы шарқ ұрады шартарапқа,  
Қырандай балапаны кеш түлеген.

Аңдиды қырдан қатер, ойдан қырсық,  
Суырмай саясат жоқ майдан қылшық.  
Қазақты кім сүйемек қолтығынан,  
Тобықтан дұшпан қағып, тайғанда ұршық.

Ұрынса ұлан-асыр ғазуатқа,  
Жанады жалғыз қалып қазақ отқа.  
Шақ туды шамырқанып шамданатын,  
Ойлаған елдің қамын азаматқа.

Әр күні, әр сағаты толғаныста,  
Түсіп тұр ауыр салмақ ар-намысқа.  
Азуы алты қарыс алпауыттар,  
Ұқсайды талап жейтін жолбарысқа.

Сарбаздар саясаттың майын ішкен,  
Арбайды қулық торын жайып іштен.  
Келеді қанжығаға бөктергісі,  
Шықпаса ойларынан ойың үстем.

Алдаудан жатса-тұрса жазбайды олар,  
Тұмсығы олжа тапса тез майланар.  
Көліне көлкіп жатқан байлығыңның,  
Шақырсаң қатар-қатар қаздай қонар.

Жебемей асыл мақсат, асқақ арман,  
Жетер ме мұратына тосқан алдан.  
Аруағы бабалардың кешірет ме,  
Бақыттан айырылса басқа қонған.

Жаңылса жарастықтың жүлгесінен,  
Өрт қояр өшіккендер іргесінен.  
Көңілінен адамзаттың шыға алар ма,  
Көрінбей парасаттың мінбесінен.

Зулаған зымыран оғы заманада,  
Зорлығы зұлымдықтың жоғала ма?  
Қарудан ядролық бас тартпаса,  
Маза жоқ мұңға батқан Жер-Анаға.

Қараса Қазақстан алабына,  
Құрамы қырық құрау — ала-құла.  
Оп-оңай орта жолда арба сынар,  
Тас тисе дөңгелектің шабағына.

Тулай ма ел тынысы тараймаса,  
Ызадан қаны қайнап, қараймаса?  
Қауқарсыз қаңбақ емес халық деген,  
Жөңкіле жосылатын жел айдаса.

Шаң тұрса шындық атты шарайнаға,  
Көреді өз келбетін қалай ғана.  
Таба алмай ақиқаттың алтын кілтін,  
Өкініп өткен жоқ па талай дана.

Түсіп тұр адамзаттың бағы сынға,  
Тірліктің толқын атқан ағысында.  
Айнымай әділеттің ақ жолынан,  
Топ жарған ғасырлардың тоғысында.

Көненің қалып қоймай шиырында,  
Жол тапты асулардың қиынында.  
Жұртының аманаты жүрегінде,  
Дәуірдің ауыр жүгі иығында!

## V

Соққанда замананың көк дауылы,  
Ел түгіл солқылдайды жер бауыры.  
Көппенен бірге көрер не көрсе де,  
Құдайдың қатардағы ол да құлы.

Халықтың қарық болса қағанағы,  
Керілер керегенің сағанағы.  
Ауылдан ала қашар түк таппаса,  
Қу басты қасқыр мүжір даладағы.

Ошақтың оты шалқып қазан асқан,  
Оңдалар шалық қадам жаза басқан.  
Төндірді қара аспанды әлдекімдер,  
Қырыла қалатындай қазақ аштан.

Көп үшін кім болғаны күйінбесе,  
Ұршықтай қиындықты үйірмесе?  
Сапырған қара бұлтты қанатымен,  
Дауылға дауылпаздай шүйілмесе?

Қамалдың қабырғасы құламаса,  
Тағанын дей алады кім аласа?  
Қираған құм шөлмектей қоғам кейпі,  
Қиюын қайта тауып құрамаса.

Мұндайда содырлар мен сумақайлар,  
Тайраңдап ел үстінде күнде тойлар.  
Сұңқардың төбесіне сұқсыр мініп,  
Құланның құлағында құрбақа ойнар.

Мыңқ етпес мәңгүрт пенен маубас қана,  
Сұр жылан іштен шықса — сол масқара.  
Жармасса жау жағаға, бөрі етекке,  
Жер үсті, аспан асты болмас пана.

Арсызға берсең — жақсы, алсаң — жаман,  
Алдына арамдықтан жан салмаған.  
Көршінің қолтығына су бүркеді,  
Атақаз атамандар алшаңдаған.

Тату жұрт, бірі — шекер, бірі — балдай,  
Жарысып жауласатын түрі бардай.  
Қызуы Оңтүстіктің өрге шауып,  
Солтүстік сіреседі сүрі қардай.

Болысса иілместі Тәңір иер,  
Таланса тар ноқтаны тағы киер.  
Көсеудің екі басы бірдей ыстық,  
Қай ұшын ұстаса да қолы күйер.

Бермесе пендесіне Алла сабыр,  
Бәрі де арпалыстың далбаса құр.  
Топалаң тиылмайды тентектерді  
Келтіріп тәубасына алмаса бір.

Адалдық арамдықтың қолын қағар,  
Күн келер күткен үміт орындар.  
Ұлтының табанынан ызғар өтсе,  
Ұлтарақ, ұлтаны да болуға бар!

## VI

Дүние келе бермес шыр айналып,  
Бел буды тәуекелге мың ойланып.  
Алдында болашақтың беті жарық,  
Еліне еңбегі — аян, құдайға — анық.

Шайқасып ата жаумен сан кезенген,  
Бабалар кешіп өткен қанды өзеннен.  
Байқаса, шығатұғын жол біреу-ақ,  
Бұралаң тайғақ кешу, тар кезеңнен.

Ғасырда көтерілер намыс тудай,  
Алаштың бағы жанбас арыс тумай.  
Орнығып ел іргесі беки қоймас,  
Ортаға астананы ауыстырмай.

Мақсаттан көзі жеткен тартына ма,  
Біледі түсетінін талқыға да.  
Басқалар түсінбесе түсінбесін,  
Түбінде түсінетін халқы ғана.

Көңілі тебіренсе домбырадай,  
Төгілмес құлақ күйін оң бұрамай.  
Атадан арыстан боп туғанменен,  
Тұтқасын ұстата ма тағдыр оңай.

Кең дала қан жылаған қасіреттен,  
Қазақтың қашан көзден жасы кепкен?  
Байланып бостандықтың қол-аяғы,  
Кененің қанжығада басы кеткен.

Ту тігіп Абылай аспас сары белге,  
Кек қайтып, бастар ме екен елін өрге?  
Сарыарқа — айқастардың сахнасы,  
Сенделтіп салған талай әбігерге.

Алысса ауыздықпен арда көңіл,  
Тартуға қайғы деген арба жеңіл.  
Қобызға үнін қосып күңіренеді,  
Ежелгі Қазтуғаннан қалған Еділ.

Созылып сор өзені содан бері,  
Арнасы аққан сайын тереңдеді.  
Ойласа Орынборды опынады,  
Алаштың Орда тіккен кемеңгері.

Жер қайда қиып алып қылғытпаса,  
Шындыққа шара бар ма шыр жұқпаса?  
Қазақтың астанасын аярылықпен,  
Ақмешіт, Алматыға сырғытпаса?

Жендеттер жаралғалы кімді аяпты,  
Көгендеп кәрі-жасты бірдей атты.  
Кәмпеске, ашаршылық, отыз жеті —  
Кінәсіз халық қаны судай ақты.

Қорқаудың қиянаты жоқ есінде,  
Ойнаған төрт аяғы төбесінде.  
Аштық пен оқтан қалған ақ сүйектер,  
Ғасырдың көлденең түр өңешінде.

Не керек қайран елін еңіретті,  
Өлгеннің орнына әкеп егін екті.  
Қараса, тарих беті таңдақ-таңдақ,  
Түскендей жазылмайтын теміреткі.

## VII

Саңқ етті Алатаудың мұзбалағы,  
Жаңғырып жартас біткен, құз қарады.  
Шарықтап шырқау көкте жүрді-дағы  
Бетке алып тартып кетті түз даланы.

Түр міне, Үшқоңырда — өзі шыңда,  
Ақиық барады ағып көз ұшында.  
Қыранды құс патшасы деп атайтын,  
Айналды бұрынғының сөзі шынға.

Ақиық Алатаудың иесі ме,  
Көк аспан соған ғана тиесі ме?  
Сияқты Абылайдың ақ бурасы,  
Көрінген әлде өзінің киесі ме?

Аспанда атқан оқтай құс ағады,  
Еске сап қасиетті нысананы.  
Қанатын сол қыранмен бірге қағып,  
Қиялы қияндарға ұшады ары.

Кеткендей елес беріп әлгі қыран,  
Қайыспас қайран ердің тағдырынан.  
Шыққан күн көкке өрлеп бара жатты,  
Әлемнің алтын зерлі сандығынан.

Суырмай бұлттар бүгін алдаспанын,  
Шыңдар да құра қапты малдастарын.  
Қаз-қатар қолын жайып, бата беріп,  
Тілеуін тілегендей марғасқаның.

Көз тікті көк тіреген Талғар шыңға,  
Асқар жоқ одан асқан алды-артында.  
Биікке бір шықпаған бейшаралар,  
Тәкаппар таудың сырын аңғарсын ба?

Шығатын ең шыңына шыдағандар,  
Арманның шырқауындай мына заңғар.  
Біржола құз түбінде қалады екен,  
Биіктен басы айналып құлағандар.

Тимеген сауырына пенде аяғы,  
Орнында Хантәңірі сол баяғы.  
Тәңірдің тақытындай аспандағы,  
Аспандап тұрған шығар тау нояны.

Жұлдыздай жарқырамай бір кемерден,  
Жалғанның қызығына кім кенелген?  
Жорып тұр жақсылықтың нышанына,  
Ғажапты түсіндегі түнде көрген.

Түрі бар «Қарасайлап!» қонған атқа,  
Ешкім жоқ оң қанатта, сол қанатта.  
Түседі Көктің нұры шағылысып,  
Қолында жарқылдаған шарболатқа.

Тұлпардың тұяғынан жер сөгіліп,  
Алдынан жау қашады төңкеріліп.  
Үн қосып ұрандаған дауысына,  
Жан-жақтан құйылады ел төгіліп.

Бір сәтте күн күркіреп, жел шақырды,  
Айдаһар ысқырынған қарсы атылды.  
Қылышпен кере тартып қалғанында,  
Көмейі кесепаттың қан сапырды.

Құтылып жалаңдаған жау-жаладан,  
Еседі салқын самал кең даладан.  
Басына Хантауының алып шықты,  
Қалың ел Хан көтеріп қаумалаған.

Ажалға қарсы шауып жанға төнген,  
Қазағы аман қапты сан қатерден.  
Ескі жұрт екен дейді сол баяғы,  
Керей мен Жәнібекті хан көтерген.

Жар болып жаратушы Алла бұлай,  
Аруағы бабалардың қолдауын-ай!  
Хан келіп алтын тәжді тіл қатады,  
Күлтегін, Әз-Жәнібек, әлде Абылай:

— Ал, балам, бекем ұста ел тұтқасын,  
Тағыңды Тәңір сенің толқытпасын!  
Оралып шалғайыңа бақ пен дәулет,  
Қысылсаң Қызыр келіп қолтықтасын!

Бөгде жұрт басынуды жол тұтпасын,  
Ұстасын өз атының тартып басын.  
Кеткендер шыға бере сырт айналып,  
Келгендер қоржыныңа қол сұқпасын!

Ер жігіт туғаннан соң елге — қанат,  
Өзіңе байтақ дала енді аманат!  
Тасыған дариядан өте алмассың,  
Іздесең таяз өткел жар жағалап!

Атаның ақ жолынан айнымастан,  
Арыстар арпалысқан айбыны асқан.  
Нағыз ер намысы бар халқын ойлар,  
Кіргенша қара жерге қойнын ашқан!

Осылай аян берді хан бабасы,  
Жұмбағын біле бермес жас баласы.  
Керуені көп заманның көлбең қағып,  
Көшеді көз алдынан тау-даласы.

Күркіреп жауар күндей қанша қаған,  
Өздерін тәңірімен тең санаған.  
Халқының қотыр тайын жегізбеген,  
Қасқырдай көп дұшпанға анталаған.

Естеми, Бумын, Білге, Күлтегінге,  
Жетеді адамзатта кім тегінде?!  
Тасқа ойып жазып кеткен өсиеті,  
Қасқайып қара жердің тұр төрінде!

Арт жақта ұрпақ бар деп жоқтап алар,  
Айтарын түгел айтып кеткен олар.  
Тәндері топырақта жатқанменен,  
Жандары жайсаңдардың көкте болар.

Уақыттың кім батпаған тереңіне,  
Елім деп еңірепті ер Едіге.  
Жұртының жел жағына жанын тосып,  
Солардай бола алмаса керегі не?!

Ерліктің өшкен еді салты қашан,  
Өмірі қаһарманның халқына тән.  
Түбіне солардың да жеткен жоқ па,  
Айыр тіл, ала ауыздық алты бақан?

Өткеннің өкініші өткір қандай,  
Мәңгілік есте сақта деп тұрғандай.  
Бес күндік берекесіз боқ дүние,  
Дарига, кімдерге опа таптырғандай.

Мойнында мүскіндердің талай күнә,  
Төндірген соқыр тұман арайлыға.  
Арс етіп ала түссе таң қалмайды,  
Қапқандар Абылайды, Абайды да.

Көп болса сөз батады жалқы жанға,  
Қызғаныш қызыл өрті шарпығанда.  
Шаң жұғып шашасына көрген емес,  
Артында асқар таудай халқы барда!

Иілмес батса-дағы басы қанға,  
Қашанда батыр халық жасыған ба?  
Жағаны жуып-шайып кетпес пе еді,  
Арындап асау өзен тасығанда.

Жұртының жеткізбесе баққа қолын,  
Не керек иеленіп тақтан орын?  
Патша аз ба пәтуасыз ғұмыр кешкен,  
Кім іздер құнсыз басын жоқтап оның?

Көк семсер жарқылдамас жүз болмаса,  
Көсемнің несі көсем із қалмаса?  
Сіресе тағдыр деген суық мұхит,  
Кемедей күтірлетіп мұз жармаса.

Көсем бе көптің сөзін айта алмаса,  
Түскенде ауыр салмақ қайқаңдаса?  
Түгендеп төңіректің төрт бұрышын,  
Есесін елге кеткен қайтармаса?!



Қалады көпке берген анты қайда,  
Тұрмаса ел парызы әр күн ойда?  
Гауһардай тұңғықтан табылмаса,  
Көбіктей су бетінде қалқымай ма?

Патшасы болғанменен қанша дана,  
Қадірлі ел бақыты жанса ғана.  
Ұлтының ұл қаша ма азабынан,  
Емес пе қазағынан жан садаға!

Бекітсе астананың ірге тасын,  
Көрсетер күдірейтіп кім жотасын?  
Күніренткен қаралы күн қайтып келмес,  
Қазақтың көрде жатқан күллі атасын!

Біреулер әурешілік дер де мұны,  
Көшіріп босағаға төрдегіні.  
Қияға қиял жетпес құлаш ұрды,  
Қайтпаған, таудан-тастан өр көңілі.

Жәрдемін аямаса Хақтағала,  
Пәрмені патшалардың тоқтала ма?  
Жарлыққа қолын қойды ертеңінде,  
Астана ауыссын деп Ақмолаға!

Сарыарқа сайын дала — жер кіндігі,  
Баянды байтағымен елдің күні.  
Қазағым, көш көлікті болсын енді,  
Көтерген жолда қалмас Нардың жүгі!..

### VIII

Аршында, шығар қазақ, үніңді асқақ,  
Кім сені тоқтатады бүгін жасқап?!  
Астана Ақмолаға келе жатыр,  
Айбынды Нұрсұлтандай ұлың бастап!

Желбіреп көштің алды жалаулайды,  
Арқаға аққан судай ел аунайды.  
Тапсыр да тағдырыңды ер соңынан,  
Ер туып екі қайта жаралмайды.

Арқаның асау желі борандайды,  
Бірақ та көшке бөгет бола алмайды.  
Ақтүтек қайта айналып соққанменен,  
Ақсүйек заман жұты оралмайды.

Бұл жерді бабаң қорғап жат қолынан,  
Түспеген күндіз-түні ат жалынан.  
Асыңа қылаяғы шыбын қожа,  
Айрылсаң қара қазан қақпағынан.

Қайтқаны осы емес пе кеткен есең,  
Біріңді-бірің қағып шеттемесең.  
Япыр-ау, не қыл дейсің бұдан артық,  
Үстінен қыл көпірдің өт демесең!

Салған соң кең толғанып көпке кеңес,  
Аяулы Алматысы өкпелемес.  
Патшаның парасатты жүрегінде,  
Астана жерде де емес, көкте де емес!

Ағайын, артық сөйлеп құлаштама,  
Тұнығын туған елдің ыластама!  
Жалпының қамын жеген жалғыз басы,  
Патшаның өзі емес пе шын Астана!

Тағдырдың талқандалып тас қамалы,  
Талайдың төңкерілді тостағаны.  
Құлағы қияпаттың көрінгені,  
Асығыс ауыстырса астананы.

Көсемге көштің түсер салмағы бар,  
Көк толқын кеме жүзсе қақ жарылар.  
Көреген, қол бастаған дара батыр,  
Көкжалдай мұз төсеніп, қар жамылар.

Отырсақ өзге жұрттан аса қарап,  
Қонғаны бақ пен дәулет қоса қабат.  
Ерлігі Елбасының жарқырап тұр,  
Бұлт қалай күннің көзін тасаламақ?!



Көрейін көштің көркін көлегейлеп,  
Төгейін сүйіншіге сөзден өрнек.  
Бір күннің біте қалар жұмысы емес,  
Мың күнгі мұхатпен келген еңбек.

Саңлақтың салған жолы жатыр дара,  
Ақ таяқ ұстатқандай соқырға да.  
Бұл көштің абыройы халыққа ортақ,  
Шығармас бір адамның атын ғана.

Жаңарып Қаратаудың ескі өлеңі,  
Бауырынан Алатаудың көш келеді.  
Сыртынан қарап тұрған дос сүйініп,  
Дұшпанның сұқты көзі сескенеді.

Көрмедім ұлы көшті басқа мұндай,  
Бүгінгі батырлықтың дастанындай.  
Келеді тәуекелдің тауын асып,  
Асқардан бабалардың асқанындай!

Келеді халқын бастап қазынаға,  
Ақ боран, алдын орап азынама.  
Қуанып қалың елі жатқан шығар,  
Алайда шын қуанған өзі ғана!

Заманның зуылдайды күш-көлігі,  
Шалқиды алып-ұшып құс-көңілі.  
Шығармас сыртқа сырын патша-жүрек,  
Кім танып-біліп жатыр іштегіні?

Сарыарқа — сан ғасырдан қалған мұра,  
Риза бақытына жанған мына.  
Күтіп тұр салтанатты көштің алдын,  
Қолында Ақмоланың ақ домбыра.

Арда едің, асау едің Арқа неткен,  
Төсіңде небір бағлан дархан өткен.  
Ақмола осы еді ғой Кенесары,  
Бөрінің бекінісін талқан еткен!

Айналдым аруағыңнан, ер Кенекем,  
Тәңірі тілегіңді берген екен.  
Тентіреп жердің түбін жеті айналып,  
Қазақтың құты қайтып келген екен!

Қалың ел қазағына бесік болған,  
Бұл жұртта ошақ қанша өшіп қалған.  
Есілім осы еді ғой ер Қабанбай,  
Ен жайлап, жағасында көшіп-қонған.

Дұшпанның аян бізді шақырмасы,  
Қасықтай қара суды татырмасы.  
Не іздеп жүрсің деме бұл арадан,  
Бабамның арыстандай жатыр басы!

Жөңкілген бостандықтың көші қандай,  
Сарқылған құрдым қайта тасығандай!  
Көзінен келгендердің қымсынады,  
Жыртығын жүдеу қала жасыра алмай.

Уақа емес, жалт қаратып дүниені,  
Астана шыттай жаңа киінеді.  
Қазақтың Көсемінің алдына кеп,  
Тәкаппар талай бастар иіледі!

## IX

Ақмола кеше ғана басқа қала,  
Айналды бәйтеректі Астанаға!  
Еміреніп өз анасы емізбесе,  
Сәбиге шайнап берген ас бола ма?

Бақытым басымда тұр талай күткен,  
Сеземін келмегенін оңайлықпен.  
Үзіле жаздап еді өндірішегім,  
Өзекке тепкілеген өгейлікпен.

Көңілге сәуле құяр Сарай нұры,  
Астана — ел тірегі, ел айбыны!  
Кемері шалқып жатқан Қазақстан —  
Мұхиттың алас ұрған көк айдыны.

Тіршілік түзегенде көркін жаңа,  
Сұрапыл соқпаса екен толқын жара.  
Армысың, Азаттықтың астанасы —  
Талпынған арманына еркін қала!

Жаһанның жанарында жаңа қала,  
Жұлдыздай туа қалған өліарада.  
Бес жылда бой көтерген ғимараттар,  
Жайнап тұр шомылғандай самалаға!

Жырламас ғажайыпты кім мұндағы,  
Жеткенше сөздің дәмі, тілдің нәрі.  
Алғысын жаудырады Елбасыға,  
Болашақ бұл шаһардың тұрғындары.

Қарашы, шаңырағы жас қаланың,  
Аспанның бұлтын серпіп тастағанын!  
Бүгіннен басталатын шежіресі,  
Авторы Назарбаев Астананың!

Көрем де Астананың келешегін,  
Елдермен алыс-жақын теңесемін.  
Сырлассын Невасымен Пушкин өзі,  
Есілдің толқынымен кеңесемін.

Бірінші Петр патша орыстағы,  
Айбынын ақылымен тең ұстады.  
Қайтсем де Ресейді ел етем деп,  
Белгілі арпалысып алысқаны.

Жағадан астана сап алыстағы,  
Батысқа, шығысқа да қарыштады.  
Қазақтың Нұрсұлтаны сондай десем,  
Әлеумет айтты демес мұны ұшқары.

Аспанда мұнарасы дамылдаған,  
Мен-дағы астананың шамын жағам.  
Әйгілі қалалардың жер бетінде,  
Бір күнде ешқайсысы салынбаған.

Батырдай тынбай жортқан жорықтарда,  
Тұлпарын ауыстырған талыққанда.  
Ғасырлар өткелінде бізден басқа,  
Көшірген астанасын халық бар ма?!  
Бәйгеге кеш қосылып армандамыз,  
Күтеміз аламанды алдан нағыз.  
Күні ертең ерке Есілдің жағасына,  
Париж кеп орнай қалса таң қалмаңыз!

## X

Мінеки, мойындатты кемелдігін,  
Пайымдап әулиедей келер күнін.  
Көшіне астананың үрке қарап,  
Сан-саққа жүгірткендер не дер бүгін?

Ағайын, адаспаңыз, енді жетер,  
Араздық, бақталастық ел жүдетер.  
Ес жиып, етегіңді жаба алмасаң,  
Дұшпаның туын қайта желбіретер.

Сақтамай өкпе-наздың бұрынғысын,  
Ер болсаң, ақтар ішек қырындысын.  
Көзіңе жылыұшырап көрінгенмен,  
Кісінің кім танымас жырындысын?

Ақыны ақ сөйлемек ерікті елдің,  
Мен-дағы өзімше бір көріпкелмін.  
Тағзым ет Күлтегіннің Көктасына,  
Әйтпесе Астанаға неғып келдің?

Татулық тамшысына қаталаған,  
Оқып көр не дегенін ата-бабаң.  
Сөз ұқпас саңылаусыз болмасаңыз,  
Жас келер жанарыңа боталаған.

Қоңырауын керуен-күндер күмбірлеткен,  
Есіңе өмір түсер мың жылғы өткен.  
Заманды қолды-аяққа тұрғызбаған,  
Жалғанның жал-құйрығы тұлдыр неткен?

Жым-жылас қаншама жұрт жерге сіңді,  
Ұмытпа кетсең қайтып келмесіңді.  
Алланың ашып-жұмған алақаны,  
Сыйғызғар уысына көл-көсірді.

Кім келіп, кім кетпеген даламызға,  
Жырлайды құлақ түрсең әр аңызға.  
Арбасқан, аласұрған бір тіршілік,  
Алмасқан бабамыздан баламызға.

Жаһаннан жоғалмаса адам аты,  
Естілер арттағыға ғаламаты.  
Қаһары қара жерді қалтыратқан,  
Қайда сол Көктүріктер қағанаты?

Шайқасып үдей соққан дауылменен,  
Құлаған Дешті-Қыпшақ дәуірлеген.  
Ұлдарын ұлы дала ұмытқан жоқ,  
Қырқысқан бірге туған бауырменен.

Ақтарсам ішімдегі шер-шеменді,  
Түспесін есеңгіреп еңсең енді.  
Үш жаққа бұра тартса үш туысқан,  
Үшпаққа кім шығарар ертең елді?

Мен емес бас-аяғы зарлағанның,  
Алды-артын дүниенің барлағанның.  
Туады әр халықтың өз Көсемі,  
Бітетін маңдайына әр заманның!

Жолының дәлелдеді туралығын,  
Тарихтың толғағынан туған ұлың.  
Ардақтап, асылыңды аялай біл,  
Астынан су жүгіртпей сырмағының.

Көрінсе анадайдан түсіп аттан,  
Дұшпанға жорғалайсың тісі батқан.  
Келгенде өз жақсыңа кекжиесің,  
Жұртым-ау, саған қашан кісі жаққан?

Намысты айырбастап күнкөріске,  
Сұғасың бір кебісті бір кебіске.  
Арыңның ақ таяғын жұмсамасаң,  
Қызыл ит шыға қоймас кірген ішке.

Нұрсұлтан — арқа тірек, алтын діңгек,  
Алыптың халқы ғана нарқын білмек.  
Қарғаның қарқылдайтын әдегі ғой,  
Қыранның аспандағы даңқын күндеп.

Жоқты — бар, деумен азды — көп етемін,  
Төгуден аянған жоқ қара терін.  
Жалғасы Күлтегіннің жаныңда жүр,  
Тұлғасы асқақтатқан дала төрін.

Ту болып тігілгендей елдігіңе,  
Жасына пайғамдардың келді, міне!  
Халқының баласы еді бұған дейін,  
Жарасқан бес қаруы белдігіне.

Әрқашан орны бөлек, даңқы дара,  
Ол — енді қамқор әке, халқы — бала.  
Әкесі өз парызын өтемесе,  
Сәбидей шырылдамай ел тұра ма?

Яссауи Қожа-Ахмет бұл жасында,  
Күн кешкен қылуеттегі құжырасында.  
Патшаға жұрты сүйген жүру — парыз,  
Жалғанның жарық шашқан шұғыласында.

Сүйреткен көне тарих көн шарығын,  
Түбінде сықсияды қол шамының.  
Тасыған мейманасы бұл ғасырда,  
Тағдыры қыл үстінде жер шарының.

Беті аулақ соғыс деген пәтшағардың,  
Тажалдың асау басын ноқталар кім?  
Шатыраш тақтасында саясаттың,  
Ойлары шайқасуда патшалардың.

Құдайым бәрін бермес сұрағанның,  
Бақытын мыңға балар бір адамның.  
Ішінде сайыпқыран көсемдердің,  
Шоқтығы шоқ жұлдыздай Нұр-ағамның!

Тұлпардай алға түсіп жол қиында,  
Сұңқардай суырылады топ жиында.  
Жартысы ғұмырының аспанда өтіп,  
Келеді самғауменен сан қиырға.

Ғаламның тыныштығын бұзды қайғы,  
Қасірет кеңістікті сызғылайды.  
Алайда, Еуропа-Азияны  
Жалғаған алтын көпір мызғымайды!

Шұлғытып ұлығын да, ұлысын да,  
Баурады Батысын да, Шығысын да.  
Оның да жүрегінің лүпілі бар,  
Әлемнің әрбір алған тынысында!

Асылдың жарқылдамас бар ма күні,  
Әуелден түскен оған Алла нұры.  
Сондықтан Нұрсұлтан деп атын қойған,  
Ата-ана болжағандай алдағыны.

Тіл көзден аман қылсын Тәңір оны,  
Тимеңдер киеліге, төңірегі.  
Бір соның арқасында бойын түзеп,  
Тынысы бостандықтың кеңігені.

Өткендер оба-қазық орнатып па,  
Шекараң анық еді қай уақытта?  
Бекітіп ұлан-ғайыр айналасын,  
Бір өзі болып отыр елге тұтқа.

Ойланшы, кеше қазақ, кім едің сен,  
Құлпырып бүгін қайта түледің сен!  
Ортаға Астананы орнатқаның —  
Ғасырдың оқиғасы біле-білсең.

Бүтінге сызат түссе сынады оңай,  
Біріңді-бірің сыйла ғұламадай.  
Бұйырды өз төрлерің өздеріңе,  
Баспалап босағадан сығаламай.

Салынып жатқан шаһар кең далаңа,  
Сыйласын асыл мұрат әр балаңа.  
Азаттық астанасы аталады,  
Қазақтың астанасы сонда ғана!

Бәйтерек — Астананың төріндегі,  
Өресі биіктіктің өмірдегі.  
Аялы алақаны Елбасының,  
Секілді өшпейтұғын сенім мөрі.

Самсаған қара орманым — байтақ елім,  
Сынға сап сан жақсыны байқап едің.  
Еңсесін елдігіңнің биіктеткен,  
Ортаңда бойлап өскен Бәйтерегің!

Өтінде арпалысқан өмір-майдан,  
Бәйтерек — болашағың тамыр жайған.  
Немесе Елбасының өр тұлғасы,  
Қолымен өзі әкеліп Тәңір қойған!

Туындай қанат керген желді күнгі,  
Танытты кең әлемге теңдігіңді.  
Тұрғанда Бәйтерегің көкке шырқап,  
Ұстай біл асқақтатып Елдігіңді!..

Маралтай Ыбыраев,

ақын,

Жастар сыйлығының лауреаты

## КӨШБАСШЫ

### Кие

*Көптеген елдерді араладым... Бірақ бәрі де өзім туып-өскен қазағымның жеріне, Алатаудың бір бөктеріне жамбастай жығылған үш қоңыр төбеге жетпеді. Балалығымның, сағынышымның алтын қазығы сонда екен...*

Нұрсұлтан Назарбаев

Қара Жер жаралғалы қазағымның,  
Шын сүйіп, шын түсінген азабын кім?  
Жүрекке қолды қойып ниет қылдым,  
Жетті деп тарихымды жазатын күн.

Уақыттың диірменіндей тасы айналад...  
Ұл туса, бауырыңа бас аймалап.  
Тағдырды Алла ғана нәсіп етіп,  
Тарихты Алла ғана жасай алмақ!

Жанардың жәудіретіп нұрын ала,  
Бұл күнді күтті қанша ұлы Дала.  
Ұл туды бір Анасы Алты Алаштың  
Күн шықты арай шашып құбылаға.

Күн шықты арай шашып аспаныма,  
Дүния кілт айналды басқа ағымға.  
Ол Ана ұл тумапты, Нұр туыпты  
Бүгінгі өзек болар дастаныма.

Ол ұлдың заты — Нұрдан, аты — Сұлтан,  
Кеш туған зарықтырып уақытынан.  
Жаралған жан әлемі Күлтегіндей,  
Халықтың арман, тілек бақытынан.

Қалауын қабыл қыл деп құс — көңілдің,  
Асығы алшысынан түскен ұлдың.

Алладан мәдет тілеп жатқан шығар,  
Бауырында Әбіш әкей Үшқоңырдың.

Адал боп ақыреттік жан-жарына,  
Қарайлап қоңыр тірлік, мал-жанына.  
Ұлтына тұтқа болар перзент сыйлап,  
Ол да, әне, үнсіз жатыр Әлжан-Ана.

Жанардың жәудіретіп нұрын ала,  
Бұл күнді күтті қанша Ұлы Дала.  
Ұл туды бір Анасы Алты Алаштың,  
Күн шықты арай шашып құбылаға.

Ел үшін Жерді шарлап ұшқан ұлым,  
Ұлт үшін аямаған күш-дарынан.  
Қазақта Ер тумайды енді Сіздей,  
Жарылып кетсе де өті дұшпанымның.

Бабалар армандаған ізгі үмітпен,  
Арылды дана халық жүз күдіктен.  
— Нұраға, о не дейсіз? Біз дайынбыз!!!  
Тарих түр сахнадан Сізді күткен...

### Рух

*Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты — толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын.*

Нұрсұлтан Назарбаев

Бас ием бұл далаға байтағым деп,  
Басыңнан өткен мұңды айтамын көп.  
Арманы Абылайдың орындалды-ау,  
Феникс құс сияқты қайта түлеп.

Бағзыда көкке ұлыған көкбөрі едім,  
Жүректі қарсы айырып шеккен шерім.  
Аспанға шашу шашып жатырмысың,  
Өз қолы өз аузына жеткен елім.

Ақ найза қолда ойнаған толғамалы,  
Ақ сауыт, ақ берендер жолда қалды...  
Мұндай күн — қарқаләзи, іргем бүтін,  
Болған жоқ қазақ қазақ болғалы әлі.

Пырақтай мәресіне жетер дара,  
Қазақты шың басына көтерді аға...  
Ұққанға: «— Мен Абылай емеспін...» — деп,  
Айтқан жоқ Елбасымыз бекер ғана.

Алысты мойындатқан іспен ірі,  
Біледі дос-дұшпаның іштен мұны.  
Анасы аян берген ақ мылтықтай,  
Алланың Алты Алашқа түскен нұры.

Әз баба, аруақтар көкте тұрып,  
Ел бастар Ер ұлынан еткен үміт.  
Жоталы қызыл ала жолбарыстай,  
Кешегі Қарасайдан жеткен Рух!

Ел билеу — екі дүние ғарасаты,  
Алтыннан мүсін қойса жарасады.  
Уыздай ұйып тұрған мынау қоғам —  
Нұрсұлтан, Нұрағамның парасаты.

Ақ найза қолда ойнаған толғамалы,  
Ақ сауыт, ақ берендер жолда қалды.  
Мұндай күн бұрын-соңды тауарихта,  
Болған жоқ қазақ қазақ болғалы әлі.

... Оң ісің ниет еткен оңғарылсын,  
Жан пида намысыңды қорғау үшін.  
Жанары ор киіктей ойқастаған,  
Азуы — алты қарыс жолбарысым!

Тұлға

Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында  
сақталатын тарихи тұлғалар болады.

Нұрсұлтан Назарбаев

Оттан сақтап, оқтан қорғар берен боп,  
Не болса да пешенемнен көрем деп.  
Елің үшін түстің талай додаға,  
«Күн астынан орын тауып берем!» — деп.

Емен құсап ерек біткен еренім,  
Көз жетпеске ой жеткізген төрелім.  
Сертке ұстаған семсер сынды жарқылдап,  
«Халқым үшін жаным құрбан!» — деп едің.

Ірікпестен лықсып келген сезімді,  
Жасырмастан жасқа тұнған көзіңді.  
(Ұмытқам жоқ, ұмытпайды бұл халық!)  
«Айналайын, елім!» — деген сөзіңді.

Қызғанады-ау, кейбіреулер бағыңды,  
Ардақтауға ары жетпей нар ұлды.  
Сіз жасаған еркін, бейбіт, қоғам бұл —  
Шүберекке түйіп жүріп жаныңды.

Ел билеудің қияметін сезем мен,  
Елді бастап өткелі жоқ өзеннен.  
Алып өттің, ел басына күн туып,  
Етікпенен су кешетін кезеңнен.

Бардың қанша нартәуекел қадамға,  
Түсініксіз көрінгенмен наданға.  
Судың өзі жол береді екен ғой,  
Жүрегінде от лаулаған адамға.

Сыншы көп қой біткен іске сынайтын,  
Ғұмыр кештің ұлтың үшін ұнайтын.  
Жатыр едім күндіз-түні той тойлап,  
Құрметіне құрбан шалып құдайдың.

Шартарапқа байлығымен байқалған,  
Қазағымды бақытсыз деп айта алман.  
Сара жолға түсті елім тәуба деп,  
Жорға сынды төрт аяғы тайпалған.

Атажұрттың керегесі керіліп,  
Оғыландар атқа қонды тебініп.  
Армандаған, Сіз аңсаған дәуірдің,  
Көкжиегі көз ұшынан көрініп.

... Бас иесіз көрген қызық мәнсіздей,  
Ел бақыты, Елтұтқасы бар Сіздей.  
«Ер қадірін ел біледі», — деуші еді,  
Ел қадірін Ер біледі дәл Сіздей!!!

### Елтаңба

*Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда — тәуелсіздіктің көк Туы, Елтаңбамызда — бар халықтың басын біріктіретін киелі шаңырағымыз, арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар.*

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Елордам қазағымның төрі емес пе,  
Әлемнің бар елімен тең емес пе!  
Өзгеге өзімізді танытатын,  
Елтаңба Елбасының мөрі емес пе!

Қазақтың бүгінгі мен бұрынғысын,  
Тарихын терең танып ұғу үшін.  
Қарасаң Елтаңбамыз көз тояды,  
Көргендей шын өнердің туындысын.

Әріден сыр тартады қоюланған,  
Қос жерден қошқармүйіз оюланған.

Тылсым бір әлемге бой ұрасың,  
Шыға алмай шежіреден ойыңды алған.

Шаңырақ ортада тұр тірегімдей,  
Өлмейтін рухымның реңіндей.  
Барлық ұлт тәту-тәтті болса деген,  
Мейірімді Елбасының жүрегіндей.

Көркейіп көгерсін деп құрақтарым,  
Әуеге қанат жайған пырақтарым.  
Қорғап тұр мүйізімен көкті тіреп,  
Келешек ұрпағымның мұраттарын.

Ой-арман үйлесіммен өрнек өріп,  
Байланған о, осынау Жерге берік.  
Тәуелсіз егемен ел — Елтаңбамда,  
Барады көкті кезіп дөңгеленіп.

Басса да бар ғаламды қара тұман,  
Қозғалмас мынау жұлдыз дара тұрған.  
Сияқты Нұрағамның ұстанымы,  
Сөйлейтін маңдайға алып Ар атынан.

Ол жұлдыз — Темірқазық маңдайдағы,  
Жұлдызға талай қазақ самғайды әлі.  
Елтаңбам өзгермейді ел аманда,  
Сөзім де өзгермейді таңдайдағы.

Көк аспан тұрсын солай зеңгірленіп,  
Дәуірлеп ел түрленіп, жер гүлденіп.  
Алдымен Елтаңбама тәу етпейсің,  
Ынтықсаң біздің елді көргің келіп.

Шаңырақ ортада тұр тірегімдей,  
Өлмейтін рухымның реңіндей.  
Барлық ұлт тату-тәтті болса деген,  
Мейірімді Елбасының жүрегіндей.



Әнұран

Өз мемлекетіміз үшін мақтаныш сезіміне бөлеп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүние жүзі білетін Республика Туын, Елтаңбасын, Гимнін ардақтап, құрметтеуге тиіспіз.

Нұрсұлтан Назарбаев

Ұлдарым төрге шықса байрақпенен,  
Басталар Әнұраным айбатпенен.  
Рухтың ұлағатты көзі емес пе,  
Әнұран — әр қазаққа қайрат берген.

Әнұран — менің оттай Ар-намысым,  
Намысым зау биіктен аңғарылсын.  
Әнұран айтылғанда кеудемдегі,  
Жүрегім дайын тұрар самғау үшін.

Осынау Жер мен Көктің арасында,  
Алаштың қамқар болған баласына.  
Әнұран — қазағымның Тағдыры еді,  
Тапсырған Нұрсұлтандай данасына.

Ерліктің басы бар да, жоқ аяғы,  
Көңілім ұрандасам тоғаяды.  
Көтерсе қозып кетер қай-қайдағың,  
Бөрілі байрағымдай о, баяғы!

Ұрандап жауға шапқан ата-бабам,  
Ұрандап ел-жұртына бата қылған.  
Әнұран бірге барып, бірге қайтар,  
Елбасы әр аттанған сапарынан.

Әр сөзі, әрбір жолы ой ұқтырып,  
Кеудеден орын алған ойып тұрып.  
Тербелем Әнұранға, жаным балқып,  
Қолымды жүрегіме қойып тұрып.

Еріксіз бас иесің дана тілге,  
Ұмтылған жаңа дәуір, жаңа күнге.

Елімді мекендеген барша халық,  
Шырқаса Әнұранды Ана тілде.

Шайқалмай нық тұрсын деп шаңырағым,  
Өткізген ой-електен бәрі, бәрін.  
Елбасы қаламының ұшы тиген,  
Ұлтымның мақтанышы —

Әнұраным!

Ұлы Отан — нұрлы Отаным —  
Табынарым,

Болашақ мақсатынан мән ұғамын.  
Шырқалып жатса, шіркін, салтанатпен,  
Күні-түн күллі әлемде Әнұраным.

Әнұран — менің оттай Ар-намысым,  
Намысым зау биіктен аңғарылсын.  
Әнұран айтылғанда кеудемдегі,  
Жүрегім дайын тұрар самғау үшін.

Көк байрақ

Қазақстанның аспан түстес Туының бетінде алтынға айналған бүркіт қанат керген. Осынау тәуекелі келіскен, мазмұнды да мағыналы нысанның бойында табиғат та, тіршілік те, тарих та тоғысып жатыр.

Нұрсұлтан Назарбаев

Мен осынау жердемін, жердегі  
Қаламымда тағдырымның кермегі.  
Маңдайымда тұрып қалған ағып кеп,  
Ғасырлардың айғыз-айғыз өрнегі.

Кермегімде — кешегінің зәрі бар,  
Өрнегімде — өмірімнің зары бар.  
Боздар болса, мен боздайын ботадай,  
Жүрегімде аруана елдің қаны бар.



Сол қайғыны жою үшін ғасырлық —  
Арманымды алмау үшін ғасыл ғып.  
Оу, кер далам сөйлесін деп биіктен,  
Батыр тудың күркіреген күйіктен.

Ақын тудың ұлан-ғайыр Тұранға,  
Бөрінің де көкірегін иіткен.  
Олар сенің бүлдірген жоқ тіліңді,  
Олар сенің солдырған жоқ гүліңді.

Содан бері жазылып сан ғазалдар,  
Қирамады дейсің не дүр мазарлар.  
О, туған ел — мен сен үшін шаттанып,  
Нәм күйредім саған төнген ажалға әр.

Басыбайлы бөтен тұтып баламды,  
Сыйлаудан да қалып мүлдем анамды.  
Игере алмай иірімге кетем бе,  
Деп ойлаушы ем жат билеген санамды.

Тілім, ділім — ғұрыптарым — күш,  
қаным,  
Қайта айналып қонса рас ұшқаным.  
Босағамда сүйек мүжіп төбеті,  
Енді қайтып төрге озбасын дұшпаным!

Бірлігімді тапсам-дағы жоғалған,  
Қайдан табам тарихымды тоналған.  
Тар жатырын жарып шыққан құлдыңтың,  
Сәби елге сәулеңді құй о, жалған!

Кәрін қайта төкпесін деп жат әмір,  
О, бабалар, ұрпағыңа бата қыл.  
Үмбеттерің үмітіне ер салды,  
Қолың бос па, демеп жібер а, Тәңір!

Тамырынан таратылып текті сөз,  
Ал, арманшыл асыл халқым, көкті кез.  
Көк байрақты, қыран текті қазаққа,  
Күн астында қанат жаяр жетті кез!

Астана

Ұлттық тұтастығымыздың мәселесі ең өткір қойылған арғы  
Тоқтамыс пен Едіге, бергі Тәуке мен Абылай замандарында билік  
ордасының бұл маңайға қайта-қайта көшіп келіп, көшіп кетуінде  
де көп сыр бар.

Нұрсұлтан Назарбаев

Кеткенін талай басқаға кегім,  
Тастарға жазып тастаған едім.  
Жарқырап нұрың тұрсың ба жайнап,  
Бекзада, дегдар — Астанам менің!

Кіндігін тауып ұлы Даланың,  
Алдымнан шықты күліп арманым.  
Нұрсұлтан салған нұрлы қаланың,  
Көшесіндегі гүлі боламын.

Шашыңдар шашу, қырмызы кілең,  
Тойлаңдар мәңгі ұл-қызым, ерен.  
Түн менен таңның арасындағы,  
Сәріде туған жұлдызым сен ең.

Байлық пен құтқа тегенең толып,  
Төртеуің түгел — төбеден қонып.  
Айнала ұшқан алты қаз құсап,  
Алты алаш елім егемен болып...

Тарқады шерім, көне сарыным,  
Саябыр таппай неге арыным.  
Құны кетсе де нұры шалқыды-ау,  
Қан құсып өткен Кенесарының.

Алыста қалған сағымдай бір күн,  
Көңілін баурап лағылдай ырым.  
Ақорда тұрған бүгінгі жерге,  
Ақ шатыр тіккен Абылай бұрын.

Арқаның мынау төсін жайлаған,  
Бабаң да талай шешім байлаған.  
Қала салсам деп Қасым қалаған —  
Есілдің бойын ... Есім ойлаған...

Мақсатқа жеттік мәні кетпеген,  
Жүректі жарып дәні көктеген.  
Аманат болған Астанам менің,  
Керей хан менен Жәнібектерден.

Кіндігін тауып Ұлы Даланың,  
Алдымнан шықты-ау күліп арманым.  
Нұрсұлтан салған нұрлы қаланың,  
Көшесіндегі гүлі боламын.

Аспаған елім, таспаған елім,  
Тарихын қайта бастаған дедім.  
Жұмыр Жер кенет жүзік боп кетсе,  
Гауһардай жанған — Астанам менің!

### *Ақорда*

*Біз алыс сапарға бел буып, кемеізді тәуекел дариясына түсірген елміз, елес үмітті емес, ерлік пен елдік мұратын кемеіздің тұғырына ту етіп байлаған елміз.*

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Ел болдық етек жауып егеменді,  
Тәртеуім түгел қонып төбедегі.  
Иітіп игі мақсат, азат арман,  
Ақордам құтқа толды дөдегелі.

Ақордам — шаңырағым, шамшырағым,  
Тозаңнан тағдырымды аршып алдың.  
Қалма деп өзге жұрттың қатарынан,  
Алдымнан үміт жағып қамшыладың.

Ағарып, сәуле шашып құба таңым,  
Дүбірлі топқа кірдің Нұр Отаным.  
Отырсың ақылыңмен саялатып,  
Бар елді баласындай бір атаның.

Мен сөйлеп көрген емен жағынғалы,  
Уақыттың дәл осындай шағы мәнді.  
Сөнсе де таң алдында Шолпан жұлдыз,  
Сөнбейді Ақорданың шамы мәңгі.

Ақордам пайымыңнан мият тамған,  
Ай туар дәл төбеңнан қияқтанған.  
Нұрағам тақта отырып билік айтса,  
Баяғы Бумын қаған сияқтанған.

Ақордам, басты ордам — бағаналы,  
Халыққа сөз жолдаған мағыналы.  
Тұрғанда Жер бетінде қазақ аман,  
Арналар талай дастан саған әлі.

Ақын ба өзекті отпен өртемейтін,  
Отансыз мен жетіммін, мен кедеймін.  
Ақордам бұл халықтың ешкімі жоқ,  
Өзіңнен өзгеге кеп еркелейтін.

Елбасым — ел сайлаған дара шыңым,  
Қалың жұрт қадір тұтқан — қарашығым!  
Астана басы болса қазағымның,  
Ақорда жаны емес пе алашымның.

Ақордам оқшау біткен қыр басында,  
Ғаламның тілін тауып сырласуда...  
Нұрағам — ерен ерім, кемеңгерім,  
Ақылы қырық ханның бір басында.

Мен сөйлеп көрген емен жағынғалы,  
Уақыттың дәл осынау шағы мәнді.  
Сөнсе де таң алдында Шолпан жұлдыз,  
Сөнбейді Ақорданың шамы мәңгі!

### Шекара

*Мемлекеттік шекара — тәуелсіздіктің басты белгілерінің бірі. Ел мен елді табыстыратын да — шекара, тартыстыратын да — шекара. Достық та осы жерден көрінеді, қастық та осы жерден көрінеді.*

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Мынау таулар, мынау байтақ жазықта,  
Өзгелерге жем боп кетпей азыққа.  
Бабалардың аманатын қан сіңген,  
Оңай боп па сақтап тұру аз ұлтқа.

Ғаламзатпен тауып ортақ жарасым,  
Бітістірген ел мен елдің арасын.  
Бүгінгі — біз, ертеңгі — сіз — жас ұрпақ...  
Ардақ тұтар Нұрсұлтандай ағасын.

Ел қорғаны — Елбасына — ел тірек,  
О, бұл дала еске нені келтіреді!!!  
О шеті мен бұ шетіне жетем деп,  
Ата жауым кеткен талай тентіреп.

Іргең ашық, дауыл тұрса — ел алаң,  
Алаңдаумен қалайша күн көре алам.  
Елбасының өзі бас боп қам жасап,  
Мынау менің қазық қаққан шекарам!

Қызғалдағы қатар өсіп иренмен,  
Елдің шеті мамыражай күйге енген.  
Ей, қастерлі Ұлы Далам, аман бол,  
Әр сүйемі қан мен сүтке иленген.

Ермек емес ел тағдыры еріккен,  
Кім біледі алдан бізді не күткен.  
Бұған дейін ешбір Тұлға болған жоқ,  
Қазақ жерін заң жүзінде бекіткен.

Мұның бәрі елді ойлаған Ер ісі,  
Алаңсыз күн кешу үшін ел іші.  
Жарғақ құлағы тимей жүрген жастыққа,  
Елбасының бейнетінің жемісі.

Бәрі-дағы адамзаттың ниетінде,  
Бұлт төнбегей шекарамның шетіне.  
Жатыр менің Атажұртым шалқайып,  
Дөңгеленген жұмыр Жердің бетінде.

Үні жеткен, даңқы кеткен ғаламға,  
Елбасым бар таптатпайтын табанға.  
Шекарамды ешкім бұзып өтпесін,  
Мен де өтпеймін ақыл, есім аманда!

### Көшбасшы

*Төрткүл дүниенің төрт құбыласынан тұрақты дос, айнымас әріптес, сапарлас серіктес, қонсысы бұзылмас көрші тапқан Қазақстан жаңа мыңжылдықтың ұлы көшінде керуен тартып келеді.*

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Уақыттың көзіменен қарап едім,  
Елбасым жол бастап тұр дара менің.  
Жаңашыл болмысымен, ой күшімен  
Иіткен дінге берік Араб елін.

Құран ғой пендеге ортақ Ар төлемі,  
Аллаға иілдірген жарты әлемді.  
Беделді басшылары талай елдің  
Елбасын мейман еткен мәртебелі.

Әр жастың иман тоқтап санасына,  
Алаштың ақ күн туып баласына.  
Ақ күмбез, ақ мешіттер бой көтерді,  
Қазақтың қаласы мен даласында.

Ел десе — Елбасым деп ал, мақтанам,  
Сабырлы саясатын салмақтаған.  
Тәуелсіз мемлекеттер бір ауыздан,  
Түркінің Нұрсұлтанын ардақтаған.

Өрнеден сүрінсе егер сесі қайтып,  
Түзелер мынау елдің көші қайтіп.  
Үйренген мінезімен Елбасымыз,  
Қай кезде өткір сөйлеп, кесіп айтып.

Қол созып отырған жоқ бос тұғырға,  
Іс қылды досты сыйлап, досты ұғына.  
Біледі бүкіл әлем төккен терін,  
Тәуелсіз Мемлекеттер Достығына.

Атқарған Елбасының ордалы ісі —  
Адамзат қоғамына қолғабысы.  
Аталар барлық тілде Нұрсұлтан деп,  
Осынау Орта Азия жолбарысы.

Билемей бойын үрей, ойын күдік,  
Жататын салтанатпен тойын қылып.  
Орталық Азияның өзі бүгін,  
Санасар Астанаға мойын бұрып.

Сезінген жүрегімен ғалам демін,  
Тілейді ұзақ ғұмыр саған елің.  
Қолында Көк Байрағы көш бастаған,  
Ақбоз ат мінген Арда ағам менің.

Ешкімнің ала жібін аттамаған,  
Жүрегін сүйген құлын сақтап Аллам.  
Көшіңіз тоқтамайды, Көктің ұлы,  
Тұрғанда сізді қолдап хақ-тағалам!

*Түркінің діңгегі*

*Қазақ даласы — Ұлы Түркі елінің қара шаңырағы.  
Нұрсұлтан Назарбаев*

Бұл аңыз бар ма, жоқ па ел есінде,  
Мен соған сенем, сен де сенесің бе?  
Жай көзге көрінбейтін Елбасының,  
Ақ бұлты еріп жүрер төбесінде.

Аппақ бұлт рухы ма бабалардың,  
Ойлаған дала қамын, бала қамын.  
Шынымен рух дарып, бақ қонбаса,  
Қалайша Нұрағамдай бола алар кім?

Өз-өзін көп іздеген жоқтап анық,  
Табанын мұзға төсеп, отқа қарып.  
Қазаққа бүкіл ғалам жалт қарады,  
Жүрегі қайта соққан, тоқтап барып.

Айта алсам ақиқатты нарқын кесіп,  
Көктеген Атажұрттан парқым өсіп.  
Бүгінгі Қазақ елі — Қазақстан,  
Түркінің бар ұлына — Алтын бесік.

Ішінде ақ шымылдық күлімдеткен —  
Аруды ... Атқа қонса дүбірлеткен.  
Ұрпағы басқа емес, мына біздер  
Тізесін жарты әлемнің дірілдеткен.

Бұл дала — Ұлы Дала — нанасың ба,  
Түсірген талайларды сабасына.  
Қайтадан түп қазығын аңсаттырды,  
Нұрағам ісі түркі баласына.

Ер құны — елдің жоғын бар етуде,  
Арзиды ондай Тұлға ән етуге.  
Бір кезде бағы тайған босағаға,  
Бұл күнде күллі түркі тәу етуде.

Бауырын бағалаған жұрт әдемі,  
Жүректі жарып шығып дүр сәлемі.  
Нұрағам қашан барса алдан шығар,  
Алдына барын тосып Түркі әлемі.

Өз-өзін көп іздеген, жоқтап анық,  
Табанын мұзға төсеп, отқа қарып.  
Қазаққа бүкіл ғалам жалт қарады,  
Жүрегі қайта соққан, тоқтап барып...

Жолынан шегінер ме шешімі асқақ,  
Қазаққа жаңа тарих есік ашпақ.  
Тәуелсіз егемен ел — Қазақстан,  
Барады бар түркінің көшін бастап!

### *Сыртқы саясат*

*Бүгінгі таңда Қазақстан барлық көрші мемлекеттермен тұрақты, болжамды қарым-қатынас жасап отыр... Қазақстанның сыртқы саясаты елдің тез арада экономикалық дамуына, оның әлемдегі маңызын көтеруге жәрдемдесуге бағдарлануға тиіс.*

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Шүкір, Алла, таңым атты ағарып,  
Бас көтердік дүр-дүние жаңарып.  
Керек, бірақ, ұлтты сақтап тұруға,  
Сары майдан қыл суырар даналық.

Иә, осынау бейбіт, нұрлы күн үшін,  
Шашып-төкпей мынау елдің ырысын.  
Ойлануға міндеттіміз бәріміз,  
Сыртқы әлемнің танып, бағып тынысын.

Кері теппей өзегінен өзге елді,  
Саралайтын уақыт туды безбенді.

Түбі бірін күллі адамзат ұмытпай,  
Бір жағадан бас шығарар кез келді.

Өттік талай небір қиын өткелден,  
Арманымыз шектелген жоқ, шектелген.  
Тура жолмен келе жатыр қазағым,  
Жиһанкездей көпті сезіп, көп көрген.

Парасатпен терезесін теңгерген,  
Саясатпен сыртқы жұртты меңгерген.  
Ат тізгінін ұстап отыр Елбасы,  
Барлық көрші, барлық шеткі елдермен.

Халық қанша бастарынан бақ тайған,  
Уақытына ілесе алмай қап қойған.  
Ал, Нұрағам кедергінің бәріне,  
Гроссмейстер секілді бір мат қойған.

Сыртқы жаудан қауіп те көп, қатер де,  
Іштен шалар мүмкіндікке әкелме.  
Жақынымды жаттай сыйлап үйренгем,  
Сырын білмей сынасатын жат елге.

Төле бидей сөз көтеріп төбеден,  
Қазыбектей сыр суырып көнеден.  
Бүкіл жұрттың тілін тапқан Нұрағам,  
Әйтекедей қымбат бізге өнеген.

Мақсатына тіке тартқан төтелеп,  
Біз жететін арман, аңсар өте көп.  
Ел аспаны ашық болсын деген бір,  
Ізгі мұрат Елбасшысын жетелеп...

Сіз аманда Алты Алаштың ардағы,  
Қазағымның түгенделер жан-жағы.  
Жанарына бар ғаламды сыйғызған,  
Саясаттың сайыпқыран сардары!

Атажұрт

Қандастарымызға қаратып айтар жайдың тағы бірі — тарихи Отанына оралған ағайын, ең алдымен, «Қазақстаным маған не береді?» — деп емес, «Мен Қазақстаныма не беремін?» деп ойлағаны дұрыс болар еді.

Нұрсұлтан Назарбаев

Қалайша ақиқатты жасыра алам,  
Бір кезде бытырадай шашыраған.  
Алаштың алтын айдар ұл-қыздарын,  
Қосты ғой Атажұртқа басын Аллам.

Аңсаған иек артып тілегіне,  
Атажұрт зарықтырған нұр өңіне.  
Баяғы Бейбарыстай туған жердің,  
Жусанын тұмар етіп жүрегіне.

Нұрлы көш нұрлы өлкеге құйылса кеп,  
Шыбын жан Атажұртта қиылса деп.  
Бұл күнге жете алмады қанша боздақ,  
Топырақ туған жерден бұйырса деп.

Ел осы, жерің осы — төрлет енді,  
Орын жоқ қайғы менен шерге тегі.  
Тәуелсіз туған жердің көк аспаны,  
Жаныңды жауһазындай тербетеді.

Ел осы, жерің осы — зарықтырған,  
Ол күндер артта қалды қамықтырған.  
Қолдасып, қауымдасып бет түзейік,  
Жұлдыздай Ертеңіме жанып тұрған.

Кіргізіп аз қауымның берекесін,  
Елге ел қосылғаны — мереке шын.  
Бірлігім ажырамай тұрса осылай,  
Тәңірім, бізді кімнен кем етесің.

Баураған Бауырларын сел сезіммен,  
Бастаған болашаққа елді өзімен.

Жиылып Елбасының соңына еріп,  
Тұтасып Ұлт болатын келді кезең.

Тұтасып ұлтқа айналу — ұлы мақсат,  
Алашты Нұрсұлтандай ұлы бастап.  
Сәбилер өсу керек елін сүйіп,  
Арманын бабалардың ұғып асқақ.

Бар болсаң бауырыңа саялайды,  
Жоқ болсаң «достың» өзі аямайды.  
Қазақты қазақ қана шын түсініп,  
Қазақты қазақ қана аялайды.

Бейнет қыл, зейнетін көр тірлігіңде,  
Мың күнің арзитындай бір күніңе.  
Айтқан ғой бұрынғылар, біз де айтамыз —  
«Қазағым, сенің күшің — бірлігіңде!».

Дін

Біздің бәрімізді хаққа бастайтын жол біреу. Сондықтан да діндер арасындағы әлдеқайда белсенді үн қатысудың уақыты жетті. Біз конфессияаралық келісім орнатуымыз арқылы діни наным-сенім бостандығын қамтамасыз еттік.

Нұрсұлтан Назарбаев

Дін — біреудің дүниелік танымы,  
Дін — біреудің елді бұзар қаруы.  
Жердің шарын сақтап тұрған аман-сау,  
Адамдардың хаққа деген наным.

Жүрегіңді тоңдыратын мұз қылып,  
Жақсылыққа жіберетін жүздіріп.  
Қырқыстырмай бітістірер баршаны,  
Діннің түбі — түсінгенге — ізгілік.

Ел болмайсың өзге дінді көп күндеп,  
Тіршілік қыл ынтымаққа көпті үндеп.

Айтқаны бар Елбасының халыққа:  
«Діннің жүзі ұстарадан өткір», — деп.

Үндестігін сақтасын деп ғаламзат,  
Пиғылдардан тазарсын деп қоғам жат.  
Барлық діннің басын қосты Елбасы,  
Ортақ ойға тоқтасын деп адамзат.

Елестетер елім деген Абызды,  
Осындай іс жасау керек жан ізгі.  
Елордада бой көтерген ғимарат,  
Сенім кілтін сақтауымен маңызды.

Сенім барда ұлғаяды өрісің,  
Ғұмырлы һәм баянды боп жеңісің.  
Астанаға басын иді тағы да,  
Күллі діндер тауып ортақ келісім.

Бар адамзат бір-бірінен нұр алып,  
Елордаға тәжім етіп тұр анық.  
Елбасының осы ерен еңбегі,  
Өзгелерге үлгі болса құба-құп.

Ел мен елді елдестірген елшідей,  
Уақыт дертін дөп басатын емшідей.  
Дін біріксе діліміз де бірігер,  
Орға жығар алауыздық өршімей.

Кез емес бұл күшін сынар білектің,  
Арасынан жол табатын түнектің —  
Өмір бойы сапар шегер Аллаға,  
Дін дегенім — тазалығы жүректің.

Сенім барда ұлғаяды өрісің,  
Ғұмырлы һәм баянды боп жеңісің.  
Астанаға басын иді тағы да,  
Күллі діндер тауып ортақ келісім.

### Саяси тұрақтылық

*Біз еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы адамдарды үрейден арылттық. Осының бәрі қазақстандық демократияның басты жетістігі деп білемін.*

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Төбесінен Күн шығарған алашқа,  
Ердің асқақ Рухымен таласпа.  
Құстың өзі ұя салып жатпай ма,  
Тамыр жайған, діңі берік ағашқа.

Бұ ғаламда ештеңе жоқ парықсыз,  
Сүйе алсаңыз табиғатты танып сіз,  
Аңның өзі су ішпей ме көлден кеп,  
Жағасында мергені жоқ, қауіпсіз.

О, осындай қоғам құрды Нұр-көкем,  
Айналасы жұпариса гүлге тең.  
Қой үстіне жұмыртқалар бозторғай,  
Аңыздағы ел сияқты — бұл мекен.

Мен елімнің бақытына қуанам,  
Қуанамын, сау болсын деп Нұрағам.  
Қазағымның ең қымбатты байлығы —  
Соғыс, жанжал, қантөгістен — дін аман!

Тәу етемін, тәубе етемін осыған,  
Кім тыныштық сүйсе соған қосылам.  
Жалғыз үзім қатқан нанға зәру боп,  
Елді көріп Отанынан босыған.

Шашақ едім байрағыма байланған,  
Қажет кезде көк семсердей қайралған...  
Жыланның да ақ тамызу басына,  
Біздің елдің дәстүріне айналған.

Төрімізден қашпасын деп ырыс, құт,  
Елдің бәрін жақын тарттық туыс қып.



Қазағымның пейіліне ұқсаған,  
О, тыныштық, жаса мәңгі — тыныштық!

Бөленсе де қанша биік даңққа,  
Қанқұмарлық айналдырар ғарыпқа.  
Ең данышпан ұлы патша — сол патша,  
Оқтың даусын естіртпесе халыққа.

Иә, солай ақын жырын толғасын,  
Жұрты тыныш, елі есен болғасын.  
Болашаққа, саясатқа тұрақты  
Негізделген қоғам құрды Елбасым.

Төбесінен Күн шығарған алашқа,  
Ердің асқақ рухымен таласпа.  
Құстың өзі ұя салып жатпай ма,  
Тамыр жайған, діңі берік ағашқа.

### *Қазақстан — 2030*

*2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады. Олардың Қазақстаны Еуразияның орталығы бола отырып, жедел өркендеп келе жатқан үш аймақтың — Қытайдың, Ресейдің және мұсылман әлемінің арасындағы экономика мен мәдениетті байланыстырушы буын рөлін атқаратын болады.*

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Жоғалтады, жоғалтады тапқанын,  
Аңғармайды күні қалай батқанын.  
Үйден шыға, үйді айнала адасар,  
Білмейтін жан қайда бара жатқанын.

Сол сияқты тағдыры да халықтың,  
Мен осынау қағидадан мән ұқтым.  
Жетер жерін білетін ел шегінбес,  
Оты лаулап тұрса-дағы тамұқтың.

Жетпейтіндей не бар Алла жебесе,  
Елбасының сөзін елі елесе.  
Ұлы жолға түстің, халқым, шыдап бақ,  
Бел кетеді, белбеу кетер немесе.

Ада болып кері тартар күдіктен,  
Күдік тасын сенімім бар үгіткен.  
Жерұйықты іздеп шыққан кешегі,  
Асан қайғы бабамыздай үмітпен.

Мәнін ұғып, құнын сезер бақыттың,  
Алға бізді ынтықтырсын жақұт күн.  
Еуразия кіндігінен үн қатқан,  
Ертегі емес, шындығы бұл — уақыттың.

Заман мынау бара жатқан үйіріп,  
Замананың келбетінен күй ұғып.  
Елбасымыз сызып берген жолменен,  
Қам жасайық жұдырықтай түйіліп.

Айқындайтын алашымның нарлығын,  
Уақыт келді сынға түсер дәл бүгін.  
Бұл сапардан мерт боларсың қайрылсаң,  
Жоғалтасың тапқаныңның барлығын.

Бүгінгі ел, ертеңгінің қамы үшін,  
Елбасым бар жалау еткен намысын.  
Хан Тәңірден Сарыарқаға бет алған,  
Елестетер Орта Азия барысын.

Ада болып кері тартар күдіктен,  
Күдік тасын сенімім бар үгіткен.  
Жерұйықты іздеп шыққан кешегі,  
Асан қайғы бабамыздай үмітпен.

Сенің құның — өз құныңның нарқындай,  
Тағы да бір топты жаршы жарқылдай.  
Түбің таза, текті едің ғой, қазағым,  
Қайда жатса тот баспайтын алтындай.



Отандастар

*Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйытқысы болу міндетін алдымен атамекеннің несі — қазақ халқы өз мойнына алуы керек.*

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Ортақ — шаттық, қуанышы, мұңдары,  
Ортақ және Елтаңбасы, Тулары.  
Қазақстан — қасиетті Отаным,  
Пана болған барлық ұлтқа мұндағы.

Тағдыр дейтін бұрқасында бораған,  
Мен бәріңе қамқор, сая бола алам.  
Сақтап қалған осы дала сендерді,  
Бастарыңа күн туғанда зобалаң.

Осы дала саған да ортақ, маған да,  
Мұндай мекен таба алмайсың ғаламда.  
Сый мен құрмет, ізет-үрмет барлығы,  
Тең дарыған біздегі әр адамға.

Баурап алған Ұлы Дала аспанын,  
Бінтымақ пен Бірлік дейтін асқақ үн.  
Қазақ жері — отандастар ошағы,  
Биік мүдде біріктірген бастарын.

Жүгінейік сабырменен санаға,  
Айтарым сол данаға да, балаға.  
Ұлт пен ұлыс бір мақсатқа ұйысын,  
Алауыздық туындамай арада.

Не болса да бұдан былай біргеміз,  
Бұдан былай солай өмір сүреміз.  
Намыс ортақ, үміт ортақ — сондықтан,  
Сөгілмесін мәңгі-бақи іргеміз.

Қай кезде де қол ұстасып тұрайық,  
Ұлты тату, берік қоғам құрайық.

Елдің ішін ірітетін сотқарды  
Ел алдында атып тастау ылайық!

Ауызбірлік оңайлықпен келе ме,  
Қазақ өзі келе алмаса келеге.  
Өз-өзімен тату болсын алашым,  
Өзгелерге көрсетуге өнеге.

Берекелі, мерекелі ел іші,  
Мұның бәрі төккен тердің жемісі.  
Ұлт, ұлысы ымыраға тоқтаған,  
Бұл-дағы бір Елбасының жеңісі.

Осы дала саған да ортақ, маған да,  
Мұндай мекен таба алмайсың ғаламда.  
Сый мен құрмет, ізет-үрмет барлығы,  
Тең дарыған біздегі әр адамға.

Әлем және Қазақстан

*Менің бірден-бір қалауым, менің үмітім, егер қаласаңыздар, арманым — шамамның келгенінше, Қазақстан халқының өзін жан-жақты дамытуы үшін қалыпты, шынайы өркениетті жағдай жасауға жәрдемдесу.*

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Көлегейлеп ғасырлардың жарқылы,  
Үнсіз қалды Ұлы Дала нарқы ұлы.  
Қайта тану мынау қазақ баласын,  
Мүмкін болды тек Елбасы арқылы.

Саясат та асау сынды, жарға тік,  
Келіп қалсаң кете берер аунатып.  
Ерте байқап алдын орап өтпесең,  
Өртке қарсы өрт қойғандай лаулатып.

Алға ұстамай сүттей таза арыңды,  
Жоғалтуың оп-оңай-ақ барыңды.

Келешекті көңілімен танитын,  
Ұлы қазақ ұл туыпты Дарынды!

Дәлелдеп бақ құлсың ба, әлде, ұлсың ба,  
Қатал уақыт күтіп сені тұрсын ба?  
Орнын сақтап қалу үшін Әлемнен,  
Ердің ері шыдай алар бұл сынға.

Қынабынан суырылған шындықтай,  
Өткен күндер ұмыт болды мұңлықтай.  
Қазақ елі Жер-жаһанға танылды,  
Су түбінен көтерілген құрлықтай.

Жарқын қоғам, жарық дүние арайын,  
Әлем сүйген Нұрағама балайын.  
Жалғыз Тұлға шеше алады екен ғой,  
Бүкіл ұлттың тағдыры мен талайын.

Елге абырой жинап жүрсе жер-көктен,  
Елге деген махаббаты кернеткен.  
Күллі Әлемге мойындатты қазақты,  
Қоң етінен ет кескендей еңбекпен.

Еркін өскен бүгінгі жас өрендер,  
Елбасының әр сөзіне елеңдер.  
Мақтан етер қайда жүрсін әр қазақ,  
Әлем таныр Елтұтқасын кемеңгер.

Мият тапса бар мүмкіндік қолдағы,  
Елбасының қасиеті ол-дағы.  
Әлем бұлай назар салған кезі жоқ,  
Бұл далада қазақ пайда болғалы.

Көлегейлеп ғасырлардың жарқылы,  
Үнсіз қалды Ұлы Дала нарқы ұлы.  
... Қайта тану мынау қазақ баласын  
Мүмкін болды тек Елбасы арқылы!

### Елтұтқа

*Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар. Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көп ұлтты, тату, ынтымақшыл халқы бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар. Ең бастысы — бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар. Сол күнге берік сенім бар!*  
Нұрсұлтан Назарбаев

Арман болған сон-оу Түркі, Сақтардан,  
Тас бетіне тарихым боп қатталған.  
Аманатын орындады Елбасы,  
Ел болудың барлық шартын сақтаған.

Бітімге кеп, Жердің шарын аралап,  
Алашына жол сілтеді даралап.  
Ұйқыдағы Ұлт рухын оятты,  
Ел мұрасын қайта жинап, саралап.

Сарып етіп бүкіл ғұмыр, уақытын,  
Халық үшін пайдаланды тақытын.  
Қамтамасыз етемін деп тер төкті,  
Бүкіл жұрт пен әр адамның бақытын.

О, Нұраға, мен жеткізіп айта алман,  
Ел басқару өнеріңді майталман.  
Шежіреңді алтынменен жазар ел,  
Жұртың үшін ұйқы беріп, қайғы алған.

Сөйлеп кетсең шешендердей баяғы,  
Қадау-қадау ойға тоқтар аяғы.  
Алды болжап, әр аттаған қадамың,  
Данышпандық, даналыққа саяды.

Білікпенен билігіңді жүргізіп,  
Барша Әлемнің бетін бері бұрғызып.  
Кіндік кесіп, кіндік әке болдыңыз,  
Мерейі зор Мемлекет тұрғызып.

Тарих қана таразылар парқыңды,  
Сіздей сүйсін әр азамат халқымды.

Аман болса Қазақ пенен қара Жер,  
Уақыт күші өшіре алмас даңқыңды.

Бақ қонады басқа, кейде таңдайға,  
Тығырықтан жол табатын қандай да.  
Сіз бітсеңіз маңдайына қазақтың,  
Қазақ Сіздің бітіп еді маңдайға.

Бәрін көріп халқың үшін азаптың,  
Жасап берген бейбіт, тыныш — ғажап күн.  
Қазақ Сіздің сияр еді-ау маңдайға,  
Сіз сыйсаңыз маңдайына қазақтың.

О, Нұраға, мен жеткізіп айта алман,  
Ел басқару өнеріңді майталман.  
Шежіреңді алтынменен жазар ел,  
Жұртың үшін — ұйқы беріп, қайғы алған!

### *Тарих таңдауы*

*Халық кешпейтін бір-ақ нәрсе бар: елдің қолына зарықтырып келіп қонған бақыт құсынан — Тәуелсіздіктен айырылуды кешпейді.*

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Сіз сияқты алып туар алыптан,  
Алып дала бір перзентке зарыққан.  
Халық жүгін көтергенмен иыққа,  
Айтқан жоқсыз үлкенмін деп халықтан.

Ең ақырғы үмітіндей таңдағы,  
Қабыл болып қазағымның арманы.  
Алдыңызға ақ батасын жайып сап,  
Халық Сізді бірауыздан таңдады.

Дүр сілкініп дүниенің алабы,  
Көне Түркі даласына қарады.  
Көзі түсіп алашыма Алланың,  
Жаңа тарих Сізді ғана қалады!

Өзге елдер тағдырымнан мән ұқты,  
О, өйткені, біз түскен жол анық-ты.  
Махаббаты Уақыт пенен Халықтың,  
Өз перзентін жаза баспай таныпты!

Көріп отыр көңілімен ел мұны,  
Аңыз болып Елбасының ерлігі.  
Мемлекет құрып берді қазаққа,  
Асқан асу, шығар шыңы белгілі.

Орын тауып адамзаттық қоғамда,  
Құл боп қайта түспеу үшін боданға.  
Тәуелсіздік тегін келген жоқ бізге,  
Гүл сияқты күтім керек оған да.

Кім нығайтса Тәуелсіздік тірегін,  
Соған ғана дауыс берер жүрегім.  
Сіз тоқталмай, тоқтамайды Нұраға,  
Ере берер артыңыздан ұлы елің.

Бастан бағын ұшырған ел сорлайды,  
Айтудың да қажеті жоқ ол жайлы.  
Бүкіл халық елдің Тұңғыш Елбасын,  
Қай кезде де жанын салып қолдайды!

Алға бастар қазағымды талмастан,  
Құдай Сізге қуат берсін марқасқам.  
Алла қолдап Алты Алашым тұрғанда,  
Қынабына түсе қоймас Алдаспан!!!

Кім нығайтса Тәуелсіздік Тірегін,  
Соған ғана дауыс берер жүрегім.  
Сіз тоқталмай, тоқтамайды Нұраға,  
Ере берер артыңыздан Ұлы елің.

**Күләш Ахметова**

ақын,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

**Теңдік үшін мұхитқа салдық қайық**

(поэма)

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті  
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнаймын

Дүниеде мұң ғана мұңнан да ауыр —  
Мұңайғанда жол таппай тұрған бауыр.  
Кегі кеткен

далама

келдің бе есен,

Тарихи әділетті туған дәуір!

Еске түсіп, езіліп отыр ішім,  
Тарих қойны қан мен жас — өкінішім.  
Таулар шөгіп,  
Батырлар шейіт болған  
Тәуелсіздік таңына жету үшін.

Қанды жебе қадалған дала — жүрек,  
Сыздап тұрып ертеңге алады бет.  
Жарасына ем іздеп жатқан елге  
Жолдас болар ма екенсің, жан әділет!

Ұлы сапар сүрлеуі, соқпағы көп,  
Белгісіз деп безуге жоқ тағы рет.  
Соқтықпалы сор мекен не көрмеді,  
Ащы жасын жел сүртсін, тоқта, әділет!

Бағынғанбыз басымыз нұқталы боп,  
Ішімізде көмілген көп қабілет.  
Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық,  
Жанталаста жақтас тек аққа әділет!

Қайрат таппай есімде қынжылғаным,  
Қанымменен жазылды бұл жырларым.

Кім ағытар жетегін жүз жылға әлі  
Рухани зорлықтың шынжырларын?!

Енді ашуға тиіспіз бүркеме ойды,  
Ізгі жолға қанды қол сілтемейді.  
Малын, жерін, алтынын, басын берген  
Ақы, кегін атамның кім төлейді?!

Құны кімде?  
Мойнына кім алады?  
Алтын бастар — ақсүйек, қуарады...  
Ұнамады — сөйлесең өз тіліңде,  
Өз әкеңді мақтасаң — кінәлады.

Қанша уақыт қағажу, қақпай көрдім.  
Қардай суық қырауын сақтайды ол күн.  
Есікті ілмей, қақпаны ашып тастап,  
Өз елімде аз болдым, жаттай болдым.

Кеш түсінген сияқты мұны елім де,  
Қалай жүрдік өктемдік түнегінде?  
Бір үн жетіп санама ғасырлардан,  
Ұлы Тұран оянды жүрегімде!

Түңілме, ақын,  
Үніңе үміт кірген.  
Түбі бірге түрілді түрікке іргең.  
Туыстарың түсінер  
Ту керегін  
Туған айдың бейнесі біріктірген!

Ақ сәулесін түсірер жорықтарда ай,  
Аңыздарда айтылған алыптардай.  
Бабалардың жетпеген ұлы Арманын  
Болашаққа боздақ ұл алып барғай!

Қарғып өткей қара орлар қазылғанда!  
Жолықпаған жауған оқ,  
Жазымдар да —

Маңдайына  
Қасірет шеккен халқын  
Ұлы өткелден өткізу жазылғанға!

Қайтып жатыр оралып түз алтыны:  
Алда — биік асқар шың, мұзарт ұлы.  
Президент!  
Қазақтың дербестігін  
Бүкіл дүние таныды Сіз арқылы.

Ұзай алмас шідерін үзбеген ат,  
Ұлы жолда қатса да мұзға қанат,  
Тұқыртқанға көнбеді тұлпар-тағдыр,  
Сол тағдыры халықтың Сізге — аманат!

Сізге аманат — ертеңі армандардың,  
Сізге аманат — өркені ормандардың.  
Жалғанда жолы даңғыл болған емес  
Халқының қамқоршысы болғандардың.

Бұғау үзген бізге бұл бұйырды үлес,  
Әзірлігі аз, жүгі ауыр биылғы көш.  
Жолбарыстай шеңгелді  
Батырлықтың  
Бағын сынар басталды қиын күрес.

Қиын күрес!  
Ерекше елдік егес!  
Ұлан асу —  
Бейтаныс белгі, белес.  
Емін-еркін дастарқан жая алмаса,  
Қазақ үшін бұл теңдік — теңдік емес!

Өнердің де сыналар кезі нағыз,  
Ғашық едік ғасырлар сазына біз.  
Түсіп қалып жүрмегей нар қомынан  
Мына көште өлең, жыр — қазынамыз.

Патшалықтың тәжінен ауыр бар ма?  
Дауылдарда  
Тартарсыз қауымды алға.

Жағдай қалай дейтін де кез келгендей  
Жат жердегі жәудіркөз бауырларға.

Жат жерден де несібе табылады,  
Несібесін қимаса, не қылады?  
Бірақ солар атажұрт, ақ бесігін  
Қазақтың сағынышымен сағынады!

Естігендей жүрегім бөлек үнді,  
Бір сағыныш кернейді өлеңімді.  
Қазақтың сағынышы неге шексіз,  
Қазақтың сағынышы неге мұңды?!

Жібермеуді үйрендік сөзден есе,  
Кім үйретер өнерді өзге неше?  
Тәуелсіздік кім үшін,  
Туған халқың  
Тұтастығын сақтауды көздемесе?!

Не етсем екен?  
Жыласам, күлсем бе екен,  
Басқанікі сияқты жүрсем бе екен?  
Әрбір жонға гүл болып шықсам ба екен,  
Әрбір жолға самал боп кірсем бе екен?

Өлең жазсам, жаныма осы ем бе екен?  
Жан сарайын қалайша әсемдетем?  
«Қазақтың жауы — қазақ»  
болар болса,

«Әйелдер,  
Ұл тумаңдар!» — десем бе екен?!

Бұлт болып ұшсам ба екен, қонсам ба екен,  
Біріңе бірің дұшпан, болсаң бөтен?  
Ең алғашқы қауымның анасы боп,  
Төсімді көкке қарап саусам ба екен?

Бірлік болса көтерер мекен де еңсе,  
Бір көрермін, бір зұлмат төтен келсе.

Хан болудан қайран не,  
Халқым... деген  
Халықтың өзі сорлап, бөтен көрсе?!

Сол сорлылық ойларға батырмас па?  
Абыздар аз,  
Кім жарар ақылдасқа?  
О, сонда да, өз халқың — өзіңдікі,  
Өзіңдікі — жараң да. Жатың — басқа!

Өз ұлтыңа құлсың да, иесің — сен.  
Түсінесің қасиет, киесің — сен.  
Дарқан болсын,  
Өр болсын,  
Надан болсын,  
Бөлмей-жармай, түгелдей сүйесің сен!

Жатқа сенбе!  
Байқалмас бар қастығы.  
Жасқанбай айт, ақынның алмас тілі!  
Бүгін дос боп тұрса да,  
Жат түбірден  
Опасыздық көрінбей қалмас түбі...

Төсі нала кең дала — мұңлы алыптың,  
Көз тіккендер көп болған сұрланып тым.  
Бір халықтың қалуы — екіталай,  
Адалдығы болмаса бір халықтың!..

Тыңдағанда дағдарған дала түрлі ән,  
Самғай алмай,  
Қайрылып қанатынан,  
Бір талпынып,  
                  бір құлап,  
                  тұрдың-ау сен,  
Ел екенсің сынаққа жаратылған.

Ертеңінен ел-жұртың не күтеді?  
Әрекетсіз отырсаң, не бітеді?

Арсыздардың алдында  
                          мына заман  
Арлылардың өр басын кемітеді.

Елге барсам — құрулы қақпандар көп,  
Ептілерге жем болып жатқандар көп.  
Момынның ақысын жеп, жеңгендерге  
Айқайлағым келеді: «Тоқтаңдар!» — деп.

Біз ұшырдық үміттің құсын кеше,  
Дұшпан оғы жерге атып түсірмесе...  
Азаттықтан не пайда,  
                          аудармасыз  
Баламның тілін әкем түсінбесе?!

Бауырында даламның шер көп деп ем,  
Айтқызбаса, астарлап өрнектегем.  
Мейірімнен тапшылық көруі анық —  
Өз қолымен бесігін тербетпеген.

Не болғанын жүретін білмей қалып,  
Жер бетінде бар ма екен мұндай халық?  
Теңдік бар да,  
Теңге жоқ,  
                          жеткіншегім,  
Меншік келсе, кетпей ме құлға айналып?!

Қараңдаршы басқа жұрт, басқа ауылға,  
Қайнарлардың тағдыры — бастауында.  
Мүмкіндіктер есігін ашқан игі  
Ең алдымен жаны ізгі жас қауымға.

Қорғай алмай  
Жүз мың қыз гүл намысын,  
Жалғыздықтан  
Жабырқап тұрғаны шын.  
Менің қайғым —  
Өкінсе аруларым  
Қазақтың қызы болып туғаны үшін.

Жүрегімді сыздаған ағыс кернер,  
Көбейгенін қайтейін жаңа іскерлер.  
Қыздар жылап тұрғанда босағанда,  
Бостандықтан не қайыр, намысты ерлер?!  
Аяп,  
Сүйіп,  
Қараймын саған, мекен,  
Көңіліме кіреді алаң бөтен.  
Бұл ғаламда бақытты елдер қанша,  
Иығың тең солармен болар ма екен?

Біз бақытқа жетерміз шын аңсаған,  
Тозып кетпей, туған жер тұра алса аман.  
Төзім — сенің егізің,  
екінші атың,  
Шыда, жұртым, берілген шыдам саған.

Мықтылығы біртіндеп білінген ел,  
Назарына әлемнің ілінген ел.  
Бір арысқа тілеуқор болармысың,  
Үш хан сайлап, үш елге жүгінген ел?

Тәуелсіздік туралы сөз қылған ел,  
Бақ пен сорды басынан оздырған ел,  
Қайда бара жатырсың,  
арақ ішіп,  
Абайсызда ұрпағын аздырған ел?

Қабырғасы қанша рет күйреген ел,  
Алға ұмтылып, арбасын сүйреген ел.  
Мейірімсіз деп құдайға өкпелейсің,  
Өзі оңдырып құдайды сүймеген ел!

Ай таңбалы, бөрілі байрақ елім,  
Бірде тұнжыр, бірде шат, сайран елім,  
Есебі жоқ, ебі жоқ қалпыңменен  
Қайда бара жатырсың,  
Қайран елім?!

Сақтау үшін өрісті,  
қонысты аман,  
Бостандыққа боларсың жол ұстаған.  
Еліктегіш мінезден арыла алмай,  
Арманыңды іздерсің алыстаған.

Арманыңа жете алсаң,  
Сүйінші бар.  
Мезгіл келер заманның сыйын сынар.  
Тәуелді боп үйренген елге  
бірден  
Еркіндікке үйрену қиын шығар.

Алғызбайтын саясат — алыспасаң,  
Адырнадан оқ тиер намысқа сан!  
Құрық түспей, ғұмыр жас  
Құрбан болмай,  
Келіп еді  
Далама жеңіс қашан?

Ер мұраты болмағай елден бөлек,  
Ізгілікпен жеңілдер жер — дөңгелек.  
Бір адамның қолынан бәрі келмес,  
Бәрімізден күш керек, жәрдем керек!

Біз ертерек көрейік Еркін Елді,  
Еркіндіктің аулына жол тірелді.  
Қабілеті адамның — шексіз,  
Жұртым,  
Өзіңдікін өзің ал, жең түр енді.

Байтақ елің бірлікке талпынса әман,  
Жеңістерге жетер-ау, шарқың, шамаң.  
Бастан биік  
Ұлт туын ұстау үшін,  
Қайсар жүрек тілеймін, халқым, саған!

Орындалып ақыры шықты ойдағы,  
Алыс жолда көтерген жүк — пайдалы.



Біздің күрес біткен жоқ бүгінгімен,  
Біздің күрес біткен жоқ,  
Бітпейді әлі!

Жоғалтқанын табады дала қайдан?  
«Елім-ай» деп егіліп, аралайды ән.  
Қаһарман ел, басыңды жоғары ұста,  
Жолы қашық, бұл шеру жаңа майдан.

Мен Алладан сұраймын мінәжәт қып,  
Заман бізге жасамай, сірә, жаттық,  
Бұл далама,  
Ұлтыма,  
Ұрпағыма  
Шын мәнінде келгей деп шын Азаттық!

Аруақтар да қалмағай мақұл көрмей,  
Жер-Ананың тәніне зақым келмей.  
Ұлы үлестен  
Ұлы күш  
Ұрпағыма  
Ұлы еншісін алатын ақыл бергей!

Мейлі бізге қиын жол қисын азап,  
Тербегенде табиғат — күйші ғажап,  
Адамзаттың баратын дәуіріне,  
Аман-есен барса екен ісі қазақ!

**Тұрсынхан Әбдірахманқызы**  
Қазақстанның халық жазушысы

## ЕЛТҮТҚА

(Поэмадан үзінді)

### Бірінші тарау

#### Болжам

Анаңның жүрегінің астында-ақ  
Танытқан тәтті қылық, сәби талап.  
Теңгедей өкше, титтей жұдырықтар  
Бұлқынып назар бөлген мен мұндалап.

Жансың-ау бар тұрпатың соны айтады,  
Қалпыңа көңіл бұрып талай тағы.  
Сезінгіш сергек зейін,  
алғыр ақыл,  
Кемеңгер келбетің ой молайтады.

Дәл болжап тауып қойған есіміңді,  
Әрі Нұр, әрі Сұлтан өсер ұлды.  
Танытып айтып-ақ тұр сын мен сымбат,  
Мейірімді, мамыр мінез, кешірімді.

Кез болған шығар анаң сақтанатын,  
Ақ тілек Тәңірге арнап ақтаратын.  
Болжаған күн келерін ел қазақтың  
Нұрсұлтан есімімен мақтанатын.

Дегем жоқ көрінейін беріп баға,  
Ой түйдім тұрпатыңа қарап қана.  
Көп жылдан көз алдымда елім деген,  
Күллі ісің түсірмеген алға қара.



**Екінші тарау**

**Талап**

Басталды ең қызық шақ жиған зерде,  
Қалған ба шын ұмтылса талап жерде.  
Бағынған ерік-күші ақылына  
Хас жүйрік танылмай ма қашанда өрде?

Өмірді зерделеумен он жыл өтті,  
Риза еткен ұстаздарды,  
дүйім көпті.  
Жастықтың жалынының қанатында,  
Самғады талай қиял шарлап көкті.

Кеудеде Алтын медаль жарқырады,  
Мамандық деген арман шарқ ұрады.  
Қазақтар ала алмайды деген биік  
Намысын Нұрсұлтанның қамшылады.

Келді де қалың топқа араласты,  
Жаңғырып Теміртаудан арман асты.  
Тындырмас ойға алғанын Нұрсұлтан ба  
Парықсыз ісі қалар аяқ асты?!

Бастады тағдырменен тайталасты,  
Есігін көп мамандық айқара ашты.  
Көк құрыш,  
Хас болатты қолдан жасау  
Құмар қып құлшындырды өсер жасты.

Мамандық жетіп жатыр бұдан өзге  
Айналып неге оралады тозақ — тезге?  
Жетелеп ой бұрылып кете береді,  
«Малдардан металлург шықпас» деген сөзге.

Бұл сөздер талай цехты аралаған,  
Жүрегін Нұрсұлтанның жаралаған.  
Жанынан ары қымбат ел ұлының  
Бойынан намыс әлі тарамаған.

Не өлем,  
Не игерем бұл қиынды! —  
Бағынды күллі әрекет,  
бір түйілді.  
Маңында жүрген қара көздерді де  
Бағыттап осы мақсатқа иірді.

Байлады комбинатқа намыс қайнап,  
Өткерді іс ел-жұртының қамын ойлап.  
Ар бастап, ақыл қостап,  
Алла жебеп,  
Көмекке келді ерік-күш,  
жігер,  
қайрат.

Шыңдалды өзі-дағы құрыш болып,  
Сомдалып бойы өсіп,  
дене толып.

Азамат,  
жайсаң,  
жарқын,  
жарау тұлпар,  
Оралды Теміртауға ырыс болып.

**Екінші шегініс**

**Елтұтқа**

Сымдайын бойы қандай,  
Шынардан ойғандай.  
Парықшыл парасатын  
Көріп көз тойғандай.  
Даналық деп таныр  
Кең дала — ай маңдай.  
Ай маңдай ай нұрын  
Аймаққа жайғандай.  
Бізғары,  
сесі жоқ,  
Жүзінен нұр есіп,  
Әркімдер мейірім

Тұрады үлесіп,  
Еркіндігі елінің  
Еді асыл арманы.  
Қол жетті, қуанышын  
Жасыра алмады.  
Асқақтата әнге өріп  
Әлемге жарлады.  
Тәуелсіз Қазақстан  
Жер бетін шарлады.  
Елім деп егіліп,  
Шүберекке жан түйіп,  
Қайда ол бармады,  
Айтулы мәмілегер  
Қай қиынды алмады?!  
Байырғы жас қала  
Су жаңа Астана.  
Күн сайын түледі  
Астана — бас қала.  
Гүлдене өркендеп,  
Барады алға озып,  
Өркениетке ұласып,  
Қаймықпай қасқара.

Аспаны,  
Көгі — нұр,  
Көкорай — жері гүл.  
Адамы ардақты  
Қазақтың елі — бұл.  
Елбасы — жүз ұлтқа,  
Қазаққа ел-жұртқа,  
Бүгінгі Абылай,  
Нұрсұлтан — Елтұтқа.

### Үшінші тарау

### Игерілген биіктер

Бітті оқу.  
Бір биік шың игерілді,  
Өміріне металлургтік мәңгі өрілді.

Көп бейнет,  
тартқан азап енді игі іс боп,  
Алдынан Еңбек атты күн көрінді.

Шеберлер шақырылған көрші елдерден,  
Жігітке сынай қарап, жанап келген.  
Таныт деп қабілетіңді жымияды  
Күткендей үлкен үміт талапты ерден.

Днепродзержинскіде көрген азап  
Оралды екі есе артып,  
болып тозақ.

Не керек от қақтап,  
Көк жалын орап,  
Кимеген асбест халат күндер аз-ақ.

Шыдады.  
Жігер жекті.  
Тапты төзім.  
Ұстады айтқан сонау ант қып сөзін.  
Ақыры болат құю хас шебері  
Айтулы сталевар танытты өзін.

Көрген бе ол екі сөйлеп,  
Серттен қайтып,  
Сөз мәнін саралайды іске сай қып.  
Болаттың дайын болған құрамын ол  
Таратып дәл пайызын береді айтып.

Сөйтіп Сұлтан мақсатқа жетіп тынды,  
Айтулы сталевар — кадр құнды.  
Мақтаны комбинаттың,  
ел қазақтың,  
Делегат қайда керек, сонда жүрді.

Өмірде тек еңбекті қылған тірек,  
Қорқытып,  
Үркітпеген қайла,  
күрек.

Шығандап биікке алып шықты оны  
Ел деген азаматтық үлкен жүрек.

Ақылды ағылшында бір нақыл бар,  
«Жасадым өзімді өзім» дейтін кей нар.  
Жасады Нұрсұлтан да өзін өзі  
Көмекке келді дәйім намыс пен ар.

Еңбекпен алғы шепке араласты,  
Сатылап, тек биікке қадам басты.  
Кемел ой,  
кең толғайтын алғыр ақыл,  
Жетелеп барған төрі —  
Таққа ұласты.

### Үшінші шегініс

#### Елдің ұлы — ардың құлы

Елдің ұлы — ардың құлы,  
Зердесі биік бауырым.  
Ел бірлігін ту қып ұстап,  
Аспандатқан қауымын.

Қазақ деген тәуелсіз ел,  
Бүгін әлем аузында.  
Дос қуанып қабылдады,  
Мойындады жауың да.

Қазақ десең —  
Нұрсұлтан деп,  
Таниды елдер бүгінгі.  
Азулы әйгі Арыстандар  
Тең тұтып кеп жүгінді.

Көп ісінді құптай келіп,  
Біріккен Ұлттар Ұйымы:  
Еліне сай Елбасы деп,  
Кемелдігіңе ұйыды.

Көк туым да тек тұрмапты,  
Қанат керіп хас түлек.  
Сені мезгеп тұр әлемге  
Мұзбалағым тастүлек.

Елбасым деп өзі атап,  
Халқың сені зор тұтқан.  
Ардың құлы — елдің ұлы,  
Абылайым — Елтұтқан.

### Төртінші тарау

#### Тектіліктің төркіні

Текті болу тектен ғана тумайды,  
Мен ерекше сөз етемін бұл жәйді.  
Мата атымен өтетін бор бөздер бар,  
Ата атымен кей бор өзін бұлдайды.

Тегі қара,  
өзі дана хандар бар,  
Сұңғылалар, сөз төркінін аңдаңдар.  
Нұрсұлтанدى қаз қойып көр алдыңа,  
Талай текті ондай болуды армандар.

Әкесі оның қарапайым шаруа,  
Анасы да сай қосылған жарына.  
Ұл сүйіп, қыз өсірген жәй кейуана,  
Жоқты іздемей риза болған барына.

Ел болғалы қазақ талай таң атты,  
Санап болмас көрген қорлық азапты.  
«Елім-айлап жыламасын» деп Алла,  
Нұрсұлтанدى қазақ үшін жаратты.

Ту ғып ұстап ел қазақтың намысын,  
Қазақ үшін деп бастады ол әр ісін.  
Қаршадайдан тәуекелді таянып,  
От-оқпанға барды қазақ қамы үшін.

Қазақ үшін көк болатпен алысты,  
Қазақ үшін жақындатты алысты.  
Қазақ үшін көп арыстан елдермен,  
Мәміле тауып,  
мәнді өткерді әр істі.

Айтпан әсте бос дәріптеп бекерді,  
Күткен үміт Нұрсұлтаннан өтелді.  
Алып Одақ күйреп түскен шағында,  
Құлатпай қазақ шаңырағын көтерді.

Қазақ жамырап жүрген шақта тарыдай,  
Елім дейтін ел басына жарымай.  
Орда бұзып  
ұйытпақ боп үш жүзді  
Шығып еді ел туы — хан Абылай.

Терең барлап жақын менен алысты,  
Абылай көрші екі елменен табысты.  
Ал Нұрсұлтан екі құрлық —  
Еуропа мен Азия,  
Елдерімен жақындаса жарысты.

Бұған қалай назар бөлмей қоя алам,  
Аласапыран бүгін дүние,  
ой алаң?

Өзі келіп орыс, қытай басшысы,  
Нұрсұлтанмен кеңесіп көп ой алған.

Әлемге әйгі Қазақстан бүгінгі  
Жүз ұлтты ел!  
Көр арқаңда жүгіңді...  
Ұйып тыңдап,  
Ақылына тәнті боп,  
Елбасы деп Нұрсұлтанға бүгілді.

Сапарластар жасырмапты көргенін,  
Қайран қалып ерек назар бөлгенін.  
Қабіріне Мұхамедтің құран оқып Нұрсұлтан  
Шыққан сәтте нөсер құйып бергенін.

Мекке жұрты таңдай қағып,  
таң қалып,  
Кілт өзгеріп тәкаппар да паң қалып.  
Құтты қонақ ауыздардан түспепті,  
Дұға оқылып бұл жайға әдейі арналып.

Елімізге аңыз болып ертіп із  
Бұл жетіпті  
ой толғап, күй шертіңіз!  
Пайғамбардан бастап Сұлтанды еске алып,  
Қалай жорып түсінсеңіз еркіңіз.

Жан садаға қазағымнан,  
халықтан  
Қиындықта шыдамдылық танытқан.  
Жоққа төзіп,  
Барды ұқсатып, ұйысып,  
Уақыттың бар мәнісін жаны ұққан.

Қазағым деп туған айтулы азамат —  
Қара қазақ кәдуелгі таза нақ.  
Өткергені көзбен көрдік —  
Хан ісі  
Елтұтқам деп алтынға ойып жазар ат.

Ал ерекше тектіліктің төркіні —  
Ер ісінде түспей қоймас ел күні.  
Ерім бастап,  
Елім қостап, қазақта  
Беки түсер ұлтым деген ел тіні.

**Қадыр Әлімқұлов**

ақын,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

**Тәуелсіздік**

(Поэмадан үзінді)

**3. Ертеңін еншілеген ел**

Ғұмыр бойы бір арманмен шөлдегем,  
Сол үшін де мың алысып...  
Өлмегем!  
Шаңырағына ұя салған бақ құсы:  
Қазақстан Республикасы — Ол деген!

Төрлет, Елім,  
Тұғырыңа,  
Жол берем,  
Жаным менің қуанышқа толды ерен!  
Арманымның атты таңы арайлы:  
Қазақстан Республикасы — Ол деген!

Мен қай кезде өзгелерден қор,  
Кем ем,  
Көзге ұрады алып тұлғам,  
Зор денем!  
Тәуелсіз ел түзу ұшқан түтіні:  
Қазақстан Республикасы — Ол деген!

Баға жетпес бақытыма кенелдім,  
Салдым ғалам мұхитына кемемді!  
Көлгірсімес,  
Жол сілтемес енді ешкім,  
Бүгежектеп,  
Жалтақтаман мен енді!

Сөз аламын небір биік мінберден,  
Тең отырып сұхбаттасам кіммен де!  
Өркениет өлкесіне дән сепкен,  
Алтын күрек,  
Жарқын жүрек тыңгер — мен!

Ел емеспін бақ-жұлдызы жанбаған,  
Жолым да — ақ,  
Мұрат етіп таңдаған.  
Жарқын күнмен,  
Алтын аймен сырласқан,  
Ғарышкермін —  
Көк жүзіне самғаған!

Ұстазбын — мен,  
Дәрігермін,  
Ғалыммын,  
Құлаш ұрдым шың-құзына танымның!  
Әр қазақтың көкірегін көркейтіп,  
Шар болаттай шыңдалады жаным мың!

Малшымын — мен,  
Диханшымын,  
Кеншімін,  
Есесінен айрылмаймын еншінің!  
Қай жұртпен де мәмілеге келемін,  
Қияндағы елдестіретер елшімін!

Қабілетпін — ешкімнің жоқ таласы,  
Қамал бұзғам, қай істе де жарасып!  
Тыңдай алар дүниенің тамырын  
Нұрсұлтаным —  
Қазақтың бір баласы!

Межеленген Шығысым мен Түстігім,  
Жас қазақпын,  
Хас барыстай күштімін!  
Жер тұрғанда аман болсын әманда,  
Тілім,  
Ділім,  
Дінім — менің үш тінім!

Ғұмыр бойы бір арманмен шөлдегем,  
Жаным менің қуанышқа толды ерен!  
Көзге ұрады алып тұлғам, зор денем,

Қазақстан Республикасы —  
Ол деген!

Индынымды ыза буган шерлі едім,  
Жүзеге асты дала кезген сол кегім!  
Сахарада байтақ жұрт боп көлбедім:  
Қазақ елі —  
Республикам ол менің!

Ешкімнің де ұстамына көнбедім,  
Өр намысты өз қолымнан бермедім!  
Құлашымды қияндарға сермедім,  
Қазақ елі —  
Республикам ол менің!

Аттың жалын тартып міндім,  
Ал, енді,  
Сәтіменен берем мен де сәлемді!  
Өріс етем бүкіл мына әлемді,  
Қазақтың да Азат елі бар енді!!!

#### 4. Көш-керуен

Тарта-тарта тауқымет пен азапты,  
Арша-арша еткен елді,  
Қажап мың,  
Сарса-сарса болды-ау, сірә,  
Тәңір де,  
Арта-арта мойнына зіл Қазақтың?!  
Туды, міне,  
Көп аңсаған ғажап күн!

Азаттығым —  
Ақ арманым келді де,  
Қаймықпаймын,  
Тең сөйлесем белдімен!  
Тәуелсізбін,  
Еріктімін,  
Егемен,  
Еркіндіктен айрылмаймын енді мен!

Көштік, міне,  
Еркімізбен,  
Есіліп,  
Кейбіреудің ұры үміті кесіліп.  
Астананы орталыққа көшіру —  
Жалпы жұрттың пікірімен шешіліп.

Көш көлікті,  
Ағайын көп еретін,  
Қияндағы қиялымды көретін.  
Бұрынғыдай..  
Әдетім жоқ бүгінде —  
Мәскеу жаққа бүгежектей беретін!

Еріктімін —  
Тағдырыма қожамын,  
Жаңғыртады жапаныңды өз өнім!  
Сілкіп тастап ғасырлардың тозағын —  
Самғай ұшып,  
Уақыттан озамын!

Ізденбесең ...  
Тылсым сырын ашпайды,  
Болған күндер:  
Бас та қайғы,  
Ас қайғы.  
Тарих-тағдыр еншісінде ерлердің,  
Ұлы көшті —  
Ұлы адамдар бастайды!

Ұлы уақыт!  
Ыңғайлап ап көсілуге көрпесін,  
Жұдырық қып жұмылдырар..  
Сол шешім.  
Алға тарта береді енді  
Көш-керуен,  
Бетке алып өркениет өлкесін!

II

Ел болсақ деп іргелі,  
Керегелі,  
Қолдаған соң қуатты,  
Зерек елі,  
Өзі бастап,  
Тынымсыз араласқан,  
Елбасының еңбегі ерен енді!

Тығырыққа тіреліп,  
Түңілген бір,  
Тұстарда да әр үйге үңілген-ді.  
Айшықтанып келеді астанамен,  
Нүрекеңнің нұр жүзі бүгін де енді!

Қиындықтан ел үшін шегінбеген,  
Болашаққа қарайды сенімменен!  
Бейнетіңнің зейнетін көру — бақыт,  
Қай жеңіс те — қиындық,  
Тегін деме!

... Кіндік қала,  
Елорда,  
Бас қаламыз,  
Өркендейді,  
Өседі Астанамыз!  
Қожасымыз тағдырдың,  
Шын асқақпыз,  
Енді басты имейміз басқаға біз!

Саралаймын өткенді,  
Танытамын,  
Қайта жағам өшкенді,  
Дамытамын.  
Содан кейін...  
Жырлаймын жарқын істі,  
Тәуелсіздік таңынан шабыт алып!

**Советхан Қалиғожин,**  
зейнеткер ұстаз,  
Қазақстан Республикасы  
білім беру саласының үздігі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Құршім ауданы,  
Теректібұлақ ауылы

**Қазағымның маңдайдағы жұлдызы**  
(Дастаннан үзінді)

О, менің,  
Қазағым,  
Қандастарым —  
Сан ғасыр «мұз төсеніп, қар жастандың».  
Аз жылда ғасырға тән іс тындырып,  
Сол тұстың аластадың зардаптарын.

Тағынан талапай боп тайған істі,  
Талайлар түзейміз деп айналысты.  
Бүгінгі таңғажайып жетістіктер  
Нұрсұлтан есімімен байланысты.

Ол «әділет жеңеді» деген еді,  
Тәңірі бұл ниетін жебеп еді.  
Бабалардың көк туы алаулады —  
Ел болдық қайта түлеп егеменді.

Орнады Тәуелсіздік-теңдігіміз,  
Танылды бар әлемге елдігіміз!  
Бұратана ел едік кеше ғана,  
Ағайын, сезіндің бе енді кімбіз?!

... Енді, міне, төрт құбылаң теңелді,  
Атамекен қуанышқа кенелді.  
Берекеміз, бірлігіміз шайқалмай,  
Бнтымақта күн кешейік, кел енді.

Шүкіршілік, ел тынысы кеңейді,  
Бізді ешкім осал халық демейді.

Ынтымақпен өрге басқан өрелі іс,  
Алыптармен терезенді теңейді.

Асқар таудай биіктеді еңсеміз,  
Шебер билік арқасы бұл сенсеңіз.  
Нысаналы мақсатқа да жетесің,  
Табан тіреп, қиындықты жеңсеңіз.

Бүгін, міне, салыстырсаң өзге елмен,  
Қазақстан танымастай өзгерді.  
Жаңа тірлік қазанында қайнадық,  
Барлық жайды құлақ естіп, көз көрді.

Бағы жанған алты алаштың біріміз,  
Нұрсұлтандай Елбасымыз — піріміз!  
Болашақта боларына күмән жоқ,  
Өркениетті мемлекеттер бірі біз!

Оған дәлел — ғасырға тән жеңісің,  
Ынтымақты, берекелі ел ішің.  
Оған дәлел — патриоттық сезімің,  
Тату-тәтті ұлтаралық келісім.

Оған дәлел — айқын алып жоспарың,  
Әлемдегі ниеті бір достарың.  
Оған дәлел — болашақтың ісіне  
Ат салысып, үлесіңді қосқаның.

Ағайындар, аталы сөз ұқсаңдар,  
Ар-ожданың, имандылық ұстам бар.  
Қазағымның маңдайының жұлдызы —  
Нұрсұлтанның сара жолын ұстаңдар!

Немқұрайды, жайбарақат болмаңдар,  
Ортақ үйде үлесің бар, олжаң бар.  
Қазағымның маңдайдағы жұлдызы —  
Нұрсұлтанның нұрлы жолын қолдаңдар!

Алға тартып ұсыныстар келелі,  
Саясаттың көшін бастап келеді.

Міне, бүгін бүкіл әлем алдында  
Асқақтады Нұрсұлтанның беделі!

Елі үшін арқалаған батпан жүк,  
Ордамызға ұялатқан бақтан құт,  
Бүкіл әлем құрметіне бөленген  
Отандастар,  
Көсеміңді мақтан тұт!



**Шекербек Садыханұлы,**  
ақын, Алматы облысы

**Нұрсұлтан, Нұрсұлтан**

(Деректі поэма. Қысқартылып алынды)

Елдің тұңғыш  
Президенті Нұрсұлтан,  
Сөнбей күнің,  
Осылай атып тұрсын таң.  
Сен аман бол,  
Аман болсаң ізіңді,  
Жалғастыра  
Артыңдағы мың Сұлтан.  
Нұрсұлтан, Нұрсұлтан!

(Ел ішіндегі әңгімеден)

Қазақ жаман, ел жаман деп кім айтар,  
Ол бастаған жол жаман деп кім айтар?  
Оның ісі дос халықты қуантар,  
Көре алмайтын көп дұшпанды мұңайтар.

Қазақ жері — ұлан-байтақ кең дала,  
Қазақ елі,  
Сүйенерім сен ғана!  
Қазақ тілі — алты алаштың үні бұл,  
Туған тілмен жыр жырлаймын толғана!

Батырларым — болат семсер, білекті,  
Ақындарым балқытады сүйекті.  
Шешендерім майда қандай тілі отты,  
Көсемдерім — қол бастаған жүректі.

Жер байлығы — бидай, тары, күріші,  
Кен байлығы — алтын, күміс, мырышы.  
Ел байлығы — төрт түлік мал қаптаған,  
Бәрі, бәрі қазағымның ырысы!

\* \* \*

Қызығып қарайтұғын далаға көп,  
Жасынан болып кеткен оған әдет.

Отыр Әбіш көңілі тыным таппай,  
«Босанып Әлжан бүгін қала ма?» — деп.

Сүйінші!  
Дүниеге бала келді,  
Қуанышын өзінің ала келді.  
Әп-сәтте не айтарын білмей қалып,  
Екі көзі Әбіштің жана берді.  
Кім білген осынау бір шілдеhana,  
Таңғалтарын ақылмен бар әлемді.

Мейірлене ұлына қарады ана,  
Әйелдер шашу шашты шаранаға.  
Әйтсе де,  
Оны сезген жоқ ешбір жан,  
Келешекте боларын Дара, Дана!

Нұрсұлтан!.. — деп ат қойды бар болғаны,  
Орындалып ойлаған армандары.  
Осы бір кіп-кішкентай жас нәресте,  
Әбіш пенен Әлжанның болған жаны.

«Жаным!» — деді Сұлтанды, «Күнім!» — деді,  
Бұған мәз боп жас бала күлімдеді.  
Тез есейді Нұрсұлтан, сабырлы боп,  
Өтті жылдар арада, білінбеді.

Тағдырына мына бір соғыс келді,  
Быт-шыт етті ойлаған көп істерді.  
Қан майданға аттанды азаматтар,  
Жеңеміз деп фашисті — немістерді.

\* \* \*

Асқар тауым,  
Жерім,  
Суым,  
Орманым,  
Ғұмырымның арттырады бар мәнін.  
Күліп атар шуақ шашқан таңдарым,  
Содан шығар менің биік самғауым,  
Содан деймін абыройым, зор бағым!

*Сүйінші*

Үшқоңырдың ауасы бойға дәрі,  
Қызығына бар ма адам тойған әлі.  
Әбіш аға осында қой бағады,  
Бақытым жанса екен деп ойланады.

Іздейді бақытын ол ұлы еңбектен,  
Мақсатқа біреу жетпей, біреу жеткен.  
Бітпес тірлік, тынымсыз жүріс-тұрыс,  
Шаршатып көздің астын білеулеткен.  
Малсыз қарап бір күн де отыра алмас,  
Өйткені, малдың сырын білер көптен.

Ауырады белі де, аяғы да,  
Бірақ, бірақ болмайды аянуға.  
Үшқоңырдың мөп-мөлдір бұлағын айт,  
Жаныңа шипа мұнда, сая мұнда.

Сұлу-ақ Үшқоңырдың таңдары да,  
Неше түрлі аңға бай таулары да.  
Еске алып үйіндегі бәйбішесін,  
Алаңдап отыр қарап жан-жағына.

Ауылда кемпір мен шал, бала қалды,  
Халық қатты күйзелді, назаланды.  
Арам пиғыл ешқашан іске аспаған,  
Жеңілді жау, ақыры жазаланды.

Жеңістен соң жағдай тез оңалмады,  
Атқарылар жұмыс та көп алдағы.  
Біразы майдангердің елге келіп,  
Біразы сол кеткеннен оралмады.

Ерінбей еңбек етті кемпір-шалдар,  
Оларға көмектесті Нұрсұлтанлар.  
Астық жинап, мал бақты, бақша өсірді,  
Түгел бәрі үйінде қанша жан бар.

Бала болып балалар ойнамады,  
Ешқайсысы ойынды ойламады.  
Дейді олар «Бұл жағдай өзгере ме,  
Қашанғы бақытымыз байланады?»

Осылай өтіп кетті балалық шақ,  
Нұрсұлтан өсті үлкенге қарап, ұқсап.  
Біреудің арамдығын сезсе болды  
Намыстанып ашуы қалар ұстап.

Мұның енді азабы, масқарасы —  
Айтысуға келмейді жас шамасы.  
Жігіт жанын жаныса намыс оты  
Сірә, бұл — жақсылықтың бастамасы!

Ерекшелік сезіліп өн бойынан,  
Қаймықпас қиындықтың қандайынан.  
Мол түйсігі, талғамы, көз қарасы,  
Әлден-ақ жоқты айырған, барды айырған!  
Айдарынан жел ескен арыстандай,  
Жарқырайды жұлдызы маңдайынан.  
Келе жатыр толысып Шамалғанда  
Біз мақтанар түбінде сондай ұлан!..

*Мырзабала әжесінің айтқаны*

Рас болса дүние, мына жалған,  
Сенсің Сұлтан, біздерге шырақ-арман!  
Сені шешең Құдайдан сұрап алған,  
Сені әкең Алладан сұрап алған.  
Сені берген қазақтың бойындағы  
Барлық жақсы қасиеттерден  
құрап, Аллаһ!..

Түнде жатып түс көрдім сен туралы,  
Жігіт бопсың денелі, зор тұлғалы.  
Ақбоз атың астыңда жерді тарпып,  
Алмас қылыш қолыңда жарқылдады.

Жолбарыс түр желкеңде атылғалы,  
Жігіттер жүр қасыңда батыл бәрі.  
— Ей, Нұрсұлтан! — деді де саған қарап,  
Батыр бабаң Райымбек жақындады.

Бар даусымен атыңды атап енді,  
Қолын жайып өзіңе бата берді:  
«Халық сүйген ұл болып өлесің сен,  
Өзіңмен бірге алып жүр қатар елді».

Осы кезде оянып кеттім балам,  
Әсерінен жүректің көп тулаған.  
Анаң Әлжан Аллаға жалбарынып,  
Сені мынау өмірге тек тумаған.

Сен тумай...  
Бабаң оның түсіне енген,  
Әйел жанын, жаным-ау, түсінем мен.  
Сондықтан сен бес жасқа келгеніңше,  
Көрсетпей, сақтанатын кісілерден.

Қайта-қайта отпенен ырымдайтын,  
«Көз тиіп қалмасын» — деп шырылдайтын.  
Ешкімге бұл түс жайлы тіс жармап ем,  
Шырағым, түсініп ал, мұнымды айқын.

Десең сен өмірден бұл бақ табамын,  
Ешкімнің ала жібін аттамағын.  
Жамандыққа итерер пенделер көп,  
Жамандық болсын, күнім, сақтанарың.

Өтірікке ешқашан құмар болма,  
Сыйын Хаққа,  
Бір жаққа шығар жолда.  
Сақтасаң адалдық пен ар-ұятты  
Алдыңнан бақыт күні шығар сонда.

Әке мен бала

Туған жерін сүйіп өскен елжіреп,  
Кереметтей дарқан жүрек, кең жүрек.  
Диқан бүгін той жасады ауылда,  
«Балам менің аттестат ап келді» — деп.

Шағын үйде шағын той боп дүрілдеп,  
Әбіш аға ақтарылды бір рет.  
Нұрсұлтанның басын сипап қояды,  
«Үмітімді ақта менің, ұлым!» — деп.

Әке арманын түйіп жігіт жүрекке,  
Зейін қойды халық айтқан тілекке.  
Ел батасын қабылдаған жас өрен,  
Сенеді өз біліміне гүл еккен.

«Бұл өмірде асыл текті адам көп,  
Сенде осындай тірлік жаса, балам!» — деп,  
Отыр әке маңдайынан иіскеп,  
Баласының болашағына алаң боп.

«Мен сен дедім,  
Ал сен болсаң кім дейсің?  
Өмір қиын, сырын бірден білмейсің.  
Қайда болсаң, халқыңменен бірге бол,  
Халқыңнан сен артық емес... бірдейсің».

Әке-шеше айтып жатыр ақылын,  
Нұрсұлтан түр тыңдап бәрін ақырын.  
Жан әкесі жалбарынды құдайға  
«Құлынымды қолдай гөр, — деп,  
— Иә, Пірім!».

Зерек бала бәрін-бәрін біледі,  
Қобалжиды әйтсе де әке жүрегі.  
Жас кезінен тәрбиелеп еңбекке,  
Тастамайтын өз жанынан бір елі.

Ал енді ше?  
Енді өйтуге болмайды.  
Енді оны құдай өзі қорғайды.  
Таба ала ма бұл өмірден өз жолын,  
Әкесіне болды енді сол қайғы.  
Асыл әке қанат байлап қиялға,  
Жатса-тұрса бала жайын ойлайды.

Ал жас жігіт әкесіне көп қарап,  
Ақтаруға өз ойларын қат-қабат,  
Ұмтылды да тоқтап қалды кенеттен,  
Әжім басқан жүзін көріп кетті аяп.

«Әке-әке, әрі қамқор, әрі дос,  
Ал, әкесіз дүниенің бәрі бос.  
Теміртауға барам десем, япыр-ай,  
Келісе ме, көрер ме екен оны қош?».

Көз алдына елестейді балалық,  
Дүкендерден келетұғын нан алып.  
«Қарынымыз қара нанға тойғанша  
Ашылмайтын қабағымыз,  
Ол — анық».

Атқан таң мен шыққан күннің бәрі сын,  
Барар жердің жақыны мен алысын,  
Есептемей Қарғалыға жетуші-ек,  
Өңшең бала жалаң аяқ жарысып.

Мен таулықпын,  
Шамалғанның ұлымын.  
Көкейімде мәңгі орнаған бұл ұғым.  
Көз алдынан өткен небір қиындық  
Ауылдағы көп жастардың бірімін!».

Не десе де жарасып тұр бәрі де,  
Жас жігіттің қалайды екен жаны не?  
Қолын созған армандары тым биік,  
Топты жарып шықса жақсы, әрине.

Бойында бар ақыл, айла, ептілік,  
Қанында бар жұрт көп айтар тектілік.  
Жанында бар адал, асыл, қасиет,  
Көкірегінде лапылдайды отты үміт!..

Көзінде от, жүзінде нұр шуақ бар,  
Сөздерінде жігер, қайрат, қуат бар.  
Таң атқанша ойланады жас жігіт,  
Шақырады армандар мен мұраттар...

### Әкесімен әлгіме немесе өмірге жолдама

Бүгін үйге оралды ол кеш мүлде,  
Ойын шешіп айта алмай жүр ешкімге.  
Кешке дейін күткен әке-шешесі,  
Құмартады жігіт сырын естуге.

Әке бәрін сезіп, болжап біледі,  
«Не болды оған,  
өжет, батыл ұл еді?  
Жігіт болып өскендігі осы ма,  
Үй-ішіне айтпайтұғын кім еді?».

Әкесінің қатқыл шықты дауысы:  
— Жақсы адамның анық болар әр ісі.  
Жүрсің, балам, бір нәрсеге бел буып,  
Үндемейсің, жоқ кісідей намысы.

Естідім мен, ел айтып жүр көшеде,  
Ойларыңды неге айтпайсың шешеңе.  
Ақылыңа болып қалды күмәнім,  
Сенің балаң ақылды ғой десе де ел.

— Кешір әке, кешір ана, ұлыңды,  
Көтерілген ұран сондай бүгінгі.  
Болат темір балқытатын қарулы  
Жастар керек ұлы Отанға білімді.

Биыл осы түлектері Абайдың\*  
Бас қатырып, көп ойланып талай күн.  
Теміртауға барамыз деп шешкенбіз,  
Достарымнан қалайша мен қалайын?

Өзіңіз ғой қалма дейтін қатардан,  
Маңдай терді аяйын ба Отаннан?! —  
Деп Нұрсұлтан ата-анасын көндіріп,  
Теміртауға бару үшін бата алған.

Сөз тапқанға қолқа жоқ қой шынында,  
Дайындалды алыс жолға шығуға.  
Келіссе де үлкендер жүр мұңайып,  
Олардың да болар жанын ұғуға.

— Аш боп қалма, абайлап жүр, — деп ана,  
Салып жатыр құрт пен майын дорбаға.  
Айтқан сөзін орындайтын Нұрсұлтан,  
Теміртауға алды осылай жолдама.

### *Алғашқы хат*

Нағыз ерлер айтқан сөзде тұра алар,  
Қиындарда, қияндарда жүр олар.  
Маңдай терді тамшылатып еңбек ет,  
Еңбек қана ердің атын шығарар.

Еңбек қана абыройға бөлейді,  
Бақ қондырып, бай қылады кедейді.  
Нүрекеңнен алғаш рет хат келді,  
Ал, оқиық, теміртаулық не дейді:

«Ардақты әке, ардақты ана, бауырлар,  
Теміртаудан ыстық сәлем алыңдар.  
Көз алдымда тұрасыздар елестеп,  
Сіздерді ойлап тыным таппас жаным бар.

\* Қаскелең қаласындағы Абай атындағы мектеп

Жүріп жатыр, жаман емес жұмысым,  
Әйтсе-дағы өкінбеймін бұл үшін.  
Тілегімді айтарсыздар ауылға  
Аман болсын ағайын, дос-туысым.

Үй тірлігін өз қолына алатын —  
Аман болсын, жан бауырым — Болатым!  
Аман болсын, айналайын Әнипам,  
Артымдағы жал-құйрығым — қанатым.

Жүдемеңіз, әке-ана, мені ойлап,  
Үйде жүрсем мен сіздерге қарайлап,  
Өзімді-өзім танытпасам еліме  
Ізденбесем, басқа қалай қонар бақ?!

Шүкір Алла, жаман емес беделім,  
Өйткені, мен өзіме-өзім сенемін.  
Темір балқып, болат өзі қайнамас,  
Мұндай-мұндай қиындыққа көнемін...»

### *Нұрсұлтанның екінші хаты*

...Жарасып қойған тұлымың,  
Жарқылдап өскен құлыным.  
Алдымда тірі жүрсін деп,  
Жасадым елдің ырымын.  
Аямай төктім өзіңе  
Жүректің мейір-жылуын,  
Айналайын, құлыным!

Тұла бой тұңғыш тұнығым,  
Кеудемдегі шыбыным,  
Шекер мен балдай шырыным,  
Ұлықтан шыққан ұлығым.

Мейлі, қайда жүрсең де,  
Шыбын жаным бір сенде.  
Аман бол, тек құлыным.

Бізді алға сүйретер,  
Жақсы-жаманды үйретер  
«Өмір!» — атты бір ұғым.  
Осыны түсін, құлыным!

(Әлжан апайдың өлеңінен)

Асыл Ана!  
Сіз туралы айтатұғын сөз бөлек,  
Дана тұлғаң,  
Басқалардан өзгерек.  
Сіздің мынау жаныңызды пәк көңіл,  
Сезетұғын,  
Көретұғын көз керек.

Айтсам егер  
Сөзімнің шын ашығын,  
Сіз екенсіз  
Асылдардың асылы.  
Сізге ғана байланысты екен ғой,  
Көңілдердің  
Мұңаюы,  
Тасуы.

Теміртаулық болып алды жан балаң,  
Қиялыма қанат бітті самғаған.  
Ренжіме балаңызға, анашым,  
Осынау бір  
Қиын жолды таңдаған.

Асыл анам,  
Сүйенішім,  
Тірегім,  
Жан балаңа елжірейді жүрегің.  
Бойымдағы жалынды от,  
Күш-жігер  
Өздеріңнен дарығанын білемін.

Сізсіз, анам,  
Атар алдан — ақ таңым,

Аман болсам,  
Ақ сүтіңді ақтармын.  
Еңбекпенен өткізбекпін  
Әр күннің  
Әр сағатын...  
Думан-қызық шақтардың...

Екеуіңіз мұны маған үйреткен,  
Қиналусыз дегеніне кім жеткен?  
Сағынамын  
Туыстарды,  
Достарды,  
Ауылдағы бал дәуренім бірге өткен.

Шет жүргенде  
Қүдіретке табынып,  
Мен сіздерді  
Жүрем ылғи сағынып.  
Бар қасиет —  
Ақыл,  
Сабыр,  
Зор шыдам,  
Жатқан жоқ па  
Өздеріңнен табылып.

Әкеме айт,  
Ақылменен түсіндір,  
«Сыртта жүріп,  
Сынасын де — күшін бір...».  
Келешекте адам болып шығуға  
Алдын ала  
Жасап жүрген ісім бұл.

Айнымасам,  
Ұлттық әдет-ғұрпымнан,  
Бөлінбесем,  
Қасиетті жұртымнан,  
Шеттемесем,  
Ағайыннан бір туған,

Соның бәрі  
Ата-Ана арқасы.  
Алдарыңда  
Мың иіліп, мың тұрам.

Сау бол, анам,  
Асыл анам,  
Сүйіктім,  
Ізгілікті  
Бойға аямай құйыпсың.  
Бір мен үшін  
Сіздерге тең адам жоқ,  
Екеуің де Алатаудай биіксің!

Балаңыздың  
Мақсаты бар алдында,  
Байқайыншы,  
Бұл өмірде бармын ба?  
Жаным ана!  
Таңдауымды бастадым,  
Тағдырымды  
Тәуекелге салдым да.

Қиындықтан шығар жолдар жетерлік,  
«Ешқашан де ерінбегін,  
Ет ерлік, —  
Деуші едіңіз сөйлескенде оңаша, —  
Жігіт болсаң,  
Елің үшін көтер жүк».

Міне, осы ғой,  
Теміртауда жүргенім,  
Қолдап,  
Қорғар  
Сіздер емей, кім мені?  
Қиналар деп ойламашы балаңды,  
Еш алаңсыз өтіп жатыр күндерім!

Өмір жолдары

Дана туар данадан,  
Сәуле шашқан санадан.  
Елі аузына қараған,  
Нардың жүгін көтеріп,  
Қажетіне жараған,  
Әбішұлы Нұрсұлтан  
Бәйдібектен тараған.

Арғы атасы — Қарасай,  
Халқының болған ұраны!  
Бергі атасы — хан Көшек,  
Мақтауыңа тұрады!

Атасы би Назарбай,  
Әбіш оның тұяғы!  
Ал Әбіштен — Нұрсұлтан,  
Елбасымыз зиялы!  
Шамалғанның ұлы бұл,  
Ұзынағаш, Қарғалы,  
Қарақастек ... тұрағы.

Жанашыр досы, мияты,  
Аңсаған арман, мұраты,  
Ары және ұяты!  
Алғашқы күннен жатталып,  
Ел аузында жүр аты...

(Шежіре сырларынан)

Өмір — қиын,  
Өмір — қатал,  
Өмір — өктем,  
Мақсатқа кім бар бірден қолы жеткен.  
Қиыншылық ешкімді екшемеген,  
Әркімдердің басында болып өткен.

Көну,  
Шыдау,  
Төзу мен Жеңу деген,  
Келер адам қолынан ерінбеген.



Жетем десең көздеген мақсатыңа  
Алға ұмтыл тек қана Сенімменен.

Айрылмаған сенімнен жүректегі,  
Сонда келер ісіңнің реттері.  
Көңіліңді самғатсын биіктерге  
Бойындағы жастықтың жыр-от лебі.

Адалдықпен астасып парасатың,  
Шығаруға үлес қос Алаш атын.  
Көтереді халқы да төбесіне,  
Көтеруге ел жүгін жараса кім?

Оған мысал өмірі Нүрекеңнің,  
Мен оны мақтанышпен жыр етемін.  
Еңбегімен сатылап көтеріліп,  
Дәлелдеді халқының ұлы екенін.

Дәлелдеді қолдан іс келетінін,  
Бойда күш бар,  
Алады неге тыным?  
Құдай өзі сездірген сияқты оған,  
Қиындықты қаймықпай жеңетінін.

Жолықты ол ақыры абыройға,  
Алла-тағала күш берді тағы бойға.  
Қай істе де сыйынды Қарасайға,  
Райымбекке, хан-төре Абылайға!

Бабалары қолдады, қуаттады,  
Атты алдан бақыттың шуақ таңы.  
Халқым оны тигізбей қолдан-қолға  
Іске асты арманы, мұраттары.

Нүрекеңнің мектепте зеректігін,  
Ерекшелеп айту да керек бүгін.  
Бірнеше рет көрсетті, дәлелдеді,  
Жақсы істің жақсылыққа себептігін.

Бүкіл елді тәнті етіп өзіне енді,  
Шырқайтұғын жігіттің кезі келді.  
Бір ауыздан Совминнің төрағасы  
Бодандығын халқының көзі көрді.

Еңбектің жақсы, шіркін, еленгені,  
Атанды дара тұлға ол елдегі.  
Совминнен хатшылыққа көтеріліп,  
Тағы да кім екенін дәлелдеді.

Жанған от,  
Жарқылдаған алмас қылыш,  
Сом тұлға,  
Алып қыран,  
Болат құрыш.  
Жігітке сенім артты делегаттар,  
Бұл да бір оңтайлы сәт, болды дұрыс.

Нүрекең ел көзіне түскен бүгін,  
Көрсетіп қажыр-қайрат іскерлігін.  
Тұлпардай топтан озды жайраң қағып,  
Танытты ақыл-ойдың үстемдігін.

Мінбеге хатшы жігіт шықты-дағы,  
Сөйледі,  
Сөз төркінін ұқты бәрі.  
Заманның талабына асты құлақ,  
Қазақтың қасқа маңдай мықтылары.

### *Елбасы*

Қажымас қайран қазағым,  
Аз емес көрген азабың.  
Сан рет бастан өткіздің  
Дұшпанның қорлау, мазағын.

Арыстандай айбаттым,  
Жолбарыстай қайраттым.



Жалмауыз жауға жол бермей,  
Жапырдың,  
Қырдың,  
Жайраттың.

Алмақшы болған ықтырып,  
Дұшпанға тізе бүктіріп,  
Сындырып сағын,  
Бұқтырып,  
Жасадың ғажап мықтылық.

Тілегін тілеп баршаның,  
Азаттық жолын аңсадың.  
Айқасып жаумен алысып,  
Түспедің аттан қанша күн.

Ресеймен санастың,  
Паналап оның қол астын.  
Бұғаудан бірақ шыға алмай,  
Адастың елім, адастың...

... Ендігі менмін Елбасың,  
Ісімізді құдай оңдасын.  
Мойныма артқан жүгімнің  
Білемін жеңіл болмасын.

Сеземін жатыр алда сын,  
Қарасай бабам, қайдасың?  
Ұлыңа қуат-жігер бер,  
Тигізің елге пайдасын!

(Нүрекеңнің ойы)

Рас, қазір  
Ауыр болып күн... бірақ,  
Жабырқауда жалпақ жұртың тұнжырап.  
КСРО құлағалы шынында,  
Шаруашылық ыдырады құлдырап.

Алып-қашпа сөз дегенің сейілмей,  
Зейнетақы уақтылы берілмей,

Колхоз тарап,  
Кәсіпорын жабылып,  
Жұмыссыз жүр өңшең жастар өрімдей.

Не істеу керек,  
Қайтсек тұрмыс жөнделер,  
Көні кім бар,  
Қолдау жасар,  
Дем берер?  
Шынын айтсақ бұл қиындық сөз емес,  
Бұдан да зор қиындықты көрген ел.

Ел ішінде  
Сыбыр-күбір, сұрақ көп,  
Ешкім жауап айта алмайды бірақ дөп.  
Көре алмаушы не демейді мұндайда,  
Біреу бас деп, біреулер жүр құлақ деп.

Осы бір шақ  
Өліараның кезі еді,  
Мұны халық  
Өтпелі деп сезеді.  
Біз  
«Мың өліп, мың тірілген» халықпыз,  
Туады әлі жасампаздық кезеңі!

«Бақ-дәулеттің басқа бірден қонбасы  
Белгілі ғой, — дейді тағы Елбасы —  
Уақыт өте сейіледі күдіктер,  
Ең бастысы — тұзу болсын жол басы».

Болды, міне, Елбасының дегені,  
Жағдай қазір күрт өзгеріп келеді.  
Банктерден жалға ақша алу көбейді,  
Халыққа да осы еді керегі.

Еркіндікке жол ашылды аңсаған,  
Жұмса соған қандай талант, бар шамаң.  
Бірлігіне селкеу түспей халықтың,  
Тірлігіне кірісуде барша жан.

Қолына алған маңызы зор көп істі,  
Елбасының еңбегі бұл жемісті!  
Нарық заңын орнатуға мән беріп,  
Іске қосты жобаларды не күшті.

Қайтпас-қайсар қажыр керек мұндайда,  
Нүрекеңді мазалайды түрлі ойлар.  
Күндіз-түні тыныш таппай келеді ол  
Молшылықта өмір сүрер күнді ойлап.

Тәуелсіздік туы көкке желбіреп,  
Лүпіл қағып, соқты жиі әр жүрек.  
Масқара боп, бетін басып қалды ғой,  
Ойлағандар үміт оты сөнді деп.

Бақыттымыз!  
Тәуелсізбіз бүгінде,  
Қазақ елі, жайна, жаса, күлімде!  
Нүрекеміз аман болса  
Біз енді  
Топтан озған ел боламыз түбінде!

Айтқан сертке,  
Тұратұғын сөзінде,  
Қазақ қандай мықты, берік төзімге.  
Шетелдіктер бағалады емес пе,  
Қазақтарды жабайы деп кезінде.

Ал бүгін ше?  
Қазақстан Отаны,  
Жер-жиһанға шарықтады атағы.  
Енді, міне, Еуропа төрінде  
Нүрекеміз сөз айтуда баталы.

Бүкіл әлем сүйсіне бір қарасын,  
Құттықтасын Шамалғанның баласын.  
Қуандырды,  
Шаттандырды бұл хабар  
Ұлан-байтақ қазағымның даласын.

Қуан қазақ,  
Қуанбауың жөн бе екен,  
Адам бар ма Нүрекеңдей ерге тең?!  
Іске асып оның жарқын ойлары,  
Гүлденуде,  
Жайнап жасыл ел-мекен!

Қолда оны,  
Қорға оны,  
Қуатта,  
Жетейік біз ол ойлаған мұратқа.  
Елбасын біз қалдырмайық ұятқа,  
Елің үшін ұмтыл алға, мін атқа!

### Астана – ару қала

«... Ел тәуелсіздігі жолындағы күресте жеңіске жетіп, оны орнықтырып, оның үстіне жаңа Астана салу – Назарбаевтың, тек қана соның адал еңбегі, ерлігі».

**Серік Қирабаев**, академик

«Егемен Қазақстан» газеті,  
2010 жылғы 6 қаңтар

Алматыдан көшіріп астананы,  
Нүрекең көтерді тың бастаманы.  
Сарыарқаның бойына сән кіргізіп,  
Орнатпақ ертегідей жас қаланы.

Осылай басталды іс қарқын алып,  
Тәуекел!  
Несіне енді тартыналық.  
Бұл істің ешкімге оңай болмайтынын,  
Елбасы ескерткен-ді айтып анық.

Уақыт өтіп жатты, білінбеді,  
Бұған мәз боп отырмыз бүгіндері.

Құрылыстар керемет қанат жайып,  
Даңқы Астананың дүрілдеді.

Зәулім үй,  
Сәнді сарай,  
Мұражайлар...  
Ішінде бой көтерді бірер айлар.  
Көргенде саябақ пен гүл алаңын  
Жыр болып көкіректе тұнады ойлар.

Бардың ба Астанаға,  
Қыдырдың ба?  
Қызығып, өтсе дейсің гүмыр мұнда.  
Қандастарым көбейіп келе жатыр,  
Мақсаттың түп-төркінін ұғындың ба?!

Суреттеп айта аласың қалай бәрін,  
Бұл жерге қоныс тепті талай дарын.  
Халқымның қалаулысы — депутаттар,  
Осында өрбітеді сан ойларын.

Сән құрған Сарыарқаның төсіндегі,  
Астана — ару қала Есілдегі.  
Жұлдыздай жарқырайды қала оттары,  
Шығандап күннен-күнге көші ілгері!

Қозғайтын көрген сайын ой тереңін,  
«Қазақ елі»,  
«Хан шатыр»,  
«Бәйтерегім».  
Кіммен де терезесі теңеседі,  
Тәуелсіз Қазақстан — байтақ елім!

Өзіңді сүймес бүгін адам бар ма,  
Көңіл тоқ  
Жасалған оң қадамдарға.  
Бас сәулетші атанып Нүрекеміз  
Өз қолымен жылжитты Заманды алға!

Астана — ару қала, мақтанышым,  
Іске асып көп істердің жатқаны шын.  
Айбарлы астанамыз құлпыра бер,  
Басыңа бақыт қонып,  
Құт дарысын!

Әлемдік әсем қала Есілдегі,  
Сарыарқа — сан ойлардың шешімдері.  
Сәнімен, сәулетімен таң қалдырып,  
Тек алға жүре берсін көші ілгері.

Жер жүзі Астанаға құлақ түрген,  
Келбеті көрген жанға ұнап бірден.  
Айнадай көшелері жарқырайды,  
Шашырап айналаға шуақ күннен.

Астана — ару қала, ғажап қала,  
Уақыт өтсе-дағы аз-ақ қана,  
Аты шулы алпауыт мемлекеттер  
Амалсыз мойын бұрды қазаққа да.

Гүлдей бер, Қазақстан, шарықтағын,  
Әлемнің төрт бұрышын — танып бәрін.  
Елбасы Нұрсұлтанның арқасында  
Білсін жұрт қазақ деген халық барын!

### Нұрсұлтанның сөзі

Жанымен,  
Тәнімен,  
Ұяты —  
Арымен.  
Жігіттік қанымен,  
Бойдағы барымен,  
Берілген ісіне,  
Жігермен,  
Жалынмен!  
Нұрсұлтан баламдай

Адамды бүгінде,  
Көргем жоқ әлі мен.

Бар ойы — сондағы  
Тек қана — ел қамы!  
Туыстық,  
Тыныштық,  
Береке,  
Бұрыс-құт — мақсаты алдағы.

Қамы үшін жұртының,  
Алмайды бір тыным,  
Елімнің саңлағы,  
Асылы,  
Ардағы!  
Осындай ұлы бар,  
Бақытты қазақтың  
Жоқ шығар арманы?!

(Халық сөзінен)

Шынымды айтсам туған жерді сағынам,  
Құзырына қасиетті табынам.  
Шамалғанның өткен кезде үстінен  
Ән-жыр болып, ақ өлең боп ағылам.

Туған жерім, биіктерге ұшырған,  
Келе алмай өзіңе көп қысылам.  
Тулайды кеп жұдырықтай жүрегім,  
Шамалғанның ұшқан кезде тұсынан.

Үшқоңырым!  
Айналайын атыңнан,  
Ауаң шипа, суың балдай татыған.  
Қымызыңның күштілігі соншама,  
Шайқап қалсаң ақ қайнардай атылған.

Мен балаңмын, «сүйек-еттен жаралған»,  
Мен өзіңнен қуат алғам, нәр алғам.  
Ешқандай да артықшылық жоқ менде,  
Туған жерде тұрып жатқан адамнан.

Айырмасы — қолдай тұғын халқым бар,  
Сүйенішім — үлгі дәстүр-салтым бар.  
Ойланарым елге берген антым бар,  
Сол үшін де шыбын жаным шарқ ұрар.

Ең бастысы — махаббат бар, төзім бар,  
Қолдарыңды жақсылыққа созыңдар.  
Жолдарыңды көрсетіп мен берейін,  
О, құдайым, бола көргін өзің жар!

Жер жәннаты жасыл жайлау Үшқоңыр,  
Суы шәрбат, ауасы ем, күшті өңір.  
Шабытыңды шақырады еріксіз,  
Шарықтайды биіктерге құс-көңіл!

Табиғатың таңғажайып сұлу-ақ,  
Тамсандырар көздің мынау нұрын-ап.  
Жинайыншы бойға жігер, күш-қуат,  
Көк шалғынға аунайықшы бір уақ.

Жұпар иісің денсаулыққа дәрі боп,  
Лапылдайды денемде бір жанып от!  
Ағызайын ыстық сезім бұлағын,  
Сезім-семсер қиялымды жанып өт!

### Түйіндеме

О, Үшқоңыр!  
Жерім менің бақ қонған,  
Сені көріп көңіл әркез шат болған.  
Сенде туған бір сүйікті ұлың бар,  
Атын атап бүкіл қазақ мақтанған.

Мақтан қазақ,  
Марапатта ұлыңды.  
Құттықтағын мерейтоймен бүгінгі!  
Нығайта түс, Тәуелсіздік күніңді,  
Желбіретіп жоғары ұста туыңды!

Мақтан қазақ,  
Марапатта ұлыңды!

Халық деген қасиетті, киелі,  
Жақсы адамды айтқызбай-ақ біледі.  
Нұрсұлтан боп әңгіменің түйіні,  
Дүрсілдейді әр қазақтың жүрегі.  
Жол бастаған болашаққа жүйелі  
Нұрсұлтанды халық шексіз сүйеді.

Біздің халық емес, сірә, жай халық,  
Біздің халық жомарт халық, бай халық.  
Қолға алғанын атқарады ойланып,  
Ежелден-ақ тірлігіне сай халық.  
Ел деп соққан ер жүрегін түсініп,  
Сүйген ұлын халқы көкке ұшырып,  
Отыр бүгін Елбасынан айналып!

## МАЗМҰНЫ

Алғысөз орнына.....	3
<b>I бөлім. ӨЛЕҢДЕР</b> .....	7
<i>Бірінші тарау.</i> Батамен ер көгерер.....	8
<i>Екінші тарау.</i> Арнау жырлар .....	40
<i>Үшінші тарау.</i> Толғаныс, толғаулар .....	172
<b>II бөлім. ЖАҒАН МОЙЫНДАҒАН ЖАСАМПАЗДЫҚ</b> .....	217
<i>Бірінші тарау.</i> Астана – төл перзенті Елбасының.....	218
<i>Екінші тарау.</i> Тілегі бірдің – тойы ортақ.....	250
<b>III бөлім. ӘН МӘТІНДЕРІ</b> .....	267
<b>IV бөлім. ДАСТАНДАР</b> .....	287

# ЖҮРЕКТЕН ЖЕТКЕН ЖЫРЛАР

Елбасы Н.Назарбаев  
туралы өлеңдер, толғаулар мен  
дастандар

Құрастырушылар:

Махмұт Қасымбеков  
Асқар Молдағаринов  
Әбдімүтәл Әлібеков  
Қадыр Әлімқұлов

«Қазақ энциклопедиясының» Бас директоры  
Б. Жақып

Редакторы  
Н. Мауытов

Корректоры  
Б. Үсенбаев

Дизайнері  
С. Ақылов

Беттеген  
М. Сақтағанов

Басуға 15.06.2011 қол қойылды.  
Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 24,75. Тираж 2000.  
Заказ №

«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС  
050035, Алматы қ., 8-ықшамаудан, 19А-үй  
www.kazenc.kz, E-mail: kazenc@mail.ru

ISBN 9965-893-58-6



9 789965 893582